


12006

9049

13

Е. Жұбанов

ЭПОС  
ТІЛІНІҢ  
ӨРНЕКТЕРІ





ҚАЗАҚ ССР ФЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Есет ЖҰБАНОВ

# ЭПОС ТІЛІНІҢ ӨРНЕКТЕРІ



Қазақ ССР-інің «ФЫЛЫМ» баспасы

АЛМАТА — 1978

**Эпос тілінің өрнектері.** Е. К. Жұбанов. Алматы,  
Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1978.  
184-б.

Жалпы филология тұрғысынан жазылған бұл еңбектің алға қояр мақсаты — эпостың тіл өрнегін туғызған негізгі принциптерді лингвистикалық стилистика жолымен зерттеп тану. Қазақ халқының ауызекі сез өнеріне тән алуан түрлі үлгілердің тіл құрамын сипаттау арқылы автор ақындықтың суырып салма дәстүрімен жырланған ірі эпос тұныдыларының қалыптасу жолын барлайды. Эпос дәстүрін ұстаушылардың «асқақ стилін» тереңірек түсіну үшін фольклор шығармаларында сақталған көне грамматикалық тұлғалар, өлең ырғағын жасаушы сездердің тобы мен түрліше синтаксистік амалдар, фразеологизмдер мен қос сездердің қолданыс ерекшеліктері, диалектілік ауытқулардың табигаты талданады.

Кітап филология ғылымдары саласында еңбек етуші мамандарға, жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиетінен лекция оқушы ұстаздарға, сондай-ақ студенттер қауымына, қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерімен әуестенушілерге арналып отыр.

**Жауапты редактор**  
Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі  
**I. К. КЕҢЕСБАЕВ**

Ж 70103—066  
407(07) 78 142—78

© Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1978 ж.

## РЕДАКТОРДАН

Ұсынылып отырған еңбектің қаншалықты қажет екенін түсіндіріп жатпаса да болады. Халықтың ауыз-екі сөз өнері қазақ әдеби тілін дүниеге келтірген, оған нәр берген негізгі арналардың бірі болғаны баршамызыға мәлім. Фольклор шығармасы тіліне, оның стильдік жүйелеріне тән ерекшеліктерді танып-біліп, соған қатысты проблемаларды ойдағыдай шешіп алмайынша жазба әдеби тілдің эволюциясын, әсіресе, оның бастапқы пайда болу кезеңін түсіну, заңдылықтарын білу мүмкін емес.

Е. Жұбановтың бұл еңбегі ауыз әдебиетінің тілін, оның ішінде қазақ халқының даңқты лиро-әпосы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының тіл өрнегін баяндайды.

Әпостың тілдік арналарын әдебиет тану әрі лингвистика түрғысынан, яки жалпы филологиялық мақсатта қарастырғанда ең алдымен оны туғызуши факторларды, түрліше ірлі-ұсақты жанрлар мен сюжеттерді өзара салыстыра отырып, тарихи экспкурстар жасау қажеттігі сөзсіз. Ауыз әдебиеті нұсқалары әр тұста, әр түрлі бағыт-бағдармен жиналып, зерттеліп келгендігін ескерсек, сол алуан түрлі пікірлерді саралап, олардың ғылыми мәнін айқындау да зерттеушінің алдында түрған елеулі міндеттердің бірі болмақ. Осы түрғыдан алғанда кітап авторының едәуір терең ізденістерге барғаны көрініп тұр.

Атап айтатын бір жай, жоғарыда аталған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырын өткен ғасырдың фило-

логтары мен тарихшылары аса жоғары бағалаған. Тарихи-хронология жағынан алғанда жырды алғаш баспа жүзінде жариялаушылар В. В. Радлов пен И. Н. Березин болып табылады. Бұны атап мәнісі мынада: көп-теген зерттеушілердің теориялық топшылаулары осы орыс ғалымдарының еңбектеріне негізделген.

Алайда бағзы бір зерттеушілер тарарапынан осы әпостың бір варианты Кіші жүздегі алшын тайпасының тілін, екінші варианты Орта жүздегі найман тайпасының тілін танытатын жырлар деп пайымдау әрекеті болған. Әйтсе де бұның өзі нағыз ғылыми болжам деуге келмейді. Тіліміздегі ру, тайпа диалектілерінің айқын көрініп тұрған шегі жоқ екендігін айтпағанның өзінде әпостың халықтық аталу фактісі оны аймақтық, диалектілік аядағы мұра деуге жол бермейтіні белгілі. Осы реттен алғанда да зерттеушінің ауыз әдебиеті шығармасын тар көлемді диалектілерден шоқтығы биік тұрған, әдеби тіл деңгейіне жуық үлгідегі туынды деп бағалауы әбден орынды.

Зерттеуші ауыз әдебиеті тілінің синкретизміне тиисінше мән береді. Яғни, фольклор шығармасының поэтикалық құрылышы, миф элементтері, модернизмдер, тілімізге ертелі-кеш енген шет сөздер, фразеологизмдер, әпостағы есімдер, жеке сөздердің лексикалық, грамматикалық қолданыс ерекшеліктері тұтастықта тексеріледі. Лексикалық қабаттардың жыр тіліндегі стильдік өңі де ескеріледі.

Ерекше атап өтерлік нәрсе фразеологизмге арналған тарау деп білеміз. Кітапта жүзден астам фразеологизмге семантикалық түсінік беріледі. Олардың лексикалық мәнін автор дәл көрсеткен. «Қозы Қөрпеш...» жырының алты вариантынан сүзіліп алынған фразалық тұрақты тіркестердің шамамен 40-тан астамы лексикалық-семантикалық және синтаксистік құрылым тұрғысынан сирек кездесетін үлгілер.

Әрине, кітап бастап аяқ мінсіз деуге болмайды. Көркем әдебиеттің, оның ішінде де, фольклордың тілі мен стилін ғылым тұрғысынан талдал тексерудің қындығы ең алдымен — олардың әлі де болса аз зерттелгендігіне, екіншіден — оны зерттеудің жан-жақты ойластырылған методикасының жоқтығына байланысты.

Тұтас алғанда кітап иесі алдына қойған мақсатына жеткені даусыз. Автордың баяндау тілі жатық, әдемі, стилі құнтарлы. Еңбектің ғылыми аппараты да көңіл толарлықтай. Қысқасы, ауызекі поэзия тілін лингвистикалық стилистика түрғысынан зерттеудің алғашқы бастамасы іспетті бұл еңбек оқырман жұртқа ұнайды деп сенеміз.

*I. K. КЕҢЕСБАЕВ,  
Қазақ ССР Ғылым академиясының  
академигі*

## К И Р И С П Е

Қазақтың жалпы халықтық тілінің әдебиет үлгісімен белгілі бір жүйеге түсіу тым ерте замандардан басталады. Бұл үлгі — ауыз әдебиетінің үлгісі. Жазба әдебиет секілді пайда болу сәтінде қағаз бетіне түспегенімен, ауыз әдебиетінің дәстүрі де өзінің тұрақтасқан нормаларын мейлінше сақтап, қофамдық сана ретінде қофам мүшелерімен бірге жасасып келеді. Тек өзінің дәстүрін, тілдік нормаларын сақтап қана қоймай, фольклор сез өнерінің айрықша бір саласы ретінде кейінгі жазба әдебиеттің, тіпті, бүкіл әдеби тіліміздің қалыптасуына қажетті мол азық болғаны мәлім. В. Г. Белинский әдебиеттің даму кезеңдерін байқаттын факторларды санай келіп, халық санасының тарихын сез табигатына сәйкес үш сатыға бөледі: ауызекі сез өнері, жазу, әдебиет. Басқаша айтқанда, ол ауызекі сез өнерін, яғни фольклордың бірінші кезекке қояды да, жазу мен әдебиетті соның жалғасы, даму барысындағы жана кезеңдері деп санайды<sup>1</sup>.

Сейтіп, адам баласының сәбілік дәуірінде іргесі қаланған бұл әдебиет бізге халқымыздың көркемдікі тану процесіндегі ой-санасының тарихынан көптеген қызықты деректер берумен қатар, әдеби тілдің күні бүгінгі қалыптасу заңдылықтарын терең түсінуге де септігін тигізеді. Демек, фольклордың тілін зерттегендеге біз тіліміздің өте ерте уақыттардағы лексикалық-стильдік қоры мен грамматикалық жүйесінен, немесе солар-

<sup>1</sup> Белинский В. Г. Собр. соч. в 3-х томах, т. 2. М., 1948, с. 85.

дың бағзы бір көріністерінен хабардар болатынымыз сөзсіз.

Әрине, фольклордың тілін зерттеу, оны практикалық қажетке жарату мәселесі әр түрлі аспектіде жүзеге асуы ықтимал. Ақын, жазушылар ауыз әдебиетінің әр алуан нұсқаларына талмай көз тігіп, оларды халықтың сөз өнерінің ең шынайы үлгілері ретінде пайдаланып келеді. Тіл білімінің белгілі бір мәселелерін талдау үстінде фольклор туындысынан алынған лингвистикалық деректер де мол қамтылады, сондай-ақ лексикографиялық еңбектер мен оқулықтарда да фольклор үзінділері басқа тілдік материалдармен тең дәрежеде ұсынылады. Алайда ауыз әдебиетінің тілі, оның жазба әдеби тіл жасауға қатысы деген мәселелер күні бүгінге шейін лингвистика тұрғысынан айтарлықтай зерттелген емес. Жалпы бұның өзі көптеген халықтарға тән жағдаят секілді. Мәселен, орыс фольклорының зерттелу жолдарын сөз ете келіп, И. А. Оссовецкий: «... бұл істің, бет алысы ауыз әдебиетінің тілін дербес объект есебінде тексеруге мүмкіндік бермей келді»<sup>2</sup>, — деп атап көрсетеді. Яғни, автордың айтуынша, біреулер фольклорды этнография тұрғысынан қарап келсе, екінші біреулер бүкіл дүние жүзі әдебиеттерін шарлап, алуан тексті «кірме» сюжеттер мен мотивтер іздестірумен болған. Бұл секілді жағдайды қазақ филологиясы да өз басынан кешіргені мәлім. Демек, ендігі міндет — фольклор табиғатын тіл фактілері негізінде зерттей келіп, оның әдеби тілмен ара қатынасын көрсету болмақ.

### Ауыз әдебиеті тілінің жалпы сипаты

Әдетте біз фольклор деген ұғымды халық аузында ертеден сақталып келе жатқан бір тұтас творчество деп қабылдаймыз. Ауызекі сақталу процесі фольклордың жазба әдебиеттен айырмашылығын көрсететін ең басты белгі екені де рас. Бірақ бұл белгі халық туындысының бүкіл мазмұнын ашып таныта алмайды. Мәселен, ауыз әдебиетінің әстетикалық қызметіне қарай баға беруші бірсыныра авторлар «фольклор» термині-

<sup>2</sup> Оссовецкий И. А. Об изучении языка русского фольклора.— «Вопросы языкоznания», 1952, № 3.

не аса кең мағына телиді. Яғни, фольклор деп адам баласының рухани мәдениетінің ішіндегі бұқара көпшіліктің ой-өрісін паш ететін әрі өмір шындығын халықтың эстетикалық идеалдарына сәйкестеп образды, көркем тәсілдермен (саналы болуы да шарт емес) бейнелейтін өнер саласы аталады. Алайда оны, яки фольклорды, еңбекшілер бұқарасының бір тұтас идеологиясы ретінде де, немесе бұкіл халық өнерінің жиынтығы ретінде де тануға болмайды. Сондай-ақ ол — тек ауызекі сөз өнері, яғни «халық әдебиеті» ғана деуге де сыймайды. Әйтсе де фольклордың құрамындағы сөздер образ жасауға қажетті құранды элементтердің негізгілерінің бірі болып табылады.

В. Е. Гусев фольклорға тән басты белгілерді былайша төрт топқа бөледі:

1. Көркем образ жасайтын әр алуан элементтердің (сөз, музыка, хореография, мимика) бір-бірінен ажырамайтыны, бұлардың ішінен сөз элементінің бірте-бірте басты, негізгі категорияға айналып, «халық поэзиясы» деген үғымға ие болуы;

2. Творчестволық процестің колективтік сипаты, яки көпшілік пен жеке адамның өнерінің арасындағы диалектикалық бірлік;

3. Өмір сүру формасының ерекшелігі; басқаша айтқанда, фольклордың дүниеге келетін, яғни импровизацияланатын моменті орындаушы мен тындаушыны бірдей қатыстыратын, туындыны бір мезгілде көруге де, тындауга да болатын творчестволық акт екендігі;

4. Үнемі жаңарап, дамып отыратын дәстүрлердің үзіліссіз жалғасып келетіні<sup>3</sup>.

Жалпы халықтың тілді эстетикалық образ түрінде трансформациялаудың айрықша бір жолы болып табылатын фольклор бізге сан салалы туындыларымен келіп жетті. Ауыз әдебиетінің неше алуан үлгілері жанры жағынан да, сондай-ақ тілі жағынан да бірінен бірі мейлінше дараланып тұрады. Халықтың ауыз әдебиетінің құрамында эпос жанрының да, лирика жанрының да үлгілері бар. Кейде осы екі жанр лиро-эпос түрінде араласа келіп те отырады. Қазақ фольклорына

<sup>3</sup> Гусев В. В. Проблемы фольклора в истории эстетики. М.—Л., 1963, с. 6—7.

тән ақындар айтысы, «жар-жар», «бәдік айту» сияқты тұрмыс-салт өлеңдері, сондай-ақ, дәстүрлі риторикаға негізделген «балтам тап», «хан жақсы ма» тағы басқа халық ойындары бірнеше адамның қатысуымен өтетіндігі, сейлеу жүйесінің диалог түрінде құрылғандығы, сонымен қатар, белгілі дәрежеде мекен бірлігін, оқиға бірлігін сақтайтындығы арқасында драма жанрына да едәуір жақындаиды<sup>4</sup>. Мәселен, «Балтам тап» ойынындағы:

- Балтам тап...
- Мен алдым ба балтаңды...
- Сен алмасаң, кім алды...
- Анау алды балтаңды... — болып қайталап келетін диалогтан, сол секілді «Құл жазды» ойынындағы:
- Ханым, ханым, құл жазды...
- Құл неліктен жазды...
- Тақсыр, құлыңыз Ханікейді құшақтап, қара биені пышақтап, қашып бара жатқанда үсталды...
- Ендеше құл жазықты екен, оған қандай жаза бұйырамыз...

— Құл жазасы бір ауыз өлең болсын», — деген тәрізді хан мен жасауылдың өзара деректесуі халық ойнының негізінде жатқан драмалық элементтерді танытады. Бұл ойындардан, бір жағынан, халықтың әлеуметтік ой-санасы көрінетін болса, екіншіден, соның комедиялық пландағы сәулесі көзге шалынады. Халық өзінің қайғы-қасіретке толы тірлігін аз да болса ұмытып, ойын-күлкіге ден қойған шағында, драмалық мотивті нақты тарихи өмірдің өзінен іздейді. Сөйтіп, тұрмыста кездесетін ұсақ-ұлан кірбендерді әзілсықаққа айналдырады («балтам тап», «соқыр теке, бақ-бақ», «көрші»), болмаса қоғамдық құрылыштың кеселді түйіндерін ағы мысқылмен түйрейді. Жоғарыда аталған «Хан жақсы ма?», «Құл жазды» ойындарында халық билеуші тап өкілдерінің гротескіленген бейнесін ойынға қосып, сатиralық ажуа мүсіндер жасайды.

Фольклор шығармалары проза тілімен де, өлеңмен де орындалады. Кейбір шығармаларда проза мен поэ-

<sup>4</sup> Құсайынов Ш., Дүйсенбаев ІІ. Қазақ ауыз әдебиеті және халық ойындарындағы театр-драмалық элементтер.—«Қазақ ССР Фылым академиясының Хабарлары, филология және көркемөнер сериясы», 1950, № 78.

зия араласа, бірімен-бірі кезектесе де келеді. Рас, олардың ара салмағы әрдәйім тең мөлшерде болмақ емес: көбінесе-ақ біреуі екіншісінен басымырақ, көбірек болады. Қазактың «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» сияқты батырлар жырының қай-қайсысында болмасын прозалық қосымшалар бар. Олар жырдың жекелеген бөлімдерін өзара байланыстырып тұрады. Бұндай қосымшалардың көлемі де әр түрлі болып келеді: кейбіреулери бір-екі сөйлем шамасында болса, екіншілері — бірнеше сөйлемдер мен сөйлемшелерден құралған тұтас бір абзац болады. Ал үшінші бір қара сөздің көлемі тіпті одан да көбейіп, жырдың тұтас бір оқығаларын, қара сөзben баяндайтын беліктері секілді қызмет атқарады. Кейде бұл сияқты баяндауларда автор сөзі дами келе, кейіпкерлердің диалогына да ұласып кетеді. Мысалы, «Ер Тарғын» жырындағы қара сөзben айттылатын қосымшалардан осындай диалогтарды кездестіреміз. Қараңыз:

«... Елге келген соң, таранып, тынышталып көнілі хош болған соң, тағында отырып хан үкім қылады:

— Сол жауды бұзып алған батырды тауып, маған алып келің,— деп. Онан соң ол Тарғын батырды тауып, хан алдына алып келді. Хан онымен көрісіп, жөн сұрасып:

- Сен кімсің,— деді. Тарғын айтты:
- Мен қырғызбын,— деді. Хан айтты:

— Сен қырғыз болсаң, біздің жұртқа неге келдің.

Сонда Тарғын айтты:

— Мен ханымыздың бір жақсы begіn шаһид еттім.

Онан соң жұрт мені тынышсыздады. Сол себепті сіздің қол астыңызға қашып келдім,— деді. Сонда хан:

— Сен кешегі жауды бұзған қайратынды сені тынышсыздаған жұртыңа көрсетпедің бе,— деді. Тарғын:

— Нақақтан өз жұртымды жылатуға шаригат қоспайды,— деді. Онан соң Ақша хан үкім жүргізіп, Тарғын батырды әскер басы қылды...»<sup>5</sup>.

Міне, осы шағын үзіндінің өзі бір өңкей диалогтан құралған. Ал жырдың арқауында бұл секілді қара сөзben келетін жерлері аз емес. Басқа жырлардағы қыстырымаларға қарағанда «Ер Тарғын» әпосының ішіндегі бұл секілді моменттер негізгі сюжетке тікелей қатысты,

<sup>5</sup> Батырлар жыры. Алматы, 1959, 272-б.

оқиғаны баяндауда өлең жүйелі сөзбен қызметтес, әрі көлемі жағынан да едәүір мөлшерде кездеседі<sup>6</sup>.

А. К. Боровков эпос шығармаларында өлең мен қара сөздің кезектесіп келуі қарақалпақтарда да, өзбектер мен түркмендерде де бар құбылыс екенін айтады. Ал қырғыздардың «Манас» атты ұзақ эпосы бастан-аяқ өлеңмен жырланады, бұнда жыр ағынын кідіртетін қара сөз жоқ дей келіп, автор осыған орай Ш. Уәлихановтың: «... поэмаға, сірә, соңғы кездері біраз қосымшалар мен өзгерістер енгізілген болуы тиіс»,<sup>7</sup> — деген сөздерін ескертіп етеді.

Бұл арада көңіл қоятын бір жай мынау секілді: Ш. Уәлиханов «Манасты» әуел бастан-ақ өлең түрінде пайда болған бір тұтас шығарма демейді. Оның пікірінше бұл эпос бастапқыда қара сөзбен айтылатын бөлек-бөлек әңгімелер түрінде ел ішіне тарапты жүрген де, кейіннен барып қырғыздың жыршылары сол жекелеген эпизодтардың басын қосып, өлеңмен қайта жырлаған. Осы тұрғыдан зер салатын болсақ, біз эпос шығармасының, атап айтқанда «Манас» жырының қырғыз топырағында бертіннен өркен жаюы туралы М. Өуезов мәдзеген процесті айқынырақ түсінеміз. Аталған автордың топшылауынша «Манас» жыры қазіргі көлемде бірден тұа салмаған, оның мұншалықты ұлан-асыр шығарма болып қалыптасуы көптеген жыршылардың ұзақ ғасырлар бойына творчестволықпен күш қосып, еңбек етуінің нәтижесі болса керек<sup>8</sup>.

Осыған қарағанда өлең мен қара сөздің араласып келуі бір кездері қырғыз эпосына да тән болған. Алайда әпос дәстүрінің жаңғыртушы ықпалы нәтижесінде «Манастың» тілі жыршылар елегінен сан рет сүзіліп отіп, жырдағы прозалық «кесектер» бізге келіп жетпеген. Бұған қырғыздың өз зерттеушілерінің кейбір пікір-

<sup>6</sup> Жырдың тілі жөніндегі мына пікірді де ескерген жөн: «... предание Эр Таргын, изданное г. Ильминским, носит на себе следы письменного языка: оно, вероятно, было написано или рассказано муллою» (Радлов В. В. Образцы народной литературы тюркских племен, ч. III. СПб., 1870, с. XX—XXI).

<sup>7</sup> Боровков А. К. Вопросы изучения тюркоязычного эпоса народов Средней Азии и Казахстана.— В сб.: «Вопросы изучения эпоса народов СССР». М., 1958, с. 66.

<sup>8</sup> Ауэзов М. Ценные памятники киргизского и казахского фольклора.— «Труды Казахского научно-исследовательского ин-та национальной культуры», т. I. Алма-Ата — Москва, 1935, с. 126.

лері де дәлел бола алады. Мынадай ескертіндіге назар аударайық: «Қырғыздың белгілі манасшыларының (мәселен, Сағымбай Оразбақовтың) «Манас» жырын жалғастырғысы келіп, Манасты Европа даласындағы жорықтарға қатыстырып, тіпті Наполеонның өзімен және ағылшындармен соғыстырғаны, ал Саяқбай Қаралаевтың Манасты Индияға дейін апарғаны бәрімізге мәлім емес пе»,<sup>9</sup> — деп жазады қырғыз фольклорисі Р. З. Қыдырбаева.

Қазақ эпосы, негізінен, өткен ғасырдың ішінде жи-налған. Жазып алушылардың басым көпшілігі Н. И. Ильминский, В. В. Радлов, И. Н. Березин т. б. сияқты орыс ғалымдары болған. Кейінгі жылдардың азды-көпті қоспалары болғанымен, алғаш қағаз бетіне түскен нұсқаларды мүлде өзгертіп, яки жаңартып жібере алған жоқ. Сөйтіп бұл жағдай эпосымыздың әуел бастағы болмағанымен, біршама әрідегі бітімін бұзбай сақтап қалуға септігін тигізді. Дегенмен осы алғаш рет жазып алынған кездің өзінде де эпостың құрамындағы прозалық бөлікшелерді біртінде кеміріп, тауысып келе жатқан процестің болғандығын байқау қын емес. Олай дейтін себебіміз — қазақтың эпостық жырларындағы қара сөзben айтылатын үзінділердің жырдан алатын үлес салмағы қазірде аса қомақты емес. Атқаратын қызметі жағынан да бұлар шығарманың көркемдік құнын көтеріп, не төмендетіп тұрган жоқ, жырдың құрамынан тек дәстүрлі деталь есебінде ғана орын алуды. Бірақ осы азын-аулақ қара сөздің өзі де фольклордың тілін зерттеуші мамандар үшін аса қажетті материал болып табылады. Өйткені, бұларға қарап қазақ әдеби тілінің үлгісін салған ерте замандағы көркем прозаның стильдік жүйесінен аз да болса мағлұмат алуға болады. «Біздің батыр эпостарының бәрінде де қара сөзге өлең аралас келеді,— деп жазады профессор Қ. Жұбанов,— «Қозы Қөрпеш», «Шора», «Алпамыс» т. б. жырларды қара сөзben әңгімелеп айтып келеді де, ара-арасындағы бір лирикалық моменттерді өлеңдетіп жібереді... Жыр формалы ертегінің бәрі де алғашқы әзірде қағазға жазылып, қағаздан оқылған, немесе қарадай айтылған нәрселер емес, жыршы жырлай отырып, әңгімесін айта,

<sup>9</sup> Қыдырбаева Р. З. Идейно-художественные особенности эпоса «Саринжи-Бокей». Фрунзе, 1959, с. 22.

инструментке оңай әнді шырқай отырып айтылған сюжетті поэзия...»<sup>10</sup>.

Әрине, фольклор үлгісіндегі көркем прозаның тілі жөнінде толық түсінік алу үшін ең алдымен ertegілердің, Алдаркесе, Қожанасыр, Жиренше мен Қарашаш әңгімелері сияқты ақыздардың тілін зерттеу қажеттігі белгілі. Эпоста керісінше, бұлардағы өлең қара сөздің әр жеріне сыналанып, болмашы ғана мөлшерде кездеседі. Мысалы, бағыштау, дуалау, немесе арбау түріндегі бірер ауыз өлең «Мұңлық — Зарлық», «Ер Төстік», «Кендебай», «Аяз би» ertegілерінің ішінде, тіпті, «Алдар кесе» әңгімелерінің өзінде де бар. Бұлардың атқаралының қызыметі, негізінен, шығарманың кей жерлерін көтеріңкі ыргақпен, айрықша әсермен айтылатындағы етіп әшекейлеу. Қара сөз ішіндегі өлең қосымшалар көлемі жағынан да эпос жырларындағы прозалық қыстырмалар секілді шағын болып келеді.

Тағы бір айта кететін нәрсе, осы екі түрлі сынаның екеуі де бір жағынан көлемді шығармалардың аяқталған бөлімдерінің аралығындағы үзіліс, антракт есебінде қолданылатыны байқалады. Алайда бұл үзілістер шығарманы біржола тоқтатып тастамайды, тек тыңдаушының зейінін басқа ыргаққа аударады да, сол арқылы оған біраз тыныс береді, жырдың сарыны жүртты жалықтырмайтындағы етеді.<sup>11</sup>

Құрамындағы проза мен поэзияның ара салмағы жағынан қазақтың «Қырық өтірік» атты ertegі ерекше көзге түседі. Тілдік, әдебиеттік сапасы жағынан ауыз әдебиетінің бүкіл дүние жүзілік қазынасы аталағын мұраның биік төрінен орын алатын бұл ertegілік сюжет көптеген халықтарға тарапып кеткен. Бір кездері бұған Г. Н. Потанин, А. В. Васильев, А. А. Диваев сияқты белгілі ғалымдар да назар аударған. Бертінгі уақытта ол көп тиражбен орыс және қазақ тілдерінде бірнеше қайтара басылып шықты. С. Е. Малов өзінің бір еңбегін-

<sup>10</sup> Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966, 319-б.

<sup>11</sup> Қыргыздың «Манас» жырында өлеңдерінің бір қалыпты ыргағын бөгейтін қара сөз жоқ, жырдың ұзын-ұргасы жекелеген бөлімдерден тұрады («Пекинге жорық», «Көкетайдың асы» т. б.). М. Әуезовтің айтуынша жырдың әр бөлімі бір кеште айтып шығуға лайықталған («Труды Института национальной культуры». М., 1935, 126-б.).

де осы ертекке байланысты жарыққа шыққан баспа әдебиеттің тұтас бір библиографиясын тізіп берген<sup>12</sup>. Аталған ертегінің қазақ фольклорындағы басқа шығармалардан бір айырмашылығы ондағы қара сез бен өлеңдің тең қөлемді болып келетіндігі деуге болады. Басқаша айтқанда, ертек өзара үштасқан екі белімнен тұрады: оның біріншісі — проза да, екіншісі — өлең. Стилі жағынан екі белімнің екеуі де мейлінше тұрақты. Проза беліміне өлең қосылмайды да, поэзия беліміне қара сез араласпайды. Қара сез бен өлеңді бұлайша үштастыру ертегінің композициялық құрылымынан туған айрықша бір тәсіл болғандықтан, біз оны фольклордың басқа үлгілерімен салыстырмақ емеспіз. Алайда аталған шығарманың тілінде ерекше көңіл қоярлықтай бір жай бар. Әдетте өлеңдің тілі қара сездей емес, белгілі бір ырғаққа негізделіп жақсы қилюласқан, тұрақты компоненттерінің аралық байланысы берік үстасқан болып келетіні мәлім. Толып жатқан архаикалық және диалектілік мәні бар сездер мен сөйлемшелер бізге көбінесе-ақ сол үйқас ішінде тұрғандығы нәтижесінде келіп жеткен. И. А. Оссовецкий жоғарыда аталған еңбегінде орыс фольклорын зерттеу үстіндегі бақылауларына сүйеніп бір пікір айтады. Оның пайымдауыша, фольклор шығармасының ішіндегі мағынасы түсініксіз болып келетін «тас-кесектердің» («окаменелости») көвшілігі айтушылардың «көтерінкі» стилін таныттын белгі болып табылады-мыс. Демек, жыршылар бұл секілді өздері түсінбейтін сездерді әдейі қолданатын тәрізді. Өйткені бұл секілді детальдар ауыз әдебиетінің ежелгі дәстүрі бойынша көркемдіктің ете әріден келе жатқан шартты, критериі болып қызмет атқарады.

Ауыз әдебиетіндегі өлең үлгісіндегі туындылардың көвшілігінің тілі ушін сөйлем ішіндегі сездердің бұлжымайтын синтаксистік тәртібінің болуы міндетті. Бұндай тәртіп кейбір реттерде жекелеген лексикалық элементтердің семантикалық аясын шектеп те тастанады. Уақыт озған сайын бұл сияқты сез материалының мағынасы да көмексілене береді; егер сез мағынасы соныланып, тағы бір жаңа ұфымға ие бола алмаған күнде,

<sup>12</sup> Біз бұл жерде С. Е. Маловтың швед ғалымы Г. Ярринг жөніндегі библиографиялық мақаласын сез етіп отырмыз (Қарандызы: «Советское востоковедение», т. V. М.— Л., 1948, с. 324).

ондай лексема тіліміздегі басқа сөздермен қарым-қатынасын тежеп, ақыр соңында фольклор тілінде ғана ұшырасатын архаикалық «тас-кесектерге» айналады. Өлең құрылышына негізделген сөз тізбектері өздерінің синтаксистік құрылымын бұзбас үшін құрамындағы бұл секілді көнерген сөз тұлғаларын да бірсыныра уақыттар бойы өзгеріссіз сақтап жүре береді.

Бұл тәріздес заңдылықтар, негізінен, өлең тіліне ғана тән құбылыс болып есептеледі. Алайда тап осындай бұлжымайтын синтаксистік тәртіптің проза тілі үшін де шарт болуы стиЛЬ тарихын зерттеуші мамандардың назарын аудармай қоймайтыны даусыз. Мәселен, жоғарыдағы «Қырық өтірік» ертегісінің проза бөлегіндегі сөздер мен сөйлемдер де өзара мықтап қилюласқан; олардың орын тәртібін ауыстыруға, немесе өзгертуге келмейді. Егер сөздердің орны ауысатын болса, бұкіл текстің мағынасына нұқсан келеді. Бұндағы әрбір сөйлем, немесе фраза өзінің айналасындағы басқа сөйлемдерге тәуелді, не солармен шартас, былайынша айтқанда бұкіл сөз атаулы тұтас бір тізбектің қатаң тәртіппен тіркескең жекелеген бунақтары тәрізді. Басқа ертегілерді айтушылар оқиға желісін сақтай отырып, сөздер мен сөйлемдерді өз қалауынша айтып-саптауға ерікті болса, «Қырық өтіріктің» әрбір сөзі нақ өз орнында тұруы қажет. Себебі бұлар осылайша қындаусу арқылы ғана логикаға қайшы келетін, өтірік мағына туғызады.

Стиль тұрғысынан осындай ерекшелігі болуы нәтижесінде ертектің тілі қазақ фольклорындағы көркем прозаның басқа ұлгілерінен анағұрлым өзгеше тұрады. Ертектің өлең тілімен айтылатын бөлегі де көркемдік шеберлігі жағынан прозадан кем түспейді. Өлең құрылышы тұрғысынан қазақ поэзиясының дәстүрлі өлшеміне тың жаңалық енгізбегенімен, үйқас жүйесінде мін жоқ. Қорыта айтқанда, ертектің құрамындағы қара сөз бен өлең бір шығарманың өзара тең дәрежедегі бөлімдері ретінде жарыса қолданылады. Бұлардың бірі екіншісіне «зиянын» тигізбей, екеуі де қатар өмір сүріп келеді. Ал эпос шығармасының құрамындағы проза элементтерінің өрісін меңзейтін эволюциялық жолды қадағалайтын болсақ, мұлде басқа жағдайларды аңғарамыз.

Әдеби тілдің ауызекі ескі үлгілерінің бір саласы — мақал, мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш тәрізді сез қолданыстары. Белгілі бір ырғақтарға негізделе отырып, бір жағынан тұрақты сез тіркестеріне де жанасады. Тіл қорының осы тобын зерттеу мәселесіне байланысты лингвистер мен фольклористер арасында азды-көпті таластар да жоқ емес. Мысалы, И. А. Оссовецкий мақал-мәтелді тек көркем тілге ғана тән демейді, жалпы сейлеу тілімізге тән лексикалық элементтер ретінде қарастыру керек, өйткені олар тіл ішінде өмір сүргені болмаса, фольклор шығармалары тәрізді арнайы «орындауды» қажет етпейді деген пікір айтады. Өған қарсы Н. Ф. Бабушкин былай деп жазады: «И. А. Оссовецкий, безусловно, прав в том, что пословицы и поговорки никогда не «исполняются», но, как известно, этот признак не является единственным при определении принадлежности тех или иных произведений к народнопоэтическому творчеству. Одними из важнейших признаков этого фольклорного жанра являются коллективность создания и коллективность хранения...»<sup>13</sup>. Яғни, автор мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді шығарушылар жеке адамдар болғанымен, оларды сақтаушы халық, сондықтан бұл топтағы сез қолданыстары да ауыздан ауызға тарапалатын фольклор шығармасына жатады деп дәлелдейді.

Алайда тілдің лексикалық арнасынан орын алатын бұл саланы лингвистика тұрғысынан зерттеудің қажеттігі де сөзсіз. Біз қазақ тіл мамандары тарапынан бұл жөнінде де бірқыдыру жұмыстар жасалғанын атап өткен жөн деп білеміз. Әсіресе, қазақ тіліндегі фразеологизмдердің теориялық мәселелерін сез еткенде белгілі ғалым И. Кеңесбаев еңбектерін айтуымыз қажет<sup>14</sup>.

<sup>13</sup> Бабушкин Н. Ф. Фразеологические обороты в сочинениях В. И. Ленина.— Сб. «Русский фольклор». Материалы и исследования, т. I. М.— Л., 1956, с. 5—6.

<sup>14</sup> Бұл ретте Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі И. Кеңесбаевтың сез мағыналарын сипаттауға арналған мына тәрізді еңбектерін көрсете кетуіміз шарт. Қараңыз: «О смысловой характеристике слов».— Сб. «Вопросы казахского языка», вып. 1. Алма-Ата, 1959, с. 5—15; «Из опыта составления двухтомного толкового словаря казахского языка» (Тезисы доклада). Алма-Ата, 1960; «О некоторых особенностях фразеологических единиц в казахском языке. — «Известия АН КазССР, серия филол.», 1954, вып. 122; «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі». Қіріспе, I-том. Алматы, 1959.

Ол құрастырған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» халқымыздың тіл байлығын көнінен танытатын аса қомақты лексикографиялық құрал екендігі даусыз.

### Көне түркі жазулары және ауыз әдебиеті

Ақындық өнердің өте ертедегі тәсілдері мен эпос жырына тән дәстүрдің кейбір нышандарын біз орхон-енисей ескерткіштерінің тілінен де байқаймыз. Мысалы, Құлтегін мен Білге қағанның бейітіне қойылған ескерткіш тастардағы жазулар жазба поэзия тіліне талпынудың нақты бір үлгілері екені аян. Тарихи әдебиеттерде бұл текстерді «әпостың баяндау стилімен жазылған, әрі табиғатында келешек эпосқа ұласып кететін тұрмыс-салт жырларының (мәселен, жоқтаудың) мотиві бар»,<sup>15</sup> — деп сипаттайды. Құлтегіннің жауга шапқанын суреттейтін көріністер батырлар эпосының стиліне жақын дегенді проф. Бертельс те ескертеді. Көне түркі жазуларының мазмұны батырлар жырына ұқсасады деген пікірді басқа авторлар да айтады<sup>16</sup>.

Орхон-енисей текстерінің эпос сарынына біршама жуықтайтынын былай қойғанда, олардың сөйлем жүйесінде примитив үйқасқа құрылған өлең шумақтарының кейбір элементтері де жоқ емес. Мәселен, Құлтегін ескерткішіндегі мына жолдардың өзара үйқасып келетіндігі даусызы:

Інім Құлтегін кергек болты,  
Өзім сақынтым:  
Көрүр көзүм көрмез тег,  
Білір білігім білmez тег болды<sup>17</sup>.

Бұл келтірілген шумақтағы соңғы екі жол біздің қазіргі тіліміздің нормасы бойынша айтылғанда «көрместей», «білместей» болып аяқталар еді. Демек, өлең туындыларының алғашқы үлгілерін сөз еткенде біз бұл тәрізді үйқас жүйелеріне де барынша мән беруге тиіспіз.

<sup>15</sup> Қазақ ССР тарихы, I том. Алматы, 1957, 106—107-б.

<sup>16</sup> Жирмунский В. М., Зарифов Х. Т. Узбекский народный героический эпос. М., 1947, с. 8—9.

<sup>17</sup> Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М. — Л. 1951, с. 33.

Бірақ солай бола тұра, орхон-енисей бойындағы тасжазуларды біздің батырлық дастандарымыздың, немесе, тіпті, эпос дәстүрінің бастамасы деп қарауға болмайды. Алайда бірсыныра әдебиет зерттеушілері Күлтегінге, Білге қағанға қойылған ескерткіштердің текстерін жазба әдебиетіміз былай тұрсын, ауызекі өнер туындысына жататын «Алпамыс», «Қобыланды» сияқты жырлардан да бұрын туған батырлық дастандар деп танығысы келеді. Бұл орайдағы елеулі пікір ретінде М. Жолдасбековтің көне түркі әдеби ескерткіштері жөніндегі кандидаттық жұмысынан мынадай үзінді келтіруге болады: «... богатая эпическая традиция казахского народа ведет свое начало с орхонских памятников. С другой стороны, это есть яркое доказательство неразрывной связи устной и письменной литературы...»<sup>18</sup>.

Аталған автордың мұншалықты үзілді-кесілді қорытынды жасаудың себеп болған нәрсе — орхон түркілерінің тастағы жазба ескерткіштеріне тән «дәстүрлі эпикалық мотив» болса керек. Сол себепті де зерттеуші халық әпости мен жоғарыдағы эпиграфиялық мұраларды салыстыру үстінде: «... все они являются творениями единой эпической традиции»<sup>19</sup>, — деген байланға келеді.

Дәстүр мәселеңі өз алдына, ал жоғарыдағы цитатаға келсек, сол шағын үзіндінің өзінде екі түрлі қайшылық бар. Ең алдымен қазақ ауыз әдебиетінің эпикалық бай дәстүрі орхон ескерткіштерінен басталмайды. Қайта, керісінше, ескерткіш атаулы көне жазулардың бәрі стильдік сипаты жағынан алғанда эпос кейіпкерлеріне барынша еліктеуден, ауызекі өнердің эпикалық дәстүріне мықтап бой ұрудан туған ежелгі жазба әдебиет үлгілері болып табылады. Екіншіден — орхон жазбаларындағы әпостиқ мотивтерге сүйеніп, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетіміздің аралығындағы үздіксіз байланысты сөз ету де қын. Егер «эпос дәстүрі орхон ескерткіштерінен басталады» деп қарайтын болсақ, онда көне түркі жазуларын жазба әдебиет үлгілері деп

<sup>18</sup> Джолдасбеков М. Древнетюркские литературные памятники и их отношение к казахской литературе. Автореф. канд. дис. Алма-Ата, 1969, с. 18.

<sup>19</sup> Сонда.

білмей, тек фольклор аясындағы туындылар ғана деп таныған боламыз. Себебі, ауыз әдебиетінің дәстүрі еш уақытта жазба әдебиеттен басталмақ емес. Ал көне түркі жазулары арғы замандағы жазба әдебиет нұсқаларына жатады деген түспалды мойындаған күнде, көне ескерткіштердің жанрлық сипатын белгілеп берген творчестволық принцип, фольклор туындысы мен көне түркі әдебиетінің аралығындағы байланыс тәрізді факторларды бергі дәуірдің әдеби дәстүрінен емес, сол орхон жазулары дүниеге келмес бұрын қоғам ішінде өмір сүрген ауызекі сөз өнерінің сілемдерінен іздеуге мәжбүр боламыз.

Сонымен, орхон жазуларының табиғатынан көзге шалынатын эпос дәстүрінің кейбір нышандарын қай түрғыдан түсіндіру керек және олардың, яки, эпосқа тән белгілердің қазірде ғылымға аян болған батырлық дастандарымызға қатысы қандай деген мәселеге келгенде, мынаны айтуға болады: эпос дәстүрі тәрізді ауыз әдебиетіндегі үлкен творчестволық процесс біздің әрамыздан басталмайды, ол жалпы адам баласының табиғатқа миф түрғысынан араласу кезеңінен өріс алдып, үздіксіз өмір сүреді. Сол ұзақ сапарда эпос дәстүрі фольклордың жетекші жанрын қалыптастырып қана қоймай, кейінгі жазба әдебиетке де өзінің пәрменді ықпалын тигізеді. Осының нәтижесінде өміршең эпостың жалпы сарыны сонау көне заманғы жазба мұралардан да, сондай-ақ кейінгі дәуірдің сан-салалы әдебиетінен де көрініс беріп, кейде, тіпті, шығарманың жанрлық сипатын айқындауға да үлес қосады. Эпостың тікелей әсерімен қалыптасқан фольклор туындысының мысалы ретінде баршамызға мәлім тарихи жырларды («Айман — Шолпан», «Бекет батыр», «Исатай — Махамбет», т. б.) атауға болады.

Қысқасы, көне жазу нұсқалары қашшалықты есқі болғанымен, нақ фольклор заманына куә бола алмайды. Қөпшілігінде ежелгі дәуір ескерткіштері бізге әдеби өндеуден өтіп, өз тұсының сөйлеу, әсіресе, жазу нормаларына сай жасалған туынды сипатында жетеді. Сондықтан олар әдеби тілдің ауызекі нормаларына тән кейбір белгілерді бойында сақтағанымен де, тұтас алғанда жазу мәдениеті өркендеген кезеңдегі тілдің айғалы болатыны сөзсіз. Ал жазу өнері пайда болысымен, ауызекі өнердің түрлері өз дамуын тежей бастайды.

К. Маркс былай дейді: «... И разве не исчезают неизбежно сказания, песни и музы, а тем самым и необходимые предпосылки эпической поэзии с появлением печатного станка?»<sup>20</sup>. Элбетте, көне түркі жазуларын да тасқа басып таңбалап кеткен станоктың болғаны сөзсіз. Жазу — үлкен мәдениеттің айғары.

В. Виноградов былай дейді: «... в эпоху феодализма, при наличии феодальной раздробленности литературный язык обыкновенно не бывает единым: в нем более или менее отчетливо отражаются элементы разных территориальных диалектов. Кроме того, литературным языком пользуется в эпоху феодализма только небольшой слой феодального общества (чаще всего определенная часть феодалов и феодальное духовенство)....»<sup>21</sup>.

Орхон-енисей ескерткіштерінің сөздік құрамы да оның өз кезіндегі жазба әдеби тілдің үлгісі болғандығын дәлелдейді. Себебі көне түркі текстерінде кездесетін сөздер өзінің диалекталды географиясы жағынан қазіргі түркі нәсілді халықтар мен тайпаларды түгелге жуық қамтиды. Басқаша айтқанда, ескерткіштердің сөздік құрамы өз кезіндегі түркі халықтарының неше алуан диалектілік, немесе говорлық аядағы лексикалық қорынан іріктеліп жасалған деуге болады. Бұл тұста тіл тарихын зерттеуші мамандардың мына тәрізді пікірлерін де назардан тыс қалдыруға болмайды. «Орхон-енисей ескерткіштерінде,— деп жазады, мәселен, Ж. Досқараев,— түркі тілдеріне ортақ жалпы құбылыстармен қатар, тайпалық тілдердің ерекшеліктері де байқалады. Ол ерекшеліктер, сипаты жағынан, ертеректе жасаған тайпалардың түрлі диалектіде, говорда сөйлегенің аңғартады...»<sup>22</sup>. Бұл тәрізді жасанды әдеби тілдің жалпы бұқара халыққа қызмет етуі мүмкін де емес. Алайда оның лексикалық құрамы қаншалық құранды, алабажақ болғанымен, негізгі желісі белгілі бір тілдік жүйеге сәйкестелуі қажет еді. Тілші-туркологтар осыған орай мынадай да пікір айтады:

<sup>20</sup> Маркс К. К критике политической экономии. М., 1952, с. 225.

<sup>21</sup> Виноградов В. В. Проблемы литературных языков и закономерностей их образования и развития. М., 1967, с. 74.

<sup>22</sup> Досқараев Ж. Қазақ тілі тарихының кейбір мәселелері жайында.— «Түркологиялық зерттеулер». Алматы, 1969, 203-б.

«Язык орхено-енисейских надписей, хотя и сохраняет значительное количество древнейших черт, представляет все же один из тюркских языков, возникших после распада тюркского прайзыка...»<sup>23</sup>. Эрине «жазуларға» арқау болған нақты бір тілді дәл тауып нұсқау қын. Сонда да болса осы жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды мынау болмақ: көне түркі жазуларын қазіргі түркі тілдерінің белгілі біреуіне ғана сүйеніп зерттеуге болмайды, әрі оларды қазіргі ұлт тілдерінің ешқайсысына тели де алмаймыз. Себебі оның тілі — құранды тіл.

Әдеби тіл жасаудағы бұл айтылған тәсіл адам баласының мәдениеті тарихында ежелден келе жатқан принципке негізделеді. Бұны көне дәуір дүниелерін зерттеу тәжірибелерінен айқын көруге болады. Мәселен, Батыс Европа ғылымы XIX ғасырдың екінші жартысына дейін ежелгі грек эпостары саналатын «Илиада» мен «Одиссеяны» адам баласының күнәдан пәк дәуіріндегі примитив туындылар деп танып келген. Бұл пікір орыс филологиясында да етек алған. Белгілі ақын В. Жуковский өзі аударған «Одиссеяның» алғы сөзінде Гомерді «... бүкіл әлемнің кереметтерін түсінде көріп жатып, солар жайлы бала тілімен былдырлаған сәби» деп атаған. Бұл секілді романтикалық түсініктің тууына себеп болған нәрсе Гомер эпосының тілі болатын. Эпостың сөздік құрамы грек тілінің бірде-бір диалектісіне толық сәйкес келмейтіндігі себепті оны XVIII ғасырдың филологтары «көне замандағы грек тілінің қазірде әбден ескіріп, архаикаланған нұсқасы» деп білген. Тек XIX ғасырдың екінші жартысынан бермен қарай ғана Батыс Европа ғылымында «Гомер поэзиясы өнердің сәбілік дәуірін елестетпейді, қайта оның кемелденген шағын танытады» деген пікір үстем бола бастайды.

Жаңа көзқарастың тууына әр алуан себеп бар еді. Алайда олардың ішіндегі ең негіздісі — аса бағалы эпиграфикалық документтердің табылуы болып саналады. Бұл документтер көне грек диалектілері жайлы мейлінше бай мәліметтер береді. Соларды салыстыра

<sup>23</sup> Серебренников Б. А. Методы изучения истории языков, применяемые в индоевропеистике и в тюркологии. — Сб. «Материалы совещания по вопросам методов изучения истории тюркских языков». Ашхабад, 1961, с. 60.

зерттей отырып, яғни әр түрлі тілдік фактілердің ежелгі грек эпостында қолданылу аясын анықтау арқылы ғалымдар мұлдем жаңа жағдайлардың бетін ашты.

Белгілі совет академигі, латын тілінің маманы И. И. Толстой эпостың тіліндегі шым-шытырық араласып жатқан алуан тексті диалектизмдерді тексересе келіп, былай деп жазады: «... впечатление речевой пестроты еще усиливалось сосуществованием стоящих в тексте, иногда совсем рядом, таких морфем, которые хронологически принадлежали заведомо различным языковым пластам. Было очевидно, если этот язык и был доступен пониманию человека любого диалекта, то разговаривать на нем, конечно, никто не мог. Этот язык, даже оставляя в стороне его условную эпическую поэтику, не мог быть языком обиходной речи; это был язык эпической, древней поэзии, тесно связанный с ее традиционной поэтикой, прочно опиравшийся на старинные, давно выработанные этой последней, готовые эпические формы...»<sup>24</sup>.

Осы келтірілген деректер тұрғысынан қарайтын болсақ, көне түркі ескерткіштерінің тілін де өз кезінің сөйлеу-сөйлесу тілі болды дей алмаймыз. Бірсыныра зерттеушілер орхон-енисей жазуларынан сол тұстың ресми, эпистоляр стилі байқалады десе, И. В. Стеблева оларды көне түркі поэзиясы ретінде қарастырады<sup>25</sup>.

Қысқасы, көне ескерткіштердің тілі жалпы халықтың сөйлеу тілі емес, жоғарыда аталған ежелгі грек дастандары секілді «дәстүрлі халық поэтикасымен тығыз байланысқан, байырғы эпикалдық формулаларды берік тұтынған көне замандағы классикалық әпос поэзиясының» тілі болуы да ықтимал. Олай болса, бұл тіл — ежелгі түріктердің шағын әлеуметтік топтарының, яғни ақсүйектерінің арасында тек жазба әдеби тіл есебіндеғана қолданылған қатынас құралы.

Жасанды әдеби тілді түркі халықтары, тіпті, бергі дәүірде де пайдаланғаны мәлім. Атап айтқанда, Орта Азия халықтарының сауатты жұртшылығы арасында кәдеге жарап келген «кітаби тіл», бірде — «көне өзбек тілі», енді бірде — «шагатай тілі» атанғанымен, шын

<sup>24</sup> Толстой И. И. Аэды. Античные творцы и носители древнего эпоса. М., 1958, с. 5.

<sup>25</sup> Стеблева И. В. Поэзия тюрков VI—VIII веков. М., 1965.

мәнінде нақты бір ұлттың ғана тілі емес, шартты түрде көптеген халықтарға ортақ қызмет ететін, өмір сүру формасы тек жазу-сызу үлгісімен шектелген Орта Азияның түркі әдеби тілі еді. Бұл пікірді академик А. Н. Самойлович ұлы шағатай ақыны Әлішер Навои тұтынған әдеби тілдің негізінде жан-жақты дәлелдеген<sup>26</sup>. Ал В. В. Радлов көне ұйғыр жазуына негіздеп: «Орта Азияның ежелгі түркілері орхон-енисей жазуларының тілінен басқа да бір әдеби тілді қолданған секілді»<sup>27</sup>, — деген жорамал айтады. Венгр ғалымы Ю. Неметтің айтуынша ежелгі дәүірде Европа түркілерінің де дербес әдеби тілі болса керек<sup>28</sup>.

Қысқасы, жазба әдеби тілдің ауызекі сөйлеу тілінен алшақ тұру фактісін, тіпті, осы күнгі түркі халықтарының мәдениеті тарихынан да ұшыратуға болады.

Филология ғылымдарының докторы Ә. Қоңыратбаев өзінің ескі жазбалар жөніндегі бір пікірінде көне түркі әдеби тілінің жай-жапсарына тоқтала келіп VII—XI ғасырларда Жетісу, Алтай, Сыр бойындағы халықтар тілінің әлі жіктеліп жетпегендігін, олардың диалект сипатында тұрғанын, кейіннен сол аймақтардағы гундерден бастап, кейбір монгол тайпаларының өзі түріктене бастағанын ескертеді. «Бірақ — дейді автор,— ол кездегі жазбалар тайпа тілінде емес, көбінесе саяси бірліктерде, хандар сарайында туған еді. Сондықтан олардың тілінде ортақ элемент көп болатын. Мысалы, бірі — шежіре, бірі — эпос болса да «Оғыз наме» мен «Китаби Қорқыт» тілінде ұқсастық мол. Олардан орхон жазуларының тілі де қашық кетпейді. Бұл ұқсастықты, шартты түрде болса да, «шағатаизм элементі» деу керек. Шағатай тілі монгол билігі орнаған соң туса да, оның басы түрік қағанаты тұсында орхон жазуларынан басталған еді. Шағатай мемлекеті соны өзінің ресми әдеби тілі етеді. Бірақ шағатай тілін Алтайдағы барлық түрік тайпалары тілінің атасы деу ретсіз. Ол тек XIV—XV ғасырлардағы сарай төңірегінде туған, үлгісі

<sup>26</sup> Самойлович А. Н. К истории литературного среднеазиатско-турецкого языка. — Сб. Мир-Али-Шир. Л., 1928.

<sup>27</sup> Радлов В. В. Исламские шрифты тюрков... (на нем. яз.). — «Известия Российской Академии наук». СПб., 1908, с 842.

<sup>28</sup> Немет Ю. Специальные проблемы тюркского языкознания в Венгрии («Вопросы языкознания», 1963, № 6).

ескі жазулардан алынған әдеби тілдің бір үлгісі (нұсқасы.— Е. Ж.) ғана болды»<sup>29</sup>,— дейді.

Әрине, бұл жердегі орхон жазуының тілі мен шағатай әдебиеті тілінің аралығында тікелей «лексикалық-стильдік байланыс болды» деген мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді. Дегенмен де автордың осы екі түрлі жазу үлгісінің пайда болу, қалыптасу процестерінде ортақ моменттер бар деген пікірін ескермей болмайды. Шындығында бұлардың екеуі де қалың бұқараның игілігіне айналып жетпеген, зиялды топтардың арасында ғана қолданыс тапқан жасанды тіл еді.

Жалпы әдеби тілдің табиғатында белгілі дәрежеде «жасандылық» болатынын тіл мамандары ежелден-ақ мойындаған. Осыған орай әдеби тілді зерттеу, тексеру іci тек практикалық қана мақсат көздейді деген түсінік те үстем болып келген. Мәселен, швейцар ғалымы Ф. де Соссюр табиғи тіл мен жасанды тілдің жігін ажыратада қарауга шақырып, былай деп жазған-ды: «... необходимо отличать естественное, органическое развитие языка от таких его искусственных форм, как литературный язык»<sup>30</sup>. Әрине, бұл жерде әдеби тілге тән жасандылықтың өзі жалпы халықтық тілдің табиғи даму барысынан туатынын ескерте кету қажет. Тілдің белгілі бір кезеңде «шарықтап» дамуына сай оның әдеби нормаларын қалыптастыру қажеттігі де пайда болады. Сейтіп, саналы әрекет негізінде туып өркендеген әдеби тіл жалпы халықтық тілдің бұдан былайғы даму барысына бағыт нұсқаушы факторға айналып, оның стильтерін байытады, бейнелегіштік қабілеттерін жетілдіре түседі.

Соңғы кездегі зерттеушілер ішінде көне түркі жазуларын «сөйлеу тілі емес, тіпті сол VIII ғасырдың өзінде архаикаланған жасанды тіл еді» деп ашып айтқан адам — белгілі совет тюркологы Э. Р. Тенишев. Ол Орта Азия түркілерінің әдеби тілінде жазылған ең ірі ескерткіш саналатын «Құтадғұ білігтің» тілін талдай отырып, мынадай пікір айтады: «Следовательно, язык «Кутадгу билик» смешанный, отличающийся от народно-разговорного языка караханидов,— искусственный литературно-книжный язык тюркского средневековья.

<sup>29</sup> Қоңыратбаев Ә. Әдебиетіміздің түп-төркінінен деректер.— «Қазақ әдебиеті», 1968, 18 май.

<sup>30</sup> Ф. де Соссюр. Курс общей лингвистики. М., 1933, с. 44.

Истоки этого языка восходят к периоду орхено-енисейских памятников. Древние памятники тюркского рунического письма по содержанию являются эпитафиями, весьма пространными, историографичными, порой художественно-выразительными, но все же эпитафиями. Отшлифованный литературный язык этих памятников, в особенности крупных, будучи эпитафичным, и для VIII в. был в какой-то мере архаичным. Очевидно, уже в то далекое время сложилась известная традиция формирования литературного языка»<sup>31</sup>.

Бұдан әрі автор жасанды әдеби тіл жасау дәстүрінің көптеген түркі халықтарына таралғанын, осы негізде Монголия жерінен Шығыс Түркістанға келген ұйғырлар да өз әдеби тілін жасап қалыптастырып, діни орындарда соны өзгеріссіз қолданып келгенін айтады.

Алайда бұл айтылғаннан көне ескерткіштер халықтық емес деген ұғым тумайды. Жоғарыдағы аты аталаған И. И. Толстойдың пікірінше грек эпосының табиғаты таза фольклор негізді болып табылады. Ал идеялық мазмұны жағынан эпос жалпы бұқара көпшіліктің көксерен ой-арманын, ұлттың, халықтың мұддесін баяндайды. Осы секілді көне түркі жазулары да елді бірлікке, мемлекеттік тәуелсіздікке шакырған, аз халқын көбейтіп, жоқ жұртын байытқан, күндіз күлкі, түнде үйқы көрмеген ерлердің ерлік ісін мадақтайты. Бірақ бұлар әсте де «эпос заманының» батырлары емес, дүниеде нақты өмір сурген тарихи кейілкерлер болатын. Біздің көне түркі поэзиясын әпостың бастапқы ариасы, соның алғашқы ұлгісі деп танымай, керісінше әпостан соң туған тарихи жыр ретінде, яғни эпос дәстүрінің пәрменді ықпалына бой ұсынып, соның ізімен жасалған жаңа заманың туындылары іспетті қарау себебіміз де осыдан.

Басқаша айтқанда: «... қазақ тілінің ертедегі тарихы орхон-енисей ескерткіштері жасалмастан көп бұрын,

<sup>31</sup> Тенишев Э. Р. «Кутадгу билиг» и «Алтун ярук» («Советская тюркология», 1970, № 4, с. 30). «Тюркские литературные языки древнего периода,— дейді автор сезінің қорытындысында,— это языки искусственно созданные. Они лишь в незначительной степени опираются на живые языки, поэтому при изучении истории современных литературных и разговорных тюркских языков ими надо пользоваться с большой осторожностью, привлекая в основном как гипологический материал».

біздің жыл санауымыздың арғы-бергі кездерінен, үйсін және қыпшақ бірлестіктерінің өмір сүрген кездерінен басталады...»<sup>32</sup>. Ал енді ежелгі түркі ескерткіштерінің суреттеу тәсіліндегі фольклорға тән көріністерге келетін болсақ, оларды бертінгі дәуірдің «қолдан көнелендіру» әрекетінен туған, травестиялық элемент деп түсінуіміз қажет. Өйткені жазба әдебиеттің бастап нәр алған арнасы — ауызекі сез өнері болған соң, тарихи тақырыптағы жазба дастандар көп ретінде өзінен бұрынғы ауыз әдебиетінің дәстүрін классикалық үлгі, көркемдеу тәсілінің сыннан өткен критерий, шарты ретінде қабылдайды.

Бұл айтылған жағдай тек түркі халықтары үшін ғана қолданылатын қағида емес, жалпы адам баласының жазба әдеби тіл жасау барысында бастан кешіретін тәжірибесі. Мәселен, Скандинавия жүртүшің жазба эпосы саналатын «Эдда» жырының тілі жайлыштада Е. М. Мелетинский де осындай топшылау айтады<sup>33</sup>. Оның пікірінше жалпы герман халықтарына ортақ сюжеттің неміс тіліндегі нұсқалары Исландия топырағында «көнеленіп» қана қоймайды, сонымен бірге олар рулық құрылышқа тән идеологияның кейбір белгілерін бойында сактайтын, немесе, тіпті, оларды, яки, белгілерді өршітіп, бұрынғыдан бетер әрлендіре түседі. Сөйті тұрса да «Эдда» жырлары рулық қоғамның гүлдену дәуірін бейнелемейді, қайта, соның көрініше, рулық құрылыш пен оның мұрат-мақсаттарының күйреу кезеңін танытатын бірден-бір айдынды ескерткіш болып табылады.

Откенде көксеу, бір кездегі «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» заманды келер күннің аңсаған арманы етіп көрсету фольклорға тән творчестволық шешім екені аян. Ауыз әдебиеті дәстүрінің үздіксіз жалғасып, халықпен бірге жасай беру себебі де бір жағынан оның осы айтылған көркемдік принципіне негізделеді. Халық қоғам өміріндегі әрбір елеулі бетбұрыста аты азызға шыққан ерлерін тек «аруақ» ретінде ғана шақырмай-

<sup>32</sup> Досқараев Ж. Көрсетілген еңбек, 202-б.

<sup>33</sup> «...Песни немецкого происхождения не только модернизировались в Скандинавии (Исландии), но и архаизировались в соответствии с живыми, еще устно бытующими традициями ранних форм эпоса» (Мелетинский Е. М. «Эдда» и ранние формы эпоса. М., 1968, с. 18).

ды, оларды сол жаңа кезеңнің қаһарманы деп те жырға қосады. Сондықтан ауыз әдебиетінің батырлары көп реттерде бір жырдан екінші жырға көшіп, бірі екіншісінің үзенгілес серігі болып жүре береді. Өйткені жазба әдебиеттің «дәүірі шектеулі» кейіпкерлеріне тән тарихи синхрондылық бұлар үшін шарт болып табылмайды. Қайта, көбінше, фольклор оқиғасы анохронизм сипатында, өткендердегінің бүгінгідей етіп жаңандыру, «қайта тірілту» бағытында жүріп жатады. Осы ауыз әдебиеттің басты, жетекші жанры әпос болса, ол да В. В. Радлов айқандай: «еш уақыт аяқталған, біткен бір тұтас туынды емес, тек халық санасты ретінде сол халықтың өзімен бірге өмір сүріп, бірге өзгеріп, дамып отыратын нәрсе...»<sup>34</sup>.

---

<sup>34</sup> «... Эпос не представляет собою ничего законченного, а является самим народным сознанием, живущим в народе и меняющимся с ним...» (Радлов В. В. Образцы народной литературы северных тюркских племен, т. V. СПб., 1885. Предисловие, с. 24).

## *Bірінші тарау*

### **ӨНЕР АРНАЛАРЫ ЖӘНЕ ЭПОС**

Эпос — ежелгі мұра. Әйтсе де ол халық санасына әсер етуші күрделі өнер туындысы болып бірден қалыптаса қойған жоқ. Классикалық ұлгіге жеткенге дейін басынан ұзак sapар кешірді.

А. М. Горький өзінің «Өмір ертегісі» деп аталатын ашық хатында: «Мәдениет тарихы — халық туғызған ақыздар мен ертегілердің ішіндегі ақыл мен жанды та-зартатын ең әсем ертегі»,<sup>1</sup> — деп жазады. Ендеше, халықтың рухани мәдениетінің қазыналары болып табылатын ән, би, поэзияның шығу тарихы да Горький айтқандай «әсем ертегінің» тобына жататыны сөзсіз.

Өнер арнасы сонау ерте заманда, адамның қоғам мен табиғат туралы алғаш қиялдаған шағында ойдың көркемдегіштік қызметінен басталатынын жоғарыда атап өттік. Ал оның — өнердің — саналы түрде адамның эстетикалық сезіміне әсер ету мақсатымен туда бастаған кезеңінің өзі де ете әрідегі дәуір болып саналады.

К. Маркс өзінің жоғарыда аталған «Саяси экономияның сынына» арналған еңбегінде адамдардың эстетикалық сезімдері өндірістік қызмет процесінде туда тұрса да, ол сезімдер «дөрекі практикалық қажеттерге үнемі тәуелді болып қалмайды» деп атап көрсетеді. Яғни, адам баласының сезімі біршама еркін болады да, рухани қажеттерді өтеуге қызмет етеді. Сондықтан

<sup>1</sup> Горький А. М. Сказка жизни.— Сб. Горький о детской литературе. М., 1952, с. 58.

Маркс өнерді дүниеге келтірген объективті жағдай деп «тұтыну қажеттігінің о бастағы табиғи тұрпайылығынан арылған»<sup>2</sup> кезеңін атайды.

Демек, адамның артистік (синкретизм сипатындағы) қызметінің басы да сол Маркс мәңзеген дәуірлерде іргесін қалаған болуы тиіс. Осыған орай Г. В. Плеханов айтқан мынадай жорамалды да еске түсіре кетуге болатын секілді. Ол былай деген еді: «Жоғары саналы хайуандар (демек, алғашқы адамдар.— Е. Ж.) өздерінің бұлшық еттері мен психикасының күшін түгелдей материалдық тұрмыс қажеттерін өндіруге жұмсамайды, кейде олар пайда табуды мақсат қылмай-ақ, тек көңіл көтеру үшін де бойындағы күшін сарп етеді, яғни олар ойынға ден қояды»<sup>3</sup>.

Алғашқы қауым адамдарының өнері жайлы деректер көп. Өнердің ең жабайы түрі болып табылатын би өнері әуел баста тікелей табиғатқа еліктеуден, табиғат көріністерін қайталаудан барып шыққан. Мысалы, әр алуан ру, тайпалардың аңшылық билері солардың өздері аулайтын аңының қимылтына, жүріс-тұрысына сәйкес келеді екен. Яғни, Австралияның халқы билегенде кенгурудың және әмудың (түйе құс) қимылтына еліктейтін болған. Өйткені олар осы аңдарды аулаумен тіршілік еткен. Ал Камчатканың халқы билегенде аюдың қолапайсыз қимылтына салып қимылдайды екен. Американың индеецтері буйвол аулауға шығар алдында үстеріне арнаулы костюм киіп, буйвол биін билеген. Міне, бұдан адамдардың табиғат көріністерін саналы түрде өнерге қатыстыру процестерін көреміз<sup>4</sup>.

<sup>2</sup> Маркс К. и Энгельс Ф. Об искусстве. Т. 1. М., 1957, с. 270.

<sup>3</sup> Плеханов Г. В. Искусство и литература. М., 1948, с. 37; Айта кететін жай, осы автордың «оыйн» теориясымен байланысты кезінде сын пікірлер де айтылды. Мәселен, көрнекті қоғам қайраткері А. В. Луначарский өнердің дамуы жалаң ойынға неғізделмейді, ол бір жағынан қауымдық коллективтің өндірістік қызметіндегі прогрестермен де ұштасады деп көрсетті (Луначарский А. В. Марксизм и эстетика.—«Правда», 1905, № 9-10, с. 409—410).

<sup>4</sup> Алғашқы қоғам мүшелерінің мәдениеті жайлы деректерді біз сілтеме берілген енбектерден тыс мына әдебиеттерден де пайдаландық. Қараңыз: Лафарг П. Очерки по истории первобытной культуры. М.—Л., 1928; Тейлор Э. Первобытная культура. М., 1939; Миклухо-Маклай Н. Н. Собр. соч., I—III т.; Буслаев Ф. И. Сочинения, т. II. СПб., 1910, т. б.

Плехановтың айтуынша, ойын атаулының қай-қайсысы да еңбек процесіне еліктеуден туған. Мысалы, балалар ойнағанда, өздерінше, ересек адамдардың іс-әрекетін қайталайтын болса, үлкендер ойыны адам баласының тапқырлығын, күштілігін, ерлігін бейнелі түрде мадақтау болып табылады. Бұны сол алғашқы адамдардың биінен айқын көруге болады. Олар билегенде өздерінің аңды қалай аулағанын, жауды қайтып жеңгенін көрсетіп, басқалардың алдында мақтаныш етеді. Сөйтіп, би өнері адам баласының сәбилік шағындағы басынан кешірген ерлік істерін, өмір мұддесі үшін сіңірген еңбектегі әрекеттерін дene қымылы арқылы баяндап беретін қоғамдық сананың жемісі ретінде қалыптасқан.

Осы тәрізді адам баласының ежелгі мәдениетінің бір нұсқасы бейнелеу өнері болатын болса, оның да кескіндеу, мұсіндеу тәсілдері арқылы қауым мүшелері өздерінің өмірден алған әсерлерін табиғи кейіпте қайталап көрсетуді көздең әрекет етуінен туғандығы байқалады. Қазіргі грек философы К. Варналис өзінің эстетика сынына арнаған кітабында бұл жайды былай деп жазады: «Подобно тому, как первобытный человек легко воспроизводит в своих танцах и в своем воображении охоту и сражение, так он благодаря своей живописи, после сражения и охоты воспроизводит, «играя эстетически», то прежнее серьезное и опасное для жизни действие, которое он совершил»<sup>5</sup>.

Сондай-ақ, дүлей табиғатпен арпалысқан адамның өмір үшін сіңіретін еңбегінен тікелей туындалп өрбіген өнер түрлерінің бірі деп поэзия танылады. Би тәрізді, өлеңнің де арғы тегі қоғамның экономикалық негізімен, өндіріс процесімен тығыз байланысты. Алғашында өлең адамның эстетикалық сезімін қанағаттандыру үшін емес, еңбек процесін жандандыруға; жұмыс қарқынын бәсендепеуге қажетті ырғақ, тект есебінде туған деген көзқарастар бар. Тек адам ғана емес жалпы хайуанат атаулының бәрі де музыка тактысын таниды, оның әсемдігін сезінбеген күнде де, дауыс ырғағына құлақ түреді, өйткені бұның өзі жан-жануарлардың нерв жүйесінің физиологиясына байланысты деген Дар-

<sup>5</sup> Варналис К. Эстетика — критика (перевод с греческого Ф. Х. Кессиди и Т. В. Кокуриной). М., 1961, с. 127.

вин іліміне сүйене отырып, Плеханов өзінің аты шулы «Адрессіз хаттарында»: «... алғашқы қоғамдағы адам белгілі бір жұмысты орындау үстінде дene қимылдың әйтеуір бір дыбыстың әуеніне сәйкестеп отырган»,<sup>6</sup> — дейді. Осындай еңбек процесінің қарқын өлшемін белгілеп беретін ырғақтың негізгі түрлерінің бірі — адамның дыбыстау органынан шығатын тіл дыбыстары. Тіл дыбыстарының өзі жалаң тұрып, қимыл ырғағына ілесе алмайтын болғандықтан, адам баласы примитивті текстке негізделген музыкалық әуендер шығарған. Сөйтіп, музыка мен поэзия қосақталып дүниеге келген<sup>7</sup>. Әрине, бұл кездегі музыка да, поэзия да қазіргі біз көріп жүрген өнер туындылары дәрежесінде емес екені белгілі. Плехановтың айтуынша, алғаш пайда болған музыкада да, өлеңде де айтарлықтай мазмұн жоқ, олар тек белгілі бір қимылдың қайталану тектісін есептеп отыруши ғана нәрселер болған тәрізді.

Бұған дәлел есебінде ол австралиялықтардың мынандай өлеңін мысалға келтіреді. Қараңыз:

Нарриниери идут,  
Нарриниери идут,  
Скоро придут!  
Они несут кенгуру  
И быстро шагают,  
Нарриниери идут,  
Нарриниери идут<sup>8</sup>.

Енді осы өлеңді жолма-жол қазақшаға аударып көретін болсақ та мазмұнның кедейлігі айқын аңгарылады. Салыстырыңыз:

Нарриниерлер келеді,  
Нарриниерлер келеді,  
Көп ұзамай келеді!  
Кенгуру алып келеді,  
Жылдам жүріп келеді,  
Нарриниерлер келеді,  
Нарриниерлер келеді.

<sup>6</sup> Плеханов Г. В. Искусство и литература, с. 65.

<sup>7</sup> Поэзияның дүниеге келуі жалаң ырғақтың ғана нәтижесі деп қарауға болмайды. Өлеңді тудырушы басқа да тарихи себептермен бірігіп ырғақ негізінен оны жаттауға бейімдеуші, еске сақтауға қолайлы фактор болып табылады. Алайда бұл мәсселеге алда толығырақ тоқталамыз.

<sup>8</sup> Плеханов Г. В. Искусство и литература, с. 340.

Тек Плеханов қана емес, бастапқы өлең арнасын бағдарлау мақсатымен мәдениеті кенже дамыған халықтардың поэзиясын тексеруші басқа да ғалымдар болған. Мәселен, Н. Н. Миклухо-Маклай папуастардың аллитерациялы өлеңдеріне негіз болған дыбыстық қайталауларға назар аудара келіп, мынадай үзінді береді:

Бом, бом марале,  
Марале тамоле.  
Саго, саго делают,  
Делают мужчины<sup>9</sup>.

Осымен байланысты мынаны ескерте кетуге болады. Жалпы ән ырғағына құрылып, белгілі текссіз айтыла-тын әуендер біздің қазақ мелодиясында да жоқ емес. Бұның әсіресе бір айқын мысалы көпшілікке мәлім «Алдар кесе мен шайтан» атты ертегіде жақсы келтірілген. «Әләуләйім таусылса, халәуләйім тағы бар» де-генде халық өзінің жалаң ырғақ негізді әуенін ертегілік мотив еткен<sup>10</sup>. Сондай-ақ, халық әндерінің соңында жиі кездесетін рефрендік қайырмалар да осындағы дыбыс ырғағының тактісін тілдік материя арқылы белгілейтін фонетикалық комплекстер. Бұндай қайырмалар көпшілік реттерде өлеңдегі негізгі ойды тұжырымдап, немесе толықтырып отырады. Ондай жағдайда рефрен белгілі бір логикалық топшылау болып айтылады. Мысалы, Ақан серінің «Маң-маң кер» әнінің соңындағы қайырма осындай:

А-хау, туған елім,  
Балаң едім...

Еаңде осынау әнді  
Ала кетдім!

Алайда кейбір реттерде рефрен үшін тиянақты бір ойды баяндау шарт емес. Ол тек әннің мелодикалық қорытындысы тәрізді болады да, мазмұн жағынан өлеңнің текстімен ұштаспай-ақ айтыла береді:

Өрік, мейіз, қант пен шай,  
Алма мойын ақ бидай,

<sup>9</sup> Миклухо-Маклай Н. Н. Собрание соч., т. III, с. 110.

<sup>10</sup> Қазақ ертегілері, II том. Алматы, 1962.

Жариям айдай,  
Жанга жақын келсейші, беу қалқатай!  
(«Жариям айдай»)

Міне, бұл келтірілген мысалдағы алғашқы екі жол ән тексіне тікелей қатысты емес, тек қайырманың ырғағын бұзбас үшін тұр. Бірақ соның өзінде де ол жолдардағы айтылып тұрган сөздердің лексикалық мағынасы жоқ емес, қайта тіліміздің сөздік қорындағы актив мәнді атаулар (өрік, мейіз, қант, шай т. б.).

Ал енді рефрендік қайырманың үшінші бір түрінде дербес мағыналы лексемалармен жарыса, ешбір өзіндік ұғымның атауы болып табылмайтын, жалаң дыбыстық комплекстер де айтыла береді. Әрі олар мағынасыз бола тұра, фонетикалық құрылымы жағынан біршама тұрақты болып келеді. Мысалы, өзімізге таныс Майраның әнінің қайырмасы былай айтылады:

Майра, Майра,  
Қызыл тілім сайра, сайра...

Хара-раку райра-райра,  
Шырқа осындайда...

Бұл қайырмадағы «Хара-раку райра, райра» дегендер семантемалық қызмет атқарып тұрган жоқ. Солай болса да олар өлең ішінде әрдәйім осы қалпын бұзбайды. Себебі, олар осы ән ырғағының өлшеміне шақталып алынған дыбыстық шамалар (величины) және поэтикалық тұргыдан бұлар қайырмадағы *Майра, сайра* деген сөздермен аллитерациялық негізде үндесіп жатыр.

Кейде рефрендік қайырмадағы сөздердің саны мейлінше аз болып келеді де, ырғақтың тобы, яки колон дыбыс комплекстерінің қайталамасынан жасалады. Мысалы, белгілі «Әудем жер» өлеңінің қайырмасынан осыны көруге болады:

Әудем жер жүре алмаймын аяғымнан,  
Ұстаймын екі қолдап таяғымнан.

Сайраган Орта жүздің бұлбұлы едім,  
Кәрілік келіп қалды қай жағымнан.

## Қайырмасы:

Сәулем-ау, а-ха-ха-ау, қай жағымнан,  
Шіркін-ай, қай жағымнан, халлеу,  
лаллеу,  
Хала-лала лаллау, лаллау-а-ей.

Демек, бұл қайырмада, негізінен, бірінші шумақтың соңындағы «қай жағымнан» деген екі сөз қайталанады да, музикалық фразаның қалған бөлігі дыбыстық комплекстермен толтырылады. Немесе, халық өлеңдерінде рефрендік қайырма таза дыбыс комплекстерінің өзінен де жасала береді. Оған мысал есебінде «Бал қурай» атты халық әнінің қайырмасын атап кетуге болады. Онда музика ырғағының тобы:

хала-лаку-лилай-ай, лила-лаку-лилай-ау,  
хала-лаку-лилай, лилай, лилай, лилай...  
лила-лаку-лилай, лилай, лилай-ай,—

деген тәрізді дыбыстық қатарлармен белгіленген<sup>11</sup>.

Міне, бұл келтірілген мысалдардан біз музика ырғағына негізделе туатын поэзияның әуел бастағы кейбір принциптік тәсілдерін біршама байқай аламыз. Әрине, поэзияның мазмұны байып, дамыған сайын жоғарыдағы жалаң дыбыстық элементтердің саны да азая түсіп, олардың орнын толық лексикалық мәні бар сөздер баса береді. Мәселен, осы заманғы профессионалды ән жанрының қайырмалары сюжеті жағынан негізгі текстің жалғасы болып келетіндіктен, тілдік материалы жағынан да түгелдей дербес мағыналы сөздерден құралады. Мысалы, С. Сейфуллиннің «Жолдастар» әнінің қайырмасы былай айттылады:

Кедей ұлы жігерлі,  
Бірігіп ұран салып қал!  
Қызыл тулы майданда,  
Бостандықты алып қал!

Сондай-ақ музикасын Е. Брусиловский жазған «Кел, біздің ауылға!» дейтін әннің қайырмасы да негізгі текстегі ойды тиянақтап тұр (сөзі К. Бекқожин-дікі).

<sup>11</sup> Жоғарыда келтірілген халық өлеңдерінің үзінділері «Қазақ әндері» атты 1961 жылы шыққан жинақтан алынды.

Кел, біздің ауылға, келіп кет,  
Қызық бар тамаша, көріп кет!

Алайда өлеңдегі жалаң дыбыс қатарларының орнына дербес мағыналы лексемалар айтыла бастағаның өзінде, олар күні бүгінгі поэзиямыздағыдай әр алуан мазмұнды білдіретін сөздер болып келмей, көбінесе белгілі бір семантикалық единицалардың қайталаамасы түрінде бірсыныра уақыт өмір сүрген. Бұның мысалын да сол поэзия тілінің көне нұсқасы болып табылатын эпос жырынан азды-көпті ұшыратуға болады. Мәселен, Қ. Жұмалиев «Қозы Қөрпеш» жырындағы:

Ақ киікті бастаған деген екен,  
Деген атып еттерін жеген екен, —

дейтін жолдарды үйқас жүйесі жағынан талдай келіп, «еспе қайталаудың бір түрі»<sup>12</sup> екенін айтады. Осындағы <sup>ж.</sup> деген сөзінің қайталаамасы лингвистикалық түр<sup>ж.</sup> ғыдан да қызық. Өйткені бұндағы алғашқы жолдың соңында баяндауыштық қызмет атқарып тұрған есімше формалы деген, екінші жолдың басында субстанцияланып, заттық мағынаны білдіріп тұр. Демек, эпоста кездесетін бұл секілді тавтологиялық сөз қолданыстардың негізінде де әуел бастағы аллитерациялық үндестіктен туған дыбыстық қайталаулар, одан кейініректегі лексикалық дублеттер жатыр деп білеміз. Алайда эпостағы қайталаудың түрлеріне алдағы тарауда тілдік ерекшелік ретінде тоқталатын болған дықтан, қазір тек келтірілген деректерді қорытындылап өтейік.

Сонымен, жоғарыдағы Г. В. Плеханов пен Н. Н. Микулюхо-Маклай келтірген мысалдарда, сондай-ақ қазақтың халық өлеңдерінің қайырмаларында кездесетін дыбыстық қайталаулар аса бір күрделі ойды білдірмese де, жалпы өлеңдік жүйеге қайшы келмейді, өйткені оларда аллитерациялық үндестікке негізделген үйқас бар, әрі өздері примитив болса да әнге салып айтуға лайықталған, яки олар тактіге құрылған дедік. Сонда, бұл секілді жалаң дыбыстық комплекстерді, немесе

<sup>12</sup> Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселе-лері. Алматы, 1958, 173-б.

белгілі бір сөздерді қайталатып, үйқастырып, өлең етіп тұрган нәрсе не, сөздердің орналасу тәртібі қалайша бір жүйеге түскен? Әлде бұның өзі тілдің ішкі заңдылығынан туып отыр ма?

Міне, мәдениет тарихын зерттеушілердің көпшілігі поэзияны дүниеге келтірген қоғамдық-экономикалық және рухани факторларды қарастыра келгенде, осындағы курделі сұрақтың дұрыс шешімін табуды мақсат еткен.

Әрине, егер әңгіме сөздік қоры толысып жетілген, грамматикалық құрылымы кемеліне келе қалыптасқан, өзі мәдениеттің жоғары сатысына көтерілген халықтың өлеңі жайында болса, онда бұл секілді сұрақ тумас та еді. Бұл жерде мәселе сонау алғашқы қауымдық қоғам тұсындағы адамдардың поэзиясы туралы болып отыр. Басқаша айтқанда, адамдар ең алғашқыда жекелеген сөздердің басын қосып, өлең түрінде қиыстыруды қайдан үйренген деген түбегейлі мәселеңің басын ашу тұрғысында екенін еске сала кетеміз.

Г. В. Плеханов осы проблеманы байыпты шешу үшін неміс экономисті Карл Бюхердің «Жұмыс және ырғак»<sup>13</sup> атты еңбегін негізге ала отырып, тарихи тұрғыдан көкейге қонымды деген ой-топшыларын мәлімдейді. Автордың бұл мәселеге көзқарасы қорыта келгенде мынаған саяды: «...Құрамындағы сөздер мен сөйлемдерді ырғаққа негізден қана сөйлейтін ешбір тіл жоқ. Олай болса, белгілі бір өлшемнен аспайтын поэзияның тілін адамдар о баста қалай тапқан? Әлде олар өздерінің күнделікті сөйлеу тілін қадағалап, бақылау арқылы өлең өлшеміне келіп жетті ме? Бірақ бұлай болуы мүмкін емес. Тілдің ішкі логикасы бұған жол бермейді. Ендеше бұл сырттан келген құбылыс болуы керек... Сонда қайдан келуі мүмкін? Бюхердің топшылауынша, белгілі бір ырғактың өуенінен ауытқымай қозғалып тұрган дene өз қимылның бұл секілді тактіге сәйкесу заңын образды сөз қолданыстарына да телиді. Екінші, ауыздан шығатын сез де сол өлшемнен аспауы тиіс. Бұл пікірдің шындыққа сай келетініне тағы бір дәлел мынау — қоғамдық дамудың теменгі сатыларында адамдар бір қалыпты қозғалысты қажет ететін жұмыс процесін әдетте, өлеңмен сүйе-

<sup>13</sup> Бюхер К. Работа и ритм. Лейпциг, 1896.

мелдеген. Демек, ол адамның дene қимылы мен өлеңнің ырғағын өзара сәйкестіріп тұрган да сол өндіріс процесінің сипаты!»<sup>14</sup> — деп тұжырымдайды.

Плеханов осылайша, «поэзияның бастапқы арнасын жұмыстан іздеу керек» деген Бюхердің қорытындысына тоқырайды да, өндіріс процесінің күрделеніп дамуына сәйкес өлең түрлерінің де өзгеріп отыратынын айтады. Бұған өлең үйқасының ямб, трохей, спондей, анапест, т. б. тәрізді алуан түрлі болып кездесетіндігін дәлел етеді.

К. Бюхердің жоғарыда аталған еңбек теориясына сүйене отырып, В. М. Жирмунский де өзінің ертеректегі зерттеулерінде ырғақтың өлеңге үйтқы болатынын атап көрсетеді. Ол ежелгі дәуірдегі колективтің бірлескен еңбек процесін сүйемелдейтін өлеңде сөз бен әннің басын біріктіріп тұратын нәрсе осы ырғақ болған дейді. Автор сонымен қатар ырғақтың практикалық қызметі марш типтес өлеңдерден де көрінеді деп ескерtedі<sup>15</sup>.

Поэзия тілінің қалыптасу тарихын зерттеумен байланысты өлең ырғағының табиғатын түсіндіретін өзге де авторлар бар. Солардың ішінде бұл мәселеге жете көңіл бөлген адамның бірі украина думалары мен орыс былиналарын тексеруші М. М. Плисецкий. Ол орыстың эпостық жырларын қалыптастырыған шешуші факторларды сөз ете келіп, бұл саладағы ырғақтың қызметін байлаша түсіндіреді: «Ритм есть организация речевого материала, представляющая собой закономерное повторение целого комплекса однородных словесных явлений. В этот комплекс, в зависимости от принятой системы стихосложения, могут входить самые различные словесные элементы; регулируется количество ударений в стихе, количество слогов в строках и ее частях, обрабатываются окончания строк, повторяется конструкция строфы и пр.»<sup>16</sup>.

Жалпы, поэзияда белгілі бір тақырыпқа лайық өзіндік ырғақ болатынын, соның негізінде ғана көңіліндегі

<sup>14</sup> Плеханов Г. В. Искусство и литература, с. 316.

<sup>15</sup> Жирмунский В. М. Введение в метрику. Теория стиха. Л., 1925, с. 19.

<sup>16</sup> Плисецкий М. М. Историзм русских былин. М., 1962, с. 135—136.

ойды білдірерлікте өлең жазылатынын осы заманғы ақындар қауымының тәжірибесінен де көруге болады. Бұл жөнінде, әсіресе, В. В. Маяковскийдың айтқандарын еске түсіре кеткен орынды сияқты. Ақын өзін қоршаған төңіректің әсерін санаасында тоқи келіп, сол неше алуан түйсінудердің бәріне ортақ бір ыргақ табады. Кейіннен сол ыргаққа сәйкестеліп өлеңдің өлшемі, яки метрикасы да анықталады. «Ритм — это основная сила, основная энергия стиха...— дейді ақын,— откуда приходит этот основной гул — ритм, неизвестно. Для меня это всякое повторение во мне звука, шума, покачивание или даже вообще повторение каждого явления, которое я выделяю звуком... Странное организовать движение, организовать звуки вокруг себя, находя ихний характер, ихние особенности, это одна из главных работ—ритмические заготовки...»<sup>17</sup>.

Осылайша сан түрлі әсерлерден іштей қорытылып барып табылған ыргақ, ақынның айтуынша, әуелі тек жалаң үн, белгілі өлшем аясындағы гуіл сияқты болып естіліп жүреді де, соңынан арнаулы мақсатқа сай келетін сөздермен көмкеріледі. Сөйтіп, сөз бен ыргақтың өзара қабысусы нәтижесінде белгілі бір ойды білдіретін өлең шумағы дүниеге келеді. Ақын бұл құбылышты былайша қысындайды: «Поэт должен развивать в себе именно это чувство ритма и не заучивать чужие размерчики. Размер получается у меня в результате покрытия этого ритмического гула словами, словами выдвигаемыми целевой установкой...»<sup>18</sup>.

Міне, бұл біздің заманымыздағы ақынның творчестволық тәжірибесінен алынған деректер. Сөз арасында айта кетейік, ақынның өз лабораториясынан қорытқан бұндай пайымдауларын ғалымдар жүртшлиғы да «аса қызықты, аса бағалы топшилау» деп таныған болатын<sup>19</sup>.

Демек, алғашқы қауым тұсында ғана емес, қазіргі кездің өзінде де ыргақ поэзия шығармасына қуат беруші негізгі үйтқы екенін осыдан байқауға болады. Эрине, бұлай дегенде біз алғашқы өлең нышандарын

<sup>17</sup> Маяковский В. В. Как делать стихи? М., 1952, с. 24.

<sup>18</sup> Сонда, 24—25-б.

<sup>19</sup> Виноградов В. В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. М., 1963, с. 134.

осы күнгі ақындық өнердің туындыларымен салыстыру ниетінен аулақпыз. Себебі қазіргі өлеңнің ырғағы о бастағы тұрпайы практикалық міндеттерден босап, жалаң естетикалық қажеттерді өтеу үшін қызмет атқаратын болғандықтан, поэзия шығармасының мазмұнына бағының, көркем образдардың тасасында тұрады.

Ал өлең тілінің қалыптасу тарихына келгенде, оның, яғни, ырғақтың ең әуелде мазмұннан да ғері басымырақ тускенін, поэзияның басты, шешуші компоненті болғанын көреміз.

Осылайша сөз бөлшектерін деңгестіруші, белгілі бір өлшемге түсіруші тарихи-объективті категория болып табылатын өлең ырғағының табиғатында екі түрлі қасиет бар. Біріншіден, ырғақ қоғам мен табиғатта біздің санамыздан тыс өмір сүруші объективті құбылыс ретінде адамдардың сөйлеу тіліне ықпал етіп, қарым-қатынастың өлең тілі сияқты жаңа ресурсын қалыптастырған болса, екіншіден — өзі сол өлеңнің бөлінбейтін басты бір элементі ретінде сіңіспін, коллективтің күш қосып, еңбек етуіне қажетті эмоциялық құралға айналған.

Карело-финдердің «Калевала» деп аталатын көлемді эпостың шығармасын зерттеуші В. Я. Евсеев өлең ырғағының осы ежелгі қызметін даусызың құбылыс деп атай отырып, мынадай болжам айтады: «Можно предполагать, что ритм четырехстопного хорея с долготой в четвертой, а нередко и во второй стопе стиха, встречающийся у многих народов земного шара, сложился в глубокой древности на основе ритмов, организующих первобытные коллективные трудовые процессы, а также обусловленных ими плясовых ритмов»<sup>20</sup>.

Алғашқы қауымдық қоғам тұсындағы коллективтік еңбекті ұйымдастыруға үйтқы болған ырғақ келе-келе адам баласының өлең өрнегін (ритмический рисунок) түсінуіне де себепші болған. Осымен байланысты аталған автор сөз болып отырған «Калевала» эпосының метрлік өлшемін жетілдіруде ырғақтан басқа да естетикалық момент болды, яки «эпос заманындағы» адамдардың көркемдік жөніндегі критерийі де бұл ретте тиісті роль атқарған деп ескертеді. Ол жоғарыда

<sup>20</sup> Евсеев В. Я. Исторические основы карело-финского эпоса. Кн. 2. М. — Л., 1960, с. 157.

аты аталған неміс экономісі К. Бюхердің «ырғақ теориясына» сын көзімен қарап, жалпы өлең атауланың пайда болуы тек осы ырғаққа ғана байланысты деп түсінуге болмайтынына назар аударады. «В карело-финских рунах сохранились отголоски трудовой песни, ритмически сочетавшейся с трудовыми усилиями кузнецов,— дейді автор одан әрі.— Было бы ошибочно вслед за К. Бюхером объяснять развитие песни только в связи с ее ритмом, но нельзя отрицать влияние ритма трудовых процессов на развитие песенного ритма как организующего начала песни...»<sup>21</sup>.

Жалпы поэзияның туу, қалыптасу, өрістен жолына көз жүгірткен авторлардың қай-қайсысы болмасын К. Бюхердің теориясын түгелдей ақиқат нәрсе деп қарамайды. Қайта оның өлеңді танытуда бір өңкей психо-физиологиялық процеске ғана сүйеніп, поэзиялық көркемдік, эмоциялық әсер, образзылық сияқты эстетикалық категорияларды назардан тыс қалдыратынын сынайды. Мысалы, М. И. Косвен өлең өлшемінің қалыптасуын тек қана ырғаққа байланысты деп қарамай, оның негізінде қарым-қатынас құралы деп табылатын тілдің сөйлеу қызметіне тән зандалықтар жатқанын атап көрсетеді. Сонымен бірге ол ырғақтың тек поэзияға ғана меншікті нәрсе емесін, яғни оның музыканы тудыруда да біршама қатысы болғанын түсіндіреді. Автор былай деп жазады: «К. Бюхер прав лишь в одном — в том, что отдельные виды ритма в музыке возникли из ритмов трудовых процессов... Вокальная музыка первобытной эпохи и ограничивается этой простейшей формой, состоящей из ритма и речитатива. Мелодия возникает значительно позднее»<sup>22</sup>.

Соңғы кездегі зерттеулердің ішінен К. Бюхер теориясының мәнін ашып, оны қатаң сынайтын еңбек деп В. Е. Гусевтың жоғарыда аталған кітабын айтуда боллады<sup>23</sup>.

Автор марксизм классиктерінің фольклор тарихы жөніндегі көзқарастарын жүйелі түрде баяндайды, сол пікірлерді дамытуда Г. В. Плехановтың сіңірген еңбегіне тиісінше баға береді. «Г. В. Плеханов, анализируя

<sup>21</sup> Евсеев В. Я. Көрсетілген еңбектің 159-беті.

<sup>22</sup> Косвен М. И. Очерки истории первобытной культуры. М., 1953, с. 159.

<sup>23</sup> Гусев В. Е. Проблемы фольклора в истории эстетики.

обширный этнографический материал, подтвердил и развил эти мысли основоположников марксизма, создал стройную материалистическую теорию первобытного искусства, принципиально отличавшуюся от «трудовой» теории буржуазной «этнологической» школы, глубоко объясняющую происхождение, содержание и смысл фольклора<sup>24</sup>, — дейді ол. Сонымен қатар зерттеуші Г. В. Плехановтың «оыйн» теориясына бірсыныра түзетулер енгізіп, өзінің бұл мәселе А. В. Луначарский айтқандай: «...алғашқы қофамдағы фольклор халықтың өмір үшін күресіне қажетті құралы болған» деген көзқарасты қуаттайтынын, сондай-ақ халықтың ауызекі мұрасын игерумен байланысты А. М. Горькийдің де маркстік еңбек теориясын қолдап, оны творчество тұрғысынан нақтылай түскенін атап көрсетеді.

Осы айтылған ғылыми деректерді жинақтайды, екші келе, біз көлемді эпос полотносына бет алған жолда тілдің өлең жүйесі қандай эволюциялық процестерді басынан кешіргенін қысқаша былай деп тұжырымдаймыз.

Өнердің басқа түрлері секілді өлең де алғашқыда адам баласын қоршаган төңіректегі әр алуан құбыльыстар мен заттардың ырғағын қайталаудан, бейнелеуден келіп туған. Яғни адам өз денесінің жұмыс үстіндегі қимыл ырғағын тілге де телиді, соның нәтижесінде белгілі бір өлшеммен шектеліп, іштей үйқасқан сөздердің тізбегін құрайды. Ырғақтың қарқыны еңбек процесінің сипатына сай болғандықтан өндірістік еңбектің өзгеруіне қарап поэзияның ырғағы да жаңарып отырады. Кейінрек еңбек процесін сүйемелдеуге ырғақтың қажеті болмай қалған кезде, өлең тек адамның эстетикалық қажетін өтейтін дербес өнер саласы болып қалыптасып алады.

Әрине, өлең жүйесінің дуниеге келуіндегі бұл заңдылықтарды жекелеген бір ғана халықтың тәжірибесі деп қарауға болмайды. Бұның өзі жалпы адам баласының даму тарихына ортақ нәрсе. Сондықтан ғылыми әдебиеттерде бұл процестің ең жалпы белгілері ғана беріліп, әрбір ұлттың поэзиясындағы фактілер өз бетінше зерттелуге тиісті объекті болып келеді. Мысалы, орыс өлеңдерінің төркінін тексерушілер бұл реттө мы-

<sup>24</sup> Гусеев В. Е. Көрсетілген еңбектің 183-бетін қараңыз.

надай деректер келтіреді: «Возникновение стихотворной ритмической речи связано с трудовыми процессами, работой человека в самом раннем периоде его развития. Известно, что ритмичность, мерность движения облегчает и организует работу. Повторные восклицания, сопровождавшие труд группы людей, складывались в рабочие песенки, напоминающие по своему характеру нашу старинную трудовую песню «Эй, ухнем», которую пели бурлаки, рабочие, забивающие сваи, грузчики при перевалке больших тяжестей и т. п.»<sup>25</sup>.

Сонымен, поэзияның туу, қалыптасу, өрістен жолына көз жүгірткенде оның нақты өлең дәрежесінә жеткенге дейін қандай кезеңдерден өткенін осылай шамалаймыз.

Демек, алғашқыда еңбектің ең жабайы түрлерін сүйемелдеу мақсатынан туған поэзия келе-келе, өндіріс тәсілінің жаңа типіне сәйкес, ыргағын да жаңалап отырған. Соның нәтижесінде оның бастапқы кедей мазмұны өрісін ұлғайтып, тың мағыналы сөздермен толыса берген. Өйткені қоғам мүшелерінің өндірістік қатынасында болатын әрбір елеулі құбылыс өндіріс процесінің (яғни жұмыстың) қосалқы элементі болып келген поэзияда да із тастамай кетпеген. Сөйтіп, өлең адам баласының еңбекке ден қойған, яғни, басқа хай-уанаттардан іргесін ашып бөлінген шағында пайда бола бастаған да, қоғам мүшелерімен бірге дами келе, халықтың ой-санасының өрбіген жолын көрсетіп отыратын рухани мұраға айналған. Міне, осы құбылысты қорытындылаған орыстың ұлы ойшылы В. Г. Белинский халық санасының дыбыс тілінен көрінетін басты салаларын талдай келіп, былай дейді: «Сәбилік дәуірдегі халықтардың бәрі де ой-санасын ең алдымен поэзия түрінде паш етеді; осы — себептен, цивилизация мен білімнің қандай бір тәменгі сатысында тұрғанына қарамастан, әрбір халықтың, әрбір тайпаның өз поэзиясы болады»<sup>26</sup>. Алайда алғашқы өлең үлгілері шын мағынасында поэзиялық дәрежеде еді деуге болмайды. Алғашында күнделікті өмір тіршілігінің әр алуан моменттері есебінде әдет-ғұрыппен араласа қолданы-

<sup>25</sup> Тимофеев Л. И. и Венгрев Н. Краткий словарь литературо-ведических терминов. М., 1958, с. 123—124.

<sup>26</sup> Белинский В. Г. Собр. соч. в трех томах, т. 2. М., 1948, с. 85.

лып жүрген жаттанды речитативтер уақыт озған сайын ремаркалық сыпат алыш, дағдылы тұрмыс-салт жырларына айналуы ықтимал.

Академик М. Әуезов көне түркі жазуларын, атап айтқанда Құл-тегін мен Тонью-Кук ескерткіштерін қырығызың «Манас» жырына салыстырма дерек есебінде қарастыра келіп, былай деп жазады: «Разве эти самые наивернейшие свидетельства древних агрессивных войн не только со стороны китайцев, позднее калмыков и джунгар, а со стороны ближайших соседей из тюркского племени, тюркского каганата не могли давать повод эпическим сказаниям киргиз в те же времена? Что такое сами эти надписи орхонские? Их изучают до сих пор как памятники языкового порядка, а разве не являются они еще вдобавок и памятниками древнейших образцов фольклора? Ведь здесь подлинно краткие фабулы эпических сказаний. А если подобные памятники высекались из камня, разве не могли быть и более полные редакции на устах?»<sup>27</sup>.

Алайда біздің көзқарасымызша, эпос жанрының, демек оның тілдік құрылымының мәселелері бүгінге дейін өзінің нақты бір шешімін тапқан жоқ. Эпостың тарихшылары бірсыныра уақыттар бойы А. Н. Веселовскийдің теориялық концепцияларын қолдан келгені баршамызға мәлім. Бұл концепцияның мақсаты халық поэзиясының өте әрідегі күйін, яғни «поэзия тегінің синкретизмін» түсіндіру болатын.

Аталған автордың пікірінше халықтардың тұрмысы мен салтында мимиканың, эпиканың, лириканың элементтері қатар өмір сүреді; сөз музыкамен және бимен бірлікте болады. Осындай синкретизм сипатындағы өнерден белініп, бір жағынан комедия мен трагедия, екінші жағынан лирика шығады. Лирикаға біртіндеп ішінара тарихтық мәні бар эпос элементтері сіңісе береді. Сөйтіп, эпос пен лириканың аралығында өткінші сипаттағы бір құбылыш пайда бола бастайды. Бұны А. Н. Веселовский өз тарапынан «лиро-эпос кантиленасы» деп атайды.

Бұл теория бойынша лиро-эпикалық өлең басқа жырларды қанаттандыратын үя тәрізді қызмет атқа-

<sup>27</sup> Ауэзов М. Мысли разных лет. Алма-Ата, с. 554—555.

рады да, одан өрбіген эпикалық өлең кейіннен барып  
эпос пен эпопеяға қажетті материалға айналады.

Бірақ фольклористика сиынына құлақ асатын болсақ, мәселенің бұлайша қойылуы Веселовский методологиясының күшті жақтарымен қосақабат, осал жақтарын да байқатады. Жалпы әдеби процесте белгілі бір жанрлардың бұрынырақ, екіншілерінің кейінірек пайда болатыны күмән тудырмаса да, Веселовский осы идеяның қызығына түсіп кетіп, бірнеше жанрдың қатарынан өмір сүруі де мүмкін екенін назардан тысқалдырады<sup>28</sup>. Соның нәтижесінде ол өзінің «бір жанрдан екінші жанр туындал» шығып жатады деген концепциясына көркем әдебиеттің бүкіл даму жолын сәйкестемек болады. Жанрлардың қалыптасуы мен дамуы жөніндегі заңдылықтарды бүйтіп кеңінен қамту талабы, В. Я. Пропптың айтуынша, сөз етіп отырған автордың құптарлық жағы. Себебі, ежелгі гректердің трагедиясы мен комедиясының дүниеге келуі шынында да өте әрідегі тұрмыстың салтымен байланысты болған. Алайда Веселовский лирика мен эпостың төркінін де осы тұрмыс-салт ғұрыштарына әкеліп тіреген кезде, В. Я. Пропп оны қолдаудан бас тартады. Өзінің бұл реттегі көзқарасын ол былайша дәлелдейді: «На русской почве между обрядовой поэзией (колядки, масленичные песни, семицкая, троичная и купальская обрядность), с одной стороны, и эпосом, с другой, нет ничего общего ни генетически, ни формально, хотя определенные точки соприкосновения и имеются». Міне, осы деректерді келтіргеннен кейін, ол эпос жөнінде мынадай тоқтамға келеді: «Эпос не возникает ни из обрядовой, ни из внеобрядовой лирики и не возвращается к ней, а имеет самостоятельное, не зависимое от лирики развитие»<sup>29</sup>.

Эпос творчествосына деген бұл көзқарас көптеген зерттеулерге негізгі бағыт болды, оның ішінде туркі тілді эпостар жөніндегі жұмыстардан да тиісінше орын алды. Мысалы, Ә. Қоңыратбаев өзінің «Қозы Қөрпеш» туралы кітабында жоғарыда аталған Веселов-

<sup>28</sup> Пропп В. Я. Основные этапы развития русского героического эпоса. — Сб.: «Исследования по славянскому литературоведению и фольклористике. М., 1960, с. 295.

<sup>29</sup> Сонда, 296-б.

скийдің сюжет салыстыру әдісі мен кантителена теориясын орынды сынай отырып, оның қазақ әдебиет тануғылымындағы кейбір көріністерін атап өтеді. Ол Ә. Марғұланның 1939—40 жылдардағы бірер мақаласына тоқтала келіп: «Оның ойынша эпостық жырлар қазақ тәжірибесінде ескі қала, канал, бейіт, жүйрік ат, ерлік, сұлу жар, ру шаруасы, оның жұртшылығы жайындағы жеке-жеке өлеңдерден дамыған. Марғұлан қазақтың эпостық жырларын тым ерте заманға алғып кетеді»<sup>30</sup>, — деп жазады. Автор одан әрі кантителена теориясын сез етеді де, «бұл жүйенің қазақ әдебиетіндегі бір көрінісі — эпостың жоқтау жанрынан туғандығы жайындағы көзқарас болса керек», — дейді. Осымен байланысты ол өзінің де бір кездері осы теорияны қуаттағанын баяндап, «бұған мен «Қозы Көрпеш» жырының трагедиялы вариантына Баянның жоқтау зарының арқау болғанын, трагедиясыз вариантына Ай мен Таңсықтың қоштасу өлеңдерінің арқау болғанын дәлел еттім», — деп, өткендегі теориялық түсінігінің теріс екендігін мойындауды және «бұл пікір М. Әуезовтің кейбір еңбегінде де бар» деп ескертеді.

Алайда Ә. Қоңыратбаевтың бұл саладағы көзқарастарында аса бір дәйектілік жоқ тәрізді. Себебі ол қазақтың жоқтау өлеңдерінің табиғатын жыға танымай, олар жайлы тек солқылдақтау ғана пікір айтады. Мәселен, автор: «Жоқтау, естірту өлеңдерін кантителена деп табамыз ба, жоқ па, ол өз алдына, бірақ жоқтау өлеңдерінде кантителеналық белгінің бары рас», — деп бір тоқтайды да, соған іле-шала: «Дәл қазір бұл жүйеге қосылу қыын, өйткені ертегі, эпос, шежіре, аңыз барлық елде бар да, жоқтау соның бәрінен табыла бермейді», — деп қайта толқиды. Немесе, автор өзінің «Манас», «Шахнама», «Калевала», «Көрүғлі», «Илиада» сияқты эпопеялардың тек жоқтаудан ғана дамуы мүмкін емес», — деген ойын дәлелдеу үшін «жоқтау — көлемсіз, от басындық жанр және ол эпостан кенже туған», — деп, тағы бір үшқары пікірдің шетін шығарып қояды. Демек, автор бұл жерде өлген адам-

<sup>30</sup> Қоңыратбаев Ә. Қазақтың «Қозы Көрпеш» жыры туралы. Алматы, 1959, 39-бет.

ды жоқтаудың салты мен сол салтқа байланысты туып кейіннен көлемді әпикалық полотно дәрежесіне кете рілуі ықтимал жоқтау өлеңді ажыратып қарай алмаған. Әрине, жоқтау атаулының бәрі бірдей ұзақ жырғайналып кете бермейтіні мәлім, тіпті, олардың көбінің поэзиялық дәрежеге жете алмауы да мүмкін. Бірақ соның өзінде де өлікті жоқтау салты адам бала сынның практикалық тұрмысынан туатын болғандықтан, ол өнер түрлерінің қай-қайсысынан болмасын, соның ішінде әпостан да бұрын дүниеге келетіні даусыз. Ал әпос болса, осы өмір тәжірибелерінің әнциклопедиялық жиыны ретінде бірте-бірте қалыптасқан творчестволық туынды. Яғни, халықтың тұрмысы мен салты оның экономикалық базисіне негізделетін болса өнер сол базистен туатын қондырғы екені бәрімізгаян.

Автордың бұдан кейінгі пікірлері де шым-шытырық қайшылықтарға толы. Мысалы, ол жоқтаудың мәнін түсіндіру үшін былай деп жазады: «Феодалдың қоғамдағы жоқтау ақсүйектердің ескерткіштеріне айналған, ал халық әпосы мазмұны кең тарихи оқиғаларды, ел тұрмысын түрлі жағынан мол алып қамтиды». Демек, бұл жерде де зерттеуші екі алуан нәрсенің аралығына теңдік белгісін қойып, салыстыруға келмейтін шамаларды салыстырмаш болады. Сөйтіп мәселенің бастапқы қойылысынан ауытқып кетеді. Болмаса, жоқтау мен әпосты қатар қоюдың қанша қажеті бар. Жоқтаудың ең дамыған, курделенген түрінің өзі озса, бір ғана тарихи кейіпкердің тәңірегіндегі іс-әрекетті баяндайтын болғандықтан, оның көтеретін мәслесінің де әпосқа қарағанда шағын болатындығы айдан анық. Ал әпостың кейіпкері бүндай тарихи адам емес, халықтың ұзақ уақыттар бойы аңсаған арман-тілегінің синтезі, көркемделген образ болғандықтан ол бір ғана пендениң жүгін арқаламайды, тұтас бір елдің қамын жеп, соның мұддесін көздейді. Сондықтан оның іс-әрекетінің бәрі де сол өз халқының мақсатынан туып отырады. Осылай болғандықтан әпостың шеңберінің жоқтаудан кеңірек болатындығы да даусыз. Алайда әңгіме бұл тұрғыда болмаса керек еді. Көлемді әпос полотносының қалай жасалатынын білу үшін жоқтау сарынды фольклорлық материалдарды әпоспен салыстыра тексеру қажет пе, жоқ па? деген сұрауды

шешу шарт болатын. Бірақ ол сұраудың басы ашық қалған.

Ал, енді зерттеушінің: «Феодалдық қоғамдағы жоқтау ақсүйектердің ескерткішіне айналған», — дейтін пікірі ешқандай сын көтермейді. Тұрмыс-салт өлеңдерінің қатарындағы жоқтау халқымыздың өткендеңі өмірінің бір көрінісі дегенде өткен дәуірдегі, яки феодалдық қоғам тұсындағы халықты не бір өңкей ақсүйектерден, не тек қана еңбекші бұқарадан құралды деп түсінбейтініміз мәлім. Халық дегеніміз осы екі таптың қосындысы болғандықтан, белгілі фольклор нұсқасын да сол таптардың бәріне ортақ қызмет атқарған мұра деп қараймыз. Басқаша айтқанда, байлар байды, кедейлер кедейді жоқтай берген. Сондықтан белгілі бір жоқтау өлеңнің мазмұны феодалдық идеяны дәріптейтін болса, ол оның жанрлық қасиеті емес, тек шығарманың кімге арналғандығының, кімнің аузымен айтылып қалғандығының белгісі. Бірді-екілі бұндай ескерткіштің идеясына қарап, эпос дәстүрімен орындалатын жоқтау формасындағы мұралардан беzugе болмайды.

Бір адамның өмір тарихына арналған жоқтау былай тұрсын, халық әпосының өзінде толып жатқан қайшылықтар, ұстамсыз идеологияны дәріптеген моменттер ұшыраса береді. Қырғыздың «Сарынжы-Бекей» әпосын зерттеген Р. Қыдырбаева жырдың құрамындағы осы тәрізді элементтерді көрсете келіп, оның себебін байлаша түсіндіреді. «Историческая ограниченность народного мировоззрения в некоторых случаях порождала идеализацию консервативных элементов существующего строя»<sup>31</sup>.

Алайда бұған қарап фольклор мұрасын жоққа шығара беруге болмайды, керінше белгілі бір шығарманың халықтық мәнін ашу үшін де сол қайшылықтарды қоса зерттеу қажет және оған бола жырды да, оның айтушысын да айыптамау керек. «Вульгаризаторское представление о народном мировоззрении, о народном искусстве и, в частности, об эпосе объясняется непониманием исторически обусловленной ограниченности

<sup>31</sup> Кыдырбаева Р. З. Идейно-художественные особенности эпоса «Сарынжи-Бекей», с. 6—7.

и противоречивости сознания трудящихся масс»<sup>32</sup>, — деп жазған болатын В. И. Чичеров кейбір авторлар жөнінде.

Ол осымен байланысты орыс ертегілерінің дәстүрлі кейіпкері «мәжнүн Иванның» ақыр соңында патша болып таққа отыруы халық санасының сол кездегі қол жеткен биігі, өресі екенін айтады. Сондай-ақ, біздің қазақ ертегілерінің де соны геройдың «бай болып, барша мұратқа жетуімен» аяқталатыны белгілі. Бірақ ол кертағта идеяны насхаттау емес.

Қазақтың XVIII ғасырдағы ауыз әдебиетінің тақырыбын және оның сол кездегі әлеуметтік хал-жағдайымен байланыстылығын сез еткен Н. С. Смирнова да бұл жайды бірқыдыру жақсы түсіндіріп өткен. «В это богатое событиями и трудное время эпос возникал не как простой отклик на происходящее. Целью его авторов было пропагандировать спасительные для народности идеи — идеи всенародного сплочения и всенародного отпора джунгарам»<sup>33</sup>, — дей келіп, автор осы тұста қазақ халқын сыртқы жаудан азат етуде Абылай ханның елеулі роль атқарғанын, сондықтан ауыз әдебиетінде оның образы азызға айналып кеткенін мәлімдейді. Алайда оның образын әр таптың өкілдері өз тұрғысынан бейнелейтінін ескертіп, автор бұл жайды былай қорытындылайды: «Если прототипом героев преданий двух враждующих сил было одно и то же историческое лицо, то оно обычно изображалось с совершенно различных идеиных позиций»<sup>34</sup>. Демек, үстем тап өкілінің өзі халықтық, мемлекеттік мұддеге қызмет еткен шакта, фольклор оны өзінің бас кейіпкері етіп ала береді. Бірақ оған қараш белгілі бар туындыны «ақсүйектердің ескерткіші» еді деуге болмайды.

Ә. Қоңыратбаевтың жоғарыда аталған кітабындағы кейбір пікірлерді қуаттайтын басқа да зерттеушілер бар. Мысалы, И. Т. Сағитов өзінің қарақалпақ эпосы жөніндегі еңбегінде былай дейді: «Мы полностью

<sup>32</sup> Чичеров В. И. Вопросы изучения эпоса народов СССР. с. 17.

<sup>33</sup> Смирнова Н. С. Проблема исторического и эпического в казахской литературе XVIII в. — «Вестник АН КазССР», 1948, № 5, с. 56—57.

<sup>34</sup> Смирнова Н. С. Еще о проблеме исторического и эпического в казахском эпосе XVIII века. — «Вестник АН КазССР», 1949, № 1, с. 60.

присоединяется к исследователю казахского эпоса А. Конратбаеву, который, возражает высказываниям исследователей, утверждающих, что эпос появился из бытовых обрядовых песен»<sup>35</sup>. Осыдан кейін ол Э. Қоңыратбаевтың кітабынан мынадай үзінді келтіреді: «Эпостың жырларда ұсақ салт өлеңдерінің мол кездесуі сол сюжеттердің ұсақ жанрлардан құралғандығын дәлелдей алмайды. Эпос энциклопедиялық нәрсе болғандықтан, оның ішінде халық әдебиетіндегі ұсақ салт жырлары, дайын үлгілер дәстүр бойынша сол күйінде еніп отырады»<sup>36</sup>.

Демек, бұл жерде де авторлардың тұрмыс-салт өлеңдерінен қалай қашудың ретін таппай, эпосты тудыруши творчестволық процестен бой тартып, оның орнына жалаң механикалық процесті малданып қалғанын көреміз. Яғни белгілі бір сюжетке «салт жырлары, дайын үлгілер... сол күйінде еніп отырады» да, одан энциклопедиялық эпос туады. Шамасы авторлар энциклопедиялық деген ұғымның өзін диалектикалық тұрғыдан қарастырмай, тек ірілі-ұсақты фольклор нұсқаларының метафизикалық қосындысы ретінде танитын секілді.

Біз өз тарапымыздан көлемді эпос полотносының тілдік-эстетикалық арнасын бағдарлау үшін оған халықтың ауыз әдебиетінің басқа үлгілерін қарсы қоюдың қажеті жоқ деп білеміз. Ал, тұрмыс-салт өлеңдерінен безініл, оларды мұлде есепке алмау, тіпті, дұрыс емес. Себебі бұлардың арасындағы диалектикалық байланысты ешкім жоққа шығара алмайды. Адам баласы өмір сүрудің әр алуан тәсілдерін менгерумен қоса, поэзия тілінің заңдылықтарын да тапқанын жоғарыда айттық. Бұл әрине халықтың елдік, тайпалық ой-санасының оянбаган кезіндегі тәжірибелер еді. Кейіннен тұрмыстың әр алуан дағдылары белгілі бір салтқа айналған кезде, соның тұрлі моменттеріне орайласа ақындық творчествоның да бірнеше шағын үлгілері туды. Олар өмірді тұтас алып көрсете алмайтын, тек оның жеке-жеке көріністерін ғана бейнелеп, адамның тұрлі сәттегі іс-әрекетін қошеметтеп жүретін. Бірақ

<sup>35</sup> Сагитов И. Т. Каракалпакский героический эпос. Ташкент, 1962, с. 37.

<sup>36</sup> Қоңыратбаев Э. Қөрсетілген еңбек, 39—40-б.

халықтың сол кездегі эстетикалық талғамы мен идеологиялық мақсатын өтеуге кезінде соның өзі де жеткілікті болатын.

Алайда қоғамның даму барысындағы жаңа кезеңдер шағын көлемді өлең жанрларымен шектеліп қалмай поэзияны ілгері сүйреп, күрделі ой-сананың көрінісін бейнелейтін дәрежеге жеткізді. Осы процесті тарихи-тілдік тұрғыдан түсіндірген Қ. Өмірәлиев белгілі деп жазады: «XIV—XV ғасыр қазақ халқы үшін өзінің алдына халық болп қалыптасу міндеттін қоюға қажетті жағдайлар жасаған дәүір болды да, адамдардың рулық, тайпалық мұддеге түйікталған барынша тар шеңберлі, өріссіз түсінігі орнына елдік ұфым, бір тұтас жұрт болып ұрандасу идеясы алға шықты, жалпы халықтың сана туып, дамыды. Міне, бұл кез қазақ халқының әпостық жырларының туу дәуірі болды. Басқа емес, дәл осы дәуірде жоғарғы идеяның құралы ретінде қазақтың алғашқы төл әпостық жырлары «Ер Қосай — Ер Қекше», «Тоқтамыс» дүниеге келді. Халық өзінің әпостық жыры арқылы жаңа поэтикалық тілді де туғызды. Сөйтіп, XIV—XV ғасырда қазақ халқы қыпшақ-қазақ әдеби тіліне, әрі «Ер Қосай — Ер Қекше», «Қозы Қөрпеш», «Тоқтамыс» сияқты әпостық жыр негізінде көрінген ауыз әдеби тіліне ие болды. Бұл соңғы тіл өзінің жауынгерлік лексиконымен, әрі көне тарихтың сез қолданыс дәстүрімен, жеке оралымдарымен кейінгі дәуірдегі бар әпостық жырға, жеке ақындарға тілдік ұфым болды»<sup>37</sup>.

Белгілі бір әпос шығармасының туған мезгілін дәлме-дәл атап көрсету қын болғанымен, біз бұл соңғы автордың әпосты тудырған тарихи факторларды баяндау жүйесін мақұлдаймыз. Әрине, халық өмірінің бір кезеңдегі көрінісін тұтас алып көрсететін әпос полотносын жасау үшін сез саптаудың әпосқа дейінгі тәжірибелерін сарқа пайдалану қажет болады. Бірақ бұл Ә. Қоңыратбаев айтқандай, ұсақ салт жырларын, тағы басқа дайын үлгілерді сол күйінде «жұта беру» жолымен емес, әр алуан көркемдік тәсілдердің ішінен әпосқа қажетті элементтерді таңдалап алып, оларды творчестволық жолмен дамыта, өрбіте пайдалану арқылы жүзеге асады. Атап айтқанда әпостың творчест-

<sup>37</sup> «Қазақстан мектебі», 1963, № 4, 78-б.

волық арқауы ертегінің стиліне тән кең тынысты баяндаудан, тұрмыс-салт өлеңдерінің тіл өрнегінен, сыршыл лириканың әсерлі психологизмінен, мифологиялық аңыздаулардың ғажайып образдарынан, халық ойындарының дәстүрлі риторикаға негізделген диалогтарынан, тағы басқа бейнелі сөз кестелерінен синтезделіп қорытыла келіп, тарихи мәні зор кезеңдердің қоғамдық-әлеуметтік сипатын образдал көрсететін әдебиеттік жанр болып қалыптасады. Бұл секілді эпостың табиғатымен етene болып, тұтасып кеткен элементтер сырт көзге бірден түсे бермейді. Демек, оларды ыдыратып, мүше-мүшесімен қайта жіліктеуге келмейді. Жіті көз тіккен зерттеуші тек осы органикалық тұтастықтағы эпос жүйесінің құрамынан жоғарыдағы элементтердің жалпы нобайын, гармонияланған сарынын сезінеді. Мысалы, М. Әуезов «Қозы Қөрпеш» жырының тіліндегі осындағы компоненттерді сипаттағанда былай деп жазады: «Жырда халық аузында айтылып жүрген салт өлеңдерінің сарыны, ұлгісі құшті, қаһармандардың сөзі (монолог) үш-ақ жерде келеді. (Екі қыздың ел-жүртімен қоштасуы, естірту, Қозының зары). Айтыс та, монолог та өзіне лайықты орында беріліп, жырдың әсерін қүштейткен»<sup>38</sup>. Осылайша эпостың тілінде «салт өлеңдерінің сарыны құшті» дей отыра, М. Әуезов, басқа авторларша, жырдың бір варианты — Баянның жоқтауынан, екінші варианты — Ай, Таңсықтың жоқтауынан туды дегендегі примитив пайымдауларға ұрынбайды.

Ал енді эпостың туындының қалыптасу процесін айқындау жолында М. Әуезов жоқтау мотивті салт өлеңдерінің эволюциясын тексеруден қашпайды. Өзінің фольклористік ізденістерінде ол бүндай әдісті сонау отызыншы жылдардан бастап, өмірінің соңғы кезеңдеріне шейін қолданып өтті. Мәселен, Л. Соболевпен бірігіп жазған бір мақаласында өткендегі тарихи адамдарға арналған кейбір жоқтаулардың батырлар жырына мейлінше жуықтап келетінін айтып, оның мысалы ретінде Мамайдың жоқтауын атаған болатын<sup>39</sup>. Кейінгі жылдарда М. Әуезов қырғыз фольклор-

<sup>38</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1948, 192-б.

<sup>39</sup> Ауэзов М. и Соболев Л. Эпос и фольклор казахского народа.— «Литературный критик», 1939, № 10-11, с. 220.

рының деректеріне сүйене отырып, өзінің сол көзқа-расын одан әрі дамытты. Ол қыргыздардың «көрез» (өсиет) және «кошок» (жоқтау) деп аталатын салт өлеңдерінің әпосқа жанасымды келетінін, тіпті кейбір реттерде әпос жырының күрделі бір тарауына айна-лып кететінін сөз еткен-ді. Мысалы, «Манастың» аяқ-талған бір тарауы Шоқан жазып алған Көкетайдың өсиеті екенін, сондай-ақ, Радлов қағаз бетіне түсірген вариантта Қаныкейдің жоқтауына әпостан едәүір көлемді орын берілгенін ғалым осы айтқандарына дәлел етеді. Тек бұлар ғана емес, көрез бен *кошок* тәрізді салт өлеңдерінің кейінгі дәүірде де қыргыз халқының өмірінен елеулі орын алып келгендігін ескертे отырып, автор олардың кейбіреулері, мәселен, Шабдан жайындағы кошок (жоқтау), орындалу дәстүрі жағы-нан көлемі жеті жүз жолдық кіші-гірім әпос дәреже-сінде екенін айтады. Зерттеушінің пікірінше, өсіресе, Балбайдың көрезі (өсиеті) деп аталатын салт өлеңінің ғылым үшін үлкен мәні бар. Алғаш рет М. Әуезов бұл көрезді 1928 жылы Пржевальский ауданындағы бір етікшіден (руы бұғы) жазып алғанда, оның көлемі не ба)ры елу жол екен. Кейіннен қыргыз филологы Х. Қа-расаев сол аудандағы аты белгісіз бір айтушыдан (ырчы) жаңағы өлеңдің тағы бір нұсқасын жазып ала-ды. «Осы соңғы нұсқа бойынша, — дейді ғалым, — Балбайдың көрезінің көлемі төрт жүз отыз бес жолға жетіп, өзі мазмұны жағынан өсиет үлгісіндегі батырлық дастанына айналыпты». Бұл құбылысты автор өз сөзімен былай деп түсіндіреді: «В данном случае мы наблюдаем процесс создания эпоса, процесс перераста-ния бытовой песни в героический сказ, былину»<sup>40</sup>.

Алайда жоқтау, өсиет өлеңдерінің бұлайша ұлғайып, дамуын сөз еткенде М. Әуезов бұндай туындыларды ежелден келе жатқан әпостармен қатар қою үшін іздестірмейді, сондай-ақ ғылымға белгілі әпос жырла-рының қайсысы қай жоқтаудан «өрбігенін» де табам демейді. Оның алға қоятын мақсаты — осындай салт өлеңдерінің эволюциясын қадағалау арқылы бір за-манда әпосты дүниеге келтірген жағдайларды, алғы шарттарды білу әрі әпос дәстүрінің үздіксіз процесс екендігін тану болды. Ол былай дейді: «...здесь, с од-

<sup>40</sup> Ауэзов М. Мысли разных лет, с. 520.

ной стороны, прослеживаются предпосылки и условия рождения эпоса, с другой — устанавливается наличие живой непрерывной традиции, идущей из глубины веков до недавних дней»<sup>41</sup>.

Енді осы айтылғандарды жинақтайды келіп, жоғарыдағы А. Н. Веселовскийдің кантилене теориясы мен жоқтау мотивінің қаншалық байланысы бар деген мәселеге оралайық. Біздіңше бұл арада Э. Қоңыратбаевтың: «Жоқтау, естірту өлеңдерін кантилене деп табамыз ба, жоқ па?» — деп күмілжуі себепсіз де емес сөкілді. Өйткені Веселовский теориясына алғаш дең қойған шақта фольклористердің қай-қайсысы болмасын өз әдебиетінен соның көрінісін табуға жұмылған. Сөйтіп, қазақ ауыз әдебиетіндегі кантиленаның баламасы осы жоқтау болар-ау деген пікір қалыптасқан. Ал кейіннен бұл теория сынға ұшырағанда, бірсыныра қазақ зерттеушілері жоқтаудан да безіп шыққан. Нәтижесінде, «жоқтау кантиленана жата ма, жатпай ма?» деген әрісәрі түсінікте қалған.

Шындығында істің жайы мынада болатын: Веселовский өзінің «лиро-эпос кантиленасын» ешбір нақты әдеби сюжетке негіздеген жоқ-ты. Оның құрған гипотезасы кантиленаның сюжеттік схемасын ғана сипаттайтын. Бұл ретте В. И. Чичеровтың мына бір ескертпесін қатерден шығармаған жөн: «Абстрактные сюжетные схемы, извлекаемые некоторыми фольклористами из художественных произведений, в сущности, не дают правильного представления об эпосе. Мы должны различать понятия сюжета и сюжетной схемы. Если сюжеты существуют в действительности, то сюжетная схема является их абстракцией. Сюжетные «схемы», «каркасы» и т. п. живут лишь в сознании исследователей фольклора и литературы, а вовсе не в полнокровном народном искусстве, свободно и разнообразно развивающем сюжет»<sup>42</sup>. Демек, Веселовскийдің кантиленасы осындай абстракты схема ғана болған. Сондықтан осы теорияны қысындаған Веселовскийдің өзі де кантиленаның нақты мысалын тауып көрсете алмаған<sup>43</sup>.

<sup>41</sup> Сонда.

<sup>42</sup> Чичеров В. И. Вопросы изучения эпоса народов СССР, с. 7.

<sup>43</sup> Бұл жөнінде В. Я. Пропп былай дейді: «Веселовский признается, что конкретных примеров таких кантилен можно найти лишь очень немного» (Пропп В. Я. Көрсетілген еңбек, 296-б.).

Ал қазақтың жоқтау өлеңі бұның керісінше өмірдің өз қажеттілігін туған, ауызекі поэзияда қолданылып жүрген форма екені белгілі. Бұндай деректі туындының ойша құрылған дерексіз кантilenaga кейде ұқсас болып та көрінуі ықтимал. Алайда оның өмір сүру, даму заңдары өзінше бөлек, ол Веселовский сыйған схемамен жүріп отырмайды. Мысалы, жоқтау қаншама ұлғайғанымен де өзінің жанрлық ерекшелігін жойып жібермейді, қайта эпос туындыларымен жарыса, ауыз әдебиетіндегі өзінің позициясын үнемі сактап отырады. М. Әуезов әпостың қалыптасу жолын анықтауда жоқтаудың әволюциясын аналогия етіп алғанымен, оны еш уақытта кантileна деп санамайды. Зерттеушінің көңіл қоятын нәрсесі басқа тұрмыс-салт жырларына қарағанда жоқтау өлеңдерінің динамикалық өрісінің кеңдігі, оның ұлғайғыштығы, сюжеттік желісінің күрделене өрбүі, яғни бір заманда әпосқа тән болған дәстүрдің жоқтауға дарыған көріністері деп білеміз.

Бұл тұрғыдан қазақ, қырғыздың жоқтау өлеңдері тарихи жырлармен үндес келеді. Мысалы, орыстың «Стенка Разин» тағы басқалары туралы айтатын өлеңдері бір жағынан тарихта болған көрнекті қайраткерлердің ерлік іс-қимылдарын паш етіп, солардай халықтың жоқшыларын көксеу, арман ету, сол орайдағы екініш сезімдерін сыртқа шығару болса, екінші жағынан, бұндай өлеңдер жоқтау сарынды болып та келеді. Бірақ бұндай жырларда әпостың баяндау стилінен гөрі лиризм басым болады да, композициялық құрылымы поэмага жақындейды. Соның өзінде де бұл сеқілді сюжетті өлеңдердің өн бойынан әпос дәстүрінің пәрменді ықпалы айқын сезіліп тұрады.

Әпос өз заманының басты, шешуші жанры болғандықтан ауыз әдебиетіндегі басқа поэзиялық ұлтілерге ықпал етпеуі мүмкін емес. Демек, алғашқыда шағын формалы өлең болып туатын жоқтауға да кейін келе әпостың әсері тиетіндігі сөзсіз. Тек соның арқасындағана жоқтау мотиві нақты бір жағдайларға сәйкес әпос үлгісіндегі поэмалық жырға ұласып кете алады. Мәселен, идеялық мазмұнының дүдемелдігін сөз етпегенде, халық жырауының орындаудағы:

Кеп сағынтып келместей,  
Батырым, саған не boldы!—

деп бітетін дастан да жоқтау мотивімен айтылған тарихи жыр.

Алайда әпостық жыр болсын, немесе одан кейінгі дәуірдегі тарихи жыр болсын, өз заманындағы белгілі бір әлеуметтік мақсатқа ғана лайық туатын болғандықтан, басқа тарихи кезеңдерде жоқтау мотивінің ұлғайып даму сыпаты да өзгеше болады. Екінші сөзбен айтқанда, жоқтау бір жағдайда тарихи жырдың тууына себебін тигізіп, эпос дәстүріндегі сюжетке арқау болса, басқа бір ретте қоғамдық сананың жаңа көрінісі ретінде қалыптасып, әлеуметтік лирикаға да арқау бола алады. Мысалы, қазіргі ғылымға аян болған Махамбет өлеңдерінің бәрі өз түсінінде халық қозғалысы тақырыбына арналғаны белгілі. Сол көтөрілістің басшысы, көсемі болған Исатай образы ақынның негізгі лирикалық геройы еді. Міне, осы тарихи кейіпкерді суреттегендеге ақын оның портретін әпостың батырлары тәрізді етіп:

Садағына сүр жебені салдырған,  
Садағының кірісін сары алтынға  
малдырған,  
Тереңнен көзін ойдырған,  
Сүр жебелі оғына тауықтың жұнін  
қойдырған,  
Мандалайын сары сусар бәрік басқан,  
Жауырнына күшіген жұнді оқ  
шанышқан...

Адыранасын ала өгіздей мәңіреткен,  
Атқан оғы Еділ — Жайық тең өткен,  
Атқаның қардай боратқан,  
Көк шыбығын қанды ауыздан  
жалатқан,—

деп бейнелей тұрса да өлеңнің аяғын жоқтаудың дәстүрлі лиризміне сәйкестеп:

Арыстан еді-ау Исатай!  
Бұл фәнидің жүзінде,  
Арыстан одан кім өткен,—

деп қайырады.

Тіпті, Махамбеттің осы өлеңі алғаш басталған сәттен-ақ халықтың жоқтау мотивінің сарыны мол сезіліп тұрады:

Таудан мұнартып ұшқан тарланым,  
Саған ұсынсам қолым жетер ме?  
Арызым айтсам өтер ме?  
Арыстаным, көп болды-ау,—  
Саған да менің арманым! —

деп күніренеді ақын. Міне, бұл келтірілген мысалдардан түрмис-салт лирикасының бір үлгісі болып табылатын жоқтау мотивінің жаңа жағдайда жаңаша міндет арқалап, бұрынғы «от басы» өлеңнен жалпы халықтық ұндеуге, ұранға көшкенін байқаймыз. Демек, бұл ретте Махамбет өлеңі әдеттегі бір жоқтаудың баламасы емес. Ұлы ақын Исатайды жоқтағанда оның қара басын қимағандықтан зар илемейді, батырдың тағдыры мен елдің тағдыры сабактас, бір тұтас нәрсе деп біліп, Исатайдың өлімімен бірге елдің де күйзеліске ұшырағанын айтып қамығады. Сондықтан ол Исатайды айтса, халқын қоса сөйлейді:

Күншығыстың астында,  
Күнбатыстың тұсында,  
Қарындасым бар-ды деп,  
Қабырғасын сексе де,  
Қанын судай төксе де  
Қайыспас қара нар-ды деп,  
Маңдайынан күн өтіп,  
Жауырынан жел өтіп,  
Күн астымен жеткен ер!  
Айтып-айтпай немене,  
Исатайды өлтіріп,  
Серкесінен айрылып,  
Сергелдең болған біздің ел!

Осылайша ақын халықтың күнделікті өмірінің бір ғана моментін көрсететін жоқтаудың мотивін творчестволық таланттының күшімен дамыта отырып, оны азаматтық пафосқа толы асқақ лирика дәрежесіне көтереді. Сөйтіп, ескі мотив жаңа сюжетке қызмет етеді.

Жоқтау сазының осылайша басқа тақырыптарға лейтмотив болып қолданыла беретінін М. Әуезов жақсы айтқан. Бұған оның мына сөздері айқын дәлел: «Үй-ішінің қайғы-шерін білдіретін өлеңнен «жоқтау» кейде жалпы адам баласына ортақ тақырыптарды қозғайтын, терең де түбегейлі ой тербейтін өлеңге айналады. Халық арасына кең таралған «Жиyrма бес» әні де «жоқтау». Бірақ онда өлген адам емес, өтіп кеткен

жастық шақ жоқталады... «Жоқтауды» ақын-композиторлар да талай-талай пайдаланған. Ақан серінің жел жетпес жүйрігіне арнаған «Құлагері», Иманжүсіптің айдауда жүріп аңшылықпен, қыран бүркітімен қоштасып шығарған «Ереймен-тау» өлеңі, белгісіз автордың өлген шәулісін жоқтаған «Кек жендет» әні бізге дейін сақталып жетті»<sup>44</sup>.

Сонымен бұл келтірілген деректерден біз жоқтаудың тек әпосқа ғана тәуелді аралық момент емес екенин көреміз. Ол кезегі келгенде әпос дәстүрімен жырланатын тарихи сюжетке де арқау болады, сондай-ақ әлеуметтік тақырыптағы лирикалық өлеңге де ұласып кете алады. Демек, жоқтауды қантителена деп қабылдау жаңсақтық.

Алайда халық санасының әнциклопедиялық жиынны деп танылған әпос мұрасының творчестволық тарихын білуде тұрмыс-салт жырларынан мұлде бас тартып, әпос тіліне олардың қатысы жоқ деп те қарауға болмайды. Әпос жанрының қалыптасу жағдайы көптеген елдерде біркелкі процесс есебінде өтетін болғанымен, жырдың поэзиялық сөздігіне енетін материал әрбір ортаның өз ерекшелігіне сәйкес іріктелетін болуы тиіс. Әйтпеген күнде В. Я. Проптың: «... на русской почве между обрядовой поэзией и эпосом нет ничего общего», — деген сөзін қалай деп түсінуге болар еді? Түркі тілді халықтардың, оның ішінде қазақтың әпосында салт өлеңдерінің сорабы әредік болса да із тастап отыратындығын ешкім бекер дей ала ма? М. Әуезовтің осы орайдағы: «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» дастанын алсақ, онда тек *жоқтау, қоштасу, көңіл айту, жар-жар, сыңсу* ғана емес, әпоста аса сирек ұшырасатын *сүйіни* жыры да, яғни тұрмыс-салт жырларының түр-түрінің бәрі бар. Халық творчествосының кіші формаларының ірі формаға ауысуын, ұлан-тайыр әпос қалай туатындығын қазақтың ең көне, ең ескі осы дастанынан анық көреміз»<sup>45</sup>, — деген пікірін қайда қоямыз?

Біздіңше, әпостың тілін сез еткенде орыс фольклористикасындағы қағидаларды сол күйінде бұлжытпай әкеліп қолдана салуға болмайды. Себебі әр елдің қо-

<sup>44</sup> Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962, 47-б.

<sup>45</sup> Сонда, 63-б.

тамдық даму жолының өз ерекшеліктері бар. Мәселен, В. Г. Белинский христиан дінін қабылдағанға дейінгі орыс халқының салт-санасын көрсететін мифология мен поэзиядан ештеңе сақталған жоқ деп атап айтады. Оның өз сөзін келтірсек, былай делінген: «...греки, познакомившись с искусством писать, тотчас же поспешили передать хранению буквы прежде всего поэтические произведения их национального духа... Славяне считали достойным передавать письменам только книги религиозного и теологического содержания... Оттого до нас не дошло не только никаких песен языческого периода Руси, но мы даже не имеем почти никакого понятия о словенской мифологии. Немногие имена богов и названия праздников и обрядов сохранились для нас только в обличительных противу остатков язычества словах ревностных поборников церкви»<sup>46</sup>.

Осындай тарихи дәуірді басынан кешірген орыс халқының ертегілерінің өзі В. Г. Белинскийдің айтуыша тек XVII ғасырдан кейін ғана жиналып алынған. Бұл кезде, — дейді ол, — ертегілердің ежелгі бітім-бейнесінен ештеңе қалмай өзгеріп болған-ды. «Таким образом, период нашей словесности до времени письменности для нас погиб невозвратно»<sup>47</sup>, — деп көрсетеді автор. Оның өткен дәуірден аман келіп жетті дейтін жалғыз ескерткіші «Игорь полки туралы сөз» ғана. Бұның өзін де ол көп бұрмаланып, өзгерген деп есептейді. Қараңыз: «Слово о полку Игореве», этот прекрасный памятник уже полуязыческой поэзии, дошел до нас в единственном и притомискаженнем списке. Сколько же памятников народной поэзии погибло совсем»<sup>48</sup>.

Міне, осылайша орыс халқының ежелгі салт-санасынан туған поэзияның жұрнақтары бері келе діннің қыспағымен жойылып кеткен де, эпостық туындылары жаңа дәуірдің идеологиялық талаптары түрғысынан редакцияланып өткен. Ал енді қазақтың тұрмыс-салт поэзиясына келетін болсақ, ол ислам дінінің едәуір тәжеуін көргенімен, із-тозсыз кеткен жоқ. Тіпті Ш. Үә-

<sup>46</sup> Белинский В. Г. Собр. соч. в трех томах, т. 2, с. 86.

<sup>47</sup> Сонда, 87-б.

<sup>48</sup> Сонда.

лихановтың зерттеулеріне сүйенсек те қазақ арасындағы шаман дінінің қалдықтары мен ескілікті салт, ғұрыптардың ислам діні уағызыдаған шарттарға араласып, құнделікті өмірде мұсылманшылықтың жоралғысы ретінде қолданыла бергенін көреміз. Демек, осы салт-санадан туған өлең үлгілері де эпос дәстүрімен жарыса өмір сүретіні даусыз. Бұның бір себебі, мұмкін мешіті мен шіркеуі жоқ көшпелі қазақ еліне дін тарату ісінің босаңырақ болғандығынан шығар деп білсек, екінші себебі — әдебиетімізде фольклор үлгісіндегі процестің ұзағырақ ірге тепкендігінен деп шамалаймыз.

Фольклорға тән творчестволық процестің жетекші бір тәсілі есебінде бір замандаarda әпос дәстүрінің қалыптасқанын жоғарыда айтып өттік. Біздің ел қорғау тақырыбына арналған алғашқы батырлық дастандарымыз осы дәстүрдің жемісі болатын. Алайда уақыт озған сайын, «халықтың әпостық жырлары өзінің қызметін өтеген кезде, халық енді бұл әпос қызмет ететін дәрежеден жоғары көтеріліп кеткен кезде, әдебиетте жаңа сипаттағы туынды қажеттігі көріне бастанды. Бұл кезде халық батырлық дағуалықты бабалар тарихының көзі ретінде ғана танитын жағдайға келді де, оның орнын жоғарыда айтылған тарихи поэзия басты»<sup>49</sup>. Өйткені бұндай жаңа туындыны халықтың жаңа даму тарихы талап етті. Сейтіп, қазақтың ауыз әдебиетінде батырлар жырының ізін басып, әрегіректегі тарихи адамдар жөнінде «Орақ — Мамай», «Қарасай — Қази», одан берідегі кейіпкерлерге арналып, «Исатай — Махамбет», «Бекет батыр», «Жанқожа батыр» т. б. көптеген дастандар туды. Бұның өзі қазақтың ауыз әдебиетінде әпос туындысының тоқталғанымен, ауызекі творчествоның көркемдік әдісі есебіндегі әпостық дәстүрдің әлі де болса өмір сүріп келе жатқандығының белгісі еді. Осындағы бір арнадан бастанғанына қарамастан тарихи жырдың әпоста ұшыраспайтын өзіндік айырмашылығы да болды. Ол, негізінен, өз заманының эстетикалық талғамына сай қалыптасқан шығарманың стильдік тәсілінен көрінеді. М. Әуезовтің сөзімен айтқанда: «Бұл жырлардың бәрі де, ертеде туғандары да, кейінірек шығарылғандары да —

<sup>49</sup> Әмірәлиев Қ. Көрсетілген еңбектің 80-беті.

анық тарихи оқигаларға негізделген, ал басты-басты кейіпкерлері тарихта болған адамдар. Жырлардың авторлары көбінесе сол оқигаларды қөзімен көрген тұстастары. Авторлар қөзімен көрген, өздері бастаң кешірген оқигаларды уақытына қарай сап-сабымен баяндайды. Тарихи жырлардың батырлық әпостан жанрлық айырмашылығы бар. Яғни, тарихи жырларда әпостық баяндауға тән объективтік сарынның орнын оқигаларды тікелей қабылдаған автордың әсері араласқан субъективтік баға басады»<sup>50</sup>.

Эпос жетекші жанр болудан қалған кезде, оның ізін осылайша тарихи өлеңдер, тағы басқа шығармалар басады. Бұл жай тек қазақ фольклорының басынан кешкен нәрсесі емес, басқа елдердің ауыз әдебиетінің тарихына да қатысты құбылыс. Карело-финдердің «Калевала» атты әпосына арнаған күрделі зерттеуінде В. Я. Евсеев әпос дәстүрінің осы бір кезеңін кеңінен түсіндіріп өткен. Буржуазиялық құрылыс жағдайында, — деп жазады ол, — карело-финдердің эпикалық дәстүрі сапа жағынан әлденеше өзгерістерге ұшырады. Ең алдымен бұнда басқа жанрлардағы жекелеген сюжеттер мен мотивтерді әпос жырына енгізу басталды. Карело-финдердің эпикалық өлеңдерінің өнін өзгерітіл, *травестиялау*, яғни пародияға айналдыру әрекеттері де болып жатты. «Калевала» сюжетіне құрылған рундарды ертек, тіпті, анекdot түрінде таратушылық та ұшырасты. Осыған орай карело-финдердің эпикалық өлеңдерінің көркемдік формаларына тән дәстүрлі ерекшеліктер де бұзылды. Бұндай өзгерістер, екінші жағынан әпос туындысының халық творчествосындағы ерекше бір жанр ретінде өмір сүруден қала бастағанын байқатады. Яғни, капитализм тұсында карелдердің әпостық өлеңдерін айту тоқталмағанмен, олардың көркемдік арқауы босаңси бастайды. Халықтың әпостық өлеңінің жанры бойынша жаңадан сюжет тудыру ісі енді тоқталады; егер тыңнан сюжет түа қалса, ол рундардың поэтикалық тәсілімен жырланғанына қарамастан, тарихи өлеңдердің жанрына жақын болады. Осы процеске сай туған тарихи өлеңдердің бұрынғы әпостан тек идеялық мазмұны ғана өзгеше болып қоймай ( себебі, бұның өзі тарихи жағдайлардың өзгеруіне де байланысты ғой), сонымен қатар олардың көркем-

<sup>50</sup> Әуезов М. Уақыт және әдебиет, 76-6.

дік формалары да құбылып, метафора, теңеу, гиперболаларын жаңартады, түрлі әдебиеттік ықпалдардың әсерімен өлеңге тың аллегориялар келіп қосылады, ақырында рундардың поэтикалық тілінің ритмикалық, фоникалық жүйелері өзгереді.

Сейтіп, капитализм тұсында карело-финдердің әпостық өлеңдеріне жаңадан қосылатын сюжеттер, әдette, сирек болған да, ескі рундар халық поэзиясының басты жанрына айналып келе жатқан тарихи және революциялық өлеңдер сияқты әпосқа ете жақын үлгілерді жасауга қажетті поэтикалық материал болып қызмет атқарған. Буржуазиялық құрылыш тұсында карело-финдер әпосы халық творчествосындағы басты жанр болудан қалғандықтан, ендігі жерде жаңа эпикалық сюжет жасаушы процестің орнына, әр алуан жанрларда айтылып жүрген шығармаларды творчестволық түрғыдан контоминациялау процесі өрістеген. Сонымен қатар, пародиялық, сатиralық жанрдағы рундардың маңызы күштейген. Екінші жағынан, жекелеген ақыздар мен өртегілік сюжеттерді әпосқа айналдыру процесі де жүріп жатқан. Бұның өзі рундардың ежелгі геройлары Куллерво мен ұста Ильмаринен сияқты кейіпкерлердің поэзиялық өмірбаянын одан әрі жалғастыра туksen. Осының нәтижесінде бұл кейіпкерлер кейде, тіпті, алыстағы кәсіпшіліктерге барып, жұмысқа да жалданады. Карело-фин рундарындағы бұндай өзгерістердің себебі, көбінесе-ақ, әпостық өлеңдердің тексіне дәуірдің жаңа құбылыстарын бейнелейтін, алайда жырды түпкілікті өзгертіп жібере алмайтын жекелеген эпизодтар мен мотивтердің енгізілуі нәтижесінде болған. Ал рундарды түбекейлі өзгертудің қажеттігі де жоқ еді, өйткені әпос бұл кезде халық творчествосының басты жанры емес болатын<sup>51</sup>.

Көзі тірі эпик жыраулары, яки «жомоқшылары» бар қырғыз фольклорында да осы тәрізді құбылыстардың болғандығын біз еңбегіміздің кіріспесінде атап откенбіз. Мысалы, Манастың Индияға жорық ашуы, немесе Европаға барып Наполеонмен соғысуы осындаі кейіннен күспенделген жамаулар. Сондықтан да қырғыз зерттеушісі бұл жөнінде: «...попытки манасчи продолжить эпос «Манас» в условиях современности не-

<sup>51</sup> Ессеев В. Я. Қөрсетілген еңбектің 30—31-беттері.

удачны, «дополнения» эти не были подхвачены народом, не вызвали вариантов»<sup>52</sup>, — деп жазады. Демек, эпос бүл кезде өзінің дербес жанр ретіндегі қызметтің отеген. Бұдан кейінгі қоспалар эпосты жалғастыру ниетінен туса да, уақыт факторының ықпалымен жаңа жанрға — тарихи поэмаға, яғни лириканың құзырына ауысқан. Эпос тағдырының бұндай күйге ұшыраудың да да белгілі заңдылық бар еді. К. Маркс осы өткінші кезеңді былай деп түсіндіріп берген-ді: «И разве не исчезают неизбежно сказания, песни и музы, а тем самым и необходимые предпосылки эпической поэзии с появлением печатного станка?»<sup>53</sup>.

Сейтіп, эпос өз міндетін атқарып болғаннан кейін де оның дәстүрі, яғни эпосты қалыптастыруши творчестволық тәсіл өзінің күшін жоймай, әр алуан тарихи тақырыпты эпикалық сарынмен жырлай береді. Бірақ заманы өткен бүл секілді дастандар эпос үлгісін одан әрі дамыта алмайды. Бұның айқын мысалын В. Г. Белинскийдің мына сөздерінен де көруге болады: «Прощедшего не воротишь — это закон общий и непреложный... Можно воспроизвести древность, но это уже будет древность, воспроизведенная поэтом XIX века, а совсем не каким-нибудь безвестным певцом «Слова о полку Игореве»<sup>54</sup>.

Алайда дәурені өткен эпос туындысын қайта жаңырту мүмкін болмағанымен, оған тән творчестволық дәстүрдің кейінгі кезеңдегі көріністерін зерттеу ғылым үшін сөзсіз қажет. Бұл ретте М. Әуезов эпос дәстүрі дарыған үлгі деп қазақ пен қыргыздың күрделі сюжетке құрылған жоқтау өлеңдерін тексергендігі жоғарыда айтылды. Өйткені бір кездегі шағын көлемді тұрмыс-салт өлеңі болған жоқтаудың мотиві осы эпос дәстүрінің жасампаз күші арқасында тарихи жыр дәрежесіне дейін өрбігені эпос арнасының басталар көзін меңзейді. Осы себепті де автор: «Халықтың сүйікті ұланына, батырына, солардың қазасына арналған, олардың өмірі мен іс-әрекетін, ерлігін баян ететін өте-мөте ежелгі кейбір жоқтаулар шын мәнісіндегі тарихи дастанға айнал-

<sup>52</sup> Қыдырбаева Р. З. Қөрсетілген еңбектің 22-беті.

<sup>53</sup> Маркс К. К критике политической экономии. М., 1952, с. 225.

<sup>54</sup> Белинский В. Г. Полн. собр. соч., т. II, с. 507.

ған»<sup>55</sup>, — деген бақылауының нәтижесі етіп мынадай қорытынды шығарады: «Сөз жок, қазақ эпосының батырлық жырларын шығарғанда ақындар сондай жоқтаулардың қайсыбіреулерін негізгі фабулалық желі ретінде пайдаланғаны күмәнсіз»<sup>56</sup>. Туркі тілді эпостардыбылай қойғанда, тұрмыс-салт өлеңінің еш қатысы жоқ делінген орыс эпосының өзіндегі, атап айтқанда, «Игорь полкы туралы сөздегі» Ярославнаның дастандағы оқиғаны қысқа түрде баяндайтын жоқтауы да осындей»<sup>57</sup>, — деп қарайды зерттеуші. Жоқтаудың белгілі бір тарихи шындық төңірегінде болатындығын ескеріп, М. Әуезов эпостиң да баяндау стилінде шыншылдық басым болатындығы осындаи объективті-тарихи оқиғалар негізінде туғандығынан дейді.

Осылайша, сюжеттік жүйесі күрделеніп өрбіген жоқтау мотивінің эволюциясын қадағалау арқасында, ғалым анология жолымен эпос туындысының бірқыдыру ерекшеліктерін де топшылайды.

Әрине, сонау ежелгі дәуірден бермен қарай үздіксіз творчестволық процесс болып келе жатқан эпос дәстүрі тек осы жоқтау мотивіне келіп түйікталып қалған жоқ. Ол біздің заманымыздағы ауыз әдебиетінің үлгілеріне де келіп ұласты. Бұның нақты мысалы, әсіресе, халық ақындарының шығармаларынан жақсы көрінеді. Филологияғылымдарының докторы Е. Ісмайылов колхоздағы еңбек өмірін және мәдени-тұрмыс бейнесі социалистік еңбектің даңқты батырларына айналған жаңа адамдардың образын ақын-жыршылардың өз өлең-толғауларында нақтылы суреттеуі халық творчествосының жаңа бір ерекшелігі екенін айта отырып, былай деп жазады: «Сонымен бірге бұл факт соғыстан бұрын жалпыланып, үстірт жырланған тақырыптардың тереңдеп, түйінделіп жырлануға, шағын лирикалы өлең-жырлардан сюжетті-эпикалық жырлардың туып, дамуға бет алған процесін көрсетеді»<sup>58</sup>. Автордың пікірінше, жазбаша жырлайтын ақындардың өздері де халық поэзиясының ұшан-теңіз тіл байлығынан, халықтың тапқыр шешендігінен, прогрессіл әпикалық м-

<sup>55</sup> Әуезов М. Уақыт және әдебиет, 48-б.

<sup>56</sup> Сонда.

<sup>57</sup> Сонда, 65-бет.

<sup>58</sup> Ісмайылов Е. Қазіргі халық поэзиясы. — «Әдебиет және искусство», 1955, № 5, 106-б.

түрінен үнемі үйренеді. Сейтіп эпос дәстүрін осы шүңгі жазба әдебиетке творчествоның ұластырады.

Зерттеушінің, әсіресе, жаңа замандағы социалистік шындық тудырган эпикалық формалар мен мотивтер жайлы пікірлерін ескермеуге болмайды. «Қазақ совет фольклорының даму тарихындағы басты бір ерекшелік,— деп жазады ол, қарт ақындардың өлең-жырлары сапа жағынан да өсіп, халық поэзиясында үлкен эпикалық жырлар жасалып, қалыптаса бастағандыры»<sup>59</sup>. Сейтіп, совет дәуіріндегі халықтардың сипатын осы эпикалық шығармаларда толық бейнелеудің мүмкіншіліктері де туған. Автор патриотизм мотивіне құрылған эпостың негізгі белгісі оның геройканы жыр етуінен байқалады деп есептейді. Алайда оның ойынша, бұл кезеңдегі «эпикалық шығармалардың бәрі бірдей поэма болуы шарт емес». Ерлік күрестің, жеңімпаздықтың лебі, сарыны, күйі шағын толғау жырларда да, тіпті, күшті ақындық сөздің табиғатында да шалқып жатады. Мәселең, Жамбылдың соғыс кезеңдегі ұлылық-кішілі жауынгерлік жырлары бірін-бірі толыктыра келіп, совет халқының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы батырлық тұлғасын жинақтап бейнелеген эпикалық жырдың үлгісі болып табылады.

Бұдан кейінгі пікірлерінде проф. Е. Ысмайылов эпикалық поэзияның келесі кезеңі, яки құяр сағасы қөлемді жыр, дастандар, сюжетті поэмалар екенін атап көрсетеді. Соңғы жиырма жыл ішіндегі қазақ совет фольклорында құрделі эпикалық жырлардың даму процесі басталғанын айта отырып, зерттеуші: «Бүгінгі оқиғалы дастандар үлкен эпос жасау жолындағы ізденудің, дамудың елеулі сатысы болмақ»<sup>60</sup>,— деп тұжырымдайды.

Эпос дәстүрін ауыз әдебиетінің белді творчествоның әдісі деп танығанда, оны докторлық қалыптағы бір тұтас дайын үлгі деп қарауға болмайтыны мәлім. Сондықтан жаңа замандағы эпос туындысына да ол өзінің қаз-қалпымен келіп орнай салмайды. Біз сөз етіп отырыған автор творчествоның процестің осы диалектикалық мөнін жақсы ескерген. Демек, оның пайымдауынша: «Жаңа эпикалық шығармалар, сөз жок, бұрынғы батырлық жырлардың, тарихи-революциялық азыз, әңгі-

<sup>59</sup> Сонда, 110-б.

<sup>60</sup> Ысмайылов Е. Көрсетілген еңбектің 110-беті.

мелердің ең жақсы прогестік дәстүрлерін пайдалану негізінде туып дамиды»<sup>61</sup>. Бұл айтылғаның жақсы үлгісі деп зерттеуші Жамбылдың, Нұрпейістің творчестволық тәжірибелерін атайды.

Қазақ совет фольклорындағы героикалық эпос болып табылатын поэмаларды, сюжетті жыр-дастандарды сез еткенде, әңгіме тарихи және революциялық тақырыптарды қозғайтын, ал көркемдік шешімі бүгінгі күннің түрғысынан жырланған шығармалардың төңірегінде болатыны түсінікті. Автор осындай туындылардың жанрлық ерекшеліктерін талдай келіп, бұлардағы эпика мен лирикалардың ара салмағына да көзіл кояды. «Егер Жамбыл, Кенен, Нұрпейіс поэмаларында ерлікті жырлау сарыны басым болса,— дейді ол,— Иса, Нұрқан поэмаларында ерлік пен лирикалық сарын ұштасып жырланады»<sup>62</sup>.

Қазақтың халық ақындары тек суырып салма өлеңдердің авторлары гана емес, сонымен бірге олар эпостың бай репертуарын орындаушылар да болатын. Эпос дәстүрінің көзі тірі мұрагерлері болған Нұрпейіс, Мұрын, Иса сияқты ақын-жыраулар бұрынғы батырлар жырының ұшан-теніз мол саласын біздің заманымызға әкеліп, кең көлемде дамытып жырладап берді. Сейтіп, қазақ совет фольклорының поэзиялық қоры эпос үлгісіндегі күрделі жанрмен толыса түсті. Бірақ бұл аяқталған процесс емес-ті. Себебі, халық ақындарының сан алуан тақырыпты өзіндік ерекше үнмен жырлаған дастандары әлі де болса заманымыздың ұлы ерліктерін, жеңімпаздық бейнесін кеңінен қамтитын, сомдалған эпикалық полотно дәрежесіне жеткен жоқ еді. Алайда бұның өзі сол зор эпикалық туындыны дүниеге келтіретін топталу, ұлғаю, жетілу процестерінің қанат жайып келе жатқандығын танытатын фактор еді.

Міне, осылайша Е. Ісмайилов халық ақындарының поэзиялық өрнегінен эпикалық творчествоның дәстүрлі белгілерін сұрыптай отырып, ескі мен жаңаңың аракатынасы түрғысынан ой жүгірткенде, батырлар жыры мен советтік эпостың желісіндегі сабактастық қандайлық дәрежеде болмақ? — деген мәселені күн тәртібіне қояды. Сейтіп, бұл саладағы теориялық проблемаларды былай етіп қысындайды:

<sup>61</sup> Сонда.

<sup>62</sup> Сонда, 111-6.

а) Бұрынғы батырлар жырының фантазиялық салыны кайталануы қазіргі заманың батырлық жырының бойына қашалықты қонымды?

б) Жаңа социалистік замандағы ақынның шығармасында фантазиялық элементтер болуы мүмкін бе?

в) Асыра ойлау, қиялға бөлеп беру — әдебиет үшін қажетті шарттардың бірі (Горький) дейтін қағиданы әпостық жырға қай тұрғыдан қатыстыруға болады?

г) Қарт ақынның творчестволық қауқары өмір шындығын тиісінше меңгере ала ма, оның ақындық күші бүгінгі күннің ерлерін қай дәрежеде жырлайды, қиялның көркемдігі заман бейнесін орынды, қисынды елестете ала ма?

Сонымен, бұл айтылғандарды қорытатын болсақ, біз әпос дәстүрі деп аталатын өміршеш процестің талай ғасырларды қөктей өтіп, қазіргі қазақ фольклорына келіп ірге тепкенін және бұл кезеңде де оның әпос туындысын қалыптастыру заңдылықтары, негізінен, өз күшін сақтап қалғандығын көреміз.

Алайда қазақ совет фольклорында іргесі қаланып келе жатқан әпос шағын формалы өлеңді шығармалардың күрделенуінен деп танылса, ежелгі әпостық полотноны дүниеге келтірген процесс тек бұнымен ғана шектелмейді. Егер осы заманғы әпос өткендегінің тәжірибеліне сүйеніп, бұрыннан бар дәстүрді жаңа тақырыпқа өзек етсе, ежелгі әпостың алдында бұл тәрізді үлгінің болмағаны мәлім. Сондықтан ежелгі әпос өзінің тұтастану процесінде басын, тіпті, өлеңнен емес, қара сөзден бастап, бірте-бірте метрлік жүйеге түсуі ықтимал.

Жалпыға мәлім, поэтикалық жүйе сөйлеу тілінің ерекше формасы ретінде тек прозалың негізінде ғана пайда болған. Демек, өлеңді шығармалардың бүкіл тілдік материалы да әуел баста қара сөз туріндегі ұзынды-қысқалы баяндаулар, әңгімелер болған дегенді жогарыда ескерттік.

Бұл айтылған жай әпостық поэзияның қалыптасуына да қатысты деп білеміз. Осылан орай әпос тілінің жасалуы жайындағы өз көзқарасымызды тұжырымдал, ортаға сала кетпекшіміз.

Біздің топшилауымызша, қазір ғылымға аян болған әпостық жырлардың көпшілігі басын сонау арғы замандардағы, сананың еркінен тыс өңделіп, фантас-

тикалық әңгіме, қиял-ғажайып ертегісі түрінде қалыптастқан фольклор шығармаларынан алады.

Бұны, әсіресе, туыстас тілдердің фольклор ескерткіштерін салыстыра зерттегендегі айқын көруге болады. Мынандай бір факт келтірейік. Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінің ішінде «Ер Төстік» атты қөлемді прозалық шығарма бар. Оның әр жеріне сыналанып өлең қосымшалары кірген. Академик М. Әуезов бұл ертекті халықтың өте әрідегі мифологиялық ұғым-түсінігінен туған, тарихтан бұрынғы дәуірдің тумасы, эпостқа дейінгі әдебиет туындысы деп атайды<sup>63</sup>. Оның айтуынша ертегінің алыптары мен әр алуан кейіпкерлері эпостағы ер, батырлардың арғы аталары болып саналу туіс.

Ал енді көршілес қырғыз елінің фольклорында да осы аттас бір шығарма бар. Бірақ ол ертегі емес, эпос. Бұл шығарманы алғаш рет В. В. Радлов 1869 жылы аты мәлімсіз бір жыршыдан жазып алған<sup>64</sup>. Көп уақыттар бойы қырғыз зерттеушілері бұны «Манас» эпосының жалғасы деп келген. Бірақ соңғы кезде С. Қаралаев, С. Сұранчиев, Ж. Жамғырчиев дейтін жыршылардан эпостың тағы да үш жаңа вариантын жазып алғаннан кейін, ғалымдар жүртшылығы бұл эпостың өз алдына дербес бір шығарма екенін анықтаған<sup>65</sup>. Эпостың ерекше көніл қоярлық бір жағы бар, ол — қазақ фольклорындағы «Ер Төстік» ертегісімен тілдік байланысы. Әдетте, ел-елдің фольклор шығармасының арасында сюжет ұқсастығы, идеялық мазмұнның байланысы дегендегі бола береді. Алайда қазақ ертегісі мен қырғыз эпосының ара қатынасы бұдан өзгешерек. Біздің байқауымызша, бұлардың арасындағы жақындық белгілі бір фольклор материалының даму кезеңіндегі түрлі салындарды сипаттайтын тәрізді. Мәселен, қырғыз эпосы бастан-аяқ жыр өлшемінен құрылған поэзия түріндегі шығарма болса, қазақ ертегісі, негізінен, қара сөзben айтылады. Сол қара сөз ішіндегі өлеңмен берілген қосымшалардың біразы қырғыздың эпос жырының кейір жолдарына мұлде ұқсасып та кетеді. Демек, бұдан мы-

<sup>63</sup> Әуезов М. Ертегілер. Алматы, 1957, 10—13-б.

<sup>64</sup> Радлов В. В. Образцы народной литературы северных тюркских племен, ч. V. СПб., 1885.

<sup>65</sup> Закиров С. «Ер-Төстік» эпосының варианты мен идеялық көркемдік ерекшеліктері. Фрунзе, 1960, 4—5-б.

надай қорытынды жасауға болады. Әуел баста қиял-гажайып ертегісі түрінде пайда болған фольклор материалы келе-келе, көркем әдебиетте поэзияның үстемдік ала бастауымен байланысты өлеңмен қайта жырланған. Бұл процесс кейінгі дәуірде болғандықтан, шығарманың мазмұны да бірсыдырғы өзгерген. Яғни, ертегінің алғашқы фантастикалық образдары реалистік тұрғыдан қайта жасалған. Сөйтіп кәдімгі біз білетін эпос кейіпкерлері келіп шыққан<sup>66</sup>. Әрине, прозалық материалды поэзия тілімен қайта жырлау үшін бірсызыра уақыт қажет болады. Сондықтан да алғашқыда қара сөздің кей жерлері ғана, яғни, жекелеген кейіпкерлердің сөздері, монологтары, күйінш-сүйіншті білдіретін қысқа ой-толғамдары ғана өлеңмен беріле бастайды.

Мысалы, қазақтың «Ер Тестік» ертегісіндегі Кенже-кей мен Бекторының айтысы, Кенжекейдің экесінен енші сұрагандағы айтқан арнау өлеңі т. б. осындай лирикалық моменттер. Бірақ осы қысқа өлеңдердің өзі көлемді қара сөз шығармаларының ішіне еніп алысымен, фольклор материалын іштен кеулей отырып, поэзиялық қосымшалардың аясын кеңіте беретін тәрізді. Туыстас тілдердің бірнешеуіне ортақ бір материалдың бұлайша прозадан поэзия тіліне аудысу процесі де бірқалыпты болмайды. Мәселен, эпос дәстүрінің ықпалы бәсендеде саналатын қазақ фольклорында ертегілік, аңыздық арнадан туған «Ер Тестіктің» материалы жыр тіліне түгел аудысып үлгіре алмаған, өзінің бастапқы «құлы мүшесін» бойына молырақ сақтаған болса, сол материал қырғыз фольклорында бастан-аяқ поэзия тіліне көшкен. Өйткені қырғыз фольклорында эпос дәстүрінің бертінгі уақыттарға шейін фольклор аясындағы творчестволық процеске күшті ықпал етіп келгендігі мәлім. Ал енді қазақ ертегісіндегі өлеңді қосымшалар мен қырғыз эпосының кейбір моменттерінің ұқсасуына қарал, фантастикалық материалдан эпос жырын жасау процес-

<sup>66</sup> Осы орайда М. М. Плисецкийдің мына пікірін қолдай кетуге болады: «Разумеется, эпические произведения в период своего возникновения не были совершенно точными в изображении конкретных фактов, героев и т. п... Уровень реализма был ограничен достигнутым в данную конкретную эпоху уровнем типизации и индивидуализации образов, зависел от идеологии авторов» (Плисецкий М. М. Историзм русских былин, с. 129).

сінің бұл елдерде басталу кезеңі бір болғанын аңгара-  
мыз.

Сөйтіп, фольклордың бір материалы көршілес екі  
елдің біреуінде қиял-ғажайып ертегісі дәрежесінде та-  
ралған болса, екіншісінде — эпос жыры болып қалып-  
тасқан. Мынандай да сұрақ тууы мүмкін: аталған  
фольклор ескерткіштерінің қайсысы ескі, яғни ертек  
жырдан өрбіген бе, әлде жыр ертектен туған ба? Біздің-  
ше, ертегінің жырга қараганда анағұрлым көне форма  
екендігі аян болуы тиіс. Рас, кейбір жағдайларда  
фольклор шығармаларының бір формадан екінші фор-  
маға аудысу тәртібі басқаша да болады. Яғни, жекелеген  
реттерде эпос шығармасы ертегілік сипатқа да көшіп  
кетеді. А. А. Валитова «Алпамыс» эпосының татарша  
версиясы туралы жазған бір еңбегінде былай дейді:  
«Татардың «Алпамыш» атты ертегісі шартты түрде  
айтқанда, Орта Азия халықтарының бірталайына та-  
ралып кеткен «Алпамыш» эпосының «сузіндісі» (бұл  
сөз тым әріректегі текстердің өндөлуін білдіреді) болып  
табылады.<sup>67</sup> Осымен қатар автор ертектің Еділ бойын-  
да ұзақ сақталуы нәтижесінде татардың халық ертегі-  
лерінің ұлттық өң-бояуын, елдің салтын бойына әбден  
сіңіріп алғанын да ескертеді. Ал енді қазақтың «Ер  
Төстік» ертегісіне келетін болсақ, ол бізге өзінің әуел  
бастағы бітім-бейнесімен келіп жеткен шығарма. Ешбір  
батырлық эпос «тұңғыш жарапан» форма ретінде оны-  
мен таласа алмақ емес. Ертегіде атап көрсетерліктей  
ұлттық ерекше белгілер де жоқ, бұндағы тұрмыс-салт  
көріністерінің бәрі де адам баласының сәбілік дәуірін-  
дегі ой-санасын бейнелейтін, көптеген халықтарға бір-  
дей ортақ жайлар.

Эпос поэзиясының бұлайша қалыптасу барысында  
оган негіз болған прозалық баяндаулардың құрамында-  
ғы өлеңді қыстырмалар үлкен қызмет атқарады. Жоға-  
рыда біз «Ер Төстік» аңызының құрамындағы өлеңдік  
моменттердің дами, ұлғая келе, қырғыз фольклорында  
әпостық дастан дәрежесіне дейін келіп жеткенін айт-  
қанбыз. Демек белгілі бір қара сөз түріндегі фольклор  
материалының ішіне кірігіп кеткен өлеңдер өз кезінде-

<sup>67</sup> Валитова А. А. Татарская версия эпического сказания «Ал-  
памыш». — Сб.: Турко-монгольское языкознание и фольклористи-  
ка. М., 1960, с. 201.

гі жаңа творчестволық тенденцияның басы болып табылады да, қолайлы жағдай туғанда кем-кемдеп өсе түсіп, материалды түгелдей өлең тіліне аударып жібереді. Бұдан арғы өңдеу тәртібі өз кезегімен жүріп жатады. Өздерінен бұрынғы айтушылардың творчестволық мұрасын өз заманындағы әдебиеттік ортаның талғамына сойкестеуге ерікті деп саналатын жыраулар<sup>68</sup> поэзияга ауыса бастаған фольклор материалын одан әрі көркемдеп өлеңнің үлес салмағын арттыра түседі. Сейтіп, бірнеше версия яки вариант болып атадан балаға тара-лып жүрген эпос ескерткіштері уақыт озған сайын кемеліне келе береді. Сондықтан да бұндай мұралардың ең соңғы редакциясы алғашқыларынан анағұрлым көркем болып шығады.

Осыдан келіп эпос жырларының ішінде кездесетін проза элементтерінің де табиғатын тану мүмкіншілігі туады. Егер қөлемді прозалық материалдарға сыналанған шағын өлеңдер фольклор әңгімелерін поэзия тіліне ауыстырудың бастамасы болса, эпос жырларының ішінде кездесетін қысқа қара сөздер өткен замандардың қалдығы. Демек, олар эпостың сөздік материалы өлеңге ауыспас бұрынғы көркем тілдің фрагменттері болып табылады. Қорыта айтқанда, қара сөз ішіндегі өлеңді қосымшалар мен эпос жырларындағы прозалық үзінділердің атқаратын қызметтері үқсас болғанымен генетикалық жағынан пайда болу жолдары екі басқа.

### Миф элементтерінің эпос тілінен алатын үлесі

Өнердің пайда болуы жөніндегі маркстік ілімде эпосты, сондай-ақ күні бүгін аты мәлім болып отырған өнер түрлерінің қай-қайсысын да бірден осы күнгі қалпында тua салған демейді. Бұған К. Марксің мына сөзі айқын дәлел: «Относительно некоторых форм искусства, например эпоса, даже признано, что они в своей

<sup>68</sup> Бұның өзі барлық халықтың ауыз әдебиетіне тән дәстүр болуы тиіс. Мәселен, Г. Х. Богданов карел жыршылары жайлы былай деп жазады: «Старые сказатели были не только сказатели старых песен, они во многих отношениях являлись их творцами, т. е. подлинными народными певцами и поэтами, многие из них сочиняли совершенно новые песни, совершенствовали старые и пели их» (Богданов Г. Х. К вопросу о состоянии народного творчества в Карелии. — «Карельский сборник». Л., 1929, с. 79).

классической форме, составляющей эпоху в мировой истории, никогда не могут быть созданы, как только началось художественное производство как таковое...»<sup>69</sup>.

Демек, өнердің қай-қай түрі болмасын әуел баста дәл қазіргі дәрежесінде болмағаны анық. Ал соның ішінде эпосты алатын болсақ, ол поэзия, музыка, би сияқты өнер салаларының бәрінен де соң туган. Олай деуіміздің себебі — аталған өнер түрлері алғашында адам баласының санасыз әрекеттерінен басталып, кейіннен ғана эстетикалық қажеттерді өтеу мақсатында жұмсалған болса, эпос осы өнерлердің диалектикалық дамуының заңды жалғасы, нәтижесі сияқты нәрсе. Генетикалық тұрғыдан эпостың пайда болу тарихын шолғанда осындай кезеңдердің өткенін аңғарамыз.

Бұл жерде бір ескерте кететін жай бар. Біз поэзия терминін эпосқа шартты түрде ғана қарсы қойып отырымыз. Шындығында қазіргі қазақ фольклорының тұрғысынан алғанда поэзия деген ұғымның аясы өлең түрінде жарық көрген шығармалардың бәрін, соның ішінде эпосты да қамтиды. Ал енді тарихи хронологияны ескерсек, эпостан бұрынғы кезеңдерде де поэзияның бірқыдыру үлгілері болғаны мәлім. Демек біз жоғарыда эпос пен поэзияны дербес категориялар ретінде қарастырып отырымыз.

Алайда көркем тілдің теориясын зерттейтін гылым поэзия деген ұғымға анағұрлым кең мағына телиді. Яғни поэзия дегеніміз тек өлеңді шығарма ғана емес, жалпы тіл көркемдігі. В. В. Виноградов поэзия тілі мен өлең тілі деген ұғымдардың бір еместігін дәлелдей келіп, былай дейді. «Необходимо отрешиться от признания стихотворных произведений преимущественным или главным воплощением поэтического слова. В разное время и в разных литературах чистыми представителями поэтического могли быть самые различные виды художественно-словесного творчества: то—стихи, то—новеллы, то — драмы и т. д.»<sup>70</sup>.

Міне, тілдің көркемдік сапасын тану саласындағы теориялық қағида поэзияның мәнін осылайша түсінді-

<sup>69</sup> Маркс пен Энгельс шығармаларының жоғарыда аталған жинағы, 134-б.

<sup>70</sup> Виноградов В. В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. М., 1963, с. 207.

реді. Бірақ бұл біздің эпос тілін қалыптастырушы фактторларды баяндауымызға қайшы келмейді, қайта поэзия нышанының өте әрідегі тіліміздің коммуникативті элементтерімен біте қайнасып жатқанын бағдарлауга мүмкіндік береді.

Сонымен, тілдің сөйлеу қызметінен өрбіген эпоста жүйесіндегі поэзия өзінің классикалық формасын тапқанға дейін қандай тарихи-объективті жағдайларды басынан кешіргенің қысқаша тұжырымдан өтейік.

Табиғаттағы құбылыстардың бәрінде де белгілі бір себептілік болады. Адамның психологиясы сол себептіліктерді білуге, құпия сырларын ашуға құштар келеді. Алайда алғашқы қоғамдағы адамның төңіректі қоршаған дүние туралы мағлұматы мұлдем тапшы болғандықтан, ол жанды-жансыз нәрселердің бәріне өз басындағы табиғи қасиеттерді телиді. Яғни, табиғатта болатын механикалық құбылыстардың өзін саналы күштердің арнаулы мақсатпен істеп тұрган әрекеті деп біледі. Сейтіп, әлемдегі кереметтердің бәрін алуан түрлі күшиелері, немесе толып жатқан «құдайлар» жасайды-мыс деген сенім пайда болады. Осыдан келіп дүниеге анимистік көзқарас қалыптасады.

Бірақ қоғаммен табиғаттағы барлық құбылыстардың өзгеріп, дамып отыратыны тәрізді, анимистік туынніктер де өзгеруге бейім тұрады. Оның өзгерісі адамдардың дүние тану процесімен тікелей байланысты болып келеді. Адам неғұрлым өзін қоршаған төңіректің сырын аша түссе, анимизмнің аясы да солғұрлым тарыла туседі. Демек, адамның ой-әрісі мен анимизмнің шеңбері кері пропорцияда тұрады. К. Маркс бұл құбылысты былайша қорытындылайды: «Всякая мифология преодолевает, подчиняет и формирует силы природы в воображении и при помощи воображения; она исчезает, следовательно, с действительным господством над этими силами природы»<sup>71</sup>.

Алғашқы қоғамдағы адамның табиғатқа қатынасын өте тамаша түсіндіріп кеткен ғалымдардың бірі — Шоқан Уәлиханов. Ол ең ескі діндердің бірі болып табылатын шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтарын зерттеген еңбегінде былай деп жазады: «Жаратылыс пен адам! Міне, осы жаратылыс пен адамнан керемет, олардан сырлы не болмақ? Әлемді, оның кереметтерін

<sup>71</sup> Маркс К. Соч., т. XII, ч. I, с. 201.

білудің қажеттігі, өмір мен өлім туралы мәселе және адамның жаратылысқа қатынасы шаман дінін туғызды — әлемді, немесе жаратылысты және өлген адамдардың рухын ұлы көруді туғызды. Осылайша келіп, сәбілік дәрежедегі адамдар күнді, айды, жұлдыздарды және біз жаратылыс, немесе әлем деп атайдын ұшы-қиры жоқ, мәңгі жасайтын әр қылыштардың бәрін зор тұтатын болды...»<sup>72</sup>.

Шаман дінінде бұл тәрізді жаратылысты зор тұтушылық қасиетін, атап айтқанда, жаратылыстың әсерімен адамның әрекет істеп, өмір сүруін Шоқан «шектен асқан материализм» деп атайды. Ал, екінші жағынан, бұл діннің адам өлгеннен кейін аруаққа айналады деген қағидасын «шектен асқан спиритуализм» деп атайды.

Адамның әлем күштеріне табынуы тек табигат алдында жалбарыну түрінде ғана болмай, бірте-бірте табигатпен күресу сипатына көше бастайды. Басқаша айтқанда, адам табигатпен арбасады, оның ғажайып сырларына жету мақсатымен неше алуан шаралар қолдануға талпынады. Сөйтіп, ол бұрын өзіне сыры мәлім емес күштердің біразын танып, біліп, енді оған қожалық ете бастайды. Демек, бұл дәүірдегі діни түсініктердің өзі қоғамды дамытушы фактор болып қызмет атқарады. Осы себепті де Г. В. Плеханов: «... өнердің дамуы көптеген реттерде діннің аса күшті ықпал етуімен болған, бірақ ондай фактлердің тарихты материалистік тұрғыдан түсінуге еш бөгеті жоқ»<sup>73</sup>, — деп көрсетеді.

Әрине, бұл кезеңдегі өнер дегеніміздің өзі ойынсауық үшін туған, саналы жолмен жасалған эстетикалық категориялар емес, дүлей күштермен күресу мақсатын көздейтін, мифология түріндегі ғажайып қиялдардың жемісі, яғни табигаттың жұмбақ сырларын ашуға талпынған әр алуан әрекеттер еді. Алайда сол әрекеттердің өздері-ақ адамдардың болашақтағы толып жатқан өнерлерінің негізін салды. Кейіннен осы бастамалар саналы түрде өрбітіліп, кәдімгідей адамның көркемдік сезімдерін оятатын, тағы басқа қажеттерді өтейтін өнер салалары болып қалыптасты.

Проф. Қ. Жұбанов қазақ тіліндегі музыка терминде-

<sup>72</sup> Уәлиханов Ш. Мақалалары мен хаттары. Алматы, 1948, 19-б.

<sup>73</sup> Плеханов Г. В. Искусство и литература. М., 1948, с. 118.

рінің шығу төркінің тексерे келіп, осы күнгі көптеген мамандардың міндетін ерте заманда дін басылары атқа-рып келген дейді. «... Шамандардың алтай елінде,— дейді ол, — каста деп аталатын ру бастықтары бір жағынан — осы күнгі молдалар, екінші жағынан — түрлі мамандардың: дәрігерлердің, метеорологтардың, астрономдардың арғы атасы болып саналуға тиіс. Өйткені нендей өнердің бәрі де бұрын солардың қолында болған... Каста жоғалып, ыдырай келе, бұл өнерлер жіктеліп, әрқайсысы әр түрлі мамандық болып кеткен»<sup>74</sup>.

Автор қазақтың бақсылары, есепшілері, тістің құртын шақыратындар, жыланды, бүйіні шақыратын тамыршылар, қобызшы, домбырашы, әншілер кәсібі сол заманнан өрбігендер дейді. Олар алғашқы әзірде қобызға немесе басқа бір аспапқа қосылып өлең айтып, сол арқылы ауруды емдеп, болмаса басқа да сиқырлы істе-рін атқарып жүрсе, бері келе қоғам ішіндегі алуан түрлі кәсіп иелері болып кеткен.

Сол толып жатқан өнер иелерінің жалпы аты болып табылатын «бақсы» сөзінің мағыналарына ой жүгіртіп қарағанда да, оның әр елде, әр кезеңде әр түрлі ұғымды білдіретін термин болып қалыптасқанын көруге болады. Ғылыми әдебиетте бұл жөнінде көптеген деректер бар.

Қазақ зерттеушілерінің ішінде бұл сөздің мағынасы на ең алғаш түсінік берген адам — Шоқан Уәлиханов. Ол жоғарыда аталған «Қазақ арасындағы шаман дінінің қалдықтары» дейтін макаласында «бақсы» сөзін «шаман» дегенниң баламасы деп атап көрсетеді. «Шаман — сиқыры бар және басқалардан білімі артық адам; ол — ақын, музықант, сөүегей, сонымен қатар, ол — дәрігер,— деп жазады Шоқан.— Қазақтар шаманды «бақсы» дейді, бұл маңғұлша «ұстаз» деген сөз; ұйғырлар өздерінің сауатты адамдарын «бахшы» дейді, ал түрікмендер өздерінің ақын-жыршыларын осылай деп атайды»<sup>75</sup>.

Жоғарыдағы аты аталған еңбегінде проф. Қ. Жұбанов та «бақсы» сөзін музыка терминдерінің бірі ретінде

<sup>74</sup> Жұбанов Қ. Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы. Тіл мен тарих деректері. Қызылорда, 1936; «Жұлдыз», 1959, № 2, 117—118-б.

<sup>75</sup> Уәлиханов Ш. Мақалалары мен хаттары, 22-б.

қарастыра келіп, оған бірсыпыра лингвистикалық талдау жасайды. Ол былай деп жазады: «Ежелгі ұйғырларда бұл сөз «оқымысты» мағынасында болған... Стамбол университетінің әдебиет-тарих профессоры Көпірлі Заде бұл сөзді әуелде «бақсы» формасында еді, бері келе араб, иран, ұйғырларда «әнші» түріне айналып кетті дейді... Біз мұның қай формасының бұрын болғанын сөз қылмаймыз; алғашқы әзірде екі түрдің де болуы мүмкіншілігін көрсетіп өтеміз», — дей келіп, қазақ тіліндегі «ауруды бағу» дегендегі «бақ» түбірі, немесе біреуге бір нәрсені «бағыштау» дегендегі «бағыш» түбірі осы бақсы сөзімен түбірлес болуы керек деген пікір айтады. Сонымен қатар ол «бақсы» сөзінің әр кезеңдегі әр түрлі еңбектерде түрліше түсіндіріліп келгендейдін де ескертеді. Мысалы, «Париждегі ұйғыр-қытай сөздігінде бұл сөз «оқытушымак» деп аударылса, Паве-де Куртейля оны «парсыша білмейтін соттың писары (хатшы)» деп аударған. Ал түрік жазушысы Сүлеймен Эфенди сөздігінде, сондай-ақ венгр тюркологы Вамберидің еңбектерінде «бақсыға» — әнші, ақын, музыкант деген анықтама берілген. Ноғайларда «бақсы» — музыкант, көркем өнерші мағынасында. Осы күнгі түрікмендер музыкантты «бахшы» дейді, әрі түрікмендердегі бақсы аталатын музыкант жәй өнерші, жәй музыкант қана емес, бұл өнер оларда «тұқым қуалап» отырады, яғни біреуден біреу үйрену, белгілі школадан өту, профессионализм күштірек...»<sup>76</sup>.

Осы мәліметтерді келтіре отырып, Қ. Жұбанов «бақсы» сезінің түрлі замандарда түрліше орындарда, әр алуан мағыналарда қолданылғандығы И. Н. Березиннің «Хан жарлықтары»<sup>77</sup> дейтін кітабында да бірсыдырғы айтылған деп атап өтеді.

Жалпы тюркологияда бұл терминге түсінік беру ісі сонау Л. З. Будагов<sup>78</sup> пен В. В. Радловтан<sup>79</sup> бері қарай

<sup>76</sup> Жұбанов Қ. Жогарыдағы көрсетілген еңбекті қараңыз.

<sup>77</sup> Березин И. Н. Ханские ярлыки. I. Ярлык Токтамыша, 1850; II. Ярлык Тимур-Кутлуга. Казань, 1851.

<sup>78</sup> Қараңыз: «Киргизское баксы — лекарь, шаман, ворожея, колдун». Будагов Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, т. I. СПб., 1869, с. 234.

<sup>79</sup> Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий, т. IV. СПб., 1911, с. 1445. Ол былай деп түсіндіреді: «баксы — бакшы — киргизский шаман, действующий кобузом (скрипкою) или асою (окованной железом палкою)».

үзілмей келеді. Бұл сөздің этимологиясын әрегіректен іздестірген автор деп А. Н. Самойловичті атауға болады. Ол «бақсы» дегеннің тубірін санскриттен (*bikshu*), болмаса қытай тілінен (*paksi*) аудысқан дейді. Сонымен қатар бұл терминнің ежелгі ұйғырларда будда дінін үйретуші адам деген мағынада қолданылғанын да ес-кертеді<sup>80</sup>.

В. М. Жирмунский өзінің Х. Т. Зарифовпен бірігін жазған кітабында<sup>81</sup> сөз болып отырған терминнің өзбек тіліндегі мағынасын түсіндіреді. Автордың айтудынша, өзбектің халықтық дастандарын орындаушыларды үш түрлі атайды екен: бахши, шаир, джироу деп. Осы үш атаудың ішіндегі ең мағынасы кеңірегі де, көбірек қолданылатыны да «бахши» болса керек. Ол былай деп жазады: «В дореволюционное время слово бахши имело двоякое применение. С одной стороны, оно обозначало знахаря, колдуна, народного лекаря — шамана, магической песнью и игрой на дутаре изгонявшего из большого злых духов («джинов»); с другой стороны, оно применялось к эпическому певцу, сказителю дастанов»<sup>82</sup>.

Авторлар осы құнгі өзбек жыршыларының шаман мағынасындағы бақсылықпен еш байланысы жоғын атап айта отырып, ерте замандарда мүмкін өзбек жыраулары да киелі күштің тілін білетін адамдар болып саналған шығар деген болжам айтады. Бұл пікірді олар А. Н. Веселовскийдің «Тарихи поэтика» атты еңбегіне сүйене отырып, былайша дәлелдейді: «... на ранних стадиях развития человеческого общества народная поэзия тесно связана с магическим обрядом, которым родовой коллектив стремится обеспечить себе благополучие в войне, охоте или в коллективных трудовых процессах. Отсюда — вера в магическую силу песни и обычное в первобытном обществе совмещение профессии певца и колдуна-шамана»<sup>83</sup>.

<sup>80</sup> Самойлович А. Н. Очерки по истории туркменской литературы. — Сб.: «Туркмения», т. I. Л., 1929, с. 131, 145.

<sup>81</sup> Жирмунский В. М., Зарифов Х. Т. Узбекский народный героический эпос. М., 1947.

<sup>82</sup> Сонда, 25—26-б.

<sup>83</sup> Сонда. Жалпы алғанда «бақсы» атауының жайдан-жай берілмейтіндігі Шоқанның мына сөзінен де көрінеді. «Біздің кез келгеніміз ақын бола алмайтынымыз сияқты, қазактарда да көрінген кісі бақсы бола алмайды (Уәлиханов Ш. Мақалалары мен хаттары, 23-б.).

Соңғы кездегі зерттеулер ішінде «бақсы» сөзінің мағынасына берілген түсініктерді проф. А. К. Боровковтың кейбір еңбектерінен кездестіреміз<sup>84</sup>. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының түркі тілді эпостық мұраларын зерттеумен байланысты ол эпос шығармасын орындаушылардың (айтушылардың) қай халықта қалай деп аталатынын, сондай-ақ, эпикалық дастандардың орындалу тәсілін сөз етеді. Мәселен, қарақалпақтың батырлық поэмаларын (жырларын) орындаушылар қобызға қосылып айтатын көрінеді. Бұл типтегі айтушыларды халық «жырау» (сказитель) деп атайды екен. Ал лиро-эпостық жырларды айтушылар «бақсы» деп аталады. Бұлардың қосылып айтатын музыка аспабы қобыз емес, «дутар» делінеді<sup>85</sup>.

А. К. Боровков осымен қатар «бақсы» сөзінің өзбек, қазақ, қыргыз, түркмен тілдеріндегі мағыналарын да баяндайды. Мәселен, өзбектер эпос шығармасының қандайын болса да «дастан» деп атыйтынын хабарлай отырып, ол «жырау» деген терминнің Өзбекстанда си-рек қолданылатынын, эпостың орындаушылары, әдетте, «бахши» немесе «шаир» болып аталатынын, оның ішінде де, Хорезм жұрты, негізінен, «бахши» деген атауды ғана білетінін жазады. Автордың басқа түсініктері жоғарыда келтірілген анықтамалармен сәйкеседі. Демек, қазақ тіліндегі «бақсы», қыргыз тіліндегі «бақшы» шаман, тәуіп мағынасында, түркмен тіліндегі «бахшы» — әнші, музыканың дегенді білдіреді. Түркмендерде «шағыр» деген де атау бар, бірақ оның «бахшыдан» айырмасы жаттап алған ән-күйлерді ғана орындаамайды, бір жағынан суырып салып та атады. Ал «бахшы» тек басқалардан үйренген шығармаларын ғана орындаі алады. Осымен байланысты В. М. Жирмунскийдің мынандай бір түсініктемесін

<sup>84</sup> Боровков А. К. Вопросы изучения тюркоязычного эпоса.— Сб.: «Вопросы изучения эпоса народов СССР», с. 69.

<sup>85</sup> Мынандай жәйттерге де назар аудара кетуді орынды санаймыз. Түркі тілді халықтарда эпостың орындаушыларын жырды сүйемелдеуші музыка аспабына қарай атау да ұшырасады. Мысалы, 1812 жылы Тимофей Беляев орыс тіліне аударып бастырып шығарған «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының башқұрт версиясы былай аталағы. «Куз-Курпячъ» — башкирская повесть, писанная на башкирском языке одним курайчем и переведенная на российский в долинах гор Рифейских 1809 года». Бұндағы «курайшы» бізше «сыбызғышы».

еске сала кетуге болады. Ол соңғы зерттеулерінің бірінде қазақ тіліндегі «жыршы» мен «жырау», қырғыз тіліндегі «ырчы» мен «жомоқчу» дейтін терминдердің беретін ұғымдарын саралай келіп, былай деп жазады: «Настоящий жомоқчу, сказитель высшего класса, может исполнять «Манас», не повторяясь, в течение нескольких месяцев, развертывая или сжимая свое повествование по желанию слушателей. Среди узбекских сказителей такой творческий певец-импровизатор носит почетное прозвание «шаир», выделяющее его из ряда простых «бахши» (Фазил-شاир, Ислам-шаир и др.). Повторные записи исполнения шаира обычно обнаруживают значительные изменения в тексте»<sup>86</sup>. Бұл айтылғаннан өзбек тіліндегі «бахши» сезінің әріден келе жатқан термин екенін аңғаруға болады. Ал «шаир» сол бахшылардың ішінен үздік шыққан сұрырып салма жырауларға берілетін атақ ретінде кейінрек туған болуы тиіс.

Жалпы әпостың айтушыларына орындаушылық шеберлігіне қарай да ат қою салты тым әріден келе жатқан тарихи факт. Мәселен, ежелгі грек әпостарын орындаушылар «аәд» және «рапсод» болып екіге бөлінген. Бұндағы «аәд» қырғыздың жомоқшылары секілді әпосты творчестволықпен өндей отырып айтатын болса, «рапсод» тек жырдың жаттап алған үзінділерін ғана орындаі алады<sup>87</sup>.

Қарақалпақтың батырлық әпостарын орындаушы жырауларының ішінде ең үздік шыққандары «өгіз жырау» деп аталады. Мысалы, «Алпамыс» жырының бір вариантын қарақалпақ фольклорисі Қ. Айымбетов 1934 жылы Хожаберген Ниязов дейтін «өгіз жырау» атанған орындаушыдан жазып алған<sup>88</sup>. Бұл атақ ең айтқыш жырауға беріле тұрса да, оның неліктен «өгіз» болып аталғанын зерттеуші тусіндірмейді<sup>89</sup>. Мүмкін

<sup>86</sup> Жирмунский В. М. Некоторые итоги изучения героического эпоса народов Средней Азии. — Сб.: Вопросы изучения эпоса народов СССР, с. 33.

<sup>87</sup> Толстой И. И. Аэды Античные творцы и носители древнего эпоса. М., 1958, с. 11—12.

<sup>88</sup> Алпамыс. Төрткүл — Ташкент, 1941.

<sup>89</sup> Қарақалпақтың халық жыраулары туралы жазған докторлық еңбегінде Қ. Айымбетов бұл ретте мынадай сездермен

бұл түркі нәсілді халықтардың арғы атасы саналатын мифологиялық «оғыз қағанның» есімімен де байланысты болар<sup>90</sup>.

В. В. Бартольд өзінің «Жетісу тарихының очеркі» дейтін еңбегінде Қарлықтар заманындағы түркі империясына кіретін тайпалардың шығыста да, батыста да қолданылатын *оғыз* деген атауының болғанын, этонимиялық жағынан ол *түркі* сөзінің синонимі ретінде айтылатынын мәлімдейді. Яғни бұл сөз сонау VI—VII ғасырларда жалпы түркі халқының атын білдіретін этоним болған<sup>91</sup>. Бертінгі кезде халықтың генетикалық жағынан өсіп-өркендеуі нәтижесінде аталған термин түркі халықтарының белгілі бір тобының ғана атауы болып қалған. Ал қарақалпақтарда тек аты шулы жырауларға қойылатын атақ есебінде ғана сақталған болуы тиіс, өйткені бұл халық осы күні қолданылып жүрген ғылыми класификация бойынша оғыз түркілері емес, қыпшақ түркілерінің тобына жататыны белгілі<sup>92</sup>.

Біз қарақалпақ жырауларына берілетін бұл атауды оғыз түркілерінің тіліндегі *оғыз-наме* атты терминмен байланысты деп білеміз. Бұл терминнің мәнін А. К. Боровков былайша түсіндіреді: «У народов огузского происхождения мудрые изречения и эпические былины в древности одинаково назывались *огуз-наме*. В. В. Бартольд привел ссылку из словаря XVII в. *Шуури*, в котором пояснялось забытое теперь у туркмен слово *узан*. В ссылке указывалось, что этим словом «называют по-туркски разряд людей, играющих на тамбуре, поющих песни-турки и сказывающих огуз-на-

---

гана шектеледі: «Богатырский эпос «Алпамыс» начинается словом «Кунград», что показывает его происхождение. Самым лучшим исполнителем его был «Огиз-джирау» (Аимбетов Каллы. Каракалпакские народные сказители. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. Ташкент, 1965, с. 17).

<sup>90</sup> Бұл жөнінде мына кітаптарды қараңыз: Щербак А. М. «Огуз-наме», «Мухаббат-наме». М., 1959; Кононов А. Н. «Родословная туркмен». Сочинение Абулгази хана хивинского. М.—Л., 1958.

<sup>91</sup> Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. Фрунзе, 1943, с. 20—21.

<sup>92</sup> Баскаков Н. А. Тюркские языки. М., 1960, с. 224—225.

ме»<sup>93</sup>. Демек, бұндағы огуз-наме, узан деген сөздердің қарақалпақтағы «оғыз-жырау» болып аталатын дастарның лармен генеалогиялық байланысы бары сөзсіз.

Қысқасы, қай халықта болмасын әпостың орындаушыларын киелі, аруақты санап, оларды өлең айтқанда жаратушы тәңірінің өзі қолдан отырады деген түсінік туған. Тіпті, әпосты орындаушы жыраулардың өздері де өз өнерін тәңірдің берген сыйы деп ойлаған В. В. Радлов өзінің «Терістік түркі тайпаларының халықтың әдебиетінің үлгілері» деп аталатын айтулы еңбегінде қыргыз жыршысының осындай мифологиялық ұғым-түсінігін былайша суреттейді: «Когда я спросил одного из лучших кара-киргизских певцов, может ли он мне пропеть ту или другую песню, он отвечал мне: «Я могу спеть какую бы то ни было песню, так как бог наделил меня искусством пения, он влагает в мои уста слова и мне не приходится искать их; я не выучил ни одной песни, все вытекает из меня»<sup>94</sup>. Монгол әпосын орындастын «тульчи» дейтін жыраулардың түсінігі де осы тәріздес екенін В. Владимирцев те атап көрсетеді<sup>95</sup>.

Жоғарыдағы көрсетілген еңбегінде академик И. И. Толстой Гомердің «Одиссеясынан» мынандай үзінділер келтіреді: «Я самоучка,— восклицает, обращаясь к Одиссею, аэд Фемий,— разнообразные песни вложил в мои мысли бог. В почете иуважении у всех людей на земле аэды, потому что петь научила их возлюбившая племя аэдов Муза».<sup>96</sup> Автор эпос ішінде

<sup>93</sup> Боровков А. К. Вопросы изучения тюркоязычного эпоса.— Сб.: «Вопросы изучения эпоса народов СССР», с. 69—70. Бұл айтылған «узан» сезіне Л. З. Будагов та осы тәріздес түсінік береңіді. Қараңыз: «auzan» — название класса людей или племени, которые, играя на гитаре, поют песни и читают предсказания. Автор бұл түсінікtemені Фергенги-Шу'ридің Константинопольде шыққан парсыша-турікше сөздігінен алғанын көрсетіп, араб әрпімен жазылған мынадай анықтама келтіреді: «Бир тайфе дур, танбуре чалуб тюрки сөйлерлеру, оғуз наме оқырлар, түркиде узан дидклар дур» (транслитерация біздікі. — Е. Ж.); Будагов Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, т. I. СПб., 1869, с. 131.

<sup>94</sup> Радлов В. В. Образцы народной литературы северных тюркских племен, ч. V. СПб. 1885, с. 17.

<sup>95</sup> Владимирцев Б. Я. Монголо-ойратский героический эпос. Пг. — М., 1923, с. 29—30.

<sup>96</sup> Толстой И. И. Аэды. Античные творцы и носители древнего эпоса, с. 12.

аәд дегенниң тұрақты әпиттеті болып қолданылатын сөз — «тейос» дейді. Бұл орысша аударғанда «божественный» деген мағынаны білдіреді, яғни тәңір жаратқан дайтін анықтаушы<sup>97</sup>. Демек, эпос шығармасының көнелігі оны орындаушы адамдарға қойылатын атаулардан да көрінетінін атап өтпекшіміз.

Сонымен, келтірлген деректерді жинақтай келе, мынандай қорытындыға саямыз: өнер алғашында адамдардың анимистік түсініктеріне сәйкес санасыз пайда болған. Соңдықтан ол көпке дейін жіктеліп, сараланбай, адам баласының сырьы жұмбақ құштерге қарсы жұмсайтын құралы есебінде өмір сүрген. Ал адамдар ғажайып құбылыстардың мәніне кем-кемдеп түсіне берген. Осының арқасында адамның табиғатқа үстемдігі арта түскен. Міне, сол кезден-ақ ол өзінің жеңістерін мақтандыш ете бастаған<sup>98</sup>.

Адам өзінің ерлігін, тапқырлығын дәріпте, өзгелерге пащ ету үшін, бұрынғы басынан өткен істерді, сонымен байланысты жасаған қимыл-әрекеттерін қайтадан бейнелемекші болған. Оның бұл тұстағы әрекеті енді саналы түрде өткенді елестету, яғни ойнау тәрізді. Бұндай ойындардың мазмұны, негізінен, табиғатқа еліктеу, жанды-жансыз нәрселердің қимылын, дыбысын шама келгенінше дәл, ұқсас етіп қайталаумен шектелген. Алайда сол ойындардың нәтижесінде алғашқы примитивті өнер түрлері дүниеге келген.

Әрине, бұл процесс қысқа мерзімнің ішінде аяқталған жоқ. Маркстың айтуынша, тағылық дәуірі мен варварлық дәуірінің ең тәменгі сатысы адам баласының жер бетіндегі бүкіл өмірінің бестен төрт бөлегіндей мезгілді қамтиды. Осы варварлық дәуірдің тәменгі сатысында адамның ең жоғарғы қасиеттері дами бастады деп көрсетеді ол. Мәселен, адамның жеке басын қасиеттеу, сөз шеберлігі, діни сенімдер, турашылдық, ерлік, батырлық бұл кезде адамның мінез-құлқының жалпы белгілері болып алған. Сонымен бірге бұл кезде қатыгездік, екіжүзділік, фанатизм сияқты қасиеттер де пайда болған. Дін саласында: табиғаттың дүлей құштеріне сыйыну, әр түрлі құдайлар мен жаратушы ұлы күш туралы, булдыр түсініктер де; при-

<sup>97</sup> Сонда.

<sup>98</sup> Буслаев Ф. И. Сочинения, т. II. СПб., 1910, с. 55.

митивті өлең үйқастары да, ортақ үйлер мен маис да-  
қылынан пісірілген нан да бәрі де осы кезде пайда бол-  
ған нәрселер.

К. Маркс көркем өнердің басын да осы кезеңге  
жатқызады. Ол былай деп жазады: «Воображение,  
этот великий дар природы, так много содействовавший  
развитию человечества, начало теперь создавать непи-  
санную литературу мифов, легенд и преданий, оказы-  
вая уже могущественное влияние на человеческий  
род»<sup>99</sup>.

Демек, болмыс дүниесі жайында қоғамның даму  
сатыларының бастапқы кезеңдерінде пайда болған  
діни түсініктер алғашында сананың ырқынан тыс көр-  
кем туындылардың жарық көруіне себепші болған  
болса, кейіннен халық бұқарасының саналы жолмен  
туғызатын өнеріне де арқау болған. Бұған діни сенім-  
дердің халықтық туындыларға қосымша элемент есе-  
бінде енуі де айқын мысал бола алады. Мифология  
ұзақ уақыт халықтың аңыздарын дамытушы, жетіл-  
діруші фактор болып келгендігін жоғарыда айттық.  
Миф тудырған образдар эпос геройларынан анағұр-  
лым бұрын пайда болған. Оған қиял-ғажайып ертегі-  
леріндегі «мерген», «ер», «батыр», т. б. кейіпкерлердің  
берідегі эпоста, батырлар жырларында аты аталатын  
образдардан әрірек замандарда туғаны, тарихтан бұ-  
рынғы дәуірлер тумалары, алыс заман айғақтары еке-  
ні дәлел болады.

Алайда адам баласының санасы ер жетіп, табиғат  
пен қоғамды миф тұрғысынан аңыздау тоқталғаннан  
кейін де әуел бастағы мифологиялық образдар көркем  
шығармалардан бірден түсіп қала қоймайды. Қайта  
олар жаңа жағдайға сай жақаша мазмұнға ие болып  
шындық өмірдің нақты құбылыстарын бойына жинақ-  
таған, бастапқы діни мәнінен арылған көркем образ-  
ретінде қолданылатын болады. Эрине, мифологиялық  
образды бұлайша көркемдеуде де белгілі бір шек жок  
емес. Замана ағымының ыңғайымен болатын экономикалық  
және мәдени өзгерістер мифтік образдардың өмір  
шындығына үйлеспейтіндігін айқындаған күнде  
олар (образдар) халықтың жаңа, кезеңде туғызатын

<sup>99</sup> Маркс К. Начало мифологии и эпоса.— Сб. «К. Маркс и Ф. Энгельс. Об искусстве». М., 1957, с. 270—271.

өнеріне қажетті элемент болудан қалып, жансыз, стеоретиптенген кейіпке түседі, уақыт сарынына үн қоса алмайтын болып ескіреді.

Бұл айтылғаның нақты мысалдарын осы өзіміз сөз етіп отырған «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырынан да кездестіреміз. Жырдағы миф элементтері мен ертегілік мотивтерге әдебиет зерттеушілері де өз тұснан тиісінше мән беріп келгендігі мәлім. Мысалы, Ә. Қоңыратбаев «қазақ эпосында, әсіресе, «Қозы Қөрпеш» сюжетінде ислам әсері аз да, шаманизм ұғымы молдау, миф элементі жоққа тән болса, ол табиғатты, жан-жануарды символдау түрінде ғана кездеседі»,<sup>100</sup> — деп жазса, белгілі ғалым Қ. Жұмалиев осы фактілердің негізінде жырдың тарихын меңзеуге болатынын айтады. Оның пікірінше: «Жалпы ауыз әдебиеті есқі түрінің бірі ертегі болса, сол мотивтердің эпос, лиро-эпостарда жиі ұшырауы оның ескілігін дәлелдейді... «Қозы Қөрпеш — Баян сұлудың» кейбір вариантында кездесетін қырық бөрі, қалың тогай тәрізді жәйттер ертегілік мотивтердің»<sup>101</sup> іздері болса керек. Шынында да «Қозы Қөрпеш — Баян сұлуда» әредік кездесіп қалып отыратын кейбір образдар ертегілік сюжеттердің дағдылы көріністерін еске салады. Мәселен, В. В. Радлов варианттындағы:

Темір кебіс Қозыкем киіп алды,  
Темір таяқ қолына ұстап алды.—

болып келетін суреттеуден көптеген ертегілік мотивтерге тән «темір етік теңгедей, темір таяқ тебендей» деген секілді образды аңгарсақ, жырдың Жанақ ақыннан тараған нұсқасындағы:

Жар бойында бар екен жарты лашық,  
Қашып барып сақауың қорғалайды,—

дейтін жолдардан белгілі «Ер Тестік» ертегісінің ғажайып кейіпкері перінің қызы Бекторы тігетін жар басындағы жарты лашық көрініс береді. Бірақ ертегі-

<sup>100</sup> Қоңыратбаев Ә. Қазақтың «Қозы Қөрпеш» жыры туралы (монография), 10-б.

<sup>101</sup> Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, 1958, 160-б.

дей емес, эпос тілінде сақталған бұндай мотивтердің әрі көркемдік бояуы солғын әрі жыр сюжетіне қатысы кездейсоқ болады.

Мифологиялық қоспалардың табигаты, әсіресе, жырдың әр алуан халықтарға таралған версияларын өзара салыстыра зерттегенде айқын танылады. Бұл түсінікті де. Себебі, қоғамдық дамудың белгілі бір ерекшеліктеріне сәйкес бір халықта жойылып кеткен тілдік, әдебиеттік құбылыстар екінші бір халықта ұзағырақ сақталып қалады. Мысалы, алтайдың «Қозын-Эркеш» жырын қазақ эпосымен салыстыра зерттеген С. С. Каташ мынандай жәйттерді баяндайды: «Козын-Эркешу» в большей степени, чем казахскому эпосу, присуща архаичность. В нем сохранены элементы шаманизма (наличие добрых и злых духов, мотивы заклинаний, оборотничества, превращение героев в зверей, заморышей и т. д.), а также многочисленные мифологические образы: Ульгенъ — бог неба, Эрлик — подземный бог, духи земли, рек и т. д.»<sup>102</sup>.

Ал қазақ жырында бұл секілді ғажайыптар дүние-сі кездеспейді, тек олардың бір кездегі ізін ғана аңғартатын сөз қолданыстары қалған.

Кезім жасы көл-дария бар-ды, балам...  
Қайғылының қырық бері бар-ды, балам...  
Аспанменен сөйлескен тау бар, балам...  
(Березин)

Таза мифологиялық сипаттағы кейбір көріністер жырдың Радлов, Жанақ нұсқаларында аздап сақталған. Онда Қозының атына тіл бітіп:

Тәуіп қылыш жүре бер оң көзіме,  
Кекілімнен бір қылды тұтатқанда,  
Сонда пайды болармын мен өзіце, —  
(Радлов)

дейтін жолдар, сондай-ақ Қозының керуен басыдан үйреніп, түсін құбылтатын (Жанақ) моменттер бар.

Алайда басқа реттерде жырдың әуел бастағы мифологиялық кейіпкерлері қоғамдық сананың даму

<sup>102</sup> Каташ С. С. Алтайские варианты эпоса «Козы-Корпеш и Баян слу». — Сб.: Народный эпос «Кузы-Курпес и Маян-Хылу». Уфа, 1964, с. 89.

дәрежесіне сай реалистік бейнелерге, материалистік пайымдауларға ауысқан. Мысалы, жырдың башқұрт тіліндегі нұсқасында Мяскай атты сөүегей кемпір бар. Оған Қозы Қөрпеш келіп жолығып, алдын болжатқанда, кемпір одан неше бала болатынын, олардың қанша рулы ел болып өсіп-өнетінін түгел айтып береді. Жырдың қазақ арасындағы нұсқасында да бір кездері осындай мыстан (Мяскай) кемпір болғаны аңғарылады. Өйткені, осы сюжеттің 1910 жылы Кастанье орысшалап бастырган нұсқасында Қозының жолын бөгейтін көп кедергілердің бірі мыстан кемпірдің әрекеттері болады. Алайда жырдың кейінгі редакцияларында мыстанның ролі өзгере бастаған. Мәселен, Ильминский жазып алған нұсқада Қозыға түсінде әкесі келіп аян беріп, жол сілтегенде:

Аяқөзді бағыпты ақсақ кемпір,  
Сол кемпірден білерсің анық сөзді, —

деп кетеді. Соңынан Қозы кемпірге келіп ойын сынатқанда, ол ойындағысының бәрін дәл тауып айтып береді. Сонда Қозы тұрып:

Енеке, уәлі ме едің, дайыр ма едің?  
Тағы да айтшы әлгі сөзінді-ай, — деп,

ғажапқа қалады. Алайда кемпірдің бұндай ғажайып қасиеті болғанымен, оны жыршы мыстан деп атамайды. Ал енді жырдың Радлов жазып алған нұсқасында осы кемпір кәдімгі адам болып суреттеледі, тіпті, ол Қозы мен Баянның кіндік шешесі болып шығады. Сондықтан оларға әрдәйім жақсылық істеп, жәрдемін тигізіп жүреді.

Бір сөз айтсам, балам-ау, күлермісің,  
Біздікінде аялғып жүрермісін.  
Баян қызың күйеуі сен болғанда,  
Кіндік енең мен едім, білермісің?

Сөйтіп, жырдың қазақ тіліндегі нұсқаларында әуел бастағы мифологиялық мыстан кемпір бірте-бірте реалды кейіпке түсіп, кәдімгі адам образына ауысқан.

Сол сияқты, қазақ жырындағы Сарыбайдың буаз марал ататын оқиғасы да басқа халықтардың әпосында

мифологиялық сипатта суреттеледі. Айталық, қазақ әпосында Қарабай мен Сарыбайдың алдынан душар болатын марал буаз болғандықтан, аңшылар оны атуға обалсынып, үйдегі әйелдеріміз де осы халде еді дейтін болса, алтай жыршысы Николай Улагашев айтатын «Козюке и Баян» атты дастанда Ақханның (салыстыр: Сары хан) көздел тұрған маралы кенет адамша сәйлеп қоя береді:

Эрке Тана абакайын,  
Мен чилеп ок,  
Айы-куни иедип келген,  
Әмчек суди саамчып қалган,  
Эрке уулын сакып иат! <sup>103</sup>

Яғни, мағынасын қазақшалап аударғанда былай дейді:

Сенің де Ерке Тана атты әйелің,  
Мен сияқты болып,  
Айы-күні жетіп отыр,  
Емшек сүті шапшып қалыпты,  
Ерке бір ұлды сақтап жатыр...

Міне, осы сөздерді есіткен Ақхан маралды атпай қоя береді. Егер халық жырында Сарыбайдың өлімі осы маралдың киесінен тәрізді болып көрінсе, алтайларда ол баласының тойында атқа шауып жүріп, тасқа құлап өледі. Алайда қазақ жырында оны нақтылықие соқты деген тұжырым жоқ, ондай ұғым тек жолжөнекей ғана аңғартылады:

Екі бұзау аңырады жетім қалып,  
Бейне балаң аңырасын мендей болып.  
(Радлов)

Бірақ қазақ нұсқасында кездесетін марал негісінен хайуанат қана. Тек өлеңші Шөженің нұсқасында ғана оны діни түсінікпен көмкеріп, былайша баяндайды:

Екі бай аңға шыққан мерген еді,  
Алдынан буаз марал кез келеді.  
Баба тұкті шашты әзиз марал екен,  
Сол жерде атқызбай-ақ жөнеледі...

<sup>103</sup> Алтай жырының бұл үзіндісі С. С. Каташтың жоғарыда аталған мақаласынан алынды. — Сб.: «Народный эпос «Кузы-Курпес и Маян-Хылу», с. 92.

Жалпы Шөже жырында дін сарынының басымдылығын ескерсек, бұл келтірлген шумақтағы көріністі де ежелгі мифологиялық ұғымнан туған деп қарамай, кейінгі мистикалық қоспа деп тануға мәжбүр боламыз.

Жырдың ол бастағы мифологиялық арқауын татар тіліндегі нұсқадан да байқауға болады. Мысал үшін мынадай мотивтерді салыстырып көрелік.

Қазақ әпосында Қарабайдың Қозыға қызы бермеу себебі аса дәлелді емес. Қебінесе оның түп-тамыры тек:

Қызымды жетім ұлға бермеймін, — деп

Қарабайдың көше қашып кетуімен түсіндіріледі. Ал жырдың Жанақ нұсқасында Қарабай бесіктегі бала-ның дидарынан шошиды. Қараңыз:

Ақымақ шал ессіз үйге кіріп келсе,  
Жөргекте Қозы жатыр айдай болып...  
Ақымақ шал ақылы жоқ жаман састы,  
Қозыдан қорқып, итті қара басты.  
«Мени жұтар жалмауыз туыпты», — деп  
Тантық шал бақа айғырға міне қашты.

Міне, себептің бірі осы. Алайда кейір зерттеушілер, мысалы Ә. Қоңыратбаев, құдалық шартының бұзылуы бір жағынан дәulet теңсіздігіне де байланысты деп қарайды. Себебі, жырдағы:

Әкеден жаста қалған Ер Қозыке,  
Ит тістеген сүйекті кеміреді, —

деген жолдарға ой жүгірткенде, Қозының үй-ішінің Сарыбай өлгеннен кейін күйзеліске ұшырағаны байқалады. Бірақ бұл екі жолдың жалпы жыр сюжетіне байланысы қазақ нұсқаларынан онша айқын аңғарылмайды. Қерісінше, бараба татарларынан жазылып алғынған вариантарда аталған құбылысқа (Ит тістеген сүйекті кеміреді) айрықша мән беріліп, ол Қарабайдың қызы бермеуіне аса мықты дәлел болған. Мысалы, бараба татарларының арасынан В. В. Радлов жазып алған жырда Қозы шешесіне еріп Қараханның үйіне келеді. Есіктен кіре берген бала байқаусызда босағаның түбіндегі итке сүрінеді. Бұны көзі шалып қалған

Карахан іштей жаманшылыққа жориды да, соқыр сенімнен қоркып, күдалықтан бас тартады.

Татар зерттеушісі Х. Х. Ярмухаметов осы жырдың бір нұсқасын 1940 жылы Сибирьдегі «Ерік» колхозының мүшесі, 77 жасар Хасан Каримовтан жазылып алғынғанын, онда жаңағы мотивтің тіпті тереңірек сипатталатынын айтады. Ол былай деп жазады. «Мать Козы Курпеша вынуждена обратиться за помощью к Карап-хану, хотя в душе и не верит ему. Но Карап-хан не принимает мать с сыном. В это время его слуги кормят на дворе собак. Маленький Козы-Курпеш, незаметно выскользнув из рук матери, подползает к собакам и берет руками посуду, из которой они лакают кислое молоко...»,<sup>104</sup>

Осылайша жаман ырымның жоралғысы Карабайды шошытып, сертінен тайдырады.

Сонымен қазақ жырын алтайдың, башқұрттың, татардың осы алуандас сюжеттерімен салыстырғанда эпос құрамында сакталған мифологиялық ой-сананың кейбір жүқаналарын толығырақ түсінуге, әуел баста оларға телінген идеялардың қандайлық өзгерістерге үшірап, уақыт елегінен қаншалықты сүзіліп шыққанын шамалауға бірқатар мүмкіндіктер туады. Мәселен, жогарыда келтірілген деректерден мифологиялық образдардың эволюциясы айқын сезіледі. Яғни, татар тіліндегі нұсқада сөз болатын тұтас бір көріністен қазақ жырының құрамында не бары жалғыз жол өлец (Ит тістеген сүйекті кеміреді) ғана сакталған. Оның озі де әуелгі мифтік мәнінен арылып, жай ғана бір эпос тілінің дәстүрлі «тас-кесегіне», фольклор шығармасында үшірай беруі мүмкін ортақ клишеге айналған.

Әрине, әдебиеттік тұрғыдан алғанда бұндай болмашы деталь эпостың идеялық-көркемдік сапасына айтарлықтай әсер етпеуде, тіпті түсіп қала беруі де мүмкін.

Бірақ ауыз әдебиетінің ішінде жиі кездесіп отыратын бұл секілді архаикалық «тас-кесектердің» көркемдік құны төмендегенімен де, тілдік тұрғыдан олардың

<sup>104</sup> Ярмухаметов Х. Х. Сказание «Козы-Курпеш и Баян-сылу» в устном творчестве сибирских татар. — Сб.: Народный эпос «Кузы-Курпес и Маян-Хылу». Уфа, 1964, с. 83.

табиғатын танудың пайдасты жоқ емес. Көрініше, фольклордың тілін зерттеудегі негізгі лингвистикалық объектілердің бірі де осылар болуы тиіс.

Алайда бұл жерде ескерте кететін бір жәй бар, ол — мифтің эпос шығармасынан алатын орны. Халықтың мифологиялық түсініктері эпосты туғызуда қаншалықты маңызды роль атқарғанымен де, еш уақытта ол шығарманың негізі бола алған емес. Ол тек эпостың қосалқы элементтерінің бірі ретінде ғана шығармадан өзіне тиісті орын алады. Өнердің басқа түрлері тәрізді эпостың да негізі болатын нәрсе — халықтың өмірі. Эпос осы халық өмірінің алуан сырлы жақтарын өзіне тән қайшылықтарымен қоса, тұтастыра қамтитын әнциклопедиялық туынды. Бұған қырғыздардың «Манас» эпосына Шоқан Уәлиханов берген анықтама айқын мысал бола алады. Онда былай делінген: «...Манас — бір кезеңге және бір адамның, Манас батырдың төңірегіне жинақталған қырғыздардың барлық ертегілерінің, азыздарының, ескі нақыл сөздерінің әнциклопедиялық жинағы. Бұл — дала Илиадасы сияқты нәрсе. Бұл орасан зор жырда қырғыздардың тұрмыс қалпы, әдет-ғұрпы, салт-санасы, географиясы, діни және медициналық түсініктері, олардың халықаралық қатынастары баяндады...»<sup>105</sup>.

Міне, жырға осылайша баға бергенде Шоқан Уәлиханов миф элементтерін көрмей-білмей отырган жоқ. Өйткені «Манас» қазақ эпосының қай үлгісімен салыстырғанда да миф образдарына орасан бай шығарма. Басқа бір ретте Шоқан бұны атап көрсетеді де. Мысалы, қазақ арасындағы шаман дінінің қалдықтарын сөз ететін мақаласында былай деп жазады: «Қырғыздардың «Манас» деген ел жыры болған поэмасындағы батырлардың бәрінде арбау қасиеті бар, — дейді ол табиғаттағы киелі күштер туралы айта келіп, — олардың, тіпті, аттары да ақылды, тіл билетін аттар және олар өзгеріп, құсқа, тағы басқа заттарға айналып та кетеді. Олар «арбын-құлын», — «сиқырлы ат» деп аталаады»<sup>106</sup>. Осыны айта тұра Ш. Уәлиханов эпостың негізі болған мотивтер тек миф элементтері емес,

<sup>105</sup> Уәлиханов Ш. Мақалалары мен хаттары. Алматы, 1948, 103-б. (қазақ тілінде).

<sup>106</sup> Сонда, 31-б.

халық тұрмысының неше алуан құбылыстары екенін санаң береді.

Фольклористика тұрғысынан алғанда да эпос шыгармасының құндылығы, негізінен, белгілі бір халықтың өмірін реалистік мәлімет беруіне қарап айқындалады<sup>107</sup>. Ал мифология болатын болса, адам баласының ең ерте заманғы ұғым-түсініктерінің, дүниені танып білудегі ой-өрісінің өте ескі көрінісі болғандықтан, тек эпос емес, қоғамдық сананы баяндайтын өнер атаулының бәріне де бірдей ортақ, бәріне де қатысы бар. Миф элементтерін халықтың поэзия, музыка би төрізді көркем туындыларының қай-қайсысынан да табуға болады. Демек, ол эпостың шығармаға сол өзінен бұрынғы көркем туындылардан сүзіліп барып, әуел бастағы өң-бояуын едәуір өзгертіп, солғында жетуі тиіс.

Мифтың эпос құрамынан алатын орнын және оны зерттеудің нақты жолдарын академик М. Әуезов жақсы түсіндіріп өткен. Ол қырғыздың «Манас» эпосына арнаған еңбегінде мынандай кесімді пікір айтады: «Никто не предлагает отказываться от определения мифических элементов, коль они присутствуют в составе «Манаса». Но не нужно преувеличивать их долю в эпосе, потому что нет за ними примата в качестве древнейшего, т. е. основного слоя на данной почве. Они должны быть установлены, изучены наравне с элементами историческими, историко-литературными, этнографическими, лингвистическими и так далее»<sup>108</sup>.

Өнердің жалпы пайда болу, даму жолдарына көз жібергенде бұл процесті анығырақ көруге болады. Әрине, біз бұл жерде бүкіл өнер атаулының пайда болу тарихын бастаң-аяқ баяндаш шыға алмақ емеспіз және ол біздің міндеттіміз де емес. Сондықтан эпоспен жарыса, тіпті, одан бұрыннырақ өмір сүрген өнер түрлеріне аса көп тоқталып жатпай-ақ, төтелеп өз тақы-

<sup>107</sup> Бұлай дегенде біз эпостың көркемдік мәнін назардан тыс қалдырмақ емеспіз. Қайта осыған орай В. Е. Гусевтың мына сөздерін еске сала кетеміз: «...для марксистско-ленинской эстетики характерно восприятие фольклора и как художественного по своей природе явления, где энциклопедический комплекс воззрения выражается в художественно-образной форме» (Гусев В. Е. Проблемы фольклора в истории эстетики. М. — Л., 1963, с. 184).

<sup>108</sup> Ауэзов М. Мысли разных лет, с. 517.

рыбымызға ойыспақшымыз. Дегенмен де эпосты, әсіресе, оның тіл ерекшелігін зерттеу үшін өнердің бұл арнасының басы қайдан басталатынын еске түсіре кетудің қажеттігін де атап көрсетеміз<sup>109</sup>.

<sup>109</sup> Орыс «былиналары» мен украина «думаларын» тексеруші белгілі маман М. М. Плисецкий эпос тарихын зерттеудің мақсаттары жайлы былай деп жазады: «...мы, родившиеся через тысячи лет после возникновения многих народно-поэтических жанров, мало задумываемся над тем, почему народ их создавал. А между тем для того, чтобы разобраться в истории жанров, в том числе и героического эпоса, нужно понять, с какими потребностями общества связано их возникновение» (Плисецкий М. М. Историзм русских былин. М., 1962, с. 126).

## *Екінші таралу*

### **ЭПОС ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Эпос туындысы қаншалық есік болса, оның тіліндеңі өркешеліктер де соншалық мол. Әрине, бұл жағдай эпостың тілін елден ерек оқшаулап жібермейді, қайта оның әуел бастан халықтың, тарихи категория екенін аңғартады. Эпос халықтың рухани мәдениетінің мол көзді арнасы болғандықтан, оның тілі де өзін тұтынған халықтың өткендегі өмір жолын сәулелендіріп, ол жайындағы таптырмас деректерді бойына жия, сақтай отырады.

Ерекшелік атаулының түрі көп. Фольклорды көркем әдебиет туындысы ретінде зерттеушілер эпос жырының кестесін, кейіпкерлерінің мінез-құлқы мен кескін-кейпін осы күнгі әдебиет шығармаларымен салыстыра қарап, ауыз әдебиетіне тән өзіндік қасиеттерді атап көрсетеді. Эпос поэзиясының жазба әдебиетке жанасатын моменттерін атайды, үлгі-ғибрат сарындарын ескереді.

Ал тіл мамандары жырдың тіл байлығына, басқаша айтқанда оның лексикалық қорына назар аударады, қазірде ұшыраса бермейтін айшықты, әсем сөз орамдарын тереді, бұл күнде сіріленген, архаизм қатарына өтіп кеткен лексикалық, грамматикалық тұлғаларға, сөз бен сөзді байланыстыруышы ежелгі синтакстік амал-тәсілдерге дең қояды. Сөйтіп, өткенді осы күнгі ой елегінен өткізе келіп, тіліміздің даму барысын бағдарлайды, сөздік қорымыздың толысу жолын меңзейді.

Әйтсе де, лингвистер тарапынан фольклор тілін

дербес объект ретінде зерттеу ісі айтарлықтай жүзеге асып жатыр дей алмаймыз. Бұл ретте әзірінше тек бір-екі ғана ғылыми-ізденістің атын атауға болады<sup>1</sup>. Оның бірі — Қазақ ССР Ғылым академиясының мүшес-корреспонденті Э. Қайдаровтың қазақ эпосында суреттелетін батырлардың сауыт-сайманы мен жау-жарағының атауларын этнолингвистика түрғысынан түсіндіретін ғылыми еңбегі де, екіншісі — «Қазақ тілінің жауынгерлік лексикасы» деген тақырыпта Т. Бай-жанов қорғаған кандидаттық диссертация. Алайда біз сөз еткелі отырган ерекшеліктердің табиғаты бұлардан басқарап. Біздің жұртшылық назарына ұсынарымыз эпостың тіліндегі кейбір лексикалық, грамматикалық ерекшеліктер болмақ.

## Диалектілік ерекше қолданыстар

Қазіргі ғылыми әдебиетте фольклор тілінің проблемасы екі аспектіде қаралады. Оның біріншісі — ауызекі поэзия үлгісіндегі тілдің стильдік және формальді-грамматикалық ерекшеліктері, олардың фольклор түйнідісінде тән сипаты болса, екіншісі — ауызекі поэзия тілінің әр алуан диалектілермен қарым-қатынасы. А. Н. Веселовскийдің пайымдауынша, әдетте, ертек белгілі бір диалект тілмен айтылады да, поэзия, оның ішінде де көтеріңкі, «асқақ» поэзия әдеби сипаты бар тілмен айтылады<sup>2</sup>. Ғалымның өлең ішінде тілдің көне тұлғалары анағұрлым жақсы сақталатындығы жөнінде тарихи диалектология деректеріне сүйеніп айтқан ескертпелері де фольклор поэтикасының ерекшеліктерін танып білуге үлкен септігін тигізеді.

Дәстүрлі фольклор түйнідісінде белгілі дәрежеде орындаушы тілінің ерекшелігі де сақталады. И. А. Осовецкий айтқандай: «Эрбір фольклор шығармасын жыршы (айтушы) өзі меңгерген диалектіге сай орындағанымен, сол диалектінің аясынан анағұрлым асып,

<sup>1</sup> Кайдаров А. Т. Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этнолингвистическое объяснение. — «Известия АН КазССР, сер. общественная», 1973, № 6, с. 25—34; Байжанов Т. Военная лексика в казахском языке. Автореферат. Алма-Ата, 1973.

<sup>2</sup> Веселовский А. Н. Историческая поэтика. Л., 1940, с. 358.

шығандап кетіп отырады»<sup>3</sup>. Басқаша айтқанда, халық өлеңдерінің асқақ жанрларын орындау үшін сөйлеудің диалектіден гөрі ауқымды формасы қажет болады. Ондай форма өзінің сырткы сипаты жағынан жалпы халықтық тілдің әдеби нұсқасына жақын болады да күнделікті тұрмыста қолданылатын қарым-қатынас тілінен ерекшеленіп тұрады.

Әпос жыры өндөліп, толығып отырады. Өйткені жыршының жадында әлденеше дайын толғау үлгілері болады да, сол қалыптасқан жаттанды модельдерді бірде шалқыта, ұлғайта, енді бірде — тұжырымдай, ықшамдай айтатын эпик ақын әрдайым жыр тексінің жаңа композициясын құрады. Ал бұл іске жыршы-импровизаторлардың талай буыны «творчестволықпен ат салысатының ескерсек»<sup>4</sup> онда зерттеушінің назарына тек белгілі бір сюжеттің эволюциялық дамуы ғана емес, соған қоса жырдың құрамында қат-қабат лексикалық-семантикалық қорлар туғызуши процестердің ілігері де сөзсіз.

Орыс былиндары тілінің тұрақтылығын А. П. Евгеньева былайша түсіндіреді: «Көркемдігі жоғары ауызекі поэзияның негізгі әрі аса маңызды лексикалық құрамы болады. Ол құрам сонымен бірге тілдің барлық говорларының (аймақтық аяларының) да негізгі әрі аса маңызды үйтқысы болып табылады. Осыған орай былинаның сөз жүйесі де, негізінен, тұрақты келеді»<sup>5</sup>.

Әпостағы диалектілік белгілер сырттан келген, кейінгі кездің қоспалары емес, шығарманың бүкіл өн бойын көктеп өтіп жатқан, бөлінбейтін табиғи бөлшектер. Яғни, әпос құрамындағы диалектизмдер мейлінше алуан тексті тіл құбылыстары. Өйткені әпостың бастапқы арнасы бір диалектіге негізделгенімен, жалпы халықтық мұраға айналар шақта ол әлденеше диалектіні қамти отырады. Сөйтіп оның сөз құрамы диалектіаралық сипатқа көшеді. Эпос туындысы аймақтық тар-

<sup>3</sup> Оссовецкий И. А. Об изучении языка русского фольклора. — «Вопросы языкознания», 1952, № 3, с. 106.

<sup>4</sup> Ауэзов М. Ценные памятники киргизского и казахского фольклора. — «Труды Казахского института национальной культуры», т. I. Москва — Алма-Ата, 1935, с. 126.

<sup>5</sup> Евгеньева А. П. О языке фольклора. — «Русский язык в школе», 1939, № 4, с. 76.

шешберден шығып, әдеби тілге жақын үлгіде жырланатын болады.

Біз қазақ халқының аты шулы «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» атты лиро-эпосының бірнеше нұсқаларын өзара салыстыру жолымен жыр тіліндегі диалектілік ауытқулардың ізін барладық.

Эпос вариантының тіліндегі ішінара диалектілік ауытқулардың сипатын лексика, морфология және фонетика деңгейінде қарастыруға болады. Мәселен, жырда *айналды*//*айланды*, *жаңғыз*//*жалғыз*, *біржолата*//*біражола*, *біратола*//*біротала*, *ыссы*//*ыстық*, *күмән*//*шүмән*//*шүбә*, *ертте*//*ерле*, *жұмала*//*домала*, *жұбан*//*жауап*, *уату*//*жұбату* секілді ауытқулар көп. Олар жырдың барлық нұсқаларынан ұшырасады.

Қызықты диалектілік құбылыстардың бірі -*лық*//*-лы* қысқарымы. Егер -*лық* тұлғасы, негізінен, күнделікті қарым-қатынас тілінде жиі қолданылатын болса, -*лық* көбінесе көтеріңкі стильде, поэтик тілде ғана ұшырасады. Біз сөз етіп отырған эпос тілінде ол толық -*лық* күйінде ғана емес, қысқарған -*лы* түрінде, сондай-ақ осы соңғы тұлғаның қайталамасы ретіндегі -*лы*+*лы* форманты болып, үш түрлі қолданылады:

Ойыңызға ой салып, той *салалы*...

Ішерімізге бұ құдықтан су *алалы*.

(Березин)

Жырдың басқа вариантында осы оқиғага байланысты мынадай жолдар бар:

Қодареке, осы жерге *түсели-ли*,  
Тал керексе, бойына, *пішелі-ли*...

Кебіспен су құдықтан *ішелі-ли*...

(Фролов)

Етістіктің қалау райы бірінші жакта тұрып, көпше түрде бірде -*лық* (бара-*лық*), бірде -*лық* (бара-*лық*) болып тұлғалануын М. Балақаев «жөнімен ауытқу» деп атайды да, -*лық* тұлғасының -*лы* болып қысқаруын «жөнсіз ауытқу» дейді<sup>6</sup>. Ал енді жоғарыдағыша

<sup>6</sup> Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М. Қазақ тілінің мәселелері. Алматы, 1961, 15-б.

(-лы+лы) бір тұлғаның екі рет қайталануы сөйлеу тілінде кездеспейтін, тек эпос поэтикасында ғана сақталған тіл өрнегі.

Фонетика деңгейіндегі басқа диалектілік ауытқулар, негізінен, араб-парсы тілдерінен енген шет сөздердің дыбысталуына байланысты. Олар: *ғасы* — *асы*, *гарыз* — *арыз*, *ғұмыр* — *әмір*, *ғалам* — *әлем*, *ғаян* — *аян*, *ғашық* — *ашық* — *асық* («Біреуі жеті *ашықтың* — Қозы Қөрпеш...», «Әкем қосқан, *асық* жар сен-ді дейді...»), *ғақыл* — *ақыл* т. б. Кейбір реттерде етістіктің жіктік, көптік көрсеткіштері түсіріліп те айтылады, бірақ олардың жасырын тұрғаны айқын аңғарылады.

Өлеңнің ақиқаты *жарай* дейді,  
Сегіз ұжмақ бейнесін сарай дейді.

(Радлов)

— Торғайдың «шок» дегені — «шок  
терек» деп,  
Барлық жұрт жиылдың *жүрің* дейді.

(Ильминский)

Кемпір айтты: — Е, балам, *кірің*, —  
дейді, —  
Әзір ас бар, ішіңіз, үйде, — дейді.

(Радлов)

Осындағы *жарай-ды*, *жүрің-дер*, *кірің-із* тұлғаларының әллипсистік өзгерістерге ұшырауы жалпы сөйлеу тілімізге, әсіресе, ауызекі қолданысқа тән заңдылық.

Ежелгі түркі тілінде дауыссыз *-f(-g)* дыбысы буын ұзартқыш элемент есебінде жиі қолданылған. Ғылыми әдебиетте «пратюрская долгота» деп аталатын осы құбылыштың мысалдарын А. М. Щербак<sup>7</sup> «Оғыз қаган» жөніндегі ежелгі аңыздан (*қагар* — қар), ортағасырдағы «Құтадғу білік» дастанынан (*құлғақ* — құлак), Махмуд Қашғари сөздігінен (*қазынғұқ* — қазық, ешек — ешек) т. б. келтіреді. Қазіргі қазақ тіліндегі құмман — *құмған*, шаңырақ — *шаңғырақ*, киіз — *киіз*, диірмен — *тегермен* (тегершік — тығыршық —

<sup>7</sup> Щербак А. М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X—XIII вв. из Восточного Туркестана. М.—Л., 1961, с. 34.

тығырық) сөздерінің әр өңірде әркелкі айтылу себебі де сол созылықты — *r(g)* дыбысының кейде сақталып, кейде түсіп қалуына байланысты. «Қозы Көрпеш...» жырының кейбір нұсқаларында көмейлік -*r* дыбысының қатысуымен *ары* (әрі) түбіріне жалғанатын -*ман* тұлғасы -*маган* болып ұзарады.

Көрмесең көрге түспі, өл де, *армаган*,  
Торғайым өлтіргенің болар *маған*.

(Ильминский)

Тазша тұрып *армаган* кетті дейді,  
Қыран-топан құлдарды етті дейді.

(Березин)

Сол тазшаны *армаган* жітіріңіз,  
Жітірмесең, шақырып келтіріңіз.

(Сонда)

Әпоста ұшырасып қалатын бұндай сөз материалдарды сонымен қатар жыр тілінің тым өріден келе жатқандығына да айғақ болады.

Есімнен етістік туғызушы -*ла//ле*, -*да//де*, -*та//те* аффикстері жалғанатын сөзінің соңғы буынына және соңғы дыбысына сәйкесіп, үндесетіні мәлім. Мәселен: жер-ле, су-ла, кек-те, кеу-ле (кеу-ек), тың-да, өң-де т. б. Осы заңдылық тұрғысынан *атты ертте* деуден гөрі *ерле* деген дұрыс секілді. Себебі, ауыз жолды сонор *r* дыбысына аяқталған сөзге жалғанатын қосымша қатаң дыбыстан басталмауы тиіс. Мысалы: бар-ла, тер-ле, өр-ле т. б. Әйтсе де қазіргі қазақ тіліндегі «ер» омонимдері бұл заңдылықты әрдәйім сақтамайды. *Жігіт ерледі* (ерлік жасады), ал *ат ерт-телді*. М. Қашғари сөздігінде *ер* түбірінің толық тұлғасы *едер*<sup>8</sup> деп көрсетіледі. Ал енді алтай, телеут, қу кіжі (лебединцы) тілдеріндегі *ертте* сөзінің дыбысталуын В. В. Радлов *ер-ле* деп берген<sup>9</sup>.

<sup>8</sup> Қараңыз: *Едер* — седло. *Едер көкленді* — к седлу прикрепили планки. «Древнетюркский словарь». Л., 1969, с. 164.

<sup>9</sup> Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий, т. I, ч. 2. СПб., 1893, 1412, ИЕР (кирг.) — ер, ейер; *ертे* (кир., -фон. ерле) — седлать; *ертеген ат* — оседланная лошадь, 790-б.

Осы зандалық жырдың В. В. Радлов хатқа түсірғен нұсқасында және Жанақ вариантында сақталған.

Еркозы куреңкейін мінеді *ерлеп*,  
Еліней өзі жалғыз жүрген серлеп.

(Жанақ)

Көк буыршынды *ерлеп* алып соған мініп,  
Баянжанмен екеуі жүрген екен.

(Радлов)

Ал енді осы жырдың Н. И. Березин жариялаған нұсқасында бұл сөз ертте болып айтылады. Яғни, қазіргі әдеби тілімізге сіліскең фонетикалық пішінде қосар «т» дыбысын сақтай отырып тұлғаланған.

Атымды *ерттеп*, ай, шеше, азық берші.

(Березин)

*Ерттесе*, құнаны дөнен болды.

(Сонда)

Біз *ертте//ерле* тұлғалары сонау эпос заманында өзара тең қолданылуы, екеуі де әдеби сыңар болуы әбден мүмкін деп білеміз.

Грамматикалық қосымшалардың түрліше фонетикалық вариантының басқа реттерде де осы айтылған тәрізді бірінің орнына бірі ауысып қолданыла берген. Мәселен, тіліміздегі *берік* сөзі сонар *р* дыбысының сузып кетуі нәтижесінде бек болып ықшамдалған. Кейін бұл екі тұлға да лексикаланып, әрқайсысы өз алдына дербес сөз болып қалыптастып кеткен.

Қазіргі тілімізде *бекi//бекіт//беку* тұлғалары әдеби норма болып саналса, *беркi//беркіт//беркіну* диалекттілік сипат алған. Ал *бекле//беркле* түріндегі сөз қолданыстар сөйлеу тәжірибесінде жоқ. Алайда эпоста, дәлірек айтқанда, жырдың В. В. Радлов жазып алған нұсқасында осы *беклеу* ақындықтың айырым белгісіндей қолданыс тапқан.

Қарабай сонда кетті жұрттын жиып,  
Әбден *беклеп*, көңілін тастай түйіп.

(Радлов)

Шамасы әпос заманында бұның өзі «асқақ стильдің» көрінісі болған тәрізді.

Есімнен етістік туғызуышы -ла//ле аффиксі белсенді қосымшалардың бірі екендігі мәлім. Дегенмен де бұл күндері оның тіркесетін сезінің аясы, негізінен, конкретті есімдер төңірегі тәрізді. Ал енді әпос заманында осы жолмен етістік туғызу ісі мейлінше жиі болғанға үқсайды.

Жалғыз ағам — жан көкем,  
Сапарландың талапқа.

(«Қобыланды»)

Әдеби тіліміздің қазіргі нормасы бойынша *сапар* сөзі өзінің заттық мәнінен ажырап, іс-қимылды білдіре-тін етістікке ауысуы екіталай. Жоғарыдағы *сапарла-*ну сезінің мағынасы бұл күндері *сапар(ды)* шегу, *са-*  
*пар(ға)* шығу деген тәрізді тіркестер арқылы ғана беріледі.

Қазірде диалектілік орайда танылып жүрген -қын//  
//-ғын тұлғасы әпос заманында белсенді қолданыста болған грамматикалық көрсеткіш екенін аңғарамыз.

— Қаршыға көкең келгенде,  
Көтергін, шырақ, басыңды...

— Айналайын, Төлеген,  
Бикеш-жан бүтін түс көрді...

Тілімді алсан, журмегін...

— Ертіп келгін Жібекті,  
Айналайын, Қаршеке...

Бұл үзінділердің бәрі де «Қызы Жібек» жырынан келтіріліп отыр. «Алпамыс» жырында да -қын//ғын тұлғасы біршама жиі ұшырасады.

Қарындастым, Қарлығаш,  
Ақырын ақтан сұрагын.  
(«Алпамыс»)

— Іш, шырағым, ішкін, — деп,  
Өзі де құйып береді.

(Сонда)


*Ойдым-ойдым* жер келді сұлу Баян,  
Кел екеуміз ойналық, — деп айтады.

(Шеже)

*Ойпаң-ойпаң* жерлерді ойласайын,  
Бір көрінген кісіге қай десейін.

(Радлов)

Бір ғана *ой* түбірі жырдың бес нұсқасында бес түрлі грамматикалық тұлғада айтылып тұр:



Қазіргі тұрғыдан бұлардың бірі әдеби, екішінде әдеби емес десек те, «әпос заманы» үшін бәрі де терезесі тен сөз қолданыстар.

### Грамматикалық ерекше қолданыстар

Қазақтың халық поэзиясының үлгілері жайындағы белгілі мақаласында Шоқан Үәлиханов жыр өлшемімен айтылатын өлеңдердің мысалы ретінде қазақ әпосынан мынадай үзінді келтіреді.

Әй, сен енді бұл сапардан қайт сана,  
Қайтып Еділ өт сана,  
Еңсесі биік боз орда, —  
Еңкейіп сәлем бер сана,  
Ернеуі жұқа сары аяқ,—  
Ер сарқытын іш сана,  
Жауырындары жақталы,  
Түйме-бауы тартпалы,  
Алқара кіс үстіңе  
Тон береді, — ки сана,  
Кек ала жорға ат мініп,  
Кен дабылпаз байланып,  
Тұтам бауы сом алтын,  
Ақ сұңқар құс береді, —  
Кел айнала шүй сана<sup>10</sup>.

<sup>10</sup> Уәлиханов Ш. Ш. Шығармалар жинағы, I т. Алматы, 1961, 197-б.

Ал енді «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырында бұл тұлға сирек ұшырасатын құбылысқа айналған, негізінен, Березин нұсқасында ғана сақталған тәрізді.

— Елден сәурік жиярга, байтал емен,  
Тесек салып жатағын өзін қайта.

Тіпті, сол нұсқаның өзінде аталмыш ситуация екінші рет қайталанғанда жатағын тұлғасы жата қал деген күрделі етістікпен ауыстырылған.

Мені алып жата қал, атам, өзің.

Осыған қарағанда жатағын тұлғасы сол кез үшін де диалектизм сипатындағы сөз қолданыс болған тәрізді.

Березин нұсқасында сирек те болса (екі рет), ұшырасатын тұлғалық ерекшеліктердің бірі — гаплология. Жырда жаз-да-ды-қ болып айтылуға тиісті сөз ықшамдалып: өле жаздық, қала жаздық түрінде қолданылады. Оның себебі, артикуляциясы жағынан ұқсастығы бар -да, -ды форманттары, ауызекі тілдің ауанымен бірін-бірі ығыстырылған, нәтижесінде -да қосымшасы сөз құрамынан түсіп қалған.

Қала жаздық осы жерде қанға батып.

(Березин)

Пышақтасып осы жерде өле жаздық.

(Сонда)

Егер осы сөз ықшамдалмай, жаз-да-ды-қ күйіндегі қолданылса, өлеңнің буын саны он екі болар еді. Алай да қазақ өлеңнің әр тармағы он бір буыннан аспайтыны баршаға мәлім.

Ойпақ-ойпақ жер келді ойнау үшін...

(Дербісалин)

Ойнагандай ойпат жер, жаным бике.

(Березин)

Ойтаң-оиташ жер келді, ойбай, Баян,  
Кел, сүйиссек, қайтеді, бикеш, — дейді.

(Ильминский)

Зерделі галымның пікірінше бұл жыр XIV ғасырдағы соңында болып еткен оқиғалардың ізін шалып, келесі XV ғасырдың басында туған болса керек. Оның өз сөзін келтірсек: «Жырдың көнелігі қазіргі тілімізде жоқ толып жатқан ескі сөздер мен сөз орамдарынан да байқалады. Бір ғажабы осы тұтас бір рапсодияның ішінде бірде-бір парсының, немесе арабтың сөзі жоқ. Ал мұсылман дінінің таралуына байланысты біздің қара халықтың қарапайым сөйлеу тілінің өзі сол араб пен парсы сөздерімен шүбарланып болғаны мәлім»<sup>11</sup>.

Міне, халық поэзиясының құрамында осы Шоқан мензеген «көненің көзі» — лексикалық архаизмдер мен тарихият (историзм) сөздердің кездесетіндегі әмбемеге белгілі жайт. Жоғарыдағы үзіндіде қастерленіп тұрған «еңсесі биік боз орда», «ернеуі жұқа сары аяқ», «жауырындары жақталы, түйме бауы тартпалы алқара кіс тон», «көн дабылпаз», «тұтам бауы сом алтын ақ сұңқар құс» біз үшін «дәурені еткен дәулеттің» атрибуттарығана.

Алайда поэзия тілінің, оның ішінде ауызекі халық поэзиясының бір кереметі — сонау есте жоқ ескі заман дүниеліктерін өзімен бірге ерте жүріп, ертеңгі күннің еншісіндей, тіл қорабасынан қалыс қалдырмайды.

Тілдегі сөздердің әуелгі мағынасының көнеленуімен орайласа, олардың тұлғалық, яки морфологиялық бой-бітімі де сіріленіп, өзінің синтаксистік ортасынан оқшау, «шын сырымды ұға алсаң ғана ұғарсың» деген сыңай танытып, мұз қаракөк қалыпқа түседі. Бірақ сонда да болса, құдіреті күшті өлең оның біреуін шетен, шашау шығармайды, іргесін бұзып кетілмейді. Сейтіп, лингвистика саласында «окаменелости» деп аталатын лексикалық-грамматикалық құрт-кесектер пайда болады да, талай дәуірді кешіп өтіп, өлеңмен өріліп жүре береді.

Қолданыс аясы тарылған сөздердің біразы күн озған сайын көмексленіп, әрі мазмұн, әрі тұлға жөнінен шар тартса да, тіл ішінде, әсіресе, жыр ішінде сол мұжілген, көнерген қалпымен дәстүрлі дәнекер болып қызмет атқарады. Жоғарыдағы үзіндіге тағы бір кез

<sup>11</sup> Көрсетілген еңбек, 197-б.

тастайықшы. Осы өлеңнің жүйесін тұстастырып тұрған ең бірінші фактор — өлшем бірлігі болса, тармақ аралық тартылым күші — аллитерациялық, ассонанстық үндестіктер, яғни, дыбыс қайталамасы, соны жасаушы буын, тұтас сөз қайталамасы. Қазіргі поэзияммызға тән өлең тармағының соңындағы жол мен жолды жымдастырып, тапжылтпай ұстап тұратын үйқастың бұл үзіндіде кейбір сілемдері ғана бар, бірақ оның өзі де шешуші мәні жоқ, көмекшілік деңгейіндегі компоненттер. Мәселен, шылау мәнді *сана* сезінің қатысуымен жасалған «қайт сана», «өт сана», «бер сана», «іш сана», «ки сана», «шүй сана» түріндегі ырғақтар тобының сырттай үқастығы даусыз болғанымен, үзіндінің өлеңдік қасиетке ие болуы үйқасуышы тармақтардың *санага* бітуімен ғана емес, ішкі үйқас жасаушы негізгі етістіктерге де байланысты. Эйтсе де, *сана* тұлғасы ақындықтың ежелгі, шартты критерийі деп танылышып, қосар үйқас, редиф іспетті элемент ретінде жаһыл, поэзиясы құрамында жиі ұшырасады.

Қазақ әпсоның жыр өлшемді нұсқаларында *сана* жоғарыдағыша өлең тармағын түйіктап, үйқас үшін тұрған тәрізді болса («Кел сана батыр, кел сана, Қезегімді бер сана» т. б.), жазба әдебиетке жуығырақ деп танылатын, өлең өлшемді «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырында *сана* тармақ ішінде, квантитатив мақсатында, буын санын толтырушы дәстүрлі деталь болып та жүре береді:

Қашып сала бер *сана* күйеуменен.

(Шөже)

## Немесе

Қарабайдың ауылын көрсет *сана*,  
Биротала атымды сұттайын.

(Березин)

Ал енді жырдың басқа нұсқаларындағы осы мән-дес тармақтарда *сана* жоқ, ол лексикалық мағынасы толық сездермен алмастырылған:

Ауылға, алыс болса, жуықтайын,  
Күреңді біржолата сұттайын.

(Жанак)

Сондай-ақ:

Сілтей ғой туралап қана, енекем-ау,  
Атымды біротала сұтайын.

(Дербисалин)

Тұлғалық жағынан басқа лексикалық-грамматикалық құрылымдардан оқшау тұратын, ал функциональді семантикасы, яғни атқаратын қызметі мен мағынасы жағынан осы *сана* тәрізді көмекшілік мәндегі *мыс//мыш*, *дұр*, *ғана* сөздері де халық поэзиясынан дәстүрлі қолданыс тапқан тіл элементтері.

Етістікке жалғанатын *-мыс//мыш* тұлғалары негізінен түркі тілінің оғыз тобына тән грамматикалық көрсеткіш болып табылады<sup>12</sup>. Біздің қыпшақ тобындағы тілдерде бұл тұлға *тарамыс*, *жасамыс*, *қартамыш* сияқты сындық мағынаға ие болған бірен-сарап есімшелер мен кейібір *Өтеміс*, *Төлеміс*, *Естеміс*, *Бектеміс* болып келетін антропонимдік атаулардың құрамында және стильтік мақсат үшін әдейі қолданылатын *айтылмыш*, *айтыпты-мыс* тәрізді сөз-саптауларда ұшырасады.

Түркі жүрттарына қонырат версиясы, қыпшақ версиясы болып кеңінен тараған «Алпамыс» жырындағы бас кейіпкердің есімін түсіндіре келіп, В. М. Жирмунский оның Абулғазы шежіресіндегі Момышбектен Алып-Момыш болып, немесе алтай ертегілерінде кездесетін Алып-Манаш есімінен өзгеріп барып, етістіктен *-мыс* арқылы жасалатын *Күнтүгмыш* т. б. тәрізді кейінректегі жалқы есімдердің ізімен Алып-мыс болып қалыптасуы ықтимал екенін айтады<sup>13</sup>. Ал енді осы тұлғаның қазақ тілінде сакталу жайына келгенде проф. К. Жұбанов оны сырттан келді деп қарамай, қазақ жүрттың құраған тайпалардың бағзы біреуі үшін төл формант болған болар деп топшылайды. «Қазақ тілінің қазіргі морфологиясында *-міс* тұлғалы қосым-

<sup>12</sup> Бұл жөнінде мына әдебиеттерді қарастыруға болады: Дмитриев Н. К. К вопросу о значении османской глагольной формы на «мыш». ЗКВ, вып. 1, 1926, с. 10; Кононов А. Н. Турецкая глагольная форма на «мыш». — «Уч. зап. ЛГУ. Филология», вып. 1, 1939, т. б.

<sup>13</sup> Жирмунский В. М. Следы огузов в низовых Сырдарьи.— «Тюркологический сборник», № 1. М., 1951, с. 95.

шаның болмауына қарап біз Төле-міс секілді кісі аттарында келетін -*mīs* қосымшасынан ада-күде бас тарта алмаймыз. Оңтүстік түркі тілдерінде -*mīs* тұлғасында қолданылатын бұл жұрнақ қазақ тіліндегі -*gen* қосымшасының синонимі, яки өткен шақтық есімшениң көрсеткіші бола тұрып, қазақ тілінің ең болмағанды өткендегі бір қабаттарында ұшырасқан болуы ықтимал»<sup>14</sup>, — дейді автор бұл турасында.

Біз ертеректегі бір мақаламызда осы --*mīs*//--*mīsh* тұлғасының ауыз әдебиетіндегі қолданыс ерекшелігін сөз өткен едік<sup>15</sup>. Атап айтқанда «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырының бір нұсқасында ол *emīs*//*emīsh* түрінде кездеседі.

Салыстырыныз:

Қозы Қөрпеш бір байдың жалғызы *emīs*,  
Баян сұлу сіңлісі — Айқызы *emīs*.

Қозыке өлсе қайғырган Айқызы сұлу,  
Қозыкенің туысқан балдызы *emīs*<sup>16</sup>.

Осы бір шумақ өлең ішінде үш рет кездесетін *emīs*-тұлғасының бойынан екі түрлі ауытқушылық байқалды. Біріншіден — грамматикалануы жағынан өзгеріске ұшырап, ол үстеме буын қосқан: *e-mīs*. Екіншіден — *emīs* тұлғасынан бұрын тұрган: жалғызы, Айқызы, балдызы етістік емес, есім түбірлі сөздер. Алайда байыппен талдасақ, бұл жерде де еш жаңсақтық жоқ: -*mīs* тұлғасы әдеттегіше етістікке, оның ішінде өуел баста ер болып айтылатын *e* — түбірлі көмекші етістікке жалғанып тұр. Егер бұл түбір жіктеулі болса, еди -*mīs*, не ерді -*mīs* түрінде тұлғаланар еди (жалғызы еди -*mīs*, Айқызы еди -*mīs*, балдызы еди -*mīs*). Бірақ халық поэзиясының көтерінкі стилі өзіндік тұлғаны қажет еткен.

Қазіргі түрік (осман) тілінде де -*mīsh* қосымшалы етістік жіктеулі өткен шақ мағынасында жұмсалады. Қараңыз: *гелмīshim*, *гелмīshsīn*, *гелmīsh*. Осы етістік-

<sup>14</sup> Жубанов Х. К. Из истории порядка слов в казахском предложении. Алма-Ата, 1936, с. 54.

<sup>15</sup> Жубанов Е. Х. О некоторых лексико-грамматических особенностях языка эпоса «Козы Корпес — Баян сұлу». — «Известия АН КазССР, серия филолог.», вып. 3, 1962, с. 96.

<sup>16</sup> Қозы Қөрпеш — Баян сұлу. Алматы, 1959, 97-бет (құрас-тыруышы Ы. Дүйсенбаев).

терді модальдық мәнде айту үшін соңынан *-dır* аффиксі жалғанады: *гелмішімдір*, *гелмішсіндір*, *гелміштір*. Түрік грамматикасын зерттеуші М. С. Михайлов бұл соңғы құбылысты: «...субъектив өткен шақтың тұлғасына *-dır* қосылғанда кесімділік және үзілді-кесілді байлам нышаны келіп шығады»<sup>17</sup>, — деп түсіндіреді.

Қазақтың халық поэзиясында жиі ұшырасатын *дұр* шылауының түпкі төркіні де осы модальдық мағына туғызатын *-dır* аффиксіне қатысты болуы тиіс. Алайда поэзия тілінде ол тек етістікке ғана жалғанбай, есім сөздермен де тіркесіп айтыла береді. Біздің батырлық дастандарымыздың:

Мен, мен-дүрмін, мен-дүрмін,  
Мен де өзіңдей кен дүрмін.

болып айтылатын *дұр* өз алдына лексикаланып, заттаңып кеткен. Одан «дүрдей», «дүрдию» секілді туынды түбір сөздер де жасалады. Тегінде *-dұr* (*дыры//dır*) тұлғасының есім сөзге, тіпті, кісі атына жалғанып айтылуы түркі поэзиясының әрідегі нұсқаларына да тән болса керек. Араб тарихшысы Ибн-ал-Асир (XIII ғ.), келтірген деректегі Жошының өлімін естіртетін өлеңде мынадай жолдар бар:

— Теңіз баштын бұлғанды,  
Кім тундурур а, ханым?  
Терак тұbtін жығылды,  
Кім турғузур а, ханым?

— Теңіз баштан бұлғанса,  
Тундурур улум Жочыдыр.  
Терак тұbtін жығылса,  
Турғузур улум Жочыдыр<sup>18</sup>.

Осы үзіндінің соңғы шумағындағы — *дыр* әрі біздің халықтың поэзиямыздың «мен дүрмін» болып айтылатын сындық қатынасқа жақын болса, екінші жағынан жоғарыдағы түрік етістігіне тән үзілді-кесіл-

<sup>17</sup> Михайлов М. С. Исследование по грамматике турецкого языка. Перифастические формы турецкого глагола. М., 1965, с. 98—99.

<sup>18</sup> Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия, ч. II, тексты. СПб., 1898, с. 163—164.

ді шешімді танытады. Ал енді, біз қарастырған «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» эпосында, оның ішінде де Фролов нұсқасы тәрізді ертеректе хатқа тускен вариантарда «дұр» негізінде етістіктен кейін келеді. Басқа нұсқаларда бұл орайда «дұр» сирек ұшырасады, көпшілік жағдайда ол демеулік -ды шылауына айналып кетіп отырады. Бірер мысалға назар аударайық:

Кішкенеден қосылған қосағымды,  
Шешем қалай жүрген дұр неге айтпай.

(143—144-жолдар)

Жарықтығым қарыны ашқан дұр деп,  
Бұған бидай қуырып берді дейді.

(159—160-жолдар).

Ол айтқаның рас дұр, жарықтығым.

(226-жол)

Әлдеқандай бола дұр заман дейді,  
Буаз маралды көп атпақ жаман дейді.

(41—42-жолдар)

Осы мысалдардың бәрі Фролов нұсқасынан алғынған өлең жолдары. Бұндағы бір ғана «рас дұр» болып келетін тіркестен басқалары (*жүрген дұр, ашқан дұр, бола дұр*) етістікке тетелес түрған «дұр» көмекшісі.

Жырдың өлеңші Шәже жырлаған версиясында «дұр» сұрау есімдігімен тіркесіп келсе:

Кез алдымда сен мені тастап кеттің,  
Айырылдым жалғызынан, не дұр  
шарам?

Березин жариялаған нұсқада:

Баласының көзінен аққан жасы,  
Бүйрыққа еш қайғырмай дұр жалғыз  
басы...

болып, «дұр» етістіктің көсемше түрінен соң келген.

Халық поэзиясында өзгеше қолданыс тапқан тағы бір шылау — «ғана». Тілімізде белгілі дәрежедегі шекті, мөлшерді таныттып, толық мағыналы сөздің жетегінде жүргенімен, ғана септеліп, көптеліп өзгеріске

түспейтін тұлға. Жазба әдебиет тілінде *ғана* шылауының тәуелдеулі түрі Абайдың қара сөздерінде бір-ақ жерде ұшырасады:

— Ағаке, нең кетеді, осы *ғанамды* істеп бер! — дегенде<sup>19</sup>. Қазіргі тіл тұрғысынан қарағанда тәуелдік жалғау бұл жерде алдыңғы «осы» есімдігіне жалғануы тиіс. Мысалы: «осынымды *ғана*». Алайда басқа түркі тілдерінің поэзиялық ұлгісінде *ғана* шылауының осылайша экспрессиялық реңде қолданылуы күні бүгінде де байқалады. Салыстыр:

Ая-джан, ая-джан,  
Баш-қиним ағриди-ей, —

деп келетін өзбектің халық өлеңіндегі «баш-қиним» біздің тұрғымыздан «басым *ғана*» болуы керек еді.

Қазақтың халық поэзиясы ұлгілерінде де, әсіресе, біз көбірек иек артып отырған «Қозы Көрпеш...» жырында да *ғана* шылауы осылайша септік жалғауларын жалғанып келеді:

Шешеке, еш алданбан мал *ғанаңа*  
Барамын атам қосқан жар *ғанама*.  
Емізген ақ сүтінді балаң едім,  
Бер *сана* бидай салып қол *ғанаңа*.

(Ильминский)

Егер бұл келтірілген шумақтағы *ғана* шылауын өзгертпей қолданса, оған жалғанған қосымшалар алдыңғы *мал*, *жар*, *қол* сөздеріне жалғанып: *малыңа ғана*, *жарыма ғана*, *қолыңа ғана* болып айтылар еді. Алайда ол поэзия талабына сай келмейді, үйқас жүйесін бұзады. Ал халық поэзиясы үшін дәстүрлі жүйелер — шартты заңдылық тәрізді, олар шәк-күмансыз қабылданады. Сондықтан да тәуелдік, септік жалғаулары арқылы түрленген шылау сөз, тіпті, жыр ішінде басқа толық мағыналы сөздермен терезесі тең үйқас құрай береді. Салыстырыңыз:

Кесір құлдан құдайым жасқана ма?  
Жақын келші, Баянжан, қас *қанама*.

<sup>19</sup> Құнанбаев Абай. Таңдамалы шығармалары, II том, Алматы, 1957, 189-6.

Еңсем түсіп барады, алла-ау, менің  
Жастық қойшы, ах Баян, бас қанама!

(Березин)

Осындағы қас қанама, бас қанама тізбектерінің поэзиядағы атқаратын қызметтері алғашқы тармақтарғы негізгі ойға арқау болып тұрған: «Күдай құлдан жасқана ма?» деген риторикалық сұрауды тиянақтаушы үйқас тобына үйлесу, үндесу, сәйкесу. Олай болмаған жағдайда қасымағана, басымағана деп қолдануға да болар еди.

Солай дей тұрғанмен де осы шумақтардағы ғана шылауына жүктеліп тұрған поэтикалық міндетті жоққа шығаруға болмайды. Шумақ ішінде силлабо-тоникалық үйқас жасаушы ой екпіні осы шылауға түсіп тұр. Ал, оны стильдік мақсатпен, басқаша айтқанда, стилизация жолымен айрықша тұлғада беру арқылы поэзия тілінің құнтары арта түсіп жырдың жалпы эмоциялық жағы, демек, эстетикалық әсері күштейген. Бұны анығырақ байқау үшін мына мысалды алып қаралық:

— Мені көрер көз ғанаң осы ма? — деп,  
Арқанын тартып тұрып пышақ шанышты.

(Ильминский)

Бұл жолдарда Баянның Қодарды алдаң құдыққа түсіріп, одан өш алғаны сөз болады. Егер алдыңғы мысалдарда ғана үйқас буындардың тобында келіп, өлең ішінде құрылымдық міндет атқарған болса, соңғы мысалда оған ондай міндет жүктелмеген. Эйтсе де ол тек буын санын толтыру үшін тұрған да сөз емес. Төл сөзді тармақ ішіндегі патетикалық екпін тап сол ғана шылауына түскендігі сонша, оны аналитикалық жолмен тәуелдемей беруге келмейді. Грамматика тұрғысынан осы тармақтың соңғы екі бунағын («көз ғанаң», «осы ма? — деп») «көзің ғана», немесе «осының ғана» деп өзгертуге болар еди. Бірақ онда өлеңнің жігеп-рі қайтып, поэзиялық қауқары кемиді. Ал қарапайым сөйлеу нормасынан ауытқушылықты поэзияға тән көтеріңкі стиль кешіріп қана қоймай, кейде, тіпті, заңдылыққа да айналдыратыны мәлім. Жыр ішіндегі осылайша — «заңдақсан» сөздердің бір заманда ма-

рынасы да ұмыт болуы мүмкін. Бірақ ол дәстүр бойынша сол күйі айтыла береді. Орыс фольклорын зерттеуші И. А. Оссовецкий былай деп жазады: «Былина тілінде мағынасын айтушының өзі түсінбейтін сөздер де болады. Бірақ «жырда солай» болған соң, олар сол күйі айтыла береді»<sup>20</sup>.

Біз шылау мәнді сөздердің поэзия тілінде өңі кіріп, кейде, тіпті, заттанып кететін реттерін де солайша түсінеміз.

Халық поэзиясы тек шылау мәнді сөздер емес, тіпті, кейбір грамматикалық категориялардың өзіне өзгеше өң беріп, қолданылу барысын өзіндік бір ізге салып алады. Әрине, поэзия дәстүрі форманттарды қаншалық ойнақшытқанмен де, белгілі заңдылықтан, тіл нормасынан шығып кете алмайтыны белгілі. Алайда халық эстетикасы сол заңдылықтардың тереңінде жатқан тосын мүмкіндіктерді табады, сөйтіп, қарапайым сейлеу тіліне енгізбеген күнде де, оның шартты түрдегі, шағын аядағы қолданыс жүйесін қалыптастырады.

Академик И. Кенесбаев<sup>21</sup> қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестердің кейбір ерекшеліктерін көрсете келіп «Обыр олжа үшін өледі, күншіл күндеумен бұледі» дейтін мақалдың құрамындағы соңғы бұледі етістігін грамматикалық архаизм деп атайды. Яғни, ... *e-di* болып біткен тұлға үшінші жақтың жіктік жалғауы қосылған көсемше. Осы тұлға қазіргі қазақ тілінің нормасына әбден сай келе тұра, «бул» деген өлі морфемаға ерекше тәсілмен тіркелген. Әдетте етістік түбірлі «бул» сөз ішінде етіс жүрнақтарының біріне жалғанып барып айтылады. Мысалы: *бул-dір-e-di*, *бул-iн-e-di* т. б.

Халық поэзиясы үшін етіс жүрнағының бірін түсіріп, не бірінің орнына екіншісін қойып айту көтеріңкі стильдің негізгі бір белгісі болып табылады. Жоғарыдағы «бул» етістігі Махамбет өлеңдерінде де:

Біздің ер Исатай өлген күн,  
Он сан байтақ *булген* күн.

<sup>20</sup> Оссовецкий И. А. Об изучении языка русского фольклора. — «Вопросы языкоznания», 1952, № 3, с. 102.

<sup>21</sup> Кенесбаев С. К. О некоторых особенностях фразеологических единиц в казахском языке. — «Известия АН КазССР, серия филологии и искусствоведения», вып. 1-2, 1954, с. 13.

сондай-ақ «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырында да:

Жиылсып сол араға бәрі келді,  
Құба-қалмақ сықылды іштен бұлді.

(Жанак)

Не өзгелік, не ырықсыз етіс жүрнақтарының бірі жалғанбай қолданылады. Осылайша «ем», «түс» түбірлі етістіктер де орайлы жерінде етіс жүрнағын түсіріп тастап, жалаң түбірге басқа қосымшаларды жалғай салады. Мәселен, біз атаған жырда бұның мынадай мысалдары бар:

Айтайын айт дегеннен *емік ембе*,  
Бір жері сөйлегеннен кеміген бе.

(Дербісалин)

Бұндағы *емік* өзгелік етіс жүрнағын қосып айтқанда *ем-із-ік* болуы тиіс. Оның қазіргі тіліміздегі лексикалану нормасы осылай. Сол сияқты, *түсін* етістігінің негізгі түбірі *түс* болғанымен, етістік ретінде де сол етіс формалы күйінде қолданылатыны мәлім. Жырда ол жалаң түбір күйінде, етіс формасына ауыспай-ақ басқа қосымшалармен түрлене береді:

*Түспеген* айтса сөзге, ойбай, тәңрі-ай,  
Басымды осы аңқауға қайдан қосты.

(Ильминский)

Қазіргі тіліміз тұрғысынан бұл етістік етіс формасына ауысып *түс-ін-бе-ген* болып айтылуы тиіс еді.

Тек халық дастаны емес, поэзияның ертедегі аты мәлім өкілдері де осы дәстүрді ұстанған. Мысалы, *Бұқар жырау* айтыпты деген өлеңдердің ішінде мынадай шумақ бар.

Айтқан сөзге *түспеген*  
Жаман емей немене?  
Сұрағанды бермеген,  
Сараң емей немене?

Етіс жүрнақтарын мұлдем түсіріп тастамай, олардың орнын ауыстырып қолдануда да әр алуан сыр болады. Салыстырыңыз:

Қодар зиян Баянға *тидірінти*,  
Көңілін бермей Қодарды *күйдірінти*.  
Аздап қана Қодардың көңілін аулап,  
Шуберектің сыртынан *сүйдірінти*.

(Березин)

Осы шумақтың алғашқы жолы *ти-гіз-іп-ті* болып  
бітсе, тіліміздің айтылу нормасына сай келер еді. Бі-  
рақ ол жағдайда екінші жолдағы *күй-дір-іп-ті* етістігі-  
мен ұйқасы әлсірейді. Осының керісінше:

Мен елімде көріп ем  
Не сықылды әр қызды.  
Бәрінен де көңлімді  
Жалғыз Баян қалғызды, —

деген шумақтағы соңғы жол қал-дыр-ды болып аяқтал-  
са, грамматикалық қатынас дұрыс болар еді. Алайда  
онда әр қызы-ды деген бунаққа ұйқаспайды.

Сол сияқты:

Басшы болған Қаршыға  
Кереметін *көргізді*.  
Төлегенді атымен  
Іркілместен *жүргізді*, —

(«Қызы Жібек»)

дегендегі *көр-гіз-ді* шын мәнінде *көр-сет-ті* болуы тиіс.  
Бұл жерде де *жүр-гіз-ді* етістігімен үндесу мақсаты  
көзделген.

Тұп негізінде осындай практикалық қажеттілік  
жатса да, халықтың сөз өнері сол ауытқуларды «буын-  
сыз жерге пышақ салмай», ретімен қолданады, тұтас  
түбірді белшектемейді, қосымшаларды саралайды, тіл-  
ді зорламайды. Зорлау былай тұрсын, практикалық  
қажеттілік эстетикалық қатынасқа айналады. Сон-  
дықтан да жыршы:

Қобыландыны жетелеп,  
Үйге алып кеп түсірді,  
Өлгенде көрген жалғызға,  
Шәрбеттің сұын ішірді,—

дегенде, ешкім *ішкізді*, *іштірді* деу қажет деген талап  
қоймайды.

Бетіне бетін тидіріп,  
Ақ тамақтан сүйдіріп,  
Көтерді қыз қолтықтап,  
Баланы атқа міндіріп,  
Қалмаққа ерді *жүрдіріп*.

(«Алпамыс»)

Біз бұл шағын тарауда бірер шылау сөздің халық поэзиясындағы қолданысы мен кейбір етіс жүрнақтарының өлец-сөздегі эстетикалық қызметін ғана шолып отырмыз. Бұндағы әңгіме болған ерекшеліктердің бәрі халық талғамынан өтіп, өнердің ежелгі қағидаларына айналған тіл құбылыстары. Алайда жалпы халықтық тілдің үлкен арнасы поэзия болса, оның стильдік заңдары мен тілдік-эстетикалық табиғатын тану үшін лингвистикалық поэтика түрғысынан әлі де терең зерттеулер жүргізуіміз қажет. Қазақ филологиясы көлемінде бұл іс әлі қолға алынған жоқ десек те артық айтқан болмаймыз.

## *Үшінші тарау*

### **ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

Сөз тіркестері жалпы тюркологияда, оның ішінде, қазақ тіл білімінде ежелден әңгіме болып келе жатқан, бірақ әлі күнге жеткілікті дәрежеде шешімін таппаған, бұдан былай да зерттеле түсіу тиіс тілдік категориялардың қатарына жатады. Академик И. Кенесбаевтың сөзімен айтқанда: «...қазақ тілінің, сол секілді басқа да түрік тілдерінің лексикасы мен фразеологиясына қатысты еңбектерді сөз еткенде біз, негізінен, лексикологияның теориясына арналған зерттеулерді емес, лексикография тәжірибесіне байланысты жұмыстарды атайды»<sup>1</sup>.

Шынында да фразеологизмдер туралы бастапқы мәліметтер қазақ тілінің көпшілікке арналған оқу құралдарында берілген болса, тұрақты тіркестердің әр алуан үлгілерін тек аударма, түсіндірме сөздіктер мен мақал-мәтел жинақтарынан кездестіреміз. Алайда өзімізді бұл салада ныспы құралақан санауга да болмайды. Қазақ тілінің идиомалық, фразалық сөз қолданыстары жайлы бұрынды-соңды айтылған тиянақты пікірлер жоқ емес. Солардың ішінен мәселені ғылым негізінде түсіндіретін зерттеулер деп И. Кенесбаевтың бірқыдыру еңбектерін атауға болады<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Кенесбаев С. К. О некоторых особенностях фразеологических единиц в казахском языке. — «Известия АН КазССР, серия филолог. и искусств., вып. 1—2», 1954, № 185, с. 6.

<sup>2</sup> Бұл ретте ғалымның аталған еңбегіне қоса мына жұмыстарды қараңыз: «Қазақ тіліндегі фразалық қос сөздер». — «Қазақ ССР ҒА Хабарлары, линг. серия», 1950, № 6, «Жеті», «ұш»

Міне, осы тәрізді ғылыми ізденістердің нәтижесінде біз әдеби тіліміздің негізгі байлықтарының бір көзі болып табылатын фразеологизмдерді теориялық жағынан дәйекті түрде зерттеу мүмкіншілігіне ие болдық.

Көркем тіл стилистикасының тұрғысынан келгенде әр алуан тұрақты сөз тіркестерінің мейлінше орамды тілдік тәсілдер екендігі, оларды халықтың жоғары бағалайтыны мәлім. Олар ауызекі сөйлегенде де, жазуда да үнемі қолданылады. Халықтың сөздік қоры тыңдаушыға аса күшті әсер ететін толып жатқан афоризмдерге, идиомалық сөз қолданыстар мен тағы басқа фразалық тіркестерге мейлінше бай. Саны жағынан бүндай фразеологизмдер қазақ тілінің лексикасынан едәуір орын алады.

Әрине, фразеологизм категориясы белгілі бір ғана ұғымды білдіргенімен оның өз ішінен тарамданып шығатын дербес салалары да жоқ емес. Мәселен, идиомалық сөз қолданыстардың синтаксистік жүйесі тұрақты фразалық тіркестермен ұқсас, бірақ семантикалық аясы жағынан бұл екеуі өз ара тең емес. Сондай-ак, фразеологизмдер тобындағы мақалдар мен мәтелдердің де идиомалық, немесе фразалық тіркестерден бөлек өзіндік ерекшелігі бар. **Атап айтқанда, мақалдар мен мәтелдер өздерінің мағыналық мазмұны арқылы басқа тіркестерден оқшауланып тұрады.** Демек, олардың семантикасына лайық ғрамматикалық заңдылықтары да болады. Сондықтан, олар басқа сөз тіркестеріне сырттай ұқсасқанымен, сөз саптаудың дербес бір жүйесі болып табылады. Ал идиомаларға келсек, олар тілде тұтаса қолданылады да, семантикалық аясы бір сөздің шенберіне сыйып кетеді. Оның үстіне, идиомалың құрамындағы сөздер жеке-жеке алып қараганда тіркестің тұтас күйіндегі мағынасымен байланысты да болмайды. Бұл оның басты бір ерекшелігі. Бұлардан басқа қос сөздердің бірсыптырасы да фразалық сипатта болады. Осы айтылған теориялық түсініктер тұрғысынан қараганда эпос тілінде ұшырасатын сөз тіркестерінің де бірнеше ерекше типтері барын көруге болады.

«тоғыз», «қырықпен» байланысты ұғымдар. — «Қазақ ССР РА Хабарлары, филолог. серия», 1946, № 4(29); «Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары туралы. «Халық мұғалімі», 1946, № 1, 2, 3.

Мәселен, қазақ тіліндегі «сүйегі жасу» деген тіркесті «Қамбар батыр» жырында перифразаландырып:

Ашықтық түсті басына,  
Сүйегін жаман жасытып, —

деп қолданады. Ал «Қозы Қерпеш — Баян сұлу» жырының Дербіалин нұсқасында осы тіркес одан гөрі ұлгайтылған<sup>3</sup>. Қараңыз: Сүйегім етім кетіп, қалды жасып..., болып айтылады. Осы мәндес ұлғайыс жырдың Шөже нұсқасында да бар: «Етің кетсе, сүйегің бор болады»... Бірақ бұл жерде «жасу» етістігі мұлдем ауыстырылған. Сондай-ақ, осы жырдағы: «Атыңың айналдағы айылын тарт», — деген өлең тармағының да фразалық мәні бары даусыз.

Эпостың әр алуан нұсқаларында бұлардан басқа да тұрақтасқан тіркестер кездеседі. Мысалы, жоғарыда аталған Дербіалин нұсқасында: Бетін жырту — жылау мағынасында (Еңіресін ұлы-қызы бетін жыртып, Соны саған сыр қылып айтқан адам, 37-б.); Ақ сүт беру — емізу, өсіріп тәрбиелеу мағынасында (Ақ сүт берген анаңды ұмытарсың, Баян атты жарыңды көргеннен соң, 38-б.); Тұлға болу — басшы болу мағынасында (Жұртқа тұлға болады деген балам, Қайтейін жалғыз тастап кеттің, балам 38-б.); Жанын салу — аянбау мағынасында (Қосылған бармақтайдан Баян үшін, Қызыл отқа саламын жанымды, анам, 38-б.); Березин нұсқасында: Іші пысу — зерігу (Жата-жата үйімде ішім пысты, 53-б.); Құн туу — қуану мағынасында (Ондай атты құн туса, жаным тазша, Төрт түлік мал беремін саған дейді, 56-б.); Адыра қалу — иесіз қалу (Адыра қалғыр тазшаны не қыласың, Ұрыспасаң ойнай бер, балам, дейді, 59-б.); Наразы болу — қарсы болу (Наразы болым сақамды бермеген соң, 60-б.); Қөніліне қарау — ренжітпеу (А, тазша, қарап тұрмын көніліңе, 60-б.); Өңі қашу — қуару (Шырағым, саған не болып, мұнша өңің қашты, 62-б.); Тілі күйгір — қарғыс (Тілі күйгір, кім еді мұндай қылған, Сарсаң қылған кім еді, жоғалтайын мен, 63-б.); Сағы сыну — беті қайту (Үйдеменіз, сынады сағым дейді, 65-б.); Таққа жеу — соққы көру (Ерте кеткен

<sup>3</sup> Бұдан әрі келтірілген мысалдардан соң «Қозы Қерпеш — Баян сұлу» жырының 1959 жылы шыққан академиялық жинағының беттері ғана қойылып отырады.

Баянды іздеймін деп, Қодар атты құлышынан жесем таяқ, 65-б.); Құн сұрау — төлету (Қодар, Қодар дегенің кім еді, сірә, Құлдан өлсем, жатайын, құным сұрама, 66-б.); Құлдық ұру — жалыну (Мақтана тұр, Қозыкем мұнда тұрып, Қайтіп алар екенсін Баянды құлдық ұрып, 66-б.); Ажал айдау — өлу (Айтсам тілім алмадың, ай, жүгірмек, Ажал айдал жүр екен сені, балам, 69-б.); Зиян келу — зақым келу (Зиян келсе, балам, сонан келер, Ебін тапсаң Қодарды өлтіргейсің, 78-б.); Асы болу — астамшылық (Қырық құлышын кәпірдің не деп болмас, Асы болып құдайға олай деме, 79-б.); Иттей ұлу — шуылдау (Тазша байғұс кетеді ерте тұрып, Айғай салып тұрады иттей ұлып, 81-б.); Жан шығу — өлу (Таң атбақтан күн шықсын, шыраптым-ау, Тар төсекте жан шықсын депті дейді, 85-б.).

Сондай-ақ Ильминский нұсқасындағы: Қан жауғыр — қарғыс (Баламды бір қан жауғыр қылған алаң, 104-б.); Адыра қалу (105-б.); Ажал айдау (107-б.); Жолы оңғарылу — жолы болу (Бұл жолың оңғарылmas сенің, балам, 107-б.); Қадір тұту — бағалау (Қадір тұт дәулетінді, жаным, бикеш, 103-б.); Күні солу — бағы таю (Баянның осы күнде күні солды, 119-б.); Тұл болу — жесір қалу (Tipi тұл — осы күнде — Баян болды, 119-б.); Ақ некелеу — некесін қилю (Қозыкені көмелік таза жуып, Ақ некелеп Баянды өзің алсаң, 121-б.); Өш алу — кек алу (Қу Баян, қылмақшы едің, қылдың дейді, Өшінді, бақыты қара, алдың дейді, 123-б.).

Өлеңші Шөже нұсқасындағы: Дәм татпау — ішіп-жемеу (Қаракөз Сарыбайдан түңіледі, қайғыменен дәм татпай бүгіледі, 120-б.); Кісі салу — хабаршы жіберу (Ерулікке келсін деп кісі салды, Баянды келген кісі көріп қалды, 130-б.); Қөңлі қалу — ренжу (Қой, қатын, олай десең көңлім қалар, Ноғайлар оны есітсе ашуланар, 131-б.); Дәрі қылу — бұлдау (Малы жоқ ноғайлының беретұғын, Неге дәрі қылайын өңшең масты, 131-б.); Қөңлі тыну — риза болу (Көріп сені, Баянжан, көңлім тынды, 132-б.); Жалға жүру — жалдану (Тоқсан мырза қызы үшін жалға жүрді, 132-б.); Ісі жагу — ұнау (Айбастың бір құдайға ісі жақты, 132-б.); Буаз болу — құлышын байлану (Құдайдың құдіретімен буаз болып, қанатты қара бедеу құлышын туды,

132-б.); Әлек болу — әуреге түсу (Жылқыдағы бақа айғырды іздел барып, Тұніменен таба алмай әлек болды, 133-б.); Жат көру — өгейсу (Қолыңа өзім жазып хат берейін, Сізден басқа кісіні жат көрейін, 134-б.); Қызыл іңір — ымырт (Қызыл іңір болғаннан жылқы аралап, Таң атқанда айғырды тауып алды, 134-б.); Тілдесіп қалу — сөйлесу (Неде болса тілдесіп қаламын деп, Сегіз құл он алты атпен қуып журді, 135-б.); Жанын отқа салу — аянбау (Айбас құл адасқанын білмей қалды, Ғарып жанын қыз үшін отқа салды, 136-б.); Қарны ашу — ашығу (Қарным ашып барады, жан шешеке, Қазаныңды аса көр депті дейді, 139-б.); Қайғы біту — уайымдау (Ыстық бидай қолынан өтті дейді, Жүргегіне бір қайғы бітті дейді, 140-б.); Жанын ортаға салу — басын байлау (Атам қосқан Баянға барамын деп, Мен ортаға саламын жанымды, ана, 141-б.); Зар жылату — еңірету (Шешенді зар жылатып тастап кетсең, Сұмырай шешең біреуге күң болады, 141-б.); Құдер үзу — үміттенбеу (Тәңірден тілеп алған, шырағым-ай, Арыздасып үзейін құдерімді, 141-б.); Құмар болу — ынтасы ауу (Қозыке Баян жасқа құмар болды.., 142-б.); Қөңлі біту — көңлі толу (Қөңілі Қозыкенің бітті дейді, 142-б.); Тұпке жету — құрту (Біткен дәулет тұбіме жетті дейді, 142-б.); Ақ сүт беру — емізу (143-б.); Жора қылу — жору (Сөз сұрасам: «өлесін» — деп бересің, — Қалай жора қыласын, шешем, сірә, 144-б.); Құн көру — өмір сұру (Баянға сен баrasың намыс қылып, Не жақсы күн көресің онда жүріп, 144-б.); Шаш ал десе, бас алу — асыра сілтеу (Қозыке шаш ал десе, бас алады, 145-б.); Сөз келу — хабар тиу (Тыңдасаң Қозыкеден сөз келеді, Жаксы-жаман кісіні көз көреді, 146-б.); Ойы бұзылу — айну (Баянның бұзылмайды ойы дейді, Тал шыбықтай бұралған бойы дейді, 146-б.); Мазақ қылу — өжуалау (Әке-еке, өзіңізben бір жүрмесек, Ноғайдың боз баласы мазақ қылар, 147-б.); Ақша бетің тілінсін — қарғыс («Жазықсыз мені неге соқтың Баян», «Ақша бетің тілінсін» — деп-ақ салды, 147-б.); Бақыты қара — бақытсыз (Тазшамен ойнас болып жамандапты, Құймеде Баян деген бақыты қараң, 150-б.); Көз салмау — қарамау, көрмеу (Баянжан тоқсан құлға көз салмады, 151-б.); Сауын айту — хабарлау (Сарыбай

жұрттан асқан салтанатты, Орманбет би ногайдың бір топ елі, «Жиын» бар деп сол елге сауын айтты, 152-б.); Қөңіл ашу — сергу (Не болар жұртсыз менің көрген күнім, Сайраған қөңіл ашып қызыл тілім, 152-б.); Күн жайлау — сиқыр (Қозыке жылқы ішінде күн жайла-тып, 153-б.); Жек көру — ұнатпау (Қүймеге Қодар жылап көп келеді, Баянды алмаймын деп жек көреді, 153-б.); Бата алмау — қорқу (Қодар жылап күймені үш айланды, кіруге Қозыкеден бата алмады, 153-б.); Әлі жету — күші келу (Жалғыз қатынның әлі кімге жетсін, Есітіп іші қүйіп отырады, 154-б.); Қөңлі қа-лу — өкпелеу (Торғайымды бермейсін өкпелетіп, Не көңлінді қалдырыдым, жеңгем сенің, 156-б.); Кінә қы-лу — кінәлау, кінә қою (Торғайымды бермеске кінә қылдың, Кінәні біле тұра неге қылдың, 156-б.); Тілге келмеу — сөйлеспеу (Кімге айтайын торғайымды сенен көрмей, Өліп қалды торғайым тілге келмей, 157-б.); Қарасы суалу — үміті өшү (Екі бірдей байындан тең айрылып, Енді қараң суалып қалғаның ба? 161-б.); Тіл үшімен жақын қылу — алдау (Тіл үшімен мені сен жақын қылып, Аңдып жүріп түбіме жеттің Баян, 161-б.); Қайғы азабын тарту — уайымға бату (Баян жас қайғы азабын тартып келді, 161-б.); Тіл біту — сейлеу (Пәрмен болды, тіл бітті екеуіде; Арда күрен, Бақа айғыр сәлем берді, 165-б.); Жағасын ұстau — таңдану (Жағаңды ұстап шүкір қыл, Жидебайым, Жалғызы келіп қалса, қор боларсың, 171-б.); Келдесін кесу — басын алу (Жасымнан ерке болып өсіп едім, Жақ-бас қонақ келдесін кесіп едім, 171-б.); Үнің өшсін — қарғыс (Жидебай көп сөйлеме, үнің өшсін, 171-б.); Қө-зінің жасы көл-дария болу — егіліп жылау (Айбас-пенен екеуі бірдей жылап, Қөзінің жасы көл-дария болды тасып, 172-б.); Есі-тұсын жинау — санасты қал-пына келу (Үшеуі үш күн, үш түн жылап қалды, Тер-тінші күні есі-тұсын жинап алды, 172-б.); Сүйінші сұрау — қуантu (Ел шетінде Баянды Айбас көріп, Енесінен сүйінші сұрап келді, 173-б.); Қарасын кө-ру — нобайын көру, байқап қалу (Баян жастың қара-сын көрген екен, Жүрек қабы жарылып енесі өлді, 173-б.); Кісі салу — елші жіберу (Аламыз деп Баянға кісі салды, 174-б.); Жол таласу — жолдасу, кезекке таласу (Тамам керуен Баянға жол таласып, Ажал

жетіп сол жерде қырылады, 175-б.); Қаза жету — өлу (Отыз бір жыл ортада ойнап-күліп, Бұғін қаза жетіп тұр бір құдайдан, 174-б.).

В. В. Радлов вариантындағы фразеологизмдерге келсек, олар мына секілді: Қөз ұшында — алыста (Қөз ұшында алыстан қара көрініп, Буыршынмен бұлдырап соған барды, 177-б.); Табыс қылу — тапсыру (Қозыкеме апарып табыс қылсаң, Алтынды тақиямды берейінде-ай, 185-б.); Қөзіндегі көру — атрибут, затты иесіне балау (Өз көзімдей Қозыкем көрсін-ай деп, Алтынды домбырамды берейінде-ай, 185-б.); Бетін жырту — жоқтау, жылау (Мұз тауында Айбас құл үйге барса, Сонда Жаңыл шығады бетін жыртып, 185-б.); Дүкен құру — думандату (Қозыкем ойын ойнар дүкен құрып, Ашуланса кетеді топты бұзып, 186-б.); Қу жетім — нағыз жетім (Қу жетім, бұл қылышың жөн бе еді деп, Сенен менің көңілім кем бе еді деп, 186-б.); Құн кешу — күнелту, өмір сұру (Бұл бала меніменен ерекікен, Өзі жетім бір сорлы құнін кешкен, 186-б.); Жағы түскір — қарғыс (Баян деген сөзінді жаңа есіттім, Жағы түскір, жүгірмек, кім айтады? 186-б.). Тіл алу — тыңдау (187-б.); Сай сүйегі сырқырау — шымбайына бату (Шешеке, өзге өзгесін не қылайын, Сай сүйегің сырқырап кісі айтқанда, 187-б.); Қара шашы жайылсын — қарғыс (Мұны саған сыр қылып айтқан кісі, Қара шашы жайылсын мендей болып, 187-б.); Әр кемелге бір зауал — әрбір нәрсенің шегі (Пайғамбар бізден бұрын етті дейді, Әр кемелге бір зауал жетті дейді, 188-б.); Қас пен көздің арасында — шапшаң (Шай пісер қайнағанда шамасында, Жамандық қас пен көздің арасында, 189-б.); Ат басына соғу (соғысу) — шегіншіктеу, жүрексіну (Жанды кісі жесірін жібере ме? Ат басына соғыссаң, болар намыс, 190-б.); Жемес астан үміт қылу — босқа дәмету (Ит шіркін, жемес астан үміт қылып, Шымшығаның — не еткениң, тазша? — дейді, 194-б.); Көңлі өсу — асып тасу (Сен тазшаның көңілің өскен екен, Басынды алдырайын тоқсан құлға, 195-б.); Құні өту — дәурені өту (Құнің өтіп барады жылдан жылға, Енді бар да тие бер Қодар құлға, 195-б.); Тырнағына зар болу — сағыну, аңсау, қолға түсіре алмау (Қөзден таса болғанда қандай болдым, Өзің түгіл зар болдым тырнағыңа-ай, 202-б.).

Жанақ нұсқасындағы фразеологизмдер: Көре алмау — күндеу (Елі-жұрты көре алмай «малы көп» деп, Елімен өкпелесіп жөнеледі, 204-б.); Ыза керу — ашулану (Құданың берген малын көпсінген соң, жөнелді Қарекең де ыза керіп, 205-б.); Шарапаты санға тиіп, Сарыбайға бір тайпы ел билетеді, 205-б.); Жаны шығу — өлу (Адамнан ақымақ туған хан Қарекең, Маралдың жаны шықпай ішін жарды, 208-б.); Бейілін құдай алу — ниеті қараю (Бейілін Қарабайдың құдай алып, 208-б.); Дінін сату — ардан, ұяттан безу (Сарыбай өзі мерген маралды атқан, Маралға ит Қарабай дінін сатқан, 209-б.); Мәргау кету — келмеске кету, өлу (Нетесің босқа сұрап Сарыбайды, Сұрасаң Сарыбайды мәргау кеткен, 209-б.); Қара басу — алbastы басу (Ақымақ шал ақылы жоқ жаман састы, Қозыдан қорқып итті қара басты, 211-б.); Нәрседен шолпы тарту — мұқтаждық көру (Жұруші ең әр нәрседен шолпы тартып, Тұпсіз тәңрім дариядай мал береді, 214-б.); Сілтідей тыну — тып-тыныш болу (Ханымға тазша естіртті жеке барып, жұрт сілтідей тынады қайран қалып, 215-б.); Сауын айту — хабарлау (216-б.); Кінә аудару — пәлелеу, айыптау (Япырай, ибаратың қөпке тисін, Кінә аудармай сабайсың, Жаның күйсін, 211-б.); Дінін сату — ұяттан безу (Орын бар ма дүние үшін дінін сатар, Бізге аударар күнәң жоқ, атын атар, 218-б.); Мойнына тау тесіп ілу — азап шектіру, қинау (Бір тау тесіп мойнымызға ілсе дағы, Он бір аға, үнде-мей қайталық сол, 219-б.); Аты өшу — аты аталмау, ұмыт болу (Ешбір адам аузына алмаған соң, Аты өшкірдің аты өшіп ұмытылды, 219-б.); Ілігіне жарау — пайдаға асу, кәдеге жарау (Көңлімді мың мен санға баламаймын, Бенденің ілігіне жарамаймын, 224-б.); Сертке жету — уәдесінде тұру (Сол күндеғі жандардан Қодар епті, Уағыда қылған сертіне анық жетті, 226-б.); Құлақ салу — тыңдау (Қодар айтты: Қарекең, құлағың сал, Менің айтқан сөзімді жақсы ұғып ал, 227-б.); Ақыл салу — ақылдасу (Қөрмессің Қарабайдай бейлі тарды, Қодарға «өзің біл» деп ақыл салды, 217-б.); Күні жету — тағдыры жету, өлу (Қарабай, Сарыбаймен мерген екен, Күні жетіп Сарыбай өлген екен, 227-б.); Дүниесі тар — мал-жаны құрбан (Қозы Қөрпеш дегенде дүниесі тар, Анда-санда болмаса, сей-

леспейді, Жалғыз жатып Қозы үшін қылады зар, 227-б.); Намыс бермеу — кегін жібермеу (Елімнен Айбас сері ізден шықты, Дұшпанға неге намыс берейін деп, 229-б. Салыстыр: *намысты қолдан беру*); Кек әперу — өш алу (Қодарды жеңіп бізге кек әперер, Алаштан асып туган ер ұл қайда? 231-б.); Көңлі жақын тарту — іші жылу, ұнату (— Жоқ еді бір туысқан аға-жеңгем, Көңлім жақын тартты сізге дем-дем, 231-б.); Гүл-гүл жану — жайнау (Шырағым, келіп едім гүл-гүл жанып, Келгенмен қуанбадым сөзге қанып, 232-б.); Көкіректе қаяу жоқ — көңілдің бетен-дігі жоқ (Барлағалы айтып ем, ей, аға еке-ау, Көкіректе қаяу жоқ, куәм — құдай, 232-б. Салыстыр: «Басылып Қодар көңлі болды баяу, Бір сұмдық көңліне кірді қаяу, 255-б.); Жазасын беру — сазайын тарттыру (Қылмаңыз сөзге налып жамандықты, Жазамды, арам болсам, тәңрім берсін, 232-б.); Көңлін бұзы — құлазу, босау (Қосқан соң ақылына екі қызды, Екеуі жыламсырап көңлін бұзды, 233-б.); Көңлін аққа беру — адап ойлау, күдіксіз келу (Көктаймен келіп едім бір жыл желіп, Көңлімді сіздер үшін аққа беріп, 233-б.); Сабақты жіп алмау — дүние-мұлікке көз самау, біреудің малына қол сүқпау (Өз басым сабақты жіп, тіпті алмаймын, Шырағым көңлім тойды сізді көріп, 233-б.); Дем беру — қолдау, жебеп-желеу (Құдая, сапарыма дем бере гөр, Аға-еке-ау, жылдамырақ жөнеле гөр, 233-б.); Сөз бермеу — бой бермеу, десте бермеу (Әзір Қодар сіздерге сөз бермейді, Жалғыз сіздің өзіңе бөгелмейді, 233-б.); Қаны қашу — құты қашу, өнді бұзылу (Көпір Қодар бір тау ғой, кім таласар, Денесін көрген жанның қаны қашар, 233-б.); Сүйекке таңба басу — намысына тию, қорлау (Аға-еке-ау, тілімді алсаң көрінбей қайт, Кетпестей сүйегіңе таңба басар, 234-б.); Көз байлану — қараңғы тұсу, көрінбеу (Қас қарайып барады, көз байланып, Қууға тоқсан тұрсың ыңғайланып, 235-б.); Сөзбен шалу — сөз тарту, деректесу (Айбас келіп Қодарды сөзден шалды, Қодар батыр шоқпарын жұлдып алды, 234-б.); Күйі кету — халі төмендеу, күйсіздену (Бұл Тоқсан дәүлетімде киім киді, Жалғыз кісі кетірді біздің күйді, 235-б.); Мінезі текті — көргенді, әдепті (Мінезі шалдың дағы текті дейді, Сөзіне әбден көзі жетті).

дейді, 237-б.); Тіл алу — тыңдау (Шақырып тілімді алса, келемін деп, Аяңдал топқа таман кепті дейді, 237-б.); Тіліне еру — біреуге сену (Тіліне шалдың сонда ерді дейді, Тілеген бір тілегін берді дейді.., 237-б.); Көңлі тою — ризалық (Өне бойдан сіркедей мін таппадым, Қөрмеген жаным екен, көңлім тойды, 239-б.); Бел байлау — тәуекел ету (Ажалдан қашып пенде құтыла ма, Тағдырға не болса да байлладым бел! 239-б.); Бой беру — десте беру, женілу (Құдай кесел қылмаса қайратыма, Не қылып бір Қодарға бой берермін, 239-б.); Көзге күйік болу — өткінші, баянсыз бақыт (Байқасам, қажымайтын сен бір шоқсын, Қөзіме, туып менің күйік бопсын, 239-б.); Жолына боз қасқа айту — садақа беру, құрбанға шығару (Барайын деп келіпсің, сөзге «Ehe» деп, Боз қасқаны мен айттым жолыңа деп, 239-б.); Көзіңдің оң қырын сал — қамқорлық ет (Жалғыздан тірі айрылған шешем қалды, Тапсырдым, көзіңдің оң қырын сал, 242-б.); Діні қатты—қатыгез, бірбет (Ер Қозы жүріп кетті қатты дінді, Шуылдал елі-жұрты салды үнді, 242-б.); Қасық қаны қалғанша салысу — беріспеу, жанталасу (Ендей малы қалды деп қызыққанмен, Қасық қаным қалғанша салысармын, 234-б.); Құрттай санап беру — ақыретте есеп айырысу (Бұл жалғанда жолықпай өліп кетсең, Құрттай санап соңыра мен беремін, 243-б.); Заман кешу — өмір сұру, күн кешу (Бірталай жүре-жүре заман кешті, Атқан аның етін жеп, сүйн ішті, 243-б.); Басына ғаріпшілік тұсу — мұқтаждыққа ұшырау (Күнде мінген күреңкей арықтайды, Басына ғаріпшілік сонда тұсті, 243-б.); Жел өкпе — әуле-кі (Шадыр тазым емессің сөзге майда, Таз желөкпе келеді осындайда, 246-б.); Тәубесін жаңылу — құдайын ұмыту (Тәубендей, ант ұрган таз, жаңыласың, Қой жұні бөстегінді жамыласың, 246-б.); Құшырына жолығу — шамына тию, қақарына ұшырау (Солардың құшырына жолығарсың, Сен қызын Қарабайдың неғыласың, 246-б.); Тұн қату — тұнделету (Тәшкен барсан, елінді табарсың,— деп Тазшаны тұн қатырып жөнелтеді, 247-б.); Қосағыңмен қоса ағар — алғыс (Қайды барсан, сонда бар, жолың болсын, Қосағыңмен қоса ағар балам,— дейді, 248-б.); Теперіш көрсету — көресісін көрсету (Қиын жерде қысталанаң сөзің өтті, Қөш-жөнекей теперіш көрсетермін, 254-б.); Қанын жүктеу — обалы-

на қалу (Нетейін қанын жүктеп осы иттің деп, Анаңай жер лақтырып тастайды енді, 255-б.); Жаннан күдер үзу — өлімге мойын ұсыну (Қарабай ғаріп жаннан күдер үзді, 256-б.); Жазым қылу — мерт қылу (Қарағым, тілімді алсаң, Қодарға ерме, Ақылы жоқ тантық құл жазым қылар, 257-б.); Ебін тапқан екі асар — мақал (Ебін тапқан екі асар, амалданған, Тәңірім дәүлет беріпті мұнша маған, 257-б.); Арсаң қағу — арсандау (Қодекең естіп жүріп күндері өтіп, Арсаң қағып жылқыға келді жетіп, 258-б.); Жемес астан үміт қылу — есек дәме (258-б.); Қөңлін суыту — үміттенбеу (Не қылсаң да қөңлінді енді суыт, 258-б.); Салмақ болу — ой салу (Баян айтты: «Қарағым, кешікпей кел!» — Осы сөзі Баянның салмақ болды, 259-б.); Сауын айту — хабар айту (263-б.); Құн жайлату — сиқыр (Он екі күн бұршақты төгілдіріп, Құн жайлатып астыны қамап салды, 263-б.); Бейілі тар — сараң, көзі тоймайтын (Қодар сырттан биледі біткен малды, Мұндай адам көрмессің бейлі тарды, 263-б.); Аза салу — айқай сүрең салу, дау салу (Бағана келген асқа қайта салды, — Қызынды, хан Қарабай, жау алды, — деп, Суым бер, — деп, барды да аза салды, 264-б.); Қапыл қалмау — гафыл болмау, қапы қалмау (Баян айтты: ал, қалқам, қапыл қалма, 265-б.); Айран-асыр болу — таң тамаша болу (Соларды көріп тұрсын халқым дейді, Ай мен күндей екеуін көргеннен соң, Айран-асыр, таң-тамаша болған дейді, 265-б.); Мауқын басу — құмары тарқау (Қамады он екі күн тамам елді, Ойнап-куліп Баянмен мауқын басты, 265-б.); Шоқтығы асу — мерейі үстем болу (Жиылған тамам жаннан шоқтығы асып (Қозынның, Құшақтап Баян беттен сүйгізеді, 265-б.); Құдай иіу — тәңрінің мейірі тұсу (Қозы сонда сандалар іші күйіш, Жақсылық қылар жан жоқ құдай иіп, 266-б.); Қазан бұзар, үй тентек — от басын бұлдіруші, ауыл-үйдің тентегі (Қазан бұзар үй тентек толып жатыр, Қайратымды бар дұспан, алыс білсін, 267-б.); Қаза жету — өлү (267-б.); Қыр соңынан қалмау — соңына тұсу (Осынша қыр соңымнан бір қалмадын, 267-б.); Зәресі ұшу — қорқу (Саралай, сай кез оқты еңіретті, Тасыр құлдың зәресі ұшып кетті, 267-б.); Уайым жеу — қайғыру (Қорық пайды жалғызбын деп уайым жеп, 267-б.); Есін тану — талу (Келе жатып қансырап есін танды, 268-б.); Азап салу — қинау (Қызды алам деп ел-жұртқа азап салды

268-б.); Жанын қилю — өлімге бел буу (Бірі өлсө бірі жанын қиямыз деп, Екеуди уағыдамен достасады, 269-б.); Сабыр қылу — шыдау, төзу (Өзге жанда үрей жоқ, сабыр қыл деп, Уш қызы келіп Қозыны ұстасады, 272-б.); Қанын шашу — қыру, жою (Баян келіп тоқтатып мауқын басар, Ол болмаса бұл елдің қанын шашар, 272-б.).

Сонымен біз жырдың алты түрлі нұсқасында кездесетін тұрақты сез тіркестерінің нақты үлгілерін атап өттік. Алайда бұл келтірілген мысалдар негізінен тілімізде жиі ұшырасатын, көпшілігінде екі мүшелі, яки бинар тіркестер<sup>4</sup>. Олардың жалпы фразеология үшін мәні айрықша белгілері бар дей алмаймыз.

Бұлардан басқа жырдың тілінде қолданылуы біраз ерекше фразеологизмдер де ұшырасады. Мысалы, Дербісалин нұсқасында:

Мінді де куреңшени кетті дейді,  
Жылында ат құйрығы жетті дейді  
(39-б.)

болып келетін жолдар бар. Осындағы «Жылында ат құйрығы жетті» дегеннің мағынасын біз тек ассоциация жолымен «ұзақ жүріп жетті» деп қана түсінбесек, қазіргі тілімізде кездеспейтін құбылыс. Немесе осы нұсқадағы:

Жайлалауы — жан өшерде — сары бел-ді  
(44-б.)

дейтін жолдағы «жан өшерде» біздің қазіргі тілімізде сақталған «Ит өлген жерде» болып келетін тіркестің синонимі деп білеміз.

Қазақ тілінде «жең ұшынан жалғасу» түріндегі фразеологизм бар. Ол екі адамның іштей жақын болуын білдіреді. Біз текстеріп отырған жырда осыған орайлас «тіл жалғасу» болып қалыптасқан тіркес те кездеседі:

...<sup>4</sup> Фразеологияны зерттеумен байланысты қазір көтеріліп жүрген мәселенің бірі тіркестердің мағыналық жақтарыға ғана емес, сонымен бірге олардың құрамы, компоненттерінің саны т. б. Қараңыз: Телия Б. Н. О термине «Фразема». — Сб. «Проблемы лингвистического анализа». М., 1966, с. 186—199; — Сб.: «Проблемы фразеологии». М. — Л., 1964.

Қосылған кішкенеден, қарагым-ау,  
Күн қайда бір сөйлесер тіл жалғасып.

(46-б.)

Құрылышы жағынан бұл тіркес «Қол жалғау» типіндегі фразаның моделіне жақындау, ал беретін мағынасы *тілдесу, сөйлесу*. Демек фраземаның қалыптасу дәуірі сол «жөң ұшынан жалғасу», «қол жалғау» тәрізді үлгілермен шамалас болуы ықтимал да, бірақ сейлеу практикасынан ертерек шығып қалған тәрізді.

Мағыналық жағынан көнеленген тіркестер жырдың басқа нұсқаларында да бар:

Осы жолда сен мені қарғай бердің  
Емшегінің ақ сүті аруланбай.

(Березин, 72-б.)

Осындағы «ақ сүті арулану» тіркесі семантикалық жағынан «Ақ сүт беру» (Дербісалын нұсқасы, 38-б.); «Емшек берген — әрі жат» «Ақ сүтін көкке сауу» (Березин нұсқасы, 71-б.); «Емшек сүті ен дария, кіріш тұтар» (Ильминский нұсқасы, 107-б.) деген фразеологизмдерге жақын бола тұрса да, нақты «арулану» тұлғасының беріп тұрған мағынасы айқын емес.

Жырдағы екі-үш мүшеден құралған тіркестердің моделі негізінен есім — етістік тұлғалы компоненттерден жасалады да, фраза аяқталған бір сөйлем сипатында келеді. Алайда ара-тұра есім-есім типіндегі тіркеслер де ұшырасып отырады:

Адамдардың таразысы тең-ді дейді, (56-б.)

Қайтіп бармай жатайын, терезең тең. (68-б.)

Саган қылған, Қозы Қөрпеш, еңбегім еш. (60-б.)

Екі қайтып келмейді дүние-боқ (61-б.)

Сөйлеуге қызыл тілім епті,— дейді (62-б.)

Етіпті Баянды — көңіліне тоқ. (64-б.)

Березин нұсқасынан келтірілген осы мысалдардағы «таразысы тең», «терезең тең», «еңбегім еш», «дүние боқ», «тілім епті», «көңіліне тоқ» типтес фразалардың әрқайсысы екі есім сөздің тіркесуі арқылы жасалған. Басқа нұсқаларда бұл тәрізді үлгілер аса көп байқалмады.

Кейбір фразалық тіркестердің қалыптасуы құрамындағы компоненттердің бір өңкей аллитациялық үндестікке негізделген синтаксистік тәртібіне байланысты деп қараймыз. Мысалы:

*Құдай қосқан қосақтан қалмаймын ғой.*

(Березин, 60-б.)

*Көзім жасы көл-дария бар-ды, балам.*

(Сонда, 67-б.)

Бұндағы «құдай қосқан қосақ», «көзім жасы көл-дария» түріндегі қызысулар ежелгі анафоралық жүйедегі түркі поэзиясының принциптерін байқатады. Әрине, бұлардың сонымен қатар фразеологиялық мәні де жоқ емес.

Тіркестердің енді бір саласы діни ұғым-түсінікпен астарласып жатыр:

*Қозыкем, сен тәубендей жаңылыпсын.*

(Березин, 64-б.)

*Қарабай ақыретін жастаныпты,  
Мекениң тарапына бастаныпты.*

(Ильминский, 101-б.)

Алайда бұл жерде мынаны ескермей болмайды. Эпостың тіліндегі діни ұғымды білдіретін деректердің өзі екі-үшты болуы ықтимал. Егер «тәубесінен жаңылу» сияқты ұғымдар адам баласының сәбілік дәуіріндегі ой-санадан туатын болса, «акыретін жастану», «Мекеге бастану» тұрғысындағы сөз саптаулар кейінгі дәуірдегі мұсылманшылықты уағыздаумен байланысты пайда болған қабаттамалар деп білеміз<sup>5</sup>.

Эпос стиліндегі қызықты құбылыстардың бірі, біз-

<sup>5</sup> Бұл орайда Р. З. Қыдыраеваның мына пікірін қуаттаймыз. «Религиозные мотивы в эпосе... могут носить двоякий характер: во-первых, характер наслойений, специально внедренных в интересах того или иного класса, и во-вторых, характер естественного отражения мировоззрения трудящихся, создателей эпоса (автордың жоғарыда аталған еңбегінің 7-бетін қараңыз).

дің байқауымызша фразалық тіркестердің контоминациясы<sup>6</sup>.

Еркектей, қыз да болса, сұлу Баян,  
Өлтіріп Қодар құлды *намыс алды*.

(Дербісалин, 50-б.)

Осындағы «намыс алды» деген тіркес тіліміздегі «кең алу» және «намысты жібермеу» типіндегі екі фразадан контоминация жолымен жасалып отыр.

Сол секілді, Березин нұсқасында «қадам қойды» деген тіркес бар:

Екі бай бір-біріне *қадам қойды*. (56-б.)

Біздіңше бұл «ат қою» және «қадам басу» болып келетін екі тіркестің контоминациясы (Салыстыр: Сарыбай оған таман қадам басқан... 56-б., Березин нұсқасы).

Осы нұсқадан тағы да «жарыс қойды» түріндегі тіркесуді кездестіреміз:

Екі мырза елге таман *жарыс қойды*.

Бұны да біз «жарыс салу» және «ат қою» секілді фразалардың аралығынан шыққан деп білеміз.

Бұл типтегі контоминациялар мыналар:

*Tіл алмау — сөзіне нанбау||тілге нанбау.*

Мысалы:

Тазша, сенің *тіліңе нанбаймын* той.

(Березин, 60-б.)

Менің *айтқан тіліме нанбасаңыз*...

(Сонда)

<sup>6</sup> Бұл құбылыстың мәні сөздіктерде былай түсіндіріледі. «В языкоznании контоминация — это возникновение нового выражения или формы путем объединения элементов двух выражений или форм, чем-нибудь сходных. Неправильное выражение «играть значение» возникло как контоминация выражений «играть роль» и «иметь значение» (Ожегов С. И. Словарь русского языка. М., 1953, с. 256).»

(Салыстыр: Тілімді алсан, Қозыкем, бара көрме, Қырық күншілік шөлі бар, өлесің бе,.. Березин, 69-б.).

*Назалану — қапа болу, наза болу.*

Мысалы:

*Баянга сейлесе алмай наза болды.*

(Шөже, 147-б.)

*Тазшадан наза болып келе жатса.*

(Березин, 61-б.)

*Мазаны алу — тыныши кету//тынышиын алу.* Мысалы:

*Тоқсан қабат айтсаң да қайының жок,  
Тынышиымды ала берме сұмырайым.*

(Березин, 61-б.)

Кейде бір фразада контоминацияның нәтижесінде біріккен екі тіркестің де элементі сақталып қалады:

*Шаш ал десе, бас алу — бас кесу.* Мысалы:

*Басымды ала кесіп өлтірсең де.*

(Березин, 60-б.)

*Қозыке шаш ал десе, бас алады.*

(Шөже, 145-б.)

Сөйтіп бұл жерде контоминацияның жаңа типін көреміз, яғни

алу  
басты \ /  
кесу

Контоминация тек сөз тіркестерінің аралығындағана емес, фразалық қос сөздердің құрамында да болатын тәрізді. Мәселен, қазақ тіліндегі «ойран-ботқа» және «опыр-топыр» сияқты семантикалық жақындығы

бар қос сөздерден жырдың тілінде «ойран-топыр» түріндегі гендиадис **жасалған**:

Астын-устін боран қыл *ойран-топыр*.

(Березин, 84-б.)

Демек, бұнда екі қос сөздің бір-бір сыңарлары өзара біріккен. *Ойран-ботқа — опыр-топыр//ойран-топыр*.

Тілімізде «секем алу», «күдік алу» типтес фразалардың қолданылатыны мәлім. Ал сөз болып отырған жырда осы мәндес тіркестердің бірсыныра тосын үлгілері де бар.

Бір сөзінің ішінен *кіш алды да*,  
Қырын қарап жән тартып жүре берді.

(Радлов, 195-б.)

Сұлу қызы текеметке тор салады,  
Көңліне Баян сенбей *кір салады*.

(Шөже, 147-б.)

Оның айтқан сол сөзді *қадқін алды*.

(Березин, 55-б.)

Мен барсам, торғай бармай, *кәдік илер*.

(Ильминский, 111-б.)

Осы келтірілген мысалдардағы «кіш алу», «кір салу» (салыстыр: «көңілдің кірі») «қадқін алу», «кәдік илеу» дегендер әдеби тілде сирек кездесетін тіркестер әрі соңғы «кәдік илеу» типтіндегі тіркесті біз — «кәдік көру» (салыстыр: Осы қыздың жүрісін кәдік көріп, Бір жау қатын жүреді соңына еріп,.. Жанақ, 269-б.) және — «зар илеу» тәрізді фразалардың контоминациясы ретінде қарастырамыз. Соған қоса айтарымыз — бұл тіркестердің құрамындағы «кіш, қадқін, илеу» тұлғалы компоненттерінің лексикалық мағыналары да көмескіленіп кеткен.

Жырда бұлардан да басқа құрамындағы компоненттерінің бірі араб-парсы сөзі болып келетін тіркестер жоқ емес.

Алты жасар бестісі ат болыпты,  
Бір сөз айтса түгел жұрт *мат* болыпты.

(Березин, 74-б.)

Менен кетіп, *барқадар* табасын ба.

(Березин, 68-б.)

Барғанменен *барқадар* таба алмады.

(Жанак, 223-б.)

*Уағдаға қылап қылман, не қыласың,*  
Күн болса ондай атты берер-ақ-пын.

(Жанақ, 209-б.)

Міне, осындағы «мат болу», «барқадар табу» «уағдаға қылап қылмау» деген тіркестердің алғашқы компоненттері шеттен кірген сөздер. Алайда ауыз әдебиетінің үлгілерінен бұл тәрізді сөз қолданыстарды қазірде де кездестіріп қаламыз. Мысалы:

Кітапта күллі бақас — анық арам,  
*Болады* екі еgestің біреуі *мат*.<sup>7</sup>

Немесе:

Иесін айтқан сөздің мен білем ғой,  
Адасқан сен не білдің, ақылы — *мат*.<sup>8</sup>

Ал «барқадар», «уағда», «қылап» («қылаптан таю») сөздері аузызекі тілде жиі айтылады.

Жалпы, қай тілдің болмасын синонимдік дублеттеріндегі, үйқасқан қос сөздеріндегі, біріккен сөздері мен сөз тіркестеріндегі компоненттерінің бірі шеттен кірген лексема болып кездесуі заңды. Г. И. Рамstedt бұл құбылысты, әсіресе, алтай тілдеріне тән айрықша белгі деп таныстырады<sup>9</sup>.

«Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырындағы кейір фразалық қос сөздердің, немесе сөз тіркестерінің жекелеген сыңарлары да дербес тұрганда түсінікті бола бермейді. Мәселен, әдеби тілде әредік болса да ұшыраса-

<sup>7</sup> «Айтыс», 2 том. Алматы, 1966, 249-б.

<sup>8</sup> Сонда, 246-б.

<sup>9</sup> Ол былай деп жазады: «Вряд ли приходится сомневаться в том, что всем алтайским языкам, имевшим древнюю народную литературу, свойственно было особое пристрастие к синонимическим повторам и рифмующимся парным словам. Нужно лишь обратиться, например, к казахским текстам в труде Радлова, чтобы найти этому подтверждение» (Рамстедт Г. И. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, с. 222).

тын «әуре-сарсаң» типіндегі қос сөз жырдың барлық вариантында дерлік қолданылады:

Апымай, өңім бе едің, түсім бе едің,  
Тіріде менің көрер ісім бе едің?  
Әуре-сарсаң қылыш сен қайда кеттің,  
Шынымен құдай қосқан кісім бе едің?

(Радлов, 202-б.)

Тағы да:

Әуре-сарсаң, құдайым, етіп едің,  
Әурешелік жолменен кетіп едім.

(Березин, 74-б.)

Осы мысалдардағы «сарсаң» сөзінің беретін мағынасын біз тек алғашқы сыңарына қарап қана түспалдаймыз, немесе сол «әуре» сөзінің синонимі деп білеміз. Жоғарыдағы еңбегінде Г. И. Рамстедт қос сөздің мағынасыз сыңарлары жайлы былай дейді: «В гендиадисе часто первое или второе слово представляется лишенным смысла; если второе слово не является простым подражательным преобразованием первого, то часто его значение разъясняется через какой-либо другой алтайский язык. Например: монгольский «хал» — огонь, бурят. «кул!», но в поэтическом языке «хал-куль», ср. тюркск. «кул — зола»<sup>10</sup>.

Алайда жырдың тілі қалыштасқан кезеңдерде «сарсаң» сөзінің мағынасы қазіргідей көмескі емес, жалпыға мәлім болған тәрізді. Себебі ол жырда көпшілік реттерде «әуре» сөзіне қосақталмай-ақ, жеке дара қолданыла береді. Қараңыз:

Сарсаң қылған со мені Қарабайды,  
Қара жерге, қойман-ды, енбей, шеше.

(Березин, 70-б.)

Сарсаң болды Қозыке үйден кетіп,  
Он екі айлық, қырық күншілік жерге  
жетіп  
(Сонда, 75-б.)

<sup>10</sup> Рамстедт Г. И. Көрсетілген еңбектің 223-беті.

Кете алмайды Қозыке үйге қайтып,  
Сарсан қылды сол тазша қайдан айтып.

(Сонда, 75-б.)

Мен іздең Сарыбайды болдым *сарсан*,  
Жеңеше, ол кісіге өзің барсаң,  
Әлі күдер үзбеген мен бір *сарсан*.

(Ильминский, 111-б.)

Осы тәрізді қолданысты біз «Алпамыс» жырынан да кездестіреміз:

Жанның берін *сарсан* ғып,  
Бір шұбар ат қалдырды.<sup>11</sup>

К. Жұбанов түркі тіліндегі дыбыс алмасудың кейбір заңдылықтарын сез ете келіп, қазақтағы «сарсан» анатолий түріктерінің «сарсық» сезінен өзгерген, түрік сезіндегі қысаң «ы» дыбысының орнына қазақтың ашық «а» дыбысы түскен деп жазады және қазақ тіліндегі «сарсан» сезін «әуре-сарсан» деген қос сезіндің құрамында тұрып айтылады деп ескертеді.<sup>12</sup>

Қазақстанның кейбір аймақтарында «сарсық» сезі «дерт, кесел» деген мағынада қолданылады.

Тіліміздегі «сергелденге тұсу» дейтін тіркестің құрамындағы «сергелден» де қазақтың төл сезі емес. Алайда оның беретін мағынасын басқа тұрақты тіркестердегі синонимдеріне қарап аңғаруға болады. Қаранызы: «Сейіл де сейіл, сергелден де сейіл». Бұл жерде ол «сейіл» сезіне синоним болып тұр. Ал енді «сейілдің» еzi басқа бір ретте «сейіл-серуен» болып қосақталып, синонимдік дублет жасайды. Демек, сейіл, серуен, сергелден сезідерінің арасында белгілі байланыс бары байқалады. Осы «сергелден» сезі аз-кем фонетикалық айырмашылықтармен басқа түркі тілдерінде де қолданылады. Мысалы, түрікмен тілінің түсіндірме сезідіңінде **мағиналық**, тұлғалық жағынан ұқсас келетін «сер-

<sup>11</sup> «Батырлар жыры», 210-б.

<sup>12</sup> Жұбанов Х. К. Из истории порядка слов в казахском языке, Алма-Ата, 1936, с. 50; Автор былай деген: «Анатолийско-турецкий «сарсық» — потрясенный» — казахский «сарсан» в (сочетании «әуре-сарсан»).

гезден» түріндегі лексема бар<sup>13</sup>. А. Н. Самойлович мұны түркменнің теке диалектісінде қалыптасқан парсы сөзі деп түсіндіреді<sup>14</sup>. Яғни, қазақша — *сергелден*, түрікменше — *сергездан*, парсыша — *сергердан*. Біз қарастырып отырган жырдың тілінде «сергелден» сөзі *ету, қылу* тұлғалы көмекші етістіктерімен тіркеседі:

Қалтақ балам, жүрмісін кетейін деп,  
Кетіп міне *сергелден* етейін деп.

(Березин, 69-б.)

Мұнша қастық қылғандай неттім, Баян,  
Мені неге *сергелден* еттің Баян.

(Шеже, 161-б.)

Біледі қайтарымды құдай деді,  
*Сергелден* құдай мені қылды-ай деді.

(Ильминский, 110-б.)

Жырдың тілінде тұрақты сөз тіркестерін қолданудағы қызықты құбылыстардың бірі — перифраза. Бұл тұрғыдағы сөз қолданыстардың өзі де біркелкі емес, сан алуан. Мысалы, тілімізде «қанат-құйрық», немесе «құйрық-жал» (салыстыр: «құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер») түрінде қалыптасқан фразалық қос сөздер бар. Олар *сүйеніш, тірек, ага-іні* деген ұғымның образды атаулары іспетті. Жырдың тілінде де бұл типтегі тіркестер ұшырасып отырады:

Атасы бай болса да қыз бермеңіз,  
Артында құйрығы жоқ, жалы жоққа.

(Радлов, 201-б.)

Бердің бе рұқсатың, жақсы ағалар,  
Артында — қаба құйрық, алдында — жал.

(Ильминский, 99-б.)

<sup>13</sup> Қараңыз: «Сергездан (сергезда + и) «Белги месгинисиз, ишсиз айланып йөрен, ығып йөрен ықманда («Түркмен дилинің сөзлугі», 953-б.). Қазақшасы: белгілі мезгілсіз, іссіз сенделіп жүрген, қаңғып жүрген қаңғыма.

<sup>14</sup> Ол былай деп жазады: «Текинский саргаздан-гуляка — перс саргардан» (Самойлович А. Н. Персидское «саргардан» — саргаздан», т. 18, вып. 4 (1907—1908). СПб., с. 0167).

Алайда бұл келтірілген үзінділерде «құйрық-жал» тіркесі айтарлықтай өрбімеген. Ал жырдың Жанақ версиясында осы фразеологизм былайша дамиды:

Алдымда менің **жалым жоқ**,  
Айдал та берер малым жоқ.  
Артымда менің **құйрық жоқ**,  
Көңілден, сірә, жүйрік жоқ.

(Жанақ, 251-б.)

Әсіресе, «дел-сал болу» дейтін тіркес ішіндегі қос сөздің перифразалық өзгерісі көңіл қоярлық. Егер жырдың кейбір вариантарында ол осы қалпын өзгертпей қолданылса:

Амалы жоқ алысқа айдаған соң,  
Адамы **дел-сал болып** қайтқаны сол.

(Жанақ, 210-б.)

Басқа нұсқаларда синонимдік дублет: *дал-сал*, *дел-сал* екі айырылып, дербес екі тіркеске айналады:

Сен тұра тұршы, а, тазша, қан қылғандай,  
Ақылымнан адастым *дал* қылғандай.

(Березин, 60-б.)

Немесе:

*Сал* болып тамам көуір тұрып еді,  
Әліжаппар талты ақыл ойыменен.

(Дербісалин, 47-б.)

Кейде, тіпті бұл тәрізді екі тіркес бір шумақ өлеңдің ішіндегі екі жолда қатарласып та келеді:

Мен не еттім Сарыбайға *сал* қылғандай,  
Мен не еттім Қарабайға *дал* қылғандай,  
Тарта тұр атың басын, шырағым-ау,  
Ауылы алыс емес, табылғандай.

(Дербісалин, 41-б.)

Перифразалық жолмен ұлғайған қос сөздердің бірі «телі-тентек». Эдette қара сөз ішінде осы көрсетілген орын тәртібін бұзбайтын бұл фраза өлеңді текстерде

поэзиялық инверсия туғызып, «тентек телі» түрінде де айтылады:

Тозып кеткен ел-жұртын  
Тегіс жинап алады,  
*Тентегі мен телісін*  
Түзетіп жөнге салады.

(«Алпамыс»)

Синонимдік дублеттерге тән жалпы қасиет бойынша бұл тіркестегі «телі» шеттен кірген адекват, «тентек» сөзінің баламасы болар деп шамалаймыз. Ал енді жырда айтушы осы қос сөздің екі сыңарын бір-біріне салғастыра, шендестьре қолданған:

Іздеймін деп сұрапсың жолдасынды:  
*Телі өскен көңлінді тентек қылып,*  
Есіттірген кім еді, оңбассың-ды.

(Березин, 63-б.)

*Телі өскен көңлінді тентек етіп,*  
Сен Баянды есіне сала берме.

(Березин, 65-б.)

*Телі өскен көңлінді тентек етіп,*  
Ерте кеткен Баянға жете алмассың.

(Березин, 67-б.)

Айнай, балам, ай, балам, менен кеттің,  
*Телі өскен көңлімді тентек еттің.*

(Березин, 72-б.)

Бір ескерте кететін нәрсе мынау: біз сөз етіп отырыған жинақта «телі өскен» деген тіркес түгелдей «тілі өскен» болып басылған. Сонымен қатар, І. Дүйсенбаевтың салыстыруларында (кітаптың соңындағы түсініктерді қараңыз.— Е. Ж.) Фролов вариантындағы осы тақылеттес жолдар «тілесіген...» болып келетіндігі айтылады. Алайда біз бұл екі түрдегі сөз қолданысты да («тілі өскен»; «тілесіген») әпосты араб жазуынан транслитерациялауда кеткен текстологиялық жаңсақтық болар деп есептеп, «телі өскен» түрінде алып отырмыз<sup>15</sup>.

<sup>15</sup> Бұндай қорытындыға бізді Р. F. Сыздықованың кейір текстологиялық ізденістері әкелгенін атап айтуга тиіспіз.

Қазақ тіліндегі осы мәндес «асау-тарпаң», «тентек-тебіз»<sup>16</sup> тәрізді фразалық қос сөздер де жырда өзінің қалыптасқан құрылымын өзгертіп, перифразаланып айтылады:

Жапанда батыр Қодар ой ойлайды,  
Тарпаңды асауменен бір қоймайды.

(Жанак, 217-б.)

Тайлақ айтты: — Жамагат, ой ойлаңыз,  
Тентек пенен тебізді бір қоймаңыз.

(Жанак, 257-б.)

Жырдағы қызықты перифразалық ұлғайыстардың бірі «көңлі кету» тіркесіне байланысты:

— Сәлем,— де ініңізге іздел келсін,  
Келмесе, сорлы Баян дегені «өлсін»!  
Көңлім кетті Қозыға, жаным мұнда,  
Айтқан сөзді ініңіз қабыл көрсін.

(Жанак, 233-б.)

Демек, тіліміздегі «ықыласы ауу», «құмар болу» секілді тіркестерге синоним «көңлі кету» дейтін фраземадан айтушы тұра мағынадағы: «көңлім кетті де, жаным мұнда қалды» деген тәрізді образды қолданыс жасап отыр. Бұдан біз абстрактты ойдың конкреттенген бейнесін көреміз.

Қазақстанның шығыс аудандарында «болмашы, азғантай, ұсақ, майда» деген мағынада «құрдым» сын есімі қолданылады. Мысалы: Мектеп балалары биыл былтырғыдай ірі емес, құрдым<sup>17</sup>. Сондай-ақ «құрдым» сөзімен тіркесіп «құрдым су» дейтін фраза да жасалады. Ж. Болатов оны: «Аз су, арықта шылдырап қана ағып жататын мардымсыз су»<sup>18</sup> — деп түсіндіреді.

<sup>16</sup> Тебіз — тентек, мінезі теріс. Халықтың сейлеу тілінде «тебіз — тентек» тұлғасында да кездеседі (Досқараев Ж., Мусабаев F. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері, I белім. Алматы, 1951, 78-б.).

<sup>17</sup> Болатов Ж. Семей облысының Абай, Шұбартай аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. — «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 2-шығуы. Алматы, 1960, 151-б.

<sup>18</sup> Сонда.

Ал енді біз тексеріп отырған жырдың Жанақ айтқан нұсқасында осы тіркес перифразаланып «су аяғы құрдым» болып айттылады және әпостың өн бойында ол «судың біткен жері, яки шөл» деген мағына мен «алыс, қашық» ретінде де қатар жұмсалады.

Қарабай тоқсан мыңмен өрге салды,  
Жылқыдан Аққайыңды мініп алды.  
Су аяғы құрдымнан ара қонып,  
Осы тұрған Семейге жетіп барды. (223-б.)

Су аяғы құрдымнан қашып жүрген,  
Алла тағала қаңғыртқан Қарабаймын.  
(224-б.)

Су аяғы құрдымнан келген болсаң,  
Елі-жұртты, қой-қозы аман ба екен.  
(231-б.)

Су аяғы құрдымнан іздеп келдім,  
Қозы Қөрпеш — шын жарың, келін бала.  
(232-б.)

Құрдымнан су аяғы қашқан итсің,  
Құйрығын бақа айғырдың ұста дейді.  
(256-б.)

Су аяғы құрдымнан қашып едім,  
Жақсының қасиетін біле алмадым.  
(Сонда)

Су аяғы құрдымнан келген болса,  
Құлдан таяқ жей ме екен жанды кісі  
(261-б.)

Жырдың құрамындағы тұрақты тіркестердің бұлайша перифразалық жолмен түрленуінен бірсыныра фразеологиялық синонимдер туып қалыптасқан. Әрине, олардың қолданысы аса жиі емес, бірақ бірді-екілі болса да, әпостың тілінде сақталған:

Жауыр атты мен жаба тоқып жүрсем,  
Мен сықылды көрпелдес неге керек?

Жауыр атты сен жаба тоқып жүрсөң,  
Көктайын жауыр қылған саған орай.

(Жанақ, 237-б.)

Салыстырыңыз: «жауырды жаба тоқу».

Халық аузында «Тұлпардың (немесе шұбардың.—  
Е. Ж.) өз түяғы өзіне май» болса, жырда:

— Айтса айтсын, сүм тазша, дәнeme емес,  
Тұлпардың өз түяғы — бізге дәрі.

(Жанак, 259-б.)

Сондай-ақ, «ажал аузына байлау» сияқты тіркес жырда былай айтылады:

Болжаусыз жан, мезгілсіз, таң атпайды,  
Қырық мылтықтың аузына мені байла.

(Жанак, 265-б.)

Салыстыр: «қырық пышақ болу», «қырық жыл қырғын».

Сол секілді, осы әпосқа ғана тән бірсыныра фразалық сөз қолданыстары да жоқ емес:

Қодекен естіп білді осы халді,  
Іші күйіп кәпірдің басы айналды.  
Артын түйсе, қапталы быт-шыт болып,  
Бармақ етін тісімен жұлдып алды.

(Жанак, 246-б.)

Салыстыр: «бармағын шайнады».

Баянды бермей кетер саған бок-ты,  
Айым-күнім, атарсың қазалы оқты.

(Жанак, 222-б.)

«Тарс берген соң, тайсалма»— деген сөз  
бар,  
Бар көргенін ер Айбас айтып берді.

(Жанак, 239-б.)

Салыстыр:

«Талағы тарс айрылып» мұндар құлдың,  
Кісіге жиындағы хабар берді.

(Ильминский, 114-б.)

\* \* \*

Бұл айтылғандар секілді ерекшеліктер әрдайым фразеологизмдердің жалпы құрылымынан, немесе

олардың семантикалық аясынан ғана тумайды, кейде тіпті тіркес ішінде әдеттегіден тыс бір компоненттің қолданылуына да байланысты болып келеді. Мысалы, тіліміздегі *кер* лексемасының мағынасы қырысқы, қыңыр, қырсау деген ұғымдарды беретіні және оның *кер* кеткен, *кер* келу сияқты тіркестердің құрамында келетіні белгілі. Эпостың Жанақ айтқан нұсқасындағы кейбір фактілер де осыны дәлелдейді:

Сұм тазша, олай айтсам, бұлай дерсің,  
Міnezің тіпті жаман, өзің — *керсің*.  
(260-б.)

Сарекең ат көрген соң жетіп келді,  
Көреді түзде жүріп талай *керді*.

(206-б.)

Алайда басқа реттерде осы *кер* сөзі әр алуан лексикалық шамалармен тіркесіп, өзгеше бір фразеологизмдер де жасайды:

Кеңесімді алмадың, *кері барғыр*.  
(Березин, 66-б.)

Терінді теріс — *кері соярмын да*,  
Сен құлмен дәурен сүрмей қоярмын да.

(Ильминский, 123-б.)

Осы келтірілген мысалдардағы «*кері барғыр*» (салыстыры: «*кері кеткір*»), «*кер салу*» (с-р: «*кер солқы*»), «*терісін теріс — кері сою*» (с-р: «*терісін теріс сыпыру*», «*іремей сою*») типіндегі фразалар тіліміздегі қалыптасқан тұрақты тіркестердің синтаксистік синонимдері іспеттес»<sup>19</sup>.

Енді жырда кездесетін осы тәрізді айрықша қолданыстың бірнеше мысалын берейік:

<sup>19</sup> Сөз тіркестерінің синтаксисі мен синонимикасы жөнінде мына еңбектерді қараңыз: Балақаев М. Б. Основные типы словосочетаний в казахском языке. Алма-Ата, 1957, с. 74—103; Тағыда: Балақаев М. Б. Современный казахский язык (синтаксис). Алма-Ата, 1959, с. 7—105; Тағыда: Балақаев М. Казақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы, 1965, 108—114-б.; Сергалиев М. Синонимика глагольных словосочетаний в современном казахском языке (Автореф. канд. дис.). Алма-Ата, 1967, с. 3—21.

*Зарп ұру* (с-р: «алас ұру», «сарп ұру», «сарт ұру»)

Сол тазшадан үмітін үзгеннен соң,  
Есігін *зарп ұрып* үйге кірді.

(Березин, 61-б.)

*Қажары мұқалу* (с-р: «қажары қайту», «күші қайту»)

Шеше, мұнша *мұқаттың қажарымды*,  
Мен білгенмін-ді аллаға жазарымды.

(Березин, 69-б.)

*Мойын салу* (с-р: «жанын салу», Ильминскийде:  
«қолқа салу» 121-б.)

Осынша *мойын салып* тілесе де,  
Құрып қалғыр жеңгесі жібермеді.

(Березин, 87-б.)

*Tiri тұл* (с-р: «тірі жетім», «тұл болу»)

«Жанбай — жалын, күймей — шоқ»  
дегендейін,  
*Tiri тұл* осы күнде Баян болды.

(Ильминский, 119-б.)

Қазақ тіліндегі еліктеуіш мәнді «өксү» етістігінен «өксік» тұлғалы есім сөз жасалады да, ол «бас» түбірлі көмекші етістікпен тіркесіп «өксігін басу» деген фраза құрайды. Бұл тұрғыдағы фразеологиялық бірегейді біз Ильминский нұсқасынан кездестіреміз.

Баян-ау, *өксігің бас*, шерің тарқат.

(113-б.)

Ал осы жырдың қалған нұсқаларында бұл фраза басқаша стильдік қолданыспен айтылады. Мысалы:

Бойында Аяқөздің берте қайың,  
Кыз Баян, *өксігі бар*, уатайын.

(Дербісалин, 41-б.)

Барыңды қарыштап қал бүгінгі күн,  
Баянды *өксік болған* уатайын.

(Жанак, 245-б.)

Салыстырь:

Аяқөздің бойына бітер қайың,  
Мұнды болған Баянды жұбатайын.

(Радлов, 192-б.)

Аяқөзді жағалай бітер қайың,  
Уақып болған Баянды уатайын.

(Березин, 77-б.)

«Көркем әдебиет шеберлерінің жазғандарында, — дейді М. Балақаев, — тұрақты тіркестер құрамын әдей өзгертіп, не араларына басқа сөздерді қосып айту кездеседі, бірақ олардың көбінде ерекше стильдік өң болады»<sup>20</sup>. Осының мысалы ретінде ғана «көзімнің жасы көл болды» дегенді С. Торайғыровтың «көз жасым көктен құйған жауын еді» деп әсірелей, құлпырта қолдануын, «жұні жығылды» дегенді Жамбылдың:

Батыр тұлға бола алмай  
Елдің түгі жығылды,—

деп қыстырыуын, ал «соққы жеу» дейтін тіркесті Абайдың:

Өмірден тепкі жесем, жазығым жок,—

деп түрлендіріп қолдануын атап өтеді.

Біз қарастырып отырған жырда да осындай поэтикалық перифразаның эпос тіліне тән ұлгілері аз емес. Мәселен, ауызекі тілдегі «көзге ақ тұсу» немесе «көзін ақ шел басу» сияқты сөз жүйелері жырда осы мәндес тіркеспен де беріледі:

Сарыбай кеткенінде жыламаған,  
Шешеке, шел қаптасын көзінді енді.

(Ильминский, 105-б.)

Сондай-ақ бұл фраза кейде әр алуан образды метафоралармен де көмкеріледі:

Кез қылды жапан дүзде мені саған,  
Тұскен жок, жасым жетіп, көзге таған.  
Кез келген құйрықты аңды жібермейді,  
Мылтығым — алты қарыс, көрсет маған.

(Жанак, 207-б.)

<sup>20</sup> Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері, 111-б.

Осы шумақтағы екінші тармақ өлеңді инверсиясыз айтқанда: «жасың жетіп, көзге таған түскен жоқ» болар еді. Демек, бұл «көзге ақ түскен жоқ» деген тіркеспен мәндес. Алайда бұндай мағына өлеңде тек ассоциациялы түрдеғана аңғарылғаны болмаса, «таған» сөзінің нақты семантикасы ашылмаған. Себебі тіліміздің сөздік қорында аталған лексема тек деректі зат атауы, яки бір нәрсенің тіреуі, таяуы, қазан-ошақтың жер тіреп тұратын аяғы ретіндеғана аян. В. В. Радловтың сөздігінде<sup>21</sup>: «Таған — козла для подвешивания чего-нибудь; қазан тағаны — станок для подвешивания котла; таған асты — 1) игра, 2) качель» — деп ту-сіндірледі.

Аудыс мағынада бұл сөз малдың аяғы дегенді білдіреді. Мысалы, мал жүрмейді, аяғын баспады деудің орнына «төрт тағандап тұрып алды» болып та айтылады. Бұндағы «төрт таған» — төрт аяқ. Ал енді осы таған сөзі Шығыс Қазақстан экспедициясының материалдарында<sup>22</sup> «малдың басқан ізі, соның орны» басқаша айтқанда, аяқтың өзі емес, оның салып кеткен таңбасы, дағы ретінде қолданылады. Олай болса, «көзге таған түсү» деген тіркес те көзге дақ түсуді, немесе көздің қараашығын ақ шел қаптауды білдіреді. Алайда бұның өзі диалекталды құбылыс болуы да ықтимал.

Жырдағы осы мәндес фразаның бірі — «көзін тұту».

Ауылы Аяқөздің бойында-ды,  
Баянның Қозы Қерпеш ойында-ды.  
Көзін тұтып сениң үшін көп жылаған,  
Обалы әкесінің мойнында-ды.

(Ильминский, 110-б.)

Бұл келтірілген шумақтағы «көзін тұтып» деген тіркесті екі түрлі ұғымда қабылдауға болар еді. Біріншіден — «тұту» сөзі қолмен ұсташа (с-р: «ұстап-тұту») деген мағынада жұмсалатын болғандықтан, «көзін ұстап, яғни көзін басып жылады» деп ұғуға, екін-

<sup>21</sup> Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий, т. III, ч. I. СПб., 1905, с. 795—796.

<sup>22</sup> Досқараев Ж., Мұсабаев F. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері, 78-б.

шіден — «көзінің жасы кіреукеленіп, көз жанарын тұтып жылады» деп те түсінуге келетін тәрізді.

Жырдың басқа нұсқаларында «тұт» сөзі бұлайша көзben тіркесіп айтылмайды, бірақ осы лексеманың қатысуымен жасалған фразалар қадау-қадау болса да ұшырасып қалады:

Өтер бит сүрмегеннің өмірі еш,  
Қадір тұт дәuletінді, жаным, бикеш.

(Ильминский, 113-б.)

Басқа әпостардың ішінде «көз тұту» (с-р: «көзін тұту») тіркесін біз «Қамбар батыр» жырынан кездес-тірдік:

Сөйлесе алмай Қамбарга,  
Тағы да қалды арманда.  
Отырған сұлу *көз тұтып*.<sup>23</sup>

Алайда бұндағы тіркестің мағынасы тіліміздегі «көз тігіп» фразасы типтес. «Жалпы «тұту» етістігі «Қамбар батыр» жырында жиі қолданылатын тәрізді:

Кырындал өтіп барады,  
Сүңқарын *тұтып бетіне*.<sup>24</sup>

немесе:

Шылымның *тұтып құмары*,  
Артына мойын бүрмады.<sup>25</sup>

Тіркесу амалдарының ішіндегі қызықты құбылыстардың бірі — «сал» түбірлі етістіктің семантикасында болатын өзгерістер:

Телі өскен көңлінді тентек етіп,  
Сен Баянды *есінде сала берме*.

(Березин, 65-б.)

Қозы Қөрпеш көңліне *қайғы салды*,  
Бір Баянның зауқынан бақты малды.

(Березин, 80-б.)

<sup>23</sup> Батырлар жыры, 325-б.

<sup>24</sup> Сонда, 323-б.

<sup>25</sup> Сонда, 325-б.

Бұл келтірілген өлең жолдарындағы «есіне салу», «көңілге қайғы салу» деген тіркестердің атап көрсетерліктей ерекшеліктері жоқ, себебі, абстракт заттарға қатысты болса да «салу» етістігі өзінің тұра мағынасында қолданылған.

Ал енді мына тәмендегі мысалдарда салу етістігінің семантикасы мен функциясы бірқыдыру өзгерген:

Дүниесін тастап кетті *көзге салмай*,  
Арманда жер тәсегін төрге салмай.

(Ильминский, 120-б.)

Енді бұлай болған соң, кеткенім жөн,  
*Құлдан салса*, көрермін, ажалымды.

(Березин, 69-б.)

Қазіргі тіліміздің нормалары тұрғысынан келсек, «дүниесін көзге салмады» емес, «көзге ілмеді» немесе «дүниесіне көзін салмады» болып айтылуы тиіс еді. Сол сияқты «ажалымды құлдан салса, көрермін» болмай, «ажалым құлдан келсе, көрермін» деп сөйлер едік. Алайда эпос заманындағы грамматикалық ойдың жүйесі қазіргідей емес, сол кездің өзіндік нормаларына сәйкес құрылған болуы тиіс. Әсіресе, біздің ұғымызға сыйымсыз тіркесулер деп біз мынадай сез қолданыстарды айтар едік:

Сол Баянды Қодар құл *көзден салmas*,  
Бедіректің қылышы естен кетпес.

(Березин, 91-б.)

Әкекем: «анаң тілін алма», — деген,  
Садағыңды *беліңнен салма*», — деген

(Шәже, 143-б.)

— Шырағым, мені *есіңнен салма*, —  
дайді —  
Дүшпаниң өсегіне наанба, — дейді.

(Шәже, 168-б.)

Эрине, бұл типтегі тіркесулер біздің қазіргі грамматикалық логикамызға қайшы келді. Осы күнгі норма бойынша бұлар («көзден салмау», «белден салмау», «есінен салмау») «көзден таса қылмау» (с-р:

«көзін салмау») «белінен алмау, тастамау», «есінен шығармау» (с-р: «есіне салмау») болып айтылар еді. Демек, әпостың тіліндегі «сал» түбірлі етістіктің қатысуымен жасалған бұндай тіркестер тосын тыңдаушыға керісінше мағына беретін де тәрізді. Өйткені қазірде «салу» етістігі, негізінен «алу» деген ұғымға қайшы мәнде жұмсалады (с-р: «алмалы-салмалы»). Яғни, бүгінгі таңдағы стильдік талапқа сай «садағынды беліңнен алма» деп қолдануға болады, бірақ «салма» деп айтылмайды. Алайда «салмау» тұлғасының бір кезде жырдағы стильдік-семантикалық нормага сәйкес қолданылып келгендігін байқататын тілдік фактілер жоқ емес. Мысалы, ауызекі сейлеуде кездесетін: «ол бір киімді салмастан киді» деген сияқты сөз қолданыстар осының айғағы бола алады.

Жырдың тіліндегі басқа тұрақты тіркестердің, фразалық қос сөздердің, метафоралық балама тізбектердің айтарлықтай ерекше белгілері жоқ. Олар көбінесе ақ күнгөріс тіршіліктің әр алуан тұрмыстық көріністерін бейнелеу үшін қолданылып, тыңдаушының құлағына таныс образдарды қайталайды. Мысалы:

Қодеке-ау, олай болса, мен желейін,  
Ел-жұртты сағындым ғой, бір көрейін.  
Киімім кірлем кетті, жеңім тозып,  
Кір-қоңымбы жуғызып, тез келейін.

(Жанак, 258-б.)

Бұндағы «ел-жұрт», «кір-қоң» (с-р: «қоң етін кесіп беру») дегендер өз ара текстес не сабактас заттардың комплексін білдіретін жинақтау мәнді қос сөздер. Алайда қос сөздердің сыңарлары арасындағы байланыс үнемі «ел мен жұрттың», «кір мен қоңның» жақындығындағы конкретті қатынастарға ғана негізделмейді, кейде қосарланатын сөздердің арасы тек логикалық бірлікпен дәнекерленеді:

— Жапанда өңшең жалшы құлық бастар,  
Бірінің айтқан сезін бірі қостар.  
Өзің барып жылқыны қайтарып кел,  
Арық-шеру уақытта қырып тастар.

(Жанак, 258-б.)

Осы шумақтың соңғы жолындағы «арық-шеру» деген қос сөздің алғашқы сыңары қыстан шыққан жыл

қының күйін білдіруге арналса, екінші сыңары — «шеру» — тебіндегі малды елге айдал жеткізудің жол азабын, арық малды қайтарып келу сапарының қындығын хабарлайды. Сөйтіп, бір гендиадис екі түрлі ситуацияның тоғысуы нәтижесінде шыққан ой қорытындысын, яки абстракция жолымен жасалған тұтас бір концепцияны пайымдайды.

Егер осы айтылған уақыт және жағдай факторлары тоғыспаған болса, онда арық пен *шеру* сездерінің бұлайша қосарлануының өзі екіталай болар еді. Тіліміздегі арық сезінің қатысуымен жасалған басқа фразалардың *шеруге* еш байланысы жоғы мәлім. Қаранызы: «арық-тұрық», «аш-арық» және «арып-ашу», «арық атқа қамшы ауыр», «алты ай баққан арықты бір күн ұрындырған өлтіреді», «арық қой — тырысқақ», «бөрі арығын білдірмес», «арық айтып, семіз шық», «арық малды асырасаң, аузы-мұрныңды май қылар», «ат арыса — тулақ, ер арыса — арақ» т. б.

Сол сияқты *шеру* сезінің де тіркесетін өзіндік аясы бар:

Тоқсан тарау су ақса,  
Дария болар сағасы.  
Сан шерулі қол болса,  
Батырлар болар ағасы.<sup>26</sup>

немесе:

«Бұл уақытта Ақша хан талап етіп, неше мың *шеру* әскер алдып аттанды<sup>27</sup>.

Тағы да:

«Қасым хан ширек ғасыр *шеру тартып*, XV ғасырдың екінші жартысында халық көмегімен қазақ жерінен жауларды қуып тастады»<sup>28</sup>.

Міне, бұл мысалдардан біз «сан шерулі қол», «шеру әскер», «шеру тарту» типіндегі сез қолданыстарды көріп отырмыз. Демек, «арық-шеру» тұлғалы қос сез тек әпостың стилистикасына ғана тән болуы мүмкін. Онда да «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырында бір-ақ рет кездеседі.

Сөздіктерде «қазақ тіліндегі *шеру* сезінің екі мағы-

<sup>26</sup> Өтемісұлы Махамбет. Өлеңдері. Алматы, 1951, 75—76-б.

<sup>27</sup> Батырлар жыры, 271-б.

<sup>28</sup> «Қазақ әдебиеті» газеті, 1967, 6 январь.

насы бар: бірі — қол, жасақ, әскер; екіншісі — жортуыл, аттаныс делініп жүр<sup>29</sup>.

Рас, *шеру* сөзі, негізінен, әскери жорықты, жаугершілік аттаныстарды білдіретін контекст ішінде келеді. Сондықтан оның тебіндегі жылқыны жайлауға құлату сапарын бейнелеу стильдік қолданыстан туған ерекшелік деп білеміз. Жалпы біз тексеріп отырған жырдың Жанақ айтқан нұсқасында *шеру тарту* типіндегі тіркес тек жортуыл емес, сейіл-серуен құру мағынасында да қолданыла беретін тәрізді.

Он екі жыршысы бар, бас бол ханым,  
Шырышқа *шеру тартып* жөнеледі.

(212-б.)

Осыған орай біз әпостың барлық вариантының ішінде Жанақ нұсқасының тіл байлығын, орамды стилін айрықша танытушы лингвистикалық деректердің бірі де осы сөз тіркестерінің молдығына, ерекшелігіне байланысты деп қараймыз. Мысалы, мына төмендегі фразаларға назар аударайық.

Қаңтарда қарыс жауган қардай болды,  
Алты атан — *сымбыл артқан нардай* болды.  
(258-б.)

Түйеге *сымбыл артқан* теңдей болсын,  
Суға аққан, мұз бұзылып, сендей болсын.  
(239-б.)

немесе:

Тайлыға алыс емес көрінген жер,  
*Табан-шөңгел* буймсің елімде бір.  
(213-б.)

Сондай-ақ:

*Ат мініп сары табан* желмей ме екен,  
Ер жігіт жол бейнетін көрмей ме екен.  
Неге жора бастайсың жалғызыңа,  
Баласы үй ұзатып келмей ме екен

(239-б.)

<sup>29</sup> Қараңыз: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, II том, 485-б.; Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі, Алматы, 1966 221-б.

Міне, осы мысалдардағы «сымбыл артқан нар», «табан-шөңгел би» (с-р: «табаны бүрдірлі би»), «сары табан ат» (с-р: «сар желдіру») «үй ұзатып келген ба-ла» (с-р: «үйі тусу», «қызы ұзату») деген секілді тіркестердің көркемдік ерекшелігін атамағанның өзінде, бұлар осы жырдың басқа нұсқаларында кездеспейтін тілдік соны қорытпалар екені мәлім.

Жанак нұсқасындағы ақындық метафора ретінде қалыптасқан балама тізбектер де болмысты бейнелеу амалдары жағынан фразеологизмдердің ежелгі абстракциясымен астасып жатады. Бір мысал келтіреік:

*Құлақ — кәрі, бой — кіші, ақыл — дана,  
Ту жығылса, болмай ма қас масқара.*  
(212-б.)

*Құлақ — кәрі, бой — кіші, ақыл — дана,  
Көктаймен ауылыңа келдім жана.*  
(232-б.)

Осындағы «құлақ-кәрі» (с-р: «кәрі құлақты»), «бой — кіші», «акыл — дана» (с-р: «кішкене ғана бойы бар, адам таппас ойы бар») деген баламалар адамның әр алуан қасиеттерін саралап, конкреттендіріп образдаудың тілдік амалдары. Яғни, бұл адам баласының дүние тану жолындағы ми қызметінің сыртқы бір көрінісі. Мәселен, «құлақ — кәрі» дегенде (немесе: «кәрі — құлақты») эпик біреудің құлағы қартайды деп тұрган жоқ, жалпы хабар атаулыны есітіп-білетін орган — құлақ болғандықтан, оны көпті көрген көрияға балап тұр. *Бой мен ақылдың диспропорциясын салыстыруды да объективті бір құбылысты тану мақсаты көзделген.* Басқаша айтқанда, бұның негізінде мынадай шындық жатыр: адамның бойының мөлшері шектеулі болғанымен, ақыл-ойында шек жоқ. Сөйтіп, әпостың тіліндегі метафоралық сөз қолданыстар фразеологизмдермен астарлас дегенде, біз бұлардағы болмыс дүниесін бейнелі суретпен таныту тәсілдерінің бірлігін, бұның өзі адам баласының дүние тану тәжірибелеріне негізделетінін ескердік<sup>30</sup>.

<sup>30</sup> «...Генезис метафоры объясняется потребностями исторически развивающегося процесса освоения мира, т. е. конкретной человеческой практики. Способность к метафоризации корениится в общей способности познания связей явлений действительности в их переплетениях и противоречивости...» (Мейлах Б. Вопросы литературы и эстетики. Л., 1958, с. 194).

Жырдың тіліндегі фразалардың қолданысы тек бұл айтылғандармен ғана шектелмейді. Кейбір тіркестер белгілі бір стилистикалық фигура жасап, әллипсистік жолмен қысқарап қалып жатса, екінші бір ретте фразаның құрамындағы жеке сөздер дағдылы орын тәртібін өзгертіп, басқаша тіркеседі:

Менен басқа жүр ме едің кісі көрмей,  
Кемпір, *саған* не мүшкіл болды дейді.

(Шеже, 172-б.)

Салыстыр: «халі мүшкіл болу».

Демек, жырдан келтірілген үзіндіде: «Кемпір, сенің халің неге мүшкіл болды...» демей, *саған* не мүшкіл болды деп, «хал» сезін түсіріп айтып отыр. Бұл әллипсистік қысқартудың бір түрі.

Қазақ тіліндегі фразалық гидронимдердің бірі — «ұшан теңіз». Мағынасы мол, үлкен, көз жеткісіз, көп деген тәрізді семантемаларға ұқсас келетін «ұшан» сезі, негізінен, теңіздің ғана тұрақты әпитті ретінде қолданылады деген түсінік қазір тіл зерттеушілері арасында етек алған секілді. Мысалы, Б. Сүлейменова былай деп жазады: «Қазіргі тілімізде ұшан сезі жеке айтылмайды, тек теңіз сезіне тіркесіп көп, сан алуан, адам айтқысыз мол деген мағыналарды білдіреді...»<sup>31</sup> Бұдан әрі ол Махмуд Қашқаридің сөздігінде, П. Мелиоранскийдің зерттеулерінде т. б. ғылыми әдебиеттерде көне түркінің «ужан» дейтін сезі кездесетіндігін, оның: «қайық, кішкене кеме, не желкенді кеме, тіпті, үлкен кеме» мағынасында жұмсалғандығын атай келіп: «...ұшан сезінің теңіз сезімен тіркесіп, өз мағынасын жоюына араб тілінен енген *умман-мұхит* сезі себепкөр болмады ма екен деп ойлаймыз. Өйткені ортағасырларда *умман сезі тенгиз* сезімен тіркесіп, «уман тенгиз» — үлкен теңіз деген мағына білдірген... Түсініксіз *уман* сезін түсінікті *ұшан* түрінде айту өте заңды құбылышы...»<sup>32</sup> — деп қорытындылайды.

Біз бұл автордың тарихи деректерді, өзге тілдегі фактілерді жиыстырып, оларды нысанадағы объекті-

<sup>31</sup> Қараңыз: ұшан-теңіз. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966, 202-б.

<sup>32</sup> Көрсетілген еңбектің 203-беті.

нің төңірегіне шоғырлауы бірсыдырығы дұрыс деп білсек те тіліміздегі ұшан сөзінің реалды мағынасы мен потенциал мүмкіндіктерін түсіндіруде қазақ тілінің өзін, оның әр алуан лексикалық-семантикалық ресурстарын пайдалануы жеткіліксіз деп ескертіп өтеміз. Біріншіден — Б. Сүлейменова айтқандай: «Қазіргі тілімізде ұшан сөзі жеке айтылмайды...» емес, теңіз жағалауында тұратын, күнкөріс кесібі теңізбен, оның табиғи байлығымен сабақтасып жататын қазақ аудандарының тұрғын халқы ұшан сөзін *теңіздің* синонимі ретінде күні бүгінге дейін жеке қолданып келеді:

— Қайықты мұзбен сүйресек қайтеді? — деп, ол Коңыrbайға бұрылды.

— Оның жөні болмас... Мұз көтермес, әрі жер шалғай... Жел тұрып кетсе, мұзбен қосыла ұшанга ығамыз және мұз бір орында тұрған жоқ, жылжып барады<sup>33</sup>.

Екіншіден — біз қарастырып отырған әпостың тілі «ұшан сөзі тек *теңіз* сөзімен ғана тіркеседі...» деген тезисті де бекерге шығарады:

Күркіреп ұшан сері келіп жетті,  
Япымрау, солар неден үміт етті!?

— Қодекемді бас салып жатқан кім деп,  
Бәрі бір-бір сойылмен салып өтті.

(Жанак, 234-б.)

Міне, стильдік ерекше қолданыс ретінде болса да жырда ұшан сөзі осылайша тоқсан серінің әпитеті болып, *көп, толып жатқан, мол* деген мағынаны білдірген.

Сонымен, «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» әпосындағы күрделенген фразалық тіркестердің жай-жапсары осы секілді. Бұндағы әр алуан ерекшеліктер мен стильдік қолданыстардың толып жатқан өзіндік сыры бары сөзсіз. Алайда біз сол көптеген құбылыстарды тілдік ортақ заңдылықтар тұрғысынан қорытындылауда әзірге А. Ысқақов қысындаған мына төмендегі қағидалармен шектелеміз:

«...Тарихи тұрғыдан қарағанда күрделі сөздердің қай-қайсы болса да әуел бастағы жай сөз тіркесінен

<sup>33</sup> Жүгінісов Ә., Дәрмаганбетов Ш. Мұз құрсауы.— «Социалистік Арап» газеті, № 48 (3652), 1961, 1 июнь.

шыққан. Солай болса, бұлардың қалыптасуларына әр қылыштың синтаксистік амал-тәсілдер негіз болған. Кейбір сөздер бастапқы синтаксистік жай сөз тіркестерінің компоненттері бір-бірімен бірігу арқылы туса (бүгін, биыл, ағайын), кейбір күрделі сөздер жарыса, қабаттаса қолданылған компоненттердің қосарлануы арқылы жасалған (ата-ана, жер-су, ел-жұрт). Ал кейбір күрделі сөздер әуелгі еркін сөз тіркесінің тұрақты тіркеске айналуы арқылы қалыптасқан (ала жаздай, күні бүгін, темір қазық). Әрине, бұл процестер бірден пайдада болмай, тілдің көп замандар бойындағы практикалық қолдану дағдысынан туып, бірте-бірте орныққан... Практикалық тұрғыдан қарағанда, күрделі сөздер жалаң сөздердің өресі жетпейтін қызметтерді атқарады да, олардың олқылықтарын толықтырады; ал теориялық тұрғыдан қарағанда, дара сөздермен (түбір сөздермен, туынды сөздермен) жарыса өмір сүріп, қолданылады да, сол дара сөздердің тууына негіз болып қызмет етеді. Ендеше, бұл құбылыстың да тіл мен ойлаудың қарым-қатынасынан, олардың бірлігінен туып, ұзақ сонар процестерді бастарынан кешіріп қалыптастын тарихи құбылыс екені даусыз...»<sup>34</sup>.

---

<sup>34</sup> Ұлсқақов А. Қазіргі қазақ тілі (морфология). Алматы, 1964, 120—121-б.

## *Төртінші таралу*

### **ЭПОСТАҒЫ ЕСІМДЕР**

Адам аттары, немесе адамға қарата айтылған кейбір ономастикалық атаулар әпостың негізгі идеялық мазмұнымен астасып жатады. Академик М. Әуезов: «Қозы Қерпеш — Баян сұлу» жырында гибрат беру сарыны күшті. Қанаармандарының бір парасы жамандықтың үлгісі болса, екінші парасы жақсылықтың үлгісі болып көрсетіледі. Қатты Қарабай, жауыз Қодар, сүм мыстан, Сасан би, опасыз жеңге — зұлымдықтың жоқшылары болса, Қозы, Баян, Айбас, Ай, Таңсық — ізгіліктің, әділеттің жоқшылары. Жырда жауыздық пен әділет дүниесінің тартысы суреттеледі»<sup>1</sup>, — деп жазған болатын. Біз осы қарама-қарсы екі күштің шендересі жырдағы Қарабай мен Сарыбайдың аттарынан да байқалады деп есептейміз. Бұл атаулардағы қара — жамандықтың символы болса, сары — жақсылықтың нышаны болуы тиіс. Ал бұлардың соңындағы бай қосымшасы кейіннен қосылған титул. Өйткені жырдың Радлов жазып алған нұсқасында бұл екі кейіпкер — бай емес, хан деп аталады.

Салыстырыңыз:

Қара хан, Сары хандай бай өтіпті,  
Екеуі заманында болып орай.<sup>2</sup>

(Жанақ, 176-б.)

Жырдың әуел бастағы бізге келіп жетпеген нұсқа-

<sup>1</sup> «Қазақ әдебиетінің тарихы». Алматы, 1948, 192-б.

<sup>2</sup> Бұдан байлайғы жерде 1959 жылғы академиялық жинақтың беттері ғана көрсетіліп отырады.

ларында Сарыбай есіміндегі әпитет *сары* емес, ақ болуы мүмкін. Мәселен, Березин вариантының бір жерінде:

*Ақ хан өліп, Қара хан босқан екен* (58-б.) — дейтін жолдың сақталуы бізге осындай ой салады. Сарыбайдың бұлайша *Ақ хан* аталуына А. К. Боровковтың да тиісті мән бергендейгін біз жоғарыда келтірдік<sup>3</sup>. Халық ұғымында *қара* тұс зұлымдықтың, жаманшылықтың белгісі болса, оған антоним болатын *ақ* тұс жақсылықтың, адалдықтың символы. Кейін әлеуметтік өмірдегі әр алуан объективті жағдайларға байланысты *ақ* сын есімін *сары* түстін ауыстыруы ықтимал (с-р: «ақ сары бас»). Бұл жорамалдың шындыққа жанасымы барын басқа тілдегі нұсқалардан да аңғаруға болады. Мысалы, жырдың ескі арнасы молырақ сақталған деп есептелең алтайдың, «Қозын-Әркеш» эпосында Қозының әкесі Ақ бас (с-р: ақ сақал), шешесі — Ақ бике атала, Баянның әкесі — Қараты хан. Тек бұл жырда ғана емес, алтайдың көптеген ақызы-әңгімелерінде осы есімдер антипод бейнелер ретінде жиі ұшырасып отырады. Мысалы, Солтүстік Алтайдың шалқан диалектісінен (қуу кіжі) жазылып алынған «Алтын моток» («Алтын әтеш») атты ертегіде үш қыздың әкесі — Қарату хан *Сарату ханмен* құда болып, оның *Сары-ул* дейтін баласына бір қызын ұзатқаны айтылады<sup>4</sup>. Сондай-ақ, тубалар диалектісінен (туба кіжі) жазылып алынған «Өскус-уул» («Жетім бала») дейтін ертекте де Қараты каон атты сараң адамның образы бейнеленеді<sup>5</sup>. Алтайдың ауыз әдебиетіндегі Қараты хан — үнемі жағымсыз кейіпкер болса, оған қарама-қарсы қойылатын Ақ бас, немесе Сарату хан, Сары-ул — жағымды бейнелер.

В. В. Радловтың бараба татарларынан жазып алатаң нұсқасы да алтайдың Николай Улагашев айтатын «Қозын-Әркешіне» жақындау. Бұнда да тартыс жағымды Ақ хан мен жағымсыз Қара ханның оқиғасынан басталады. Жалпы *ақ* пен *қараның* контрасты бұл нұсқада ерекше көзге түсіп тұрады.

<sup>3</sup> Народный эпос «Кузый-Курпес — Маян-хылу». Уфа, 1964, с. 82.

<sup>4</sup> Баскаков Н. А. Алтайский язык. М., 1958, с. 92—95 (чорчоктор — сказки).

<sup>5</sup> Сонда, 109—113-6.

Зерттеуші Ярмухаметов татар әпосында Қара ханың ең басты тұлға екенін айта келіп, оның образы қаталдықтың, қаныпезерліктің, әлеуметтік зұлымдықтың жиынтығын бейнелейді деп көрсетеді. «Уже одно имя — Черный хан — как бы указывает на его настоящее лицо. Характерно, что в версии В. В. Радлова дом Каражана назван черным домом... Он прикидывается другом Ак хана, но вскоре изменяет ему, нарушив торжественную клятву: после смерти Ак хана его обедневший сын кажется Кара хану ничтожеством»,<sup>6</sup> — деп жазады автор. Сондай-ақ осы нұсқадағы екінші бір жағымсыз кейіпкердің есімі де қара әпитеті арқылы жасалған. Ол — қазақ жырындағы Қодардың ролін атқаратын Қарақалмақ атты герой. Жалпы, белгілі бір этникалық топтың атауын әпостың ішіндегі жекелеген адамдардың аты есебінде қолдану дүние жүзі әдебиетіне тән құбылыс болса керек. Мысалы, «Калевала» әпосының басты кейіпкери — Вяйнямейнен екінші бір ретте Венелайнен болып айтылып, орыс нәсілді деген этнонимге ауысқан<sup>7</sup>. Демек, жоғарыдағы Қарақалмақ антропонимі де осындай құбылысты басынан кешіріп барып қалыптасуы ықтимал.

Қара сын есімін жағымсыз әмоциямен қолдану фактілері әпостың басқа версияларында да ұшырасады. Мысалы, башқұрт әпосында Қозы талай уақыт жүріп келіп, Баяның ауылын Қарасу деген өлкенің бойынан әрең табады. Т. Беляев ол суды «Река Кара» деп атайды. Бұл нұсқадағы Баянды айттыруышы сұлтанның аты Ай-қара. Жырда оны «жених Баяны — Ай-кара был мал ростом, хром и горбат» деп суреттейді.

Алайда әпостың есімдердің (әпонимдердің) бұлайша кейіпкерге мінездеме беру қасиеті барлық жағдайда бірдей ескеріліп, тиісті мән беріп отырмайды. Мәселең, үйғыр тіліндегі «Бозы Қерпеш» жырында Қарабай, Баян, Қодар деген аттар мұлдем жоқ, оларды шал, жігіт, қызы деп қана атайды. Ал жоғарыда сөз еткен башқұрт жырында Қарабай Қозының әкесі. Ол

<sup>6</sup> Ярмухаметов Х. Х. Сказание «Козы-Курпеш и Баян сулу» в устном творчестве сибирских татар. — Сб.: «Народный эпос «Кузый-Курпес — Маян-хылу». Уфа, 1964, с. 82.

<sup>7</sup> Евсеев В. Я. Эпоним венедов в карело-финских рунах.— «Ученые записки ЛГУ, вып. 105», 1948, с. 180.

башқұрт халқының белгілі батыры, адамшылығы мол жағымды кейіпкері. Бұл нұсқа бойынша Сарыбай қазақ, Баянның әкесі. Ол Қарабаймен аңда жүріп танысады. Өзін жолбарыстан құтқарып қалғандығы үшін Сарыбай онымен достасып, баласына қыз бермекші болады да, Қарабай өлген соң айнып кетеді. Содан бастап Сарыбайдың екіжүзділігі, сараңдығы т. б. ұнамсыз қасиеттері бейнеленеді.

Біздің қазақ әпосының айырым нұсқаларында Сарыбайды кейде жағымсыз етіп көрсетеді, яки Қарабаймен орын ауыстырып қояды. Мәселен, Н. И. Ильминскийдің қолжазбасындағы және соның негізінде басылуы ықтимал «Қиссе-й Қозы Қерпеш» жырындағы Сарыбайдың бейнесі сондай. Алайда біз оны бертінгі дәүірдің жаңсақ «түзетулерінің» бірі деп қараймыз. Себебі бұның өзі әпостың идеялық концепциясына үйлеспейді.

Қазақ әпосындағы Қарабай, негізінен, жағымсыз кейіпкер болса, Сарыбай, оның керісінше, ел-жұртына жағымды, беделді, қайрымды адамның бейнесін елестетеді. Бұл құбылысты фольклористер тарапынан басқаша түсінушілік те жоқ емес. Мысалы, В. М. Жирмунскийдің бір еңбегінде оқиғаның шиеленісіү бывайша баяндалады: «Отец красавицы Баян — Карабай и отец Козы — Сарыбай (ср. в «Алпамыше» — Байсары) долго были бездетными. Однажды на охоте они встретили беременную самку марала — предвестие исполнения их заветного желания. Карабай пощадил ее как добрую примету, но Сарыбай подстрелил ее...»<sup>8</sup>

Бұлай болғанда Қарабай мейірімді адам болып шығады да, Сарыбай маралды өзінің рақымсыздығынан атып жықты деген ұғым туады. Ал жырдағы Қарабай олай емес, маралды атпаймын дегеніне болмай, Сарыбайға қызылып:

— Саган айтпай, сөзімді кімге айтайын,  
Ұялмай үйге қайтіп бос қайтайын.  
Өлсем де атып берші, бір тояйын,  
Мағшардағы күнәсін мен тартайын<sup>9</sup>,—

<sup>8</sup> Жирмунский В. М. Сказание об Алпамыше и богатырская сказка, с. 129.

<sup>9</sup> Жанақ нұсқасы, 207-б.

деп тұрып алады. Сарыбай соның кесірінен қаза болады.

Сол секілді, біз Ә. Қоңыратбаевтың еңбегіндегі Қарабай есіміне қатысты кейбір топшылауларға да қосылмаймыз. Автор В. В. Радлов вариантында Қарабайдың Қарахан деп аталуы XI ғасырдағы Түркістан — Жетісу хандарының атымен байланысты деп түсіндіреді<sup>10</sup>. Екінші бір ретте ол: «тілеуіт, ұйғыр, бараба тіліндегі жыр сюжеттері көбіне Қарахан жайындағы эпосқа айналған. Қарахан — X ғасырдағы Жетісудың ханы»<sup>11</sup>, — деп кетеді. Біздіңше, әпостың кейіпкерлері ішінен тарихи адамдарды іздеудің қажеті жоқ. Эпостың тарихи болуы оның ішінде нақты бір оқиғаның, немесе адамның суреттелуіне байланысты емес, тарихи шындыққа сәйкес эпос дәуірін реалистік түрде бейнелеуіне байланысты. Эпостың қандайында болмасын тарихта белгілі адамдардың есімі ұшыраса береді. Мысалы, «Алпамыс»<sup>12</sup> жырының тәжікше нұсқасында да Қарахан атты кейіпкер бар. Ол бірде Алпамыстың ағасы, екінші вариантта — досы болып суреттеді. Алайда зерттеушілер бұндағы Қараханды Жетісудың ханымен байланыстырмайды. Қысқасы Қарабай — Сарыбай//Қарахан — Сарыхан//Қара хан — Ақ хан т. б. халық ұғымындағы жауыздық пен ізгіліктің, яки ақ пен қараның реалды образдары.

Жырдағы этимологиясы айқындалмаған әпонимдердің бірі — Қодар. Жалпы қазақ әпосы Қодар обrazын зұлымдықтың бейнесі етіп көрсетеді. Варианттардың көпшілігінде дерлік Қодарды бөтен елден келіп қосылған кірме деп таныстырады. Орыс тілінде жарияланған сюжеттерде, атап айтқанда, Абрамов, Пантусов, Кастанье жинаған нұсқаларда Қодардың арғы тегі қалмақ делінеді. Г. Тверитин аударған жырда да Қодар қалмақ. Оны Сарыбайдың інісі Әжібай бала күнінде асырап алады. Дербісалин нұсқасында Сарыбай Баянның әкесі де, Қодар оның қырық құлының (кейде тоқсан құлдың) басы. Жырда Қодардың ата-тегінің кім екені айтылмайды, тек бір-ақ жерде:

Қодардың арғы атасы немене екен?

(43-б.)

<sup>10</sup> Қоңыратбаев Ә. Аталған еңбектің 20-бетін қараңыз.

<sup>11</sup> Сонда, 47-б.

<sup>12</sup> Жирмунский В. М. Сказание об Алпамыше..., с. 47.

деп сұрап өтеді. Қалған реттерде «шұнақ құл — атасы жау» деп бөтенсіту, «кәуір», «кәуір — ногай» деп кемітумен ғана тынады. Бір қызық жай, біздіңше, мынау секілді: осы жырдың басында Қозы елінен ұлықсат алышп, Баянды ізdemекші болғанда, шешесі:

Барады қаз қаңқылдал атпа, балам,  
Қолымнан ыстық бидай татпа, балам.  
Қодар менен Жапардан жаның қалмас,  
Баян атты жарыңа жетпе, балам.

(37-б.)

деп тоқтау айтады. Бірақ кейінгі тексте *Жапар* деген ат қайталанбайды да, оның есесіне Қозының соңынан қуған тоқсан құлдың бастығы — Қодар біресе, белгісіз себеппен, Әліжаппар болып кетеді:

Сал болып тамам кәуір тұрып еді,  
Әліжаппар тапты ақыл ойыменен.

47-б.

Ал, енді осы жырдың соңындағы бір шумақта:

Басы еді өлеңімнің Қамы — Жапар,—  
(51-б.)

дейтін бір тармақ бар. Алайда оның Қодар есіміне қастыстырылғы екіталай.

И. Н. Березин жариялаған нұсқада да Қодардың кім екендігі, ұлты жайлы ештеңе айтылмайды. Тек Қозы Қарабайдың ауылын ізdemek болғанда, шешесі оны сақтандырып:

— Мен бір сөзді айтармын, көnlің қалар,  
Қодар деген бір құлға таң болар.  
Ерте кеткен Баянды іздеймін деп,  
Бір шыбында жаныңа зиян болар,—  
(65-б.)

дейді.

Бұл нұсқаның қалған бөлімдерінде Қодардың тегін, нәсілін білдіретін басқа дерек жоқ. Не бары бір ғана жерде жыршының өз атынан айтатын мынадай сөздері бар:

Құлға Баян тие ме, қазақ құрып,  
Құлға не деп тисін-ау құдай ұрып.

(91-б.)

Демек, бұл жерден құлды бөтен елдің адамы деп санау, қазақ емес деп кеміту сыңайы байқалады. Бұдан, әрине, біз жырдың ескі арнасында туып, қазақ топырағына келіп жеткен әлеуметтік ұғым-түсініктің бір елесін көреміз. Ал Қодарды дінсіз етіп таныту үшін: «Бұл Қодар құл құдайға ғасы дейді» (90-б.) болып келетін өлең тармағын кейінгі дәуірдегі мұсылманшылық идеясынан ғана тұган наным деп білеміз. Себебі, бұдан Қодардың қайдан келгені, қандай дінді тұтынатыны аса аңғарылмайды.

Жырдағы Қодар есіміне жанамалап болса да қатысы бар нәрсе — оның тұрақты әпиттеттері. Мысалы, әпостың тілінде Қодарды құл деп кемітумен бірге, *мұндар құл, шынамыр құл, Бедірек құл* деген тіркестер де қолданылады. Бұлардың ішінде *мұндар* сөзі ауыз әдебиетінде жиі қолданылатын тұлға болса, *шынамыр* — өте сирек ұшырасатын лексикалық элемент. Ал, *бедірек* сөзі басқа әпостардың тілінде де бар:

— Әке, сенің артыңдан,  
Бес байталдық *бедірек* құл  
Аңлып жүрген дүшпан-ды.

(«Алпамыс»)

Қолданылуы жағынан бұл сөз әр уақыт осы «құл» сөзінің әпиттеті болып келеді. Қазақтың ауызекі тілінде көсемшеленген *бедірею* тұлғасы бар. Оның мағынасы — «беті бүлік етпеу, шімірікпеу, міз бақпау, мұзқаракөк болу» деген ұғымдарды білдіреді. Кейір зерттеушілер әпост тіліндегі *бедірек* сөзін *батырақ, байрақ* лексемаларына теркіндегіді. Алайда бұның жырдағы эмоциялық реңкі аса жағымды емес. Әпоста оны әлеуметтік теңсіздікті көрсету мақсатымен біреуді кеміту, мінеп-шенеу үшін қолданады. Мысалы, біз қарастырып отырған жырда ол, негізінен, Қодарға, аракідік Қозыға (оны тазша деп ұққан кезде) таңылған анықтауыш болып тұр:

Алған байын өлтіріп, *бедірек* құл,  
Бұлай әуре Баянды етті дейді.

(Березин)

Сол Баянды Қодар құл көзден салмас,  
*Бедіректің* қылығы естен қалмас.

(Сонда, 91-б.)

Сен қылғанды, а Қодар, мен де қылдым,  
Соныменен жата түр, бедірегім.

(Сонда, 93-б.)

Міне, бұл үзінділердегі *бедірек* Қодарға қаратада айтылып түр. Кейде бұл сөз осы нұсқада Қозының атына да бірді-екілі айтылып қалады:

— Асықпай түр, *бедірек*, қаның тасса,  
Жіміре қыл да, іше бер, қарның ашса.  
(81-б.)

Мінди дейді Қодар құл көк серекті:  
«Өлтірермін ол тазша — *бедіректі!*»  
(88-б.)

Бұл екі жағдайда *бедірек* сөзі Қозыны тазша-құл деп қабылдағандықтан айтылып түр (алғашқы сөз Баяндікі).

Сонымен біз *бедірек* сөзін *батырақ*, *байрақ* деп үқпай, басқаша түрде этимологиялау қажет дейміз. Мәселен, өзбек тілінде тұлғалық жағынан соған жақын келетін *бедор* дейтін есім сөз бар. Сөздікте оның мағынасы былайынша берілген: «*Бедор*: I. Бодрствующий, неспящий; (переносно бдительность, зоркость)»<sup>13</sup>. Шамасы бұл сөз өзбекке иран тілдерінен аудысып келген болса керек. Өйткені тәжікше: *Бедарег* I. Безжалостный, не знающий сожаления; II. Безжалости, без сожаления<sup>14</sup>. Бірақ бұның өзі де негізгі түбір емес, екі түбірден жасалған біріккен сөз. Өйткені, парсыша:

*Бад* 1. Дурной, плохой, 2. Дурно, плохо; 3. Бедствие, несчастье;

*Раг* 1. Жила; вена, артерия; 2. Раса, порода;

*Бадраг* 1. Низкого происхождения; 2. Злой, злонамеренный<sup>15</sup>.

Қысқасы, қазақ эпосында кездесетін *бедірек* әуел баста парсы тілінің *тегі жаман, жауыз, қасқунем* мағынасында қолданылатын *бад-раг* сөзінен өзгерген болуы керек.

Б. Сүлейменова «*батрақ*» сөзінің этимологиясын талдай келіп, «*қазіргі татар тілінің* говорларында бұл сөздің көне семантикасының қалдығы кездеседі. Онда

<sup>13</sup> Узбекско-русский словарь. М., 1959, с. 61.

<sup>14</sup> Таджикско-русский словарь. М., 1954, с. 57.

<sup>15</sup> Персидско-русский словарь. М., 1960, с. 61.

бәтрак — ұрыншақ, төбелесқой адам»<sup>16</sup>, — деп жазады. Біздіңше бұл да парсының жоғарыда келтірілген (бадраг — злой, злонамеренный) сөзімен төркіндес болар дейміз.

Қодар есіміне байланысты бір қызықты құбылыс Н. И. Ильминский вариантынан байқалады. Бұнда Қодардың екі аты бар: Қодар — Әліжаппар<sup>17</sup>.

Бір адам жиын жақтан келе жатыр,  
Әліжаппар болмасын Қодар кәпір.  
Атаңың бір күндері азаты еді,  
Би болған азат болып заман ақыр.

(114-б.)

Соншама Әліжаппар Қодар келді,  
Жатқанын Қозықенің көзі көрді.

(Сонда).

Міне, осыдан былайғы жердің бәрінде Қодар екі атпен жүреді. Тіпті оның атын Баян қысқартып айтқанда «Әлеке» дейді:

Шоқ терекке, Әлеке, келдік жуық,  
Зорлай берсең кетпес пе көңлім сұып.  
Ойнар күнің ілгери Қодар-еке,  
Қозықені қоялық таза жуып.

(121-б.)

Сейтіп Әліжаппар есімі бұл вариантта Қодармен қатар айтылады. Ал енді Шөже нұсқасында бұл екеудің кісі:

Далада сегіз құлдың алтауы өліп,  
Қодар мен Әліжаппар үйге барды.

(136-б.)

Бұл нұсқа бойынша Қодар ноғайлының еліндегі Шақшақбайдың жалғызы да, Әліжаппар қыз әкесі Сарыбайдың еншілес құлды.

В. В. Радловтың вариантында да Қодар — құл, бірақ қалмақ емес. Себебі, қалмақтың ханы — Манап

<sup>16</sup> Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966, 58-б.

<sup>17</sup> Жырдың кейбір нұсқасында тек қана Жапар болып айтылады.

кісі салып, Қарабайдан Баянды сұратқанда, ол «мен Баянды билемеймін, Қодар білсін» дейді. Сонда:

Қодар құлдың күші көп болғанинан соң,  
— Өлсем де, ақ Баянды бермеймін,— дейді  
(182-б.)

Манаптың уәзірі еліне қайтып барып, «Қодар деген бір құлы бермейді» деп хабар айтады. Демек, бұл нұсқа бойынша Қодар құл да болса, «қалмаққа қызы бермеймін» деп тұрған күшті адам.

Жанақ нұсқасында Қодар Қарабайдың көшіне Шудың бойында келіп қосылады.

Арқада қызы сұлу бай көшті деп,  
Торғауыттан бедеумен Қодар салды.  
(224-б.)

дейді жыршы. Сондай-ақ:

Мақтауды қазақ аты көтере алмас,  
Астында бедеуі бар алты құлаш,—

деп, мінген атының қазақы жылқы емесін ескертіп етеді.

Жырдың бөгде кейіпкерлерінің бірі болып жүрген Айбас Қарабайдың ауылын іздеп келіп, үш қыздан:

— Қодайтып, «Қодекем» деп сөз сейлейсің,  
Ол нәрсе қайдан шыққан, нәсілі кім?  
(230-б.)

деп сұрайды. Сонда қыздар:

— Қодардың атасы жел, анасы жел,  
Кез болған сар далада өзі тайып,—  
(231-б.)

деп жауап береді.

Міне, жырдың түрліше нұсқаларындағы Қодар жайлыш деректер осылар. Бұдан бір аңғарылатын нәрсе — Қодар бөтен елдің адамы, құл. Оның ұлты бірде қалмақ, бірде ногайлы, немесе, тіпті, кім екені белгісіз. Жырдағы кәсібі — Қарабайдың бас жылқышысы. Ал, енді жырдың басқа тілдегі нұсқаларында Қодардың есімі жоқ, тек оның роліндегі адамдар жүретінін

ілгеріректе ескерттік. Мысалы, бараба татарларында — Қарақалмақ, башқұрларда — Айқара.

Жалпы, фольклористердің пікіріне қарағанда Қодар есімі X—XI ғасырлардан бері келе жатқан эпостық жырларда бар секілді. Мысалы, Ә. Қоңыратбаев: «Арал ауданындағы Жаңаберген жыраудан жазылып алынған «Қарабек» (с-р: Қара бек — Қарабай) жырында Қодар XI ғасырдағы Түркстан Ябғұсы Қадырханның әкімі. Қадырханның баласы Қарабек қалмақ батыры Қобыланмен қашқан қарындасы Ханбибині іздейп кеткенде, Қодар оның әке-шешесін қойға салып, әйелін зорлап алмақшы болады»,<sup>18</sup> — деп жазады. Бұл жағынан алғанда ол «Алпамыс» жырындағы Ұлтан құл тәріздес. «Алпамыс» жырының тәжікіше вариантында осы Ұлтан құлдың образын Құлтай атқарады. Ол қазақ, қарақалпақ жырындағыдай Алпамыстың атасы емес, құлы, бас жылқышысы. Башқұрлардың ертегілік жырында оның аты Қолтаба, татарларда Қылтап<sup>19</sup>. Бірақ татар ертегісінде ол құл емес, патша.

Г. Н. Потанин жариялаған «Орак, сын Алеуко»<sup>20</sup> дейтін қазақ ертегісіндегі Өлеуке батырдың бас жылқышының аты да Қодар. Ол Өлеукенің баласы Орак жорыққа аттанарда мінетін атын таңдал беру үшін бүкіл жылқыны құйрығынан алып бірінде өзеннің арғы бетіне лақтырады. Сонда тек үш жасар сүр құнанға ғана қүші жетпейді. Орак соны ұстап мінеді. Ертегінің сонында Орак Қодарды өлтіреді. Алайда В. М. Жирмунский бұл ертегідегі Қодар есімін кейіннен кірген деп шамалайды. Ол былай деп жазады: «Сходство роли Кодара и жениха — самозванца привело, как мы видим, к вытеснению имени Култабы именем Кодар. В башкирском «Кузый — Курпесе» противник героя носит имя Колтор-бashi, Колтор-таз. Не является ли Колтор контаминацией Култабы (Култая) и Кодара?»<sup>21</sup>.

<sup>18</sup> Қоңыратбаев Ә. Қерсетілген еңбек, 21-б.

<sup>19</sup> Валирова А. А. Татарская версия эпического сказания «Алпамыш». — Сб. «Тюркско-монгольское языкознание и фольклористика». М., 1960, с. 173.

<sup>20</sup> Потанин Г. Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. — «Живая старина», вып. II, III, 1916, № 14, с. 98—103.

<sup>21</sup> Жирмунский В. М. Сказание об Алпамыше, с. 130.

Демек, кәсібі жағынан эпостағы Ұлтан — Құлтай — Қодар өзара жақын кейіпкерлер. Сондықтан олардың есімдері де кейде бір-бірімен ұласып кетеді.

Ә. Қоңыратбаев Қодар есімін араб тарихшысы Ибн-Фадланның жазбаларындағы Кударкиннен шыгарады. X ғасырда Мұғаджар тауының тұсынан келіп, Еділге шейін сапар шеккен араб елшісі Ахмед Ибн-Фадлан түрік жеріндегі оғыз тайпаларының тұрмыс-салтын қағаз бетіне түсіріп кеткен. Онда мынадай дерек бар: «Царя турок гуззов называют Ябгу или (вернее) это название повелителя и каждый, кто царствует над этим племенем, этим именем называется. А заместителя его называют Кударкин. И таким образом каждый, кто замещает какого-либо их главаря называется Кударкин. Потом мы, уже уезжая из области этих (турок), остановились у командующего их войском. Его зовут Атрак сын аль-Категана»<sup>22</sup>.

Шынында да бұл сапарнамадағы Кударкиннің қызыметі эпостағы Қодарға өте жақын. Яғни ол сахрауи халықтың негізгі байлығы болып табылатын жылқы малының бас бақташысы. Қәшпелі елдің тебіндегі жайылатын жылқысын бағу екінің бірінің қолынан келмейтіні мәлім. Сол қыншылығына қарап оны: «айдаса жаудікі, ыскырса желдікі» дегенде халық жылқышының қар жастанып, мұз төсөніп жүретінін ескерген. Осындай ауыр еңбекті керек ететін кәсіптің маманы болғандықтан да жылқышы өзін басқа малшыларға қарағанда біршама еркіндеу сезінген. Ал қосағасы міндеттін атқарушы бас жылқышы мал иесінің сырттағы өкілі, орынбасары ретінде елеулі праволармен пайдаланған. Жырдағы Қодар осындай.

Ибн-Фадланның текстерінің аудармасы мен түсініктемелерін редакциялаған академик И. Ю. Крачковский Кударкин атауын жалқы есім емес, титул деп ескертеді<sup>23</sup>. Демек, қазақ жырындағы Қодар осы тарихи әдебиеттегі Кударкин деп қарайтын болсақ, онда эпостың кейбір нұсқаларында Қодар есіміне қосақталағып жүрген Жапар — Әліжаппар сияқты кісі аттарының да сыры ашылады. Басқаша айтқанда, кейіпкердің азан шақырып қойған аты Әліжаппар болып, кей-

<sup>22</sup> Путешествие Ибн Фадлана на Волгу. М. — Л., 1939, с. 64.

<sup>23</sup> Сонда, 98-б.

іннен оған кәсібіне, іс-әрекетіне қарал Қодар есімі берілуі ғажап емес. Бұл жерде тағы бір еске алатын нәрсе — ежелгі түркі елінің салты бойынша ер-азамат ат арқасына мініп тұрмыс кәдесіне жараган шақта, оған ер есімі берілетін болған. Мысалы, Енисей бойындағы көне түркі құлыптастарында мынандай жазу-лар бар:

а) Ұйық-Архан өзеніндегі таста: «Ер атым — жас ақ бас едім»<sup>24</sup>, — дедінген.

ә) Қемшік жырақасы («Кемчик — джирғақ») дейтін өзеннен табылған жазуда: «Ер атым — Иола еді» дейді<sup>25</sup>.

б) Тувадан табылған бірінші ескерткіште (№ 49): «Ер атым — Ақ бас атты Инал өгемін, жетпіс жасымда ерлік еттім, Қырық екі таңбалы жауда отыз ерді өлтірдім»,<sup>26</sup> — деп жазылған.

в) Ақ жоса (Ақ-юса) бойындағы таста (№ 38): «Бұндағы ұлық ер атым — Өгдем Инал алыш»,<sup>27</sup> — деп көрсетілген.

Алайда Қодар есімін осы тәрізді ерлік даңқы шыққанда берілген ат, не титул деп тануда мынадай қайшылықтар да ұшырасады. Ибн-Фадланның қолжазба-сында Кударкин есімі қазақша дыбысталуы бойынша «қ» әрпімен жазылмаған, «к» дыбысымен басталып, солайша таңбаланған. Егер ескі араб емлесі бойынша «далъ» орфограммасы «заль» болып та оқылатынын ескерсек, онда бұл есімді *Кузаркин* деп те қарауға болады. Сонымен бірге, қазақ ауыз әдебиеті нұсқала-рында Қодар есімі жалғаусыз тек осы тұлғада ғана кездесетіні мәлім. Демек, бұны сөздің түбірі деп қа-былдаған күнде, *Кудар-кин* есімінің соңындағы -кин қосымшасын қалай тануға тиіспіз? Ә. Қоңыратбаев ол жайында былай деген: «*Кен* деген сөздің мағынасы да басында байлық, қоныс, мал иесі деген ұғымды беруге тиіс. Сонда Қодар құл емес, оғыз бектерінің батыры болып шығады.., алтайлықтар оны құл демей, Қо-

<sup>24</sup> Батманов И. А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. Фрунзе, 1959, с. 138.

<sup>25</sup> Сонда, 164-б.

<sup>26</sup> Сонда, 171-б.

<sup>27</sup> Сонда, 162-б.

дарұл (Қодар батыр) деп атайды»<sup>28</sup>. Біздіңше бұл талдау әлі жеткіліксіздеу тәрізді. Тілімізде аяғы -қынғын, -қін-гін қосымшасына бітетін кісі аттары аз емес. Мысалы: Айқын, Жарқын, Түйғын, Еркін, Беркін, Құлғін т. т.<sup>29</sup> Мұмкін *Кударкин* есімінің соңындағы -кин де аффикс болар. Оның үстіне алтайлықтардың Қодыр-уул дегендегі уул сөзі *батыр* деген мағынаны білдірмейді. Бұл жөнінде алтайлық зерттеуші Л. С. Табышкина былай деп жазады: Қодыр — корявый, плешиwyй, Уул — парень<sup>30</sup>. Соңда оның мағынасын қа-зақшаласақ, қотыр бала, яғни *тазша* болып шығады. Жалпы, Қодар сөзінің түбірі түркі тілінікі болмауы керек. Түркі тілдерінің ішінде тек өзбектерде ғана Қодир<sup>31</sup> деген сын есім бар. Оның мағынасы «қолынан іс келетін, қабілетті» дегенді білдіреді. Оның өзі де арабтың: қадара, қадарун, немесе құдарауын деген «куш-қуат», «дәрменділік»<sup>32</sup> мағынасындағы сөзінен, яки парсының пәрменді, құшті, қуатты дегенді білдіретін қодир<sup>33</sup> сөзінен өзгеріп барып енген кірме болуы ықтимал. Жоғарыдағы түсініктерінде Л. С. Табышкина былай дейді: «В словаре Вербицкого «Кадар» — пасты, караулить, стеречь. Қодыр-уул — пастух, вернее надсмотрщик над пастухами».

Қысқасы, Қодар есімін әуелде *күш иесі* деген мағынаны білдіріп, кейіннен титул ретінде қалыптасқан шеш сөз болар деп топшыламақпыз.

Жырдағы символикалық мәні үлкен есім — Қозы Қөрпеш. Қазақ нұсқаларының бәрінде дерлік Қозы Қөрпеш — Сарыбайдың баласы. Башқұрттарда ол Қарабайдан туады, татарша версияда — Ақ ханның ұлы. Осы нұсқалардың бәрінде де Қозы жастайынан жетім қалады, бақытсыздыққа ұшырайды. Біздіңше, оның есіміне қосақталып жүрген «Қөрпеш» дейтін метафо-

<sup>28</sup> Қоныратбаев Э. Қөрсетілген еңбек, 21-б.

<sup>29</sup> Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. Алматы, 1965, 81-б.

<sup>30</sup> Жоғарыдағы Э. Қоныратбаевтың кітабының соңында берілген қосымшаларды қараңыз («Объяснения Табышкиной») 143—144-б.

<sup>31</sup> Узбекско-русский словарь. М., 1959, с. 619.

<sup>32</sup> Арабско-русский словарь (сост. Х. К. Баранов). М., 1957, с. 799.

<sup>33</sup> Персидско-русский словарь. М., 1960, с. 379.

ралық айқындаушы осы жайдан хабар беріп тұр. Енді соған келейік.

Ә. Қоңыратбаев Қозы деген сөздің түпкі төркінің атынан шықпаса керек деп жазады. Бұл аттың алтайларда Қозюке, Қозын бізде Қозы, Қозыке болса, ұйғырларда «Бози Қөрпеш» болып айтылуына қарап, зерттеуші қазақтың «Боз жігіт», өзбектің «Боз ұғлан» дейтін қиссаларындағы «боз» сөзі де осы «қозы» атауымен түбірлес деп есептейді. Содан келіп, «боз» элементі әуел баста «ғуз» («ұғызыз»), кейде «ғұр» сөзінен туған сияқты, «Қозы» да басында осы ғұз, ғұзан, ғұзан -хан, ғұзақ (ғизақ), қызай (қазақ) сөздерімен байланысты болған ба дейміз деп жорамалдайды<sup>34</sup>. Алайда автордың бұл жорамалын расқа шығаратындей тілдік факті жоқ. Яғни бір кездегі «Боз» кейін келе «Қозы» болып, одан тағы да сол ертедегі ғұз, ғұр атауларына жанаңсан деу үшін толып жатқан дыбыс алмасуларды фонетикалық заңдылықтар тұрғысынан қиындалп шығу қажет. Бірақ ол мүмкін емес. Сонымен қатар, Ә. Қоңыратбаевтың зерттеулерінде қайшылықтар да бар. Мәселен, ол, ұйғырлар «Бози Қөрпешті» қазақтан алды дей отыра, керісінше, «Қозы» сөзі әуелде «боз» сөзінен өзгерген болар дейді. Немесе «ұғлан» сөзі бұрын «батыр» дегенді білдірген, мысалы, Қөрұғлы — ұлы батыр, Гурұғлан дегеннен шыққан дей тұра Гур-хан деген де солай деп жазады. Ал Гур-хан сөзінің құрамында ұғлан деген атау жоқ. Ұғлан сөзі әрдайым батыр дегенді білдірмейді, оның негізгі мағынасы — бала, ұл. Мысалы, осы жырдың Ильминский жазып алған нұсқасында Қозы айдалада кездескен кемпірге өзін таныстырып:

Ногайлының ауыл жұрты болып еді,  
Азып-тозған жас ұлан мен-ай — дейді.  
(108-б.)

Біздіңшe, Қозы атауы басқа сөзден өзгеріп барып жасалған деудің еш қисыны жоқ. Қозы — халықтың жақсы әмоциямен қолданатын сөзі. Тенеу, метафора ретінде ол басқа жырларда ұшырасады.

<sup>34</sup> Қөрсетілген еңбек, 22—23-б.

Осы кеткен қозымды,  
Өз қолыңа тапсырдым.  
Фали атты арыстан.

(«Қобыланды»)

Демек, бұл сөздің кісі аты ретінде қолданылуы әбден орынды. «Қобыланды» жырында «Қарақозы», «Аққозы» дейтін де батырлардың аты бар.

Ал енді қозы сөзіне қосылып, күрделі есім жасап тұрган көрпеш қозының жайсыз уақытта туғандығын білдіреді.

А. М. Щербак азербайжан тілінде *көрпә* сөзі «туғанына он күн болған қозы» деген мағынаны білдіретінін айта келіп: «Отнесение корпа к возрастным наименованиям является условным, так как в других тюркских языках слова, очень близкие к нему фонетически обозначают скорее время рождения ягненка (ранний или поздний окот), чем возраст»<sup>35</sup>, — деп жазады. Соның мысалы ретінде ол қазақтың: *көпей*, *кәбе*, *көрпеш*, диалектілік сипаты бар: *кебе*, *көрпелдеш* (кепе, кебе, кәбе — ерте туған қозы; марқа, көрпеш — кеш туған қозы) деген мал атауларын, қыргыздың *көрпен* сөзін келтірген. Қазақ тілінің диалектологиясына қа-тысты материалдарда және ауыз әдебиетінде осы сөздерді көптер кездестіруге болады. Мысалы:

Шырагым, сіздер — кебдік, біз бір *кебе*,  
Болғанда сен — жел қайық, біз бір кеме,

(«Айтыс», 309-б.)

1951 жылғы диалектологиялық экспедиция (жинаушы Ж. Досқараев) *көрпеш*, *көрпелдес* сөздерінің Алматы облысындағы Кеген, Шелек, Іле аудандарында кенже қозы мағынасында жиі айтылатындығын анықтады. 1955 жылғы экспедиция Алматы облысының Жамбыл ауданынан да осы *көрпеш* сөзін ұшыратты (*көрпеш* — кенже қозы; *көрпешті* қырықса, тоңғақ болады, — дейді А. Тасболатов, Жанкелді колхозы, руы шапырашты).

*Көрпеш* сөзі Гурьев облысының Маңғыстау ауданынан да жазылып алынған (жинаған И. Ұйықбаев,

<sup>35</sup> Щербак А. М. Названия домашних и диких животных.— Сб.: «Историческое развитие лексики тюркских языков». М., 1961, с. 114.

1949). Ж. Досқараевтың материалдарында Алматы облысының Қоғалы ауданынан жазылған көрпелдеш тұлғасы да бар. Қарақалпақ тілінде көрпеш сөзі тек малға ғана айтылмайды, қой қамайтын қотан дегенді де білдіреді<sup>36</sup>.

Тексеріліп отырған жырда кейде көрпештің орнына көрпелдес сөзі де айтылады:

— Не қылып танымадың байым зерек,  
Ол не қылған кісі екен жаңнан бөлек?  
«Жауыр атты мен жаба тоқып» жүрсем,  
Мен сиқылды көрпелдес неге керек?

(Жанақ, 237-б.)

Бұл Қозының сөзі. Ол өзін кеміте сөйлеп, көрпелдес деп атап тұр. Сонымен, көрпелдес, көрпеш, көрпе — бір түбірден өрбіген лексемалар болуы тиіс. Махмуд Қашқарі осындағы көрпе сөзінің бірнеше түрлі қолданысын береді. Мысалы, көрпе — от — беденің бір қарыс, не одан да ұсақ уақыты; көрпе — жеміс — бір рет теріліп алынғаннан кейін, әкінші қайта шыққан өнім, миуа; жазда туған баланы да көрпе ұғыл дейді; сондай-ақ мезгілсіз туылған қозы, ешкі, бұзауларды көрпе деп атаған<sup>37</sup>. Алматы облысынан жазылған диалектілерде жоңышқаның үшінші орындысы көрпекөк деп аталады (жинаушы Ә. Болғанбаев). Қек майса мағынасында көрпе сөзі түрікмен («Русско-туркменский словарь», М., 1956, с. 331) тілінде де айтылады.

Сөйтіп, келтірілген деректерден шығатын нәтиже, біздіңше мынау секілді. Қозының қосалқы есімі көрпеш оны сәтсіз туған бала деп символдал тұр. Яғни Қозының туған мезгілі мен әкесінің қайтыс болуы бір уақытқа душарласқанын ескертіп, «бұл бір жағдайсыз кезенде дүниеге келген бақытсыз бала еді» деген ұғымды аңғартады.

Жырдағы бас кейіпкердің бірі Баян есімі халық аузында жиі айтылады. Қазақтар бұл атты ұлға да, қызға да қояды. Тілімізде баян тұлғасы омонимдік сипатта әр мағынада айтылады. Мысалы, етістік тұл-

<sup>36</sup> Қараңыз: Корпәш — загон для овец. У. Доспанов. Лексика южного диалекта каракалпакского языка (автореф. канд. дис.). Алма-Ата, 1965, с. 6.

<sup>37</sup> Қашгарий Махмуд. Девону луготит түрк, I-том. Ташкент, 1960, 393-б.

ғалы баяндау — арабтың *ваян* — түсінік, анықтама сезінен өзгеріп кіріксе, баянды-баянсыз монгол тіліндегі *байын* — *баян* түбірлерімен сабактасып жатыр<sup>38</sup>. Монгол тілінде *баян* сөзі молшылық деген ұғымды білдіреді (с-р: «баян — богатый». Бурят-монгольско-русский словарь, М., 1951). Сонымен бірге бұл сөз ер адамның аты ретінде де кездеседі. Мысалы, Жошы ұлысының онтүстік әuletін бір кезде «Ақ орданың немересі — Баян билеген»<sup>39</sup>. А. М. Щербак *баян* сезінің монголдың жазба тіліндегі наран (күн) тұлғалы сезіне ұқсастығын айта отырып: «Это не исключает того, что сама основа (бай-ан) может иметь тюркское происхождение»<sup>40</sup>, — деп ескертеді. Демек, бұл екі элементтен біріккен — (бай-ан) түрік-монгол негізді атау. Жырдың қазақша нұсқасында оған көбінесе *сұлу* сын есімі қосақталып айтылады. Ара тұра «Баян еркеш» болып та келеді. Алтай жырында *еркеш* тек Қозы есіміне ғана тіркеледі. Осымен байланысты Ә. Қоңыратбаев: «Қазақ қызды бикеш дейді. Еркеш деген сөздің ұлға да, қызыға да қолданылуы ғажап», — деп таңырқайды. Алайда *еркеш* сөзі барлық нұсқада да тек Баянға қатысты айтылады:

Бастаған ақты қойды көсем серкеш,  
Сарыбай, ең сүйерің — Баян *еркеш*.

(Дербісалин, 45-б.)

және:

Сұрасаң менің жарым — Қозы Көрпеш,  
Мен Сарыбай жалғызы — Баян *еркеш*.

(Шеже, 148-б.)

Башқұрдың «Куз-Курпяч» жырында Баян есімі «Баяна» болып айтылады. Сірә, соңғы а орыс аудармашысының әйел атына қосқан родтық көрсеткіші болар. Башқұр зерттеушілері бұны: *баян* — тюркско-монгольский «мудрый охотник»<sup>41</sup> деп кетіпті(?). Бара-

<sup>38</sup> Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер, 128-б.

<sup>39</sup> Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья, с. 55.

<sup>40</sup> Щербак А. М. Көрсетілген еңбек, 114-б. (49-сілтемені қарастыз).

<sup>41</sup> Гарипов Т. М., Гарипова Н. Д. Ориентализмы в языке башкирской повести «Куз-Курпяч», с. 112.

ба татарларының жырында қыздың аты Паян. Ал алтайдың «Қозын-Әркешінде» Баян емес, «Байым сұр». Л. С. Табышкина оны «байдың қызы» деп түсіндіреді. Соңындағы сұр сөзі әрі сулу дегенді білдіреді, әрі Баянның ақыр соңында «сұр тасқа» («сынтас») айналып, Қозының «көзө тас» («балбал») болуын аңгартадымыс.

Жырда бұлардан басқа да адам аттары кездеседі. Алайда олардың көпшілігі оқиғага жанамалап қатысатын бөгде кейіпкерлер болғандықтан, әпостың идеялық мазмұнымен ол есімдердің аралығында тікелей байланыс, астарлы мағына жоқ тәрізді. Сол секілді, жырдағы «ысты», «тілеу», «жаңыс», «шеркеш», «ногайлы», «турікмен», «қазақ», «қалмақ» сөздерінің әтнонимиялық сипаты болғанымен, жырдың тарихына қатысты этногониялық мәні байқалмайды. Сонымен әпостың тіліндегі антропоним атаулар мен топонимдерді өз алдына зерттеу қажеттігі сөзсіз. Лингвистикалық мақсатты атамағанның өзінде бұндай зерттеудің практикалық, яғни оқу-педагогикалық мәні де зор.

\* \* \*

Қазіргі оқу жоспарына сай орта мектептерде де, педучилищелер мен пединституттерде де жан-жақты талданып оқылатын эпос үлгілерінің бірі — «Қобыланды батыр». Әдетте жырдың сюжеті, образдары, идеялық мазмұны, көркем сөз қолданыстары сараланып, олардың жыр арқауындағы атқаратын қызметтері, әдеби мәні егжей-тегжейлі түсіндіріледі, әпостың отан қорғау идеясын ұран тұтқаны баса көрсетіледі. Алайда сол программа талаптары түгел қамтылғанның өзінде де жыр тексіндегі бірқыдыру мәліметтер еріксіз назардан сыртқары қалады. Бұл, негізінен алғанда, тілдік, тарихи немесе этнографиялық ынғайдағы деректер. Бір мысал келтірейік:

Қарақыпшақ Қобыланды,  
Атасы мұның Тоқтарбай,  
Көздікелді жайланаң,  
Қалың қыпشاқ жағалай.  
Қыс қыстауы Қараспан,  
Қараспан көкке таласқан,  
Әліп таңба Қыпшақтың  
Атағы озған алаштан.

Осы азғантай үзіндінің өзінде қаншама мәлімет жатқандығына көз жүгіртсек, бұдан біріншіден — батырдың аты Қобыланды, әкесінің аты Тоқтарбай екендейді, оның руы қыпшақ, оның ішінде қара қыпшақ, екені, жайлауы Қездікөл, қыстауы Қараспан тауы болғандығы, Қараспанның биіктігі аспанмен таласатындығы, қара қыпшақтардың атағы алаштан озған қалың жұрт екені, олардың рулық белгісі, яғни, гербі әліп таңбалы болып келетіні баяндалады.

Демек, ғылым тұрғысынан алғанда, бұлар — антропонимдік, топонимдік, этнонимдік, пиктографиялық т. б. деректер. Осы нақты мәліметтердің әрқайсысының негізінде тарихи шындық жатыр. Бұдан басқаша айтқанда, Қазақстан территориясындағы жер-судың, рутайпалардың аты-жөні жайлыш хабар аламыз. Ал жыр оқиғасы, оның кейіпкерлері осы тарихи-әлеуметтік шындыққа негізделеді. Алайда әдебиет шығармасы болғандықтан тарихи шындық жалаң ұсынылмай, көркемдік шындықпен көмкеріле көрсетіледі. Сөйтіп, қоғам дамуының ұлы бетбұрыс кезеңдерінде эпос дәуірінің қаһармандары «дүниеге келеді» де, халықтың рухын көтеріп, ерлігін, елдігін сақтайды, тәуелсіздігін қорғайды. Бұндай кейіпкерлерге халық Қобыланды, Құртқа, Қараман деп, дүшпандарына Қазан, Қебікті, Қарлыға деп ат койып, әрқайсысын нақты бір жұрттың, яғни, ұлттың, немесе ру-тайпаның өкілі етіп таныстырады. Олардың бірі — қияттан, бірі қыпшақтан, бірі қызылбастан, енді бірі — қалмақтан шығып жатады.

«Қобыланды» жырында жиі айтылатын «қыпшақ» этнонимі мен бас кейіпкер «Қобылан» есіміне тоқталсақ, олардың да жырға арқау болатындей өзіндік сиро жоқ емес. Төменде біз осы тұрғыдан кейбір ғылыми топшылауларымызды оқырман қауымының назарына ұсынбақпыз.

«Қыпшақ» сөзі әлем тарихында ерте заманнан бері әйгілі атаулар қатарынан саналады. Қыпшақтар — ерте кезде Ертіс өзенінің бойында көшіл-қонып жүрген түркі тілді халықтардың бірі. Бертін келе, яки XI—XIII ғасырларда, қыпшақтар Қазақстанның орталығы мен батысын және оңтүстік орыс даласын мекен еткен. Олардың негізгі сауда жасайтын орны шығыста Сығанақ қаласы, Қырымда Судак қаласы болған. Судак Волга бойы мен орыс жерінен және Константинополь жа-

тынан келетін сауда жолдарының түйіскен жері болса, Сығанақ «Жібек жолының» бойына орналасқан.

Ол кездегі қыпшақтар, әрине, қазіргі қазақ халқының құрамындағы рулардың бірі болып саналатын қыпшақ руына парапар емес, әтникалық жағынан толып жатқан рулар мен тайпаларды қамтыған мемлекеттік бірлік дәрежесінде танылады. Бұл жөнінде Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Ф. Ф. Мұсабаев былай дейді: «Қыпшақ (қылшак) қазақтың кең сахараасында Балқаш көлі мен Қаратаудың терістігінен Орал тауы, Волга өзеніне дейінгі кеңістікті мекендереген талай келімсектерден құралған. Бұлардың ішінде үйсін, найман, арғын, қоңырат сияқты қазақ болып жүрген рулар болуымен қатар, қалмақ та, монгол да, тағы басқалар да болған»<sup>42</sup>.

Қыпшақтардың тарихта үш түрлі атауы бар, олар орыс жылнамаларында *половецтер* деп аталады да, византия хроникаларында *коман*, латындарда *куман* деп аталады. Ирандықтар оларды *дешти қыпшақ* (дала қыпшағы) деп атаған. Дешти-қыпшақтар әлемге әйгілі саяхатшы Ибн-Батута шығармаларында батыста Днепр мен Ертіс өзенінен бастап, шығыстағы Балқаш көліне дейін, оңтүстіктері Қырымнан бастап, солтүстіктері Булгар жеріне шейін қамтыған ұлан-байтақ даланы мекендереген орасан күшті ел түрінде сипатталады.

Қыпшақ сөзінің баламасы ретінде орыс жылнамаларында қолданылатын «половецтерді» С. И. Ожегов<sup>43</sup> XI—XIII ғасырларда Европаның оңтүстік-шығыс аймағында көшіп жүрген түркі текстес көне халық деп анықтаған. Ал мағыналық жағынан алғанда бұл сөзді орыс тіліндегі «половый» (бледножелтый) сөзімен байланыстыра отырып, «половый» сөзі иттің, жылқының түрітүсін танытатын сын есім дейді. Басқа ғалымдардың пікірінше «половец» этнонимі «қыпшақ», «куман» (сивый) сөздерінің аудармасы<sup>44</sup> болып табылады. Сөйтіп қыпшақ сөзінің мағынасын «бледножелтый», «сивый», яғни қазақша *ақ сары, сарғыш, құба, құқыл*

<sup>42</sup> Мұсабаев F. F. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан, 1-бөлім. Алматы, 1969, 37-б.

<sup>43</sup> Ожегов С. И. Словарь русского языка. М., 1953, с. 504.

<sup>44</sup> Гордеевский В. А. Что такое «босый волк»? — «Известия АН СССР, ОЛЯ, 1947, № 4, с. 321; Пономарев А. Куман-половцы. — «Вестник древней истории», 1940, № 3—4, с. 366.

түсті білдіретін сөздермен мәндес деп қарайды. Салыстырыңыз: *қу-ман* (қу — кісі), *қуан тартқан адам*.

Біздің топшылауымызша, *қыпшақ* сөзінің мағынасын *құба* түспен байланыстыра сөз етсек, бұл сөздің шығу төркіні мен қалыптасу жүйесін анықтауға бір табан жуықтайтын секілдіміз.

*Қыпшақ* сөзінің қайдан шыққаны туралы ғалымдардың тарапынан айтылған пікірлер мен жорамал болжамдар да аз емес. Мысалы, Н. Н. Березин<sup>45</sup> *қыпшақ* сөзінің төркінің түрік тіліндегі қыпмақ (мигать) сөзімен байланыстыrsa, венгр ғалымы Ю. Немет оны сағай тілінде «ашулы, ызалы» деген мағынада айтылатын сөзben мәндес деп таныған. Ал Абулгазының шеңжіресінде былай делінеді: «Оғуз ханның бір begi соғысқа аттанғанда, өзімен бірге әйелін ала кетеді. Өзі соғыста қаза болады да, әйелі екі қабат қалады. Шапқыншылық кезінде әйелдің оңаша босанатын баспанасы болмай, бір қуарып шіріген ағаштың қуысында босанады. Сол себепті хан нәрестеге *қыпшақ* деген at қойған екен. Көне түркі тілінде қуарып шіріген ағашты *қыпшақ* деп айтады екен, қарапайым халық оны чыпчақ деп те айтады»<sup>46</sup>. Бұл, әрине, халықтық этимология. Солай бола тұрса да, түп негізінде ағаштың *қуарған түсі*, *құба түс* деген мағына жатыр.

*Қыпшақ* сөзінің құрамындағы қып қазіргі қазақ тілінде *құба* және *қу* деген екі түрлі мәнде айтылады. *Құба* сөзі *құба жон*, *құба бел*, *құба курен*, *құба тай*, *құба тал*, *құба төбел*, *құб(a) інген* т. б. деген сияқты сөз тіркестерінде белгілі бір заттың түрі мен түсін білдіретін анықтауыш сөз ретінде айтылады да, *ақ құба* дегендеге анықталушы сөз дәрежесіне көшеді.

Ал *қу* сөзі *қу дала*, *қу бұтақ*, *қу сүйек*, *қу тұмсық*, *қу шыбық* т. б. сияқты сөз тіркестерінде айтылады. *Қу* сөзінен *қуан*, *қуандады*, *қуандай*, *қуанышылық*, *қуарды*, *қуару*, *қуқыл*, *қуқылдану*, *қулану* деген сияқты туынды сөздер жасалады.

*Құба* мен *қу* сөздерінің айтылуы әр басқа болғанымен мағынасы жақын, екеуі де сарғыш тартып қуарып кеткен түсті білдіреді. Айтылуы басқаша болғанымен

<sup>45</sup> Журнал Министерства народного просвещения, 1853, ч. 79, с. 257.

<sup>46</sup> Кононов А. Н. Родословная туркмен. М. — Л., 1958, с. 43.

·был екі сөздің шығу төркіні де бір. Құ сөзі — құба сөзінің қысқарған түрі.

Қыпшақ сөзіндегі дәл осы құб тұлғасы қазақтың батырлар жырындағы бас қанаарманның аты «Қобыланды» сөзінің құрамында трансформацияланып сақталған. Халық әтимологиясы, әдетте, Қобыланды сөзінің түбірін қабылан (жолбарыс) атауымен байланыстырады. Ел ішіндегі азыз бойынша батырдың Қобыланды болып аталуы мынадан болса керек: ол аңға шыққанда жанына ит орнына қабылан ертіп жүріпті-міс. Содан жүрт оны өз атымен атамай, Қабыланды батыр атандырып кетсе керек. Алайда бұл ғылыми талдау емес, халықтық әтимологияған. Шындығында қоб+лан төрізді екі түбірден біріккен атау болуы тиіс. Егер тіліміздегі бірсыншыра дыбыс алмасу заңдылықтарын ескерсек, алғашында қоб тұлғасы құб, құба түрінде дыбысталып, жүре келе ү дыбысы кейінгі буынның әсерімен «о»-ға айналған. Ал соңғы ылан компоненті қысаң ы дыбысы емес, еріндік ү дыбысымен айтылатын ұлан, ал ежелгі норма бойынша үғлан//օғлан болуы әбден мүмкін. Сонда әуел бастағы құба օғлан, қоб(a) օғлан, қобо(r)лан, қобұлан, қобылан болып, қазіргі қалыпқа түскен деген жорамал айтуға болады. Осы пікірді тиянақтаушы дәлел есебінде қазақтың ауыз әдебиетіндегі «Жетім Құбыл» «Құбұғұл батыр» атты ертегілік сюжеттерді, дастандарды атай кетуге болады. Бұлардың Құбыл, Құбұғұл есімдерінің де жоғарыдағы Қобылан атауымен мәндес, тұлғалас екені даусыз. Салыстыр: Құба ұл, Құбул, Құбыл; Құба үғұл, Құбұғұл.

Қобыланды есімінің соңындағы -ды кейіннен қосылған аффикс. Өйткені жырда батырдың атын Қобыланды деумен қатар Қобылан деп те атай береді. Эрі, бұлайша қосымшасыз қолдану тәсілі жырдың әрідегі нұсқаларынан келе жатқаны сезіледі.

Мысалы:

Батыр Қобылан күледі,  
Бір тай түгіл Қобыланның  
Жалғыз жаным садаға.

Қобыланды есіміндегі құба (қоб) жоғарыда айтылған құба жон, құба төбел дегендегі заттың түрі мен түсін білдіретін сияқты емес, рудың атын білдіретін сөз, ру атауы мағынасында айтылып тұр. Яғни Қобылан

дегендегі ұлан (ұл) құба түсті ұлан (ұл) емес, құба руының ұланы (ұлы) деген мағынада деп шамалаймыз.

Сонымен, бұл айтылғандардан шығатын қорытынды мынау: тіл мен тарихтың деректері ауыз әдебиеті үлгілерінің бірқыдыру нұсқаларына еніп, жыр арқауына өріліп, кейде жария, кейде жасырын жүре береді. Егер әпостың тілін зерттегендеге сол тарихи элементтерді елеусіз тастамай, әрдайым ескеріп, салыстыра тексерсе білімдік маңызы жоғары болары сөзсіз.

Сөйтіп қазірде қазақ халқының құрамындағы бір рудың ғана атауы саналатын қыпшақ әтнонимі бір кездері, қазақ ұлты қалыптаспас бұрын, бүкіл жұрттымыздың жалпы атауы болған. Оғыз тілді үлкен эпос «Көрүғлі» болса, қыпшақ тобындағы, оның ішінде қазақ тіліндегі атақты эпос үлгісі — «Қобыланды». Біздің Қобыланды есімін Құбоглан деп түсіндіргеніміз секілді, эпос танушылар «Көрүғлі» есімін «Гуроғлан» тұлғасынан шығара келіп, оның арғы түбін *gur*, *rұз*, *ofuz* сипатты этнонимге телиді.

Ал осы күнгі Қазақстан территориясында қу деген де, сақ (шақ) деген де халықтардың болғаны, олардың тарихи әдебиеттерде *кывчак*, *кипчак*, *куман*, *куван*, *коман* атанип келгені жоғарыда сөз болды. Қазақ арасында Қутауы, Қүшоқы секілді жер аттары, *тогыз сақ-қа* жүгіртті тәрізді мәтел сөздер де аз емес. Сібірдегі түркі нәсілді халықтардың ішінде *куванды*, *куманды*, *қу кижи* (лебединцы), яғни құдың *кісісі* деп аталатын халықтар осы күнде де бар. Ғылымда *ман* тұлғасын «адам» деп қабылдап: *куман*, *коман* атауларын қу, ко+«адам» деген сөз ретінде де қарастырады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Эпос — халықтың өткендеғі өмір белестерінің айнасы. Сондықтан дәстүрлі халық эпосы ерте заманнан бері қарай атадан балаға мирас болып келе жатқан бағалы қазына ретінде танылып, адам баласының мәдени мұрасы аталатын рухани дүниенің биік төрінен орын алады.

Эпостың осы айтылғандар тәрізді аса елеулі маңызымен байланысты елімізде бұл күндері алуан тілде сейлейтін көптеген ұлттардың эпикалық шығармаларын зерттеу ісі де кеңінен қолға алынып отыр.

Эпосты жинау, бастыру, тексеру саласында еліміздегі алуан тексті ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарында жүргізіліп жатқан жұмыстарды былай қойғанда, соңғы он шақты жыл ішінде ғалымдардың күшін біркітіре отырып, ең қыын да күрделі мәселелерді зерттеп шешуге бағытталған бірқыдырыу шаралар жүзеге асырылды. Бұған дәлел есебінде эпос тану саласындағы мынадай ұйымдастыру жұмыстарын атауға болады. СССР Ғылым академиясының Москвадағы Дүние жүзі әдебиеті институты шақырған кең ғылыми конференция; шығыс славян халықтарының эпосын талқылау мақсатымен Киев қаласында шақырылған арнаулы конференция; Орта Азия халықтарына кең тараған «Алпамыс» жырының түрліше версияларын талқылауға арналып, Ташкент қаласында өткен конференция; Кавказдың көптеген ұлттарына ортақ «Нарттар» жайындағы эпостың жырлар мен азыздарды зерттеу мәселелеріне арналып, Орджоникидзе қаласында шақырылған конференция, т. б.

Ғалымдар ынтымағының бұл тәрізді түрлері тиімсіз де болған жоқ: бұрын әр жерде жүрген шашау күштердің дәрмені жетпей келген толып жатқан жағдаяттар ғылым тұрғысынан дұрыс екшеліп, тиісті тұжырым жасалды.

А. М. Горький атындағы Дүние жүзі әдебиеті институты әпосты зерттеуші ғалымдар күшін топтастырудың тағы бір жолын іске асырды. Ол — «СССР халықтарының әпосын зерттеудің мәселелері» деген жалпы атпен шығатын мақалалар жинағының сериясы. Бұндай жинақтарды даярлау ісіне барлық республикалардың өкілдері, әр алуан ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметкерлері қатысады. Аталған серияның бірнеше жинағы оқырмандар қолына тиді де<sup>1</sup>.

Жекелеген әпостың шығармаларды жинап, зерттеу жалпы әпосты танып, білу жөніндегі жұмыстың бастамасы болып табылады. Осы себептен зерттеушінің алдына әрбір шығарманы жеке алып тексерумен орайлас, сол жұмыстың алдағы кезеңін ескеру міндепті де қойлады. Міне, осылайша бірімен екіншісі үласқан зерттеудердің жиыны келіп еңбекші халықтың әпикалық шығармаларының тарихын жасауға мүмкіндік береді.

Әпосты танып, білу бағытындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары, негізінен, бірнеше мақсатта жүргізілуі мүмкін. Атап айтқанда, ол әдебиет тану мақсатын көздей, фольклористика тұрғысынан да, белгілі бір халықтың тұрмысын, салт-санасын зерттеу мақсатымен этнография тұрғысынан да, сондай-ақ, халықтың өте ерте кезеңдегі сөйлеу тілінің үлгілерін танытатын мәліметтер жинау мақсатымен лингвистика тұрғысынан да жүргізіледі.

Маркс пен Энгельс әпос шығармаларының деректерін қоғам тарихын зерттеуге қажетті тарихи материал ретінде де пайдаланған. Мысалы, К. Маркс өзінің «Саяси экономияның сынына»<sup>2</sup> деп аталатын еңбегінің кі-

<sup>1</sup> Мына жинақтарды қараңыз: «Вопросы изучения эпоса народов СССР». М., 1958; «Киргизский героический эпос — «Манас». М., 1961; «Типология народного эпоса». М., 1975, т. б. Бұлардан басқа Орта Азияның «Алпамыс», қазақтың төл жыры «Қобыланды» әпостарына арналған жинақтар бар.

<sup>2</sup> Маркс К. Введение к «К критике политической экономии». Соч., т. XII, ч. I, с. 200—204.

ріспесінде қоғамның өндіріс күштерінің дамуымен байланысты рухани мәдениет мұраларының да белгілі бір диалектикалық қарым-қатынаста болатынын айта кетіп, алғашқы діни-мифологиялық материалдардан өрбіген грек өнерінің туындыларын, оның ішінде «Илиада» тәрізді ұлы әпосты тарихи дерек есебінде атаған.

Эпос материалдарын салыстырмалы-тарихи анализ мақсатында пайдаланудың маркстік ғылымға тән үлгісін біз Ф. Энгельстің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы»<sup>3</sup> дейтін белгілі еңбегінен де көреміз. Энгельс мұнда семьяның даму тарихын сөз ете отырып, алуан түрлі халықтардың әпосынан көптеген мысалдар келтіреді. Оның тарихи документ ретінде пайдаланған шығармаларының ішінде Эсхилдің «Ористеясы» да, «Нибелунгтер» де, Исландия сагосы да, шаруалардың патриархалдық семьясынан көптеген мәлімет беретін орыс т. б. халықтардың өлеңдері де бар. Моногамиялық неке бойынша құрылған семьяларды сипаттағанда Энгельс «Илиада» мен «Одиссеядан» және ежелгі грек мифологиясынан толып жатқан мысалдар келтіреді.

Тарихты materialistіk түрғыдан түсіндіру мақсатымен өнер туындыларын, оның ішінде әпосты да қамти зерттеген Г. В. Плеханов еңбектері де бізге творчестволық ізденудің тамаша тәсілдерін байқатады. Оның жалпы өнер арналарын терең барлай келіп, алғашқы әпос шығармасы пайда болғанға дейінгі әволюциялық даму жолын баяндайтын ғылыми болжамдары әпос өнерінің тіл арналарын саралауға да қажет-ақ.

Әпикалық формалардың тарихын жасап, әрбір халықтың туындыға дәл баға беру үшін шығарманы тудырган, оның үлттық ерекшелігін қалыптастырыған нақты жағдайларды қамти зерттеу шарт. Зерттеудің бүл түрі либералдық-буржуазиялық ғылымдағы формальді-салыстырмалы және формальді-тарихи әдістерге қара-ма-қарсы бағытта салыстырмалы-тарихи әдіс жолымен жүргізіледі.

<sup>3</sup> Энгельс Ф. Происхождение семьи, частной собственности и государства в связи с исследованиями Л. Г. Моргана. М., 1948.

В. М. Жирмунский фольклористикадағы салыстырмалы-тариҳи зерттеуді тіл біліміндегі осы аттас зерттеу әдісімен ұқсастырып, «... рядом с простым сопоставлением есть и другая задача — историко-генетическая. Ее методика представляет известное сходство с сравнительно-историческим методом в языкоznании, восстанавливающим путем систематического сравнения родственных по своему происхождению языков последовательные этапы их развития»<sup>4</sup> — деп жазған болатын.

Біздің еліміздің, оның ішінде де Қазақстан мен Орта Азияның халықтары жүргіштылық арасында әлденеше вариант болып таралып жүрген эпос қазыналарына мейлінше бай. Ғылыми көзқарас тұрғысынан алғанда бұның өзі әпостың пайда болуы және дамуы жөніндегі проблеманы шешудің тұтас бір кілті болып табылады. Ал Батыс Еуропаның, үнді халқының, Иранның тағы басқаларының ерте дүниедегі, немесе ортағасырдағы әпопеяларын алғатын болсақ, олар біздің заманымызға ескілікті жазу ескерткіштері арқылы, немесе әдебиет тұрғысынан өңделген жазбалар түрінде келіп жеткен. Ондай шығармалардың творчестволық тарихын түсіну үшін оларды құні бүгін туып, қалыптасып, ауыздан ауызға таралып жүрген эпос үлгілерімен, солардың өмір сүру процестерімен салыстыру қажет болады.

Міне, біздің еліміздегі халықтардың эпикалық творчествосына шет ел фольклористерінің жіті көз тігу себебі де бір жағынан осындай мақсаттан туады.

Тек шет ел ғалымдары ғана емес, эпос тарихын зерттеуші совет фольклористері де бұл жайға үлкен мән береді. Мәселен, ұзақ жылдар бойы орыс эпосын тарихтап келген белгілі маман В. Я. Пропп былай деп жазған болатын: «Чтобы решить вопрос о начале эпоса, необходимо обратиться к народам, эпос которых засвидетельствован на ступени первобытно-общинного строя. В этом отношении изучение эпоса народов СССР, до Октябрьской революции сохранявших в быту и культур-

---

<sup>4</sup> Жирмунский В. М. Некоторые итоги изучения героического эпоса народов Средней Азии. — «Вопросы изучения эпоса народов СССР», с. 35.

ре явные пережитки родового строя, имеет первостепенное научное значение... и для русского эпоса»<sup>5</sup>.

Эпостың тууы, пайда болуы туралы мәселеге келгенде маркстік ілім оны адам қоғамының өркендеу жолындағы алғашқы кезеңдердің бірінде іргесі қаланған нәрсе деп атап көрсетеді.

Маркс бұл процесті «бессознательно-художественная переработка природы»<sup>6</sup> деп атайды. Бұл жердегі «природа» деген сөз дәл «табиғат» мағынасын ғана білдірмейді, жалпы деректі зат атаулының бәрі деген үғымды қамтиды. Демек, бұл үғымға табиғат та, қоғам да, қоғам ішіндегі өндірістік қатынастар да енеді.

Демек, халық эпосына тән ерекшеліктер де сонау ерте замандарда, яғни адамдардың миф туралы түсініктерінің пайда болған, не бола бастаған кезеңдерде қалыптасады. Эр халықтың мифологиясы сол өзін тудырған халықтың тұрмыс халін, өмірін, ой-санасын бейнелейтіндігі себепті эпос шығармасы белгілі бір халыққа, ұлтқа ғана тән болады. К. Маркс бұл жайды былай қысындаған: «Предпосылкою греческого искусства является греческая мифология, т. е. природа и общественные формы, уже переработанные бессознательно-художественным образом в народной фантазии. Это его материал. Но не любая мифология... Египетская мифология никогда не могла быть почвой или материнским лоном греческого искусства»<sup>7</sup>.

Сөйтіп, есте жоқ ески замандардағы көркем қиялдардан, аңыздардан басталып, сала-сала жанрларға, формаларға көшкен ауыз әдебиетінің, оның ішіндегі ең күрделі, ең жетілген үлгісі, классикалық өнер туындысы саналатын эпостың тілін лингвистикалық поэтика тұрғысынан зерттеу арқылы біз қандай нәтижелерге ие болдық? Ең алдымен атап өтетін нәрсе мынау: эпостың тілін лингвистикалық мақсат қоя зерттеу үстінде біз көркем тіл стилистикасының басты принциптері қайсы және оларды фольклор туындысына қа-

<sup>5</sup> Киркоров В. Я. Основные этапы развития русского героического эпоса. — Сб.: — «Исследование по славянскому литературоведению и фольклористике». М., 1960, с. 303.

<sup>6</sup> Маркс К. и Энгельс Ф. Об искусстве. М., 1957, с. 134.

<sup>7</sup> Сонда, 185-6.

лайша қолдануға болады деген мәселелердің төңірегін-дегі өзіміздің ұғым-түсініктерімізді тұжырымдадық. Яғни, жекелеген әдебиет шығармасының тілін тексерे отырып, оның жалпы халықтық тілмен ара қатынасын анықтау зерттеушіге қаншалықты парыз болса, сол шығарманың өзіндегі ішкі мотивтерді тұтастықтағы дербес бір жүйе тұрғысынан қарастыра келіп, бүтіннің құрамы мен органикалық бөлшектерін сарапалап талдау ісінің де соншалықты маңызы бар деген тоқтамға келдік.

Зерттеудің бұл секілді еki принципі бірін-бірі жок-ка шығармайды, қайта толықтыра түседі деп білеміз.

Көркем әдебиет тілін тексерудің осы айтылған принциптерін негізге ала отырып, фольклор шығармасының тілін зерттегендеге лингво-стилист оның өзіндік ерекшелігін де естен шығармауы шарт. Өйткені адам баласының сәбилік дәуірінен бермен қарай қоғаммен бірге жасасып келе жатқан ауыз әдебиетінде халық санасының даму барысындағы әлденеше кезеңдердің табы бар. Олай болса, зерттеуші фольклордан халқымыздың өте әрідегі замандарда қалыптасқан лексикалық-стильдік және грамматикалық ойламдарын іздейді, соның кей нақты бір көріністерін тіл заңымен жүйелейді.

Ауыз әдебиетін зерттеудің принциптерін белгілеумен байланысты біздің басты қорытындымыз деп мынаңы айтпақшымыз: ауыз әдебиеті дәстүрімен жасалған шығармаларды зерттегендеге оларды өз ішінен жанрлық қасиетіне қарай сарапал тексеру қажет. Мәселен, эпос туындыларының даму тарихын белгілеу үшін олардың тілін арнаулы бағытпен зерттей келіп, лирикалық, драмалық үлгідегі шығармалардың тілімен диалектикалық байланысын ашу, сөйтіп көлемді эпос жырының қалыптасу процесіндегі тілдік заңдылықтарды тану тарихи стилистиканың түбегейлі міндеттерінің бірі болмақ.

Қазақтың «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жыры өзінің тілдік әрі әдебиеттік қасиеті арқылы көп елдерге терең сіңіскең, талай әдебиетші қауымды қызықтырып өткен туынды екені бұл күндері баршаға мәлім. Жырдың қазақ арасына тарапалған нұсқаларын жинастыру ісі өткен ғасырда данышпан Пушкиннен бастағанда, күнге жалғасып келеді. Алайда жырдың ~~жинастырылған~~ болсын, немесе зерттеушілер болсын, ~~негізгінде~~ әдебиет

тану мамандары, фольклористер болғандығы ғылымға аян. Эпостың көркемдігін, идеялық мазмұнын, оның қазақ ауыз әдебиеті қазынасынан алатын орнын анықтау, ғылым тезінен өткен нұсқаларын жүртшылыққа қайта таныстыру жұмыстарының қолға алынуы қазақ совет филологиясында академик М. Әуезов есімімен тығыз байланысты. Кейінгі кезеңдерде бұл сюжеттің басқа тілдердегі ұлгілерін тексеру ісі де жеделдей бастады. Мәселен, алтай ғалымы С. С. Каташтың алтай және қазақ эпосын салыстыра зерттеуі, Тимофей Беляев аударған башқұрт жырының орыс тілінде жарыққа шыққанына 150 жыл толуымен байланысты Уфа қаласында өткен бүкілодақтық қеңес т. б. бұған толық айғақ бола алады. Дегенмен де бұл тәрізді ұлы эпосты тексеру ісі бір жақты, тек әдебиет тану бағытында ғана жүргізіліп келгенін мойындауымыз қажет.

Біз өз зерттеуімізде эпостың тілін қалыптастырушы жалпы тарихи-объектив факторларға тоқтала келіп, лингвистика тұрғысынан оның негізгі сөздік қорын құрайтын бейтарап стильдегі лексиканың қолданысына және содан туатын мағына нышандарына, сол секілді жырдағы фразеологизмдердің негізгі ерекшеліктеріне, кейбір ономистикалық атаулардың мәниғасына тоқталып, сол мәселелер төңірегіндегі өз ойымызды ортаға салдық. Осы ерекше қолданыстарды ашып көрсету ыңғайында эпос тілінде болатын грамматикалық, фонетикалық, лексикалық ауытқулардың мысалдарына назар аудардық. Алайда бұның өзі де жырдың зерттелуге тиісті жақтарын түгел қамту емес.

Монографиямызды осымен тамамдай келе, біздің «сөз соңы» ретінде айтарымыз: «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» тәрізді жыр әуел баста қазақ даласының белгілі бір аймағында дүниеге келген туынды бола тұра, өзінің өміршең эпикалық қуаты арқасында бүкіл халықты шарлап, жыл өткен сайын көркемдік мазмұны мен тіл шұрайын кемелдендіре береді. Эпостың жасампаз дәстүрі арқасында замана әуеніне талмай үн қосып отыратын бүндай шығарма қазақ халқының ауызекі әдеби тілінің тамаша үлгісі ғана емес, сонымен бірге ол біздің кейінгі жазба әдеби тілімізге де нәр берген арна.

## МАЗМҰНЫ

Редактордан . . . . .	3
Кіріспе . . . . .	6
Ауыз әдебиеті тілінің жалпы сипаты . . . . .	7
Көне түркі жазулары және ауыз әдебиеті . . . . .	17
Бірінші тарау. Өнер арналары және эпос . . . . .	28
Миф элементтерінің эпос тілінен алғын үлесі . . . . .	70
Екінші тарау. Эпос тілінің ерекшеліктері . . . . .	92
Диалектілік ерекше қолданыстар . . . . .	93
Грамматикалық ерекше қолданыстар . . . . .	101
Үшінші тарау. Фразеологизмдер мен қос сөздердің қолданыс ерекшеліктері . . . . .	114
Төртінші тарау. Эпостағы есімдер . . . . .	153
Корытынды . . . . .	177

Жубанов Есет Худайбергенович

ОРНАМЕНТЫ  
ЭПИЧЕСКОЙ РЕЧИ  
(На казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института  
Академии наук Казахской ССР

Редактор Айтмухамбетова С.

Худож. редактор Сущих И. Д.

Оформление художника Уразаева И. З.

Техн. редактор Ророкина З. П., Мурanova Л. С.

Корректор Оспанова З.

\* \* \*

Сдано в набор 14/II 1978 г. Подписано к печати 9/VI 1978 г.

Формат 84×108 1/32. Бумага № 1. Усл. печ. л. 9,6.

Уч.-изд. л. 9,7. Тираж 1000. УГ15335.

Зак. 27. Цена 1 р. 50 к.

\* \* \*

Издательство «Наука» Казахской ССР.

Типография издательства «Наука» Казахской ССР.

Адрес издательства и типографии: 480021, г. Алма-Ата,  
ул. Шевченко, 28.



**Цена 1 р. 50 к.**